


М е д е у
СӘРСЕКЕ

Ел жадында қалса игі




84 Каз7
С.28

Медеу СӘРСЕКЕ

Ел жадында қалса игі

Деректі хикаяттар

*Қазақ және орыс тілдерінде қатар жарияланып
отырған бұл жинақ Көшмұханбет Әбішұлы әулетінің
ұрпақтары және кітап иесінің біріккен
қаржысымен шығарылды*

А.О. 

Астана - 2008



ББК 84 (5 Қаз) 7-44+63 (5 Қаз)

С 28

С 28 Сәрсекке М.

ЕЛ ЖАДЫНДА ҚАЛСА ИГІ (*Деректі хикаяттар*). –
Астана: Фолиант, 2008. – 245-бет.

ISBN 9965-35-441-3

Қазақ қауымына есімі мәлім қаламгердің бұдан 40 жыл шамасы бұрын жария болып, орыс тіліне де аударылып, жұртшылық сынынан өткен деректі хикаяттарының қайыра жарық көруі туралы Медеу Сәрсекенің өзі: «Өмірлік мұраттарымыз жаңарған соң өткен тарихымызға деген көзқарас түбірімен өзгерді. Күні кеше құнды болған жәйттерге сыпыра жаңару жүріп жатыр. Сөйтсе де соның бәрі қателік деп жадымыздан сызып тастау – қиын іс. Ұмытуға болмайтын да тарихтарымыз бар...» – дейді бүгінде жеті қырдың желкесіне шыққан кексе жазушы.

Сол себептен де жазушы 1965-1968 жылдар аралығында қаламы өрген бірнеше деректі туындысын оқырман қауымға үкілі үмітпен қайта ұсынып отыр.

Семейдің Абай
атындағы облыстық
кітапханасы

№ 495500

ББК 84 (5 Қаз) 7-44+63 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-441-3

© Сәрсекке М., 2008

© «Фолиант» баспасы, 2008

ҚЫРЫҚ ЖЫЛДАН КЕЙІН

Осы кітапқа енген төл туындыларымның бәрі дерлік бұдан қырық жыл бұрын, кейбірі одан да әріректе дүниеге келіп, оқырман қауымға 38 мың таралыммен жеткен, ал орыс тіліне аударылып, 1981 жылы «Чингисская быль» деген ортақ атпен жарық көргенде одан да молырақ тараған шығармаларым еді. Қосымша айтарым: бұл хикаяттарды мен отыз жастың арғы-бергі кезеңінде, «Шыңғыс хикаясын» одан да жасырақ шағымда жазғам-ды. Содан бері қаншама жыл өтті, уақыт та жаңарды. Соған орай оқырманның талғам-танымы да өзгерді. Бұл да өмірдің өз заңы, әр нәрсенің өзіне тән уақыты, тағдыры, сәті болады дегендей...

Бүгінгі қауым осы хикаяттардың ХХІ ғасыр өрінде қайыра жариялануының себебі неде деген сұрақ жолдауы ықтимал. Шынтуайтын айтқанда, бұл сауалды мен өзіме де қойып, бірішама уақыт ойландым. Расында да, 1930 жылдардың аумалы-төкпелі кезеңінде өз қатарының алдына шығып ерлік көрсеткен қырышын жастардың немесе 1950-жылдарда қоғам малын көзінің қарашығындай сақтап, қаскөй қолдан қорғаған жас бақташының қажыр-қайраты тап бүгін кімге керек, кімге өнеге? Заңды сұрақ, заңды талап демеске шарам жоқ! Алайда?

Өзгерген уақыт пен өзгерген талапқа сай жаңа шығармалар туып жатыр. Жә, сонда өткен тарихымызды, күні кеше халқымыз басынан кешкен ХХ ғасырдың 70-80 жылында көшпелі елден отырықшы тұрмысқа ауысқан, көптеген қалалар мен елді мекендер тұрғызып, фабрик-зауыттар салып, өркениетті елдер қатарына ілігіп, білім мен ғылымға сусындаған, жаппай сауатты халыққа айналған рухани жаңаруымызды қалай ұмытамыз? Иә, бүгінде сол жылдарға тек қана сыни көзбен қарап, ұлттық рухымыз төмендеді, ел көгіне жарқырап шыққан арыстарымыз құрбан болды, дер-

бес тарихымыздан, ұлттық тіліміз бен ділімізден айырыла жаздадық, дінсіз халыққа айналдық... деушілер аз емес. Бұл да өткен өмірдің ащы шындығы. «Коммунизм елесі» қазақ даласын ондаған жыл емін-еркін шарлап, ел шырқын бұзды... десек те, өрлеу мен жаңару жылдарының санамыздағы, тіршіліктегі ұлан-ғайыр жеңісін сызып тастау да жаңсақ байлам болары сөзсіз.

Сондықтан да мен көп ойланудан соң бұл шығармаларымды қайыра жариялауға бел будым. Өйткені, осы хикаяттардың бәрінің де кейіпкерлері — кешегі заманның марқасқа ел билеушілері емес, қарапайым еңбек адамдары. Солардың өмір сүрген жер-суын нақты атап, есімдерін де нақты көрсетіп отырмын. Демек, бұл хикаяттар кешегі өміріміздің шынайы болмысы. Солар арқылы халқымыздың жаппай кешкен бейнет-зейнеті, өмір үшін күресі, сол күрестің бел-белесі бейнеленіп отыр.

Қайта қарау үстінде деректі хикаяттардың бірде-біріне үстеме оқиғалар қосқамын жоқ. Тек мәтінге ішінара түзету жүрді, жалаң насихатқа ұқсаған тұстарды екшеуге тура келді. Бұл болса әрбір автордың өзіне еншілеген қаламгерлік құқы.

Медеу СӘРСЕКЕ.

Семей, 10 ақпан 2008 жыл

*«Күресте, жұмыста, өмір жолында
«Табымның намысын сатып, табым-
ның арын қорлағанша, жер жастанғаным
артық деген қағидамен өмір сүрген аума-
лы-төкпелі ауыр кезеңдегі Ленин комсо-
молын келер ұрпақ мақтан ететін бола-
ды: қиыншылықтан ол қорыққан жоқ; тап
күресінің қиян-кескі жылдарында дауыл-
паздай саңқылдап үнемі алда жүрді; оның
құрбандары болашақ ұрпақтың бақыты
гүлденер топырақ боп жерге сіңді».*

*Александр КОСАРЕВ,
ВЛКСМ Орталық Комитетінің
1929-1938 ж.ж. Бас хатшысы*

ШЫҢҒЫС ХИКАЯСЫ

I

Сол бір белгі тас жұрт таңғалғандай көрікті емес-ті. Тақиядай ғана қораш дөңестің жатаған төбесінде жермен-жексен болып жапырайып жатқан қорым еді. От орнындай ғана тас үйме. Қыста оның бетін қар қымтап, жазда жаңбыр шайды. Шағырмақ күн де оны қысы-жазы аяусыз қақтап бақты. Долы дауыл қойны-қонышын аралап, топырағын суырды. Сөйтсе де жалаңаш тас қорым соның бірде-біріне мойыған жоқ, бедірейген қалпында жата берді. Жаһан дүзде бір өзі. Үлкен жолдан жырақта, жүргінші саялар көлеңкеден де жұрдай, құдды бір түү бастан қу медиен далада онаша жатуын қалап әдейі қалдырғандай.

Шыны солай: сондай бір «Жатсын өстіп жаһанда, мәңгі-бақи ұмыт болып» деген оғаш та қатал үкіммен «жаза» тартып, қорым таспен мықтап басылғаны да рас.

Бірақ, ұмытылғаны бекер.

Мейірман жандар алғашқы ізді оған осы тас қорым пайда болған кезде салған. Сол із өшкен жоқ, келе-келе сүрлеуге айналды. Ең ғажабы, оған шөп шықпайтын болды. Өйткені, өткен-кеткен жолаушы — аттылы, түйелі, арбалы, жаяу жүргіншілердің табан ізі жол танабынан еш уақытта арылған емес. Бәрі де тас қорымға соға жүріп, етегін көде басып, бетіне қына өскен жертасты сипап отырып құран оқиды. Мінәжат етіп болған соң қолын көлегейлеп күн батар қиырдағы түйсөркештенген ақар-шақар шоқша тауға қарайды. Айналасындағы ат шаптырым жазыққа да телміре көз қадап, үн-түнсіз мелшиіп тұрады...

Шынтуайтын айтқанда, бұл да — дәстүрге айналған ізет. Игі үлгі болып ұрпақтан ұрпаққа ауысып келеді, таңғажайып жәйт десек те рауа, жылдар керуені озған сайын мінәжат етушілер қарамы көбеймесе азайған жоқ.

II

Қоңыр күз еді. Иен тоғай, тал-шіліктен тұт жалаңаш даланың сұрқай келбеті бәз-баяғы әлпетінен өзгермеген қалпында. Шөп сүйегі қатайғанмен түсі оңған жоқ-ты, бетегелер желкілдеп, көде біткен әрлі-берлі теңселіп тұр. Шексіз аспан сүртілген әйнектей жалтыр. Күн жылы, кең жазық соны да қуаныштаған раймен бар көркін айқара жайып, үнсіз манаурап жатқан беймаза сәт.

Түнде қонған бекеттен таң қылаң бере аттанған жолаушылар табиғаттың бүгінгі мейіріне дән риза: жазға бергісіз жайма-шуақ күн шығыс белдеуден алтын табақтай жарқырап шығады да қуалап береді; содан көк жүзін сызып отырып, батыстағы ұясына ұзап кеткенше мол қызуынан айырмай аймалап бағады...

Жолаушылар төрт адам. Дертеде қос күрең, екеуі де белді аттар. Жеңіл арбаны жүк көрмей, тастақ жолды кіріш-кіріш басып, сар желіспен үрдіс келеді. Үрдіс жүру-

лерінің себебі — төртеуі де асығыс. Әсіресе арқалыққа арқасын сүйеп қатар отырған ерлі-зайыпты екеу. Рамазан есімді жас жігіт қаладан шыққанда-ақ, үйіне тезірек жетуге асығып отырған делбешіге:

— Отағасы, жүрісті шират. Біз қызмет адамымыз, — деген. Өзін Рәпіш деп атаған келіншегі де:

— Шынында да асығып келеміз, ағатай, — деп күйеуін қостаған-ды.

Кешіккендері рас еді. Екеуі де облыстық мекеменің оқу-ағарту ісін басқаратын нұсқаушысының жолдамасымен Шыңғыстау ауданына мұғалімдік қызметке келе жатыр. Ал, мектептің оқуы баяғыда басталып қойды. Сол үшін кімді кінәлайсың? Ауылдық жерлерде көптеп ашылып жатқан мектептерге ұстаздар жетіспейтін қысталаң кезең. Ерлі-зайыпты екі білімпаз жұмыс сұрап оқу бөліміне барған сәтте-ақ елпілдеген нұсқаушы қос жолдаманы қолдарына ұстата қойды. Сұрастырса, қиыр шеттегі Шыңғыстау ауданына жіберіпті. Әрине, соған немен жетерін нұсқаушы айтқан жоқ. Семейде жіпсіз байланып, құм басқан жадау қалада бірнеше тәулік текке жатты. Ақыры бір күні осы делбеші ағайға кездейсоқ кез болды. Дес бергенде қалаға өкіл әкеп, қайтарында базарға соққан аупарткомның атшысы Бейсен Атсоғаров оп-оңай келісе кетті. Келіскені — ұзақ жол қатерсіз емес, сенімді жолсерік іздеген-ді. Ал, ерлі-зайыпты мұғалімдер ат-арбасы сайлаулы жолсерік табылғанына қуанған. Сөйтіп, өзара тіл табысып, ұзақ жолды біріге тауысып келе жатқанда төртінші жолаушы кезікті.

Күшікбай асуының арғы бетіндегі бекет үйінде қонып отырған кеште ұзын мұрт, жарқабак, қарасұр отағасыны көргенде-ақ Бейсекең ыңылдап отырған ән әуенін дереу тиып, неге сөйткені беймәлім, төрдегі орнынан босағаға қарай жылжып кетті. Өңі суық отағасыны ерлі-зайыптылар да ұнатқан жоқ. Бірге қонса да бір ауыз сөзге келмеді. Ал танертең ішін тартып әбден жараған күрең атын дертеге байлады да, қоржынын астына басып, арбаға қонжиды. Сөйтейінші деп делбешіден рұқсат та сұраған жоқ, Бейсекеңнің өзі де бетінен қаппады, Сірә, түсі суық, мұртты жолаушының мысы жеңіп, күмілжіп қалса керек.

Қарасұр өнді кексе отағасы кездескенге дейінгі үшеуінің ермегі ұшы-қиырсыз әңгіме болған-ды, әсіресе сөзшен Бейсекең қайдағы-жайдағыны соқтыртып, сыр тартқандай болған; тіпті қыза келе ескі қиссаларды бірінен соң бірін жадынан суырып, армансыз төпеген... Ал, бүгін кешегі қалпынан жаңылып, сылбыр сөйлеп, самбырлаған ашық үні де тұншыға шығып отыр, көбіне үнсіз келеді.

Бұл гәп ерлі-зайыпты екеуді аландата бастады.

Түс ауа жолаушылар көделі жазықты тауысып, шалғыны қаулап өскен, кең өлкеге ілікті. Жер келбеті өзгеріп, көгалды алаңқайлар жиі-жиі ұшыраса бастады.

Ұзақ үнсіздікке шыдамады білем, бір кезде Бейсекең:

– Ералы өлкесін де енсердік, балалар, – деді. Бірақ, тағы да күмілжіп, қасында отырған мосқал отағасыға сұқтана қарап, үнсіз тұншықты.

Қаладан шыққалы ауыз жаппай, желдей ескен сергек делбешінің оп-оңай бейшара кейіпке түсіп жасып қалғанына ызаланды білем, әлде өзгерген дала келбеті желпіндірді ме, кім білсін, манадан бері қалың шилі, томарлы, жер түгі де ұзара өскен өлкелі өңірге тамсана қарап отырған Рамазан кенет жұлқынып, тамағын кенеп, біржосын кең тыныспен «а...а!» деген айғайға басып, ән бастады. Жаңа ән тәрізді. Сызылтып баптанған жоқ, кең үнмен бірден көтеріңкі бастады да, биікке шығып алып сорғалата жөнелді.

Асылында, күні кешегі беймәлім күтуден қажыған кезде жас жұбайлар уақыт ұзатуды ән шырқаумен өткізгенді, ал, мына сапарға шыққаннан бері сол ермегін тіпті үдетіп, өздері жас күнінен жақсы білетін, машық еткен Баянауыл әндерін даусын көтермей, ақырын ғана ыңылдап айтып келе жатқан.

Ал қазір Рамазан кешегіден де асып түсті. Өзі әлденеге қатулы сияқты, әлдекімге айбын көрсете шырқады. Жолсеріктерінен соны әнтек бұрын аңғарған, әрі шырқау мәнеріне де таңданған Рәпіш күйеуіне аңтарыла қарады. Бұрын да талай мәрте тыңдаған, көп-көрім әнші деп білетін-ді. Бірақ, осы сәтте естігені, әсері де өзгеше болды. Бөлек үн! Бөлек шырқау! Бұрын аңғартпаған өзгеше мәнер...

Дала тым-тырыс. Теңбілсіз көк тас төбеден төңкеріле төніп, иен сахара марғау күйде сұлық жатыр. Баяу желпінген бетегелер: «Осың дұрыс, жас жігіт, жөн-ақ сөйткенің» дегендей басын иіп, баяу желкілдейді. Жұдырықтай бір шымшық біраздан бері қатарласа ұшып шырылдап келе жатқан, сол да таңырқағандай, о, тоба, өз әнін үзіп тым-тырыс тына қалды. Тек дертедегі қос күрең ғана әу деген үн шыққанда-ақ, бастарын шұлғып тастап сар желіске көшкен, сол бетінде әлі желіп келеді.

Бейсекеңнің аузы ашылып кетті. Божысы тізесінде бос жатыр. Бадырайған көзі жайнаң қағады, тымағының құлағын жымқыра көтеріп қойыпты, еліге тыңдап отыр.

Қыбыр етпеген қарасұр отағасы ғана. Түк естімегендей, көзін алысқа қадап, қырындап отыр. Шошақ тымағын баса киген, шоң желкесі одырайып, бойы аласара түскендей.

Рамазан аңырата әуелетіп келіп:

*«Қозы Көрпеш-Баяндай
Бір молада өлсем-ай!»* —

деп шымырлата бітіргенде, делебесі қозған делбеші бар даусымен айғай салды.

— Е, бәсе! Сызылтқаныңды қой, жігітім! Кешеден бері дәп осылай бар даусыңмен шырқатпайсың ба?

— Әй, әумесер, аузыңа түскенді оттамай, божыға ие бол! — Бейтаныс отағасы Бейсенді талмауыр бүйірінен түртіп қалды, онысы ыңқ еткізгеннен кем болмады.

Делбеші бірақ айылын жиған жоқ. Миығынан күле мырс етіп, божыны уысына жиып, қос күреңді жонынан екі-үш мәрте жүремелете қағып-қағып жіберді. Содан кейін ғана серігіне бұрылып:

— Қасеке, сен осы қызық адамсың. Оттайтын мен мал емеспін. Сосын қолыңа ие болып тиыш отыр. Ән тыңдағың келмесе тымағыңның бауын тарта байлап ал, білдің бе? Маған да енді зекіме... Зекитін заманың келмеске кетті деп біл. Баяғыда мені еркіме қоймай, Бақанас бойына күштеп апарып, жаңа қыстау салып, егін еккенінде, екі жыл желкеме мінгенде зықымды әбден шығарғансың. Мен қазір

өз еркім өзімдегі адаммын, міне, көрдің бе, аупарткомғын атшысымын. Мұны да ескергенің жөн!.. — деді зілдене үн қатып, — Бұдан да өзге жәйттерді айтар едім, мына екі балаға көзтүрткі жасамайын деп, ұялып отырмын...

Қасекесі бірермәрте түйіле қарады даләм-мимдемеді. Катты қақырынып, алысырақ жерге түкірді де, теріс қарап кетті.

— Ау, екі бала, енді мені тыңдаңдар. Мен сендерге Баянауылда естімеген, сендер біле қоймайтын қисса толғаймын. Бұл қиссаны Абай ағамыздың немере інісі, өзі ақындыққа баулыған Шәкәрім қажы жас кезінде шығарған, ол кісі қазір де бар. Қажының өлеңмен шығарған сөзі «Жолсыз жаза» аталады. Ал, жазған тарихы — тап осы өңірде болған, біраздан соң сол бейшаралардың моласының қасынан өтеміз... — деп қопаң-қопаң етіп, орнынан көтеріле түсіп, тамағын кенеп, желпініп алды.

Қасеке атанған отағасы үндеген жоқ. Қыңырайған әлпетіннен аумай, теріс қараған қалпында қара тастай катты да қалды.

Бейсекеңнің кенеттен желпінген қылығына еліккен Рәпіш:

— Мола дейсіз бе? Кімнің моласы, қайда ол? — деп жатуандап жан-жағына қарады. Сірә, сенгісі жоқ. Аппақ борықтай өңі күнге күйіп, кешегі бозаң қалпынан қоңырқай тартыпты. Күннің қақтаған әсері. Баданадай үлкен көзі мөлдіреген қарақаттай қап-қара. Қою қасы қиып қойған сықылды. Ұзын кірпіктері тік шаншылып тұр. Әлде аңғалдық райы, әлде пәк тазалық жайы? Қалайда келбетті бетпішіні кісіні өзіне еріксіз қаратқандай. Бойы да тұрықты. Өзінен әнтек тапал күйеуінен қарыстай жоғары.

Рамазан шырқаған әнді Бейсекең де білетін, шамалауынша, тобықты ішіне де мәлім Әсет Найманбайұлының әуені. Соны әуелете салып, көңіл күйі елікті ме, бір уақтыныш отырып қалған Рамазан да келіншегін қостап:

— Олай болса, Бейсеке, қиссаңызды бастаңыз, жол қысқарады... — деп демеу білдірді.

Бейсен Атсоғарұлы жалындырған жоқ. Тамағын кенеп, бірер мәрте каттырақ жөткірініп, қозғалақтап, алды-артына қарады. Бишігін жанына қойып, жас жолаушыларына бетін

беріп, түзеліп отырды. Құран оқыған сопыларша көзін тарс жұмып алған, сірә, ойға түсті, әлде қиссаның мақамын іздеді ме, біршама уақыт үнсіз қалып, ақырында бастай жөнелді.

*«Өткен адам болады көзден таса.
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса...
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескіріп, ұмытпаса...»*

Даусы күнірентіп толғауға жетіңкіремей, аз-кем кібіртіктеді. Бәсең шықты. Сөйтсе де құлаққа жағымды, көңтерлі қоңыр үн. Бейсекең кеше де бірер дастан айтқан. Жаттауында қапы жоқ, мүдірмей, судырата соқтыртқан. Бүгінгі мақамы одан бөлегірек. Асықпай, шым-шымдап қана босатып отыр. Жолсерік жастар ғана емес, өзі де сүйсіне тыңдауға құштар жандай еліге жырлауға ынтасы ауғаны анық...

* * *

...Баяғы жаугершілік заманда, «Ақтабан-шұбырынды, алқакөл сұламаның» ауыр зардабы жойылып, қарама сиреген қазақ елі есін жиып, Арқадағы кең шалқар баяғы қонысқа қайта оралып орныға бастаған аласапыран шақта осы өңірде Еңлік есімді қызбала дүниеге келіпті. Әлде сорына, әлде бағына ақылы терең жан екен. Көрген кісі қызыққандай көрікті де болыпты. Талай бозбала Еңлік сұлуды көріп іштей күрсінеді екен. Талай сері, небір жайсаң азаматтар сұқтана қарап, Қаражартас түбіндегі қыз ауылын ертелі-кеш торып, гүл шырынын терген бал арасынша әрлі-берлі жосылып жүреді білем. Бәрі де көрікті қызбен бесікте жатқан кезінде атастырылған аруақгы ауылдың ұрпағын күндеп, тілін шайнап кіжінеді дейді. Кіжінгеннен не пайда, одан өзге о жар қаракетке қажырқайраты жетпей, іштен тынып күрсінетін болса керек...

Ал, нәркес көз Еңліктің атастырылған қосағы айдай сұлу қалыңдығына сырттай мақтанып, түк басқан шомбал кеудесін жұдырығымен ұрып, сақ-сақ күледі екен. Өйтуі де тегін емес — қояншық ауру екен бейшара. Еңлік қыз есі кіресілі-

шығасылы бейшараға байланған тағдырына қамығып, күні-түні жылаумен жүріп есейеді. Мені содан құтқаратын ести-яр бір жігіт алыс-жақында құрыған ба... деп те қайғырады. Амал не, өзін-өзі жеп налумен күн батырып, таң атырған. Өйткені, шәлдірік күйеу – аруакты атаның ат ұстары, Найман ішіндегі қалың Сыбанның жуан ауылының ұрпақ жалғар перзенті. Кемтар десе де жақсы атаның артында қалған сынығы. Қыз ауылын торлаған еркек пенделердің батылы-рақ қимылдауға қолын байлаған себеп те осы.

Алайда қаһарлы қыстай катал тағдыр Еңлік қызға күндердің күнінде жайма-шуақ күнгеіін де көрсеткен.

Орда тауынан түлкі іздеген тобықты жігіті, батыр тұлғалы Кебек боранды іңірде қайтар жолдан адасып, қыз ауылына тап болады. Қаражартас түбінде қыстайтын жалғыз үйлі қыстау иелері аңшы жігітке тиісті ілтипат көрсетеді. Танертен қайтар жолын батырға нұсқаған, шал-кемпірдің жалғыз перзенті Еңлік болыпты. Сұлу қызға көңілі құлаған жігіт қыз ауылын неше күннен соң жаңылмай тауып келіп, жасырын жолығады. Бірін-бірі тани келе екі жастың өзара жарасуы оңайлаған, екеуінің арасында махаббат жібі жалғаныпты.

Заманның қатыбас шағы. Мың адамның бірдің еркінде болып, жат десе жатып, тұр десе тұрып, көшбасшы бидің қас-қабағын бағып, тірлік жалғастырған айбынды уақыт. Ру десе жабыла көтеріліп, атандай шауып, есі қалмай ел-іретін ереуіл мезгіл. Соны да дала жұрты өзіне бақ санаған. Сол бірлікпен абырой-атақ алған адуын шак.

Ақыры, не керек, екі жас ескі дәстүрдің ала жібін аттамақ болды. Ғасырлар бойы көшіп-қонған елге етене болған, бұлжымас заң саналған көне ғұрыпты бұзбаққа серт байласты.

Кебек батыр уәдесінде тұрып, қызды алып қашып, ауылына әкеледі. Бұл оқиға тобықты жұртына едәуір сын-салмақ салған күрделі іске айналады: Еңлік – найман жесірі; найман болса қарамаы өздерінен әлдеқайда мол да іргелі ел; мынадай нәркес көз, хас сұлуын көлденең көк атты бір тобықтыға жетектетіп жіберіп қарап отыра ма?.. Еңлік сұлу түгілі, жарым ес, жырық ерін бір жетімін сұраусыз жіберсе ме? Жоқ! Өйтетін болса ел атанбай-ақ қойсын, тіккен туы жығылып қалсын!

Сонымен екі елдің арасы ушығып, дүрдараз дауға ұла-
сады.

Тобықтының игі жақсылары тегінде Кебек ердің жан-
кештігісіне өжеттік жасадың деп елпілдемейті, қалың най-
манмен келісімге келгенше ауылдан жыраққа кетіп, бой
тасалай тұруға кеңес беріпті.

Екі ғашық қашқын атанады. Екі елге де сыймай, о күнде
боз торғай мен арқардан өзге тіршілік иесі жоқ Кіші Ор-
даның тас үңгіріне келіп паналайды.

Ал, найман жағы қол жасақтап, тобықты шебіне келіп,
«Тұрысатын жерінді айт, болмаса екі тентекті қолыма бер,
жазасын өзіміз кесемізге» салып, бітімгерлік сөзге құлақ ас-
паған. «Ақтабан-шұбырындыда» соңынан қалмай қан тіле-
ген қалмақтай-ақ қайыспай тұрып, ауыл үстінде ат ойнат-
қан. Неткен қаталдық, ата ғұрыпқа деген адалдық десеңші!
Бар істе, бар кезде осындай бір тастүйін болып, шоктанып
қимылдауды неге ойламаған, не себепті білмеген?!

Тобықты егер сөзге шыдамады: ғашықтарды ұстап бер-
ген жоқ, қорғамайтынын да ашық айтты. Жасырынып
жатқан жерін де нұсқап жіберген.

Соған да елірген найман қолы енді Ордаға қарай шапқан...

Кебек батыр жанталаса қарсыласса да, күші басым
көпке топырақ шашсын ба, құтыла алмапты. Құтылар ма
еді, кім білсін, жауын жапыра қайрат қылып, сытылып
шыққан бетте Еңлік сорлы осалдық жасап атынан құлап
қалмаса? Ол да ер үстінен сыпырылып түспес пе еді, кім
білсін, тау басындағы тас үңгірдің қуысында кішкентай
бөбегі шырылдап жатпаса?.. Сөйтіп, қайран сұлу қапылы-
ста қолға түскен. Қоршауды бұзып шығып, Қозыкүрең-
мен қуғыншылардан қозы көш жерге ұзап кеткен Кебек
ер асық жарын қиып кетпеген. «Өлсек – бірге өлеміз, жер
үстінде – төсегіміз, жер астында қабіріміз – бірге болады»
деген уәдесін бұза алмапты. Қайтып оралып, сойылын тасқа
ұрып сындырған да, тізе бүккен. Қайрап салса қайтпай-
тын, жау десе күн-түн шабудан таймайтын есіл ер осылай-
ша морт сынған деседі. Неткен асыл қасиет, неткен адал-
дық! Мұндай ерді жауыңа ғана салсаң етті, қазақ елі!..

Аямапты қан тілеген ашулы тобыр: қол-аяғын байлап қойып дүре салған; аяусыз әжуалап бетіне түкірген; ата дәстүрін бұздың деп Кебекке, батадан аттадың деп Еңлікке алма-кезек кижінген; ақыр аяғында көшбасшы билерінің алдында әкелген.

Шаңырақтай бөріктерін шалқайта киген, қара сақал, қаба сақал кегежін билердің емешесі үзілсін бе, екеуін де өмірден аластауға билік айтқан. Жан қинамай үзілер ақ өлім де емес, жан түршігер қатал жазаға, ат құйрығына тағып сүйретіп өлтіруге үкім еткен. Ел дәстүріне қарсы шыққан әрбір жүректінің жазасы осы деген болар? Бәлкім, кейінгі толқын ізбасарлардың бірде-бірі қайталамасын, баршасының аяғына салған тұсау осы болсын деп те ойлаған шығар? Әйтеуір билер үкімінің бұрын-сонды ел естімеген, жан көрмеген қатал жаза болғаны анық. Неткен қаныпезер қаталдық?! Жерінді алған, елдігінді таптаған ата жауына сондай қатал болсаң етті, амал қанша?!

Екі ғашық кешірім сұрамай кетіпті. Сірә, кешірім болмайтынын білген. Тек үкімді естіп, мойнына арқан түскен сәтте екеуі қасқайып тұрып, «Арызымыз бар, дат!» дескен.

Үш түрлі тілек айтыпты:

– Үңгірде жылап жатқан сәбидің кінәсі жоқ. Бейкүнә сорлыны өлтірмендер, нағашысы ұрпақсыз қалды, соларға табыс етіндер!..

– Бір-бірімізбен арыздасуға рұқсат беріндер.

– Бұл өмірде жүрегіміз бір соғып, қысқа болса да бір тілекте өмір бастап едік. Өлген соң да айырмай бір қабірге жерлендер...

Қолы босатылған соң қос ғашық арыздасып, қол ұстасып тұрып, анталаған тобырға қасқая қарапты деседі. Екеуін бетгестіре байлап, қос аттың құйрығына тағып алып, әулекі топ олай-былай шаңдата шапқан білем. Бұл жайында «Жолсыз жаза» дастанында былай делінген:

*«Екеуінің мойнына арқан салып,
Екі аттың құйрығына байлап алып,
«Матайлап» ұран салып шауып-шауып,
Өлтіріп бір төбеге қойды апарып».*

Ералының иен шалғыны таусылып, кең өлкенің шетіне шыға бергенде даңғыл қара жолдың түстік жағынан сүрлеу жол кезікті.

Еңлік пен Кебек хикаясын ұзақ шерткен Бейсекең бұл сәтте тым-тырыс мүлгіп отырған. Өзімен-өзі боп егілген, еңсесін ауыр тас баскандай қалжырап та қалған жайы барды. Қасындағы жолаушылар да үнсіз мүлгіген қалыпта.

Бейсекең ойланған жоқ, бүйірге қисайған сүрлеуге ат басын бұрды. Сонда ғана қарасұр отағасына тіл бітіп:

— Өй сен, еріккенбісің, асығып келе жатқанда, — деп наразылық білдірді.

Бейсекең мәу деген жоқ, баяу ілбіп келе жатқан қос күренге бишік үйірді.

Біраздан соң жүргіншілер тырбық қараған өскен дөңестің үстіне көтерілді.

— Қане, жастар, арбадан түсіңдер. — деді кенет. — Сол бейбақтардың моласын көрсетемін.

* * *

...Екі жастың мылжаланған денесі Таймақ пен Ералының арасындағы иен жазықта жападан-жалғыз одырайған тақиядай дөңестің үстіне жерленіпті. Бір ғажабы, кер заманның керауыз билерінің кегежін кесігі ғашықтардың ақтық тілегін бұзбай, айқасқан құшағын айырмаған қалпында бір қабірге қойылған. Қос ғашықтың денесін жасырған қорым тас сөйтіп заманалар көшіне ілесіп, ұмыт қалмай, бір ұрпақтан екінші ұрпақ айтып тауыспас ғашықтық туралы жырға айналған...

Бейсен жыршы соны тәптіштеп айтпаса да, ерлі-зайыпты жүргіншілер жүрек ділімен ұққан сыр осы: бұл мола — әншейін тас үймесі емес; ескерткішке бергісіз, атақ-дабысы алысқа кетер құлпытас сияқтанып сезілер айрықша белгі.

— Бейшаралардың басына зират та бұйырған жоқ, қабірден шыққан кесек тастың астында қалды, — деп әлденеге

кержиіп тұрып, Қасымбек отағасының қарызға бергендей сызданып естірткен сөзі екі жастың құлағына түрпідей тиді.

Рамазан мен Рәпіш қол ұстасқан қалпы қорым тас үйілген төмпешікке жақындап барып бастарын иіп, тізесін бүкті. Етегін жусан жапқан, әр тұсынан селтиіп селеу шыққан тас үйімен үнсіз тілдескендей болып, бастарын шайқады. Сонау ықылым заманда жер жастанған қос мұңлықпен іштей ұғысып, әлдене жайында сыр шерткендей болып үнсіз тұр...

Төнірек жым-жырт, жалтыр аспан биіктеп кеткендей туу төбеден төңкеріле қарайды. Сағымға оранған көкжиек буалдыр шымылдығын бір ашып, бір жауып, тығылмақ ойнағандай құбылады. Алыстан мұнартқан Арқалық пен Орда таулары да сүстиып оғаш көрінеді. Селеу біткен басын иіп, бетеге атаулы елпілдеп олай-бұлай толқиды.

— Сен де мендей арманына ерік берген құса жан екенсің, Еңлік апа... Жүрегіннің қалауын бұзбапсың. Жаратылысың неткен өреді! Бақталайына жазғанды көтермек болып, сүйген жігітінің қолынан ұстап жүре берген. Неткен ерлік! Сол ерлігіннен аз-маз бөлісші менімен!.. — дегісі келді Рәпіштің тас қабірге телміре қарап, тек дауыстап айтқан жоқ.

Саршатамызда Рамазанға еріп, туған ауылынан жасырын кеткені өтірік пе? Жоқ. Рамазанмен туған бөле екені де рас. Өз шешесі Әлиманың Рамазанның анасы Сақышпен апалы-сінділі екенін кімнен жасырады? Жасырып керегі не, екеуінің арасындағы махаббат жібінің жалғануына осы жәйт себеп болса? Рамазан әуелде өз үйлеріне жиі келіп жүрді. О кезде екеуі де ойын баласы еді. Өзі ер балаларша киінетін, ата-анасының еркелетіп бұлаң өсірген шағы. Сонда осы Рамазанмен неше мәрте шекісті десеңші. Бұл өзінен күшті де, тентек те еді. Қолындағы затты тартып ала беретін-ді. Өз шешесі: «Мұның оспадарлығы тұптура әкесіне тартқан. Тірі жүрсе бір биіктен көрінеді...», — деп сүйсіне әңгімелеп отыратын-ды.

...Рамазанның өзінен екі жас үлкен ағасы Көшмұханбет өз қыстауларына ұрымтал қоныстанған Рүстем байға жас күнінен жалға жүрген-ді. Бай жамағайыны момын балақан-

ды онда-мұнда жұмсап тыным бермейді. Кейде көрші ауылдардағы той-домалаққа барғанда атымды қарап отырасын деп ертіп кетеді екен. Бірақ, елгезек баланы тай-құнанға мінгізбей, жаяу салпандатып, мінген атының құйрығынан ұстатып қояды деседі. Осы ауылға келгелі Көшмұханбет аты қысқарып Қошпай атанған балақан сол мазаққа даләм-мим демей, байдың айтқанын бұлжытпай істеп, түү артынан жаяу бөйтендеп отыратын болыпты. Байекең дән риза, бұл өзі сондай қағылез айналайын деп мақтау айтып, тағы да жұмсайды білем... Бір жолы өзінен екі жас үлкен ағасын іздеп, осы ауылға Рамазан да келе қалады. Рүстем бай оған да: «Пәленшекең ауылға тойға барамыз, сен де жүр, тек атымның құйрығынан ұстап отырасың...» — дейді. Межелі уақытта ауыл иесі сыртқа шықса, ертгеулі көлігінің құйрығы шорт кесілген, жазықсыз жануар тайға ұксап, құнтиып тұрады. «Әу, мынаның құйрығын кескен кім?» — десе бай, Рамазан ешбір қымсынбай: «Мен істедім, өйткені сіздің атыңыздың құйрығынан ұстап, артыңыздан жаяу салпандауға құлқым болған жоқ...» — дегенде, Көшмұханбет-Қошпай не істерін білмей, байдың атының бауырына кіріп кете жаздайды. «Ау, сен балақан, әкең Әбішке тартқан өжет екенсің. Манағы сөзді сені сынау үшін әдейі айтып едім, кел, мінгес артыма...» — деп Рамазанды мінгізіп алып, тойға аттаныпты-мыс*...

Содан Рамазан бөлесі екі-үш жыл жоқ болып кетті. Ертіс бойындағы қалаларға оқу қуып кеткенін естіген. Ал, өзі тұрмыс билеп Баянауылдан ұзай алмай қалды. Сөйтіп жүргенде былтыр күзде Рамазан ойда жоқта сап ете қалды. Орысша киінген, шаш қойған көрікті жігіт болыпты. Өз

* Шұғыл ойлаған жанға шалдуар қылық сияқтанған бұл оқиғаны біз Көшмұханбет Әбішев әулетінің екінші, үшінші ұрпақтарынан бертінде естіп, хикаятымыздың жаңа басылымына қосып отырмыз. Бұл әңгімені Көшекең марқұм өз балаларына өнеге ретінде айтып, «Рамазан мен Балқаш інілерінің жаратылысы менен әлдеқайда артық еді, екеуінің де өмірі әттең шолақ болды...» — деп өкініш білдіреді екен. Бәлкім, өр мінезді ағаларының асыл тұрпатын өз ұрпағы жадында сақтап, өнеге етеін деп, әдейі көтеріп, өзін қасақана кемсітіп атуға да мүмкін.

ауылына мұғалім болып келген. Сөйлес енді: кешегі тентек бөлесі өзіне енді сабақ оқытады, комсомол ұйымына мүше, білімдар қала Семейде оқыған...

Бәлкім сол қарсаңда өрбіді? Әлде бұрыннан сөнбей қалған шок тұтанып, қайта маздады?.. Әйтеуір Рамазанмен сол қыста екеуінің көңілі жарасып шыққаны анық. Енді міне, Баянауладай базарлы, баянды жерін, алтын босаға – ата-ана, туып-өскен елін тастап, қайдағы бір қиян шет, Арқа жонындағы Шыңғыстау атанған бейтаныс елге келе жатыр. Алдында өздерін нендей тірлік күтіп тұр?..

– Кебегің нағыз ер екен, шіркін! Аз уақыт ойнап-күлгенім де жетер деп безіп кетпей, сүйген жаны жүкті болып, айы-күні жақындағанда алып қашқанын айтсаңшы! Демек, шын сүйген! Қу жаным олжа деп қысылтаян сәтте ат басын қоя беріп алысқа кетпей, артында шаң қауып қалған қуғыншыларға қайтып оралуы да мәрттігі! Махаббатына адал жан сендей-ақ болар... – деп өзімен-өзі сөйлесіп тұрған-ды Рамазан да сол сәтте.

Есіне кенет көкесі түсті. Осы сапарға аттанардың алдында әкесі өзін оңашалап: «Ел рәсімінде жоқ оғаш іске күп ете түстің, балам. Құптамаймын онынды, бірақ жолыңа көлденең тұрып, бетіңнен де қақпаймын, – деп біршама уақыт үнсіз отырып күрсінген болатын. – Поштайдың Құсайынын мен есерсоқ жындылықпен сабаған жоқпын, алты жыл айдау көргенде, ит жеккен суық өңірде жүдеп-жадап жүргенде де сөйткеніме қаһа болып, титтей де жасыған емеспін... Поштай тұқымы ата-бабамнан еншіге тиген жайлауымды тартып алып, жүрегіме қаяу түсірді, жуан тұқым, болыстығын арқаланып, намысымды жер кылды. Ашуым ішіме сыймай, болысты қуып жетіп, былғары пәуескесін қанжармен тілгіледім, Құсайынның өзін де басын жарып, аямай сабадым... Қазіргі өкімет сендердікі, билік те кедей-кепшіктің қолында. Әйтсе де құбылмалы заманға сенім жоқ, екінің бірі белсенді, әлдекімнің аузынан шыққан бұралқы сөз басыңды жармаса да, жаныңды жаралайды, қарағым. Бұл маңнан алысырақ жерге кетіңдер. Алла жолдарыңды оңғарсын!..» – деп әкесі қолын жайып батасын берген-ді.

Ауыл-аймағы өз әкесін жасаң күнінде, сірә, оғаш мінезіне орай «Жынды Әбіш» атандырғанын Рамазан еміс-еміс естіген. Кемсіткені шығар, бір тойға аяқ артар ат таба алмай, түйе мініп барғанын да әжуалап, «Түйе мінген Әбіш» деген сөз де соңынан ерген. Әсілі, мінезінің қияңқылау, шаһарлау екені рас. Ел ішінде Әбіш атанған (азан аты — Әбдірахман Абайұлы) әкесінің 15-16 жасқа келгенше мұсылманша да, орысша да хат танығаны өз уақытын бағдарлай білгенін аңғартпай ма? Бір кезде Баянауыл дуанына аға сұлтан болған, әлей пысықтығымен 1840-жылдардан беріде патша ұлықтарына жағып, ел билігінде көп жүрген Поштай тұқымын сабау да кім көрінгеннің қолынан келмейтін өрлік, шынында да қияңқы мінездің салдары... Шын-ау, сондай әкені қалайша түйе мінген момын шаруа дейді?! Жо-жок, әке сөзі өзі үшін — бұлжымайтын заң, ондай әкені тек қана мақтан ету керек!.. Шындап іздесе Баянауылда өзіне де, келіншегіне де жұмыс табылатын еді. Бірақ, өмір теперішін көп көрген, моқсал жастағы әкесі бірдеңені біліп айтқан шығар деп ойлады, ақылына құлақ асқанды жөн көрді.

— Осы екеуіне қайдан кезіктім? Оған қоса мына тілін кесілгір қырт Бейсен де ойда жоқта ұшырасты. Бейтаныс екі жастың өздерін соншама еркін ұстауын қызмет желігіне саяйын, әрі кәмсамал болған соң табынатын діні, тәлім-тәрбиесі — сол, ал мына ат айдаушы қарабайыр қырт шаруа неге құтырады? Бұл жазған күні кеше менің босағамда көзін сатып қипандап тұратын жалақ ерін жалшы еді, енді міне, сақалымды сапситып, «Әй, Қасымбек» дейді... Әттең, бұзылған заман-ай! Не боп барады бұл дүние? О тоба, не болған мына сұрқия заманға, не болған?! — деп тілін шайнап, қарасұр отағасы да ішінен зарлап тұр.

Қалың қабағы түксіп, көзінің астымен жан-жағына барлай қарайды. Жұтып қоярдай қомағай көзқарас. Өткен күннен мына тас қорымдай да белгі қалған жоқ, табан тірер тірек атаулы із-түзсіз жоғалды. Қырға шықса — қаптаған колхоз, ойда — коммуна. Қойны-қоншы мыңғыраған мал, бұта түбінен бір-бір қой-қозыдан өргізетін қайран Шыңғыс соңғы екі-үш жылда әбден азды. Бір апта салт атпен жүрсең таусылмайтын қайран таудың кең қолтық қойнауы бүгінде

қанырап бос жатыр. Кәмпеске деп қауырт алды, кедейді байға теңейміз деп қайыра тонады, сонда жиылған қыруар мал қайда? Зым-зия жоғалды. Содан қалған азын-аулақ тұяқты тағы да қосақтап алып, колхоз боламыз, жалшыға бірдей ортақ шаруашылық жасаймыз... десті. Соншама тонаудан соң өзінде қалғаны — мына дерте сырғында келе жатқан жіңішке күрен, қарақан басының неғып аман жүргеніне осы күнге дейін таң. Бүйткен амандығы құрысын! Бүйткенше біржола жұтап қалғаны жөн еді. Құдайдың кәрі деп көтерер еді. Ал, сол зауалды қолдан жасаған белсенділердің кәрін, күні кеше босағасында мәлііп тұратын құл-құтанның бүгінгідей мазағын қалай көтереді? Не үшін көтереді?..

— Тып-тыныш жата беріңдер, қос мұнлық. Ал, мен байғұс сендерді жырға қосып, айта берейін. Түу қашаннан, әкем Атсоғар жаттатқаннан бері жырлап келемін. Әлі де айтамын, өткен-кеткенге, үлкен-кішіге шама-шарқым жеткенше, нақышына келтіре жырлаудан жалықпан!.. — деп Бейсекең де өзінше егіліп тұрған-ды.

Иен далада бірге келе жатқан төрт жолаушы көкірек сырын бұдан да ұзағырақ, бұдан да молырақ ағытты?.. Кім білсін, әйтеуірі сол мезетте, иен дала шегінде құлазыған тас мола басында тұрып, жым-жырт тына қалған иен сахараға елти қарап, өз-өзімен болып, үнсіз сырласқаны айқын.

— Ау, балалар, жүрелік, — деді әлден уақытта Бейсекең. Рамазан қабірдің бет топырағын сипап, орнынан тұрды. Рәпіштің ілтипаты одан өзгешелеу болды. Жол бойы қолына ұстап келе жатқан бір шоқ гүлі бар-ды. Соны қорым тастың бетіне таратып жапты. Қасымбек отағасы еңкейген жоқ, түрегеп тұрып бетін сипады да, еңісте қалған арбаға қарай жөнөп берді.

IV

Ерлі-зайыптылар оқу-ағарту бөлімінен шыққан соң-ақ сұрастыра жүріп, Шыңғыстау аудандық жастар комитетінің хатшысы Керейбаев Асылбекті маңдайына қызыл жалауша қадаған төрт канат қоңырқай үйден тапты. Дер кезінде келіпті, аужаском хатшысы 6-ауылға жүргелі отыр

екен. Өздері шамалас жас қызметкер: шапш қойып та үлгермеген, төбесіндегі бір уыс кекіл бір-біріне қосылмай ербиіп тұр; көзі ісіңкі, сірә, ұйқысы қанбаған; киімі де жөнең; бұлтиған түрік ерні, жақ жүні үрпиген сидаң беті, ең аяғы жыпылықтаған шегір көзіне дейін қу жанына тыным бермей шаршап жүргенін айқын танытқандай...

Рамазан қол беріп амандасып, жөнін айтты. Рәпішті таныстырды. Комсомол мүшелері екенін естірткенде ғана Асылбек айран-асыр қуанып, орнынан атып тұрды.

— Міне, жайсаңдар. Міне, тап сендердей жас мұғалімдер керек бізге! Екеуің де бала оқытасындар, ә? — деп іліп ала жөнелді. — Ал, Бақанасқа барғандарың көрім болды. Ол өзі әлеумет жұмысынан кенжелеп қалған, іріткісі көп ауыл. Байқошқар да соның ығында отырған кертартпа ауыл. Бірде-бірінде комсомол ұйымы жоқ. Соларды жедел ұйымдастыру енді екеуіңе жүктеледі...

Аужаском хатшысына Рамазан таңдана қарады: жер жалдаған тапал тұрқына қарны ашқандай болды, бірақ айтып тұрғаны жөн сөз... Ал, хатшы титтей бөгелген жоқ, сайрай жөнелді. Бүкіл бір ауданның жастар ұйымның хатшысының тілмәр болғаны теріс емес. Кеңсесі де жайнап тұр. Кереге басы — толған ұран, қол жетер кереге басы мен уық астына түгел іліп қойыпты. Үстел үсті толған кітапқағаз. Бәрі де, сірә, керек дүние. Ең төрде, уыққа байланған кішкене рамаларда — көсемдердің суреті.

— Осы күнге дейін шалғай екі ауылда әшейка ашпағандарың — жараспаған, Асылбек жолдас. Қазақстанның бірде-бір түкпірінде комсомол ықпалы тармаған ауыл болмасын деген қаулыны, демек, естен шығарғансындар. Бұл қалай? — деп Рамазан онсыз да өзін кінәлі санап тұрған хатшыны тұқырта сөйледі.

Керейбаев бүгежектеп қалды.

— Оның рас, жолдас. Әділ сын... Сол үшін де менен бұрынғы хатшы жұмыстан аласталды. Ал, мен бұл ауданға жуықта ғана келдім, ауданның барлық колхозын түгел аралап шығу үшін тура бір ай керек. Бұл ауданның жері ерекше мол, бұрын төрт болыс ел болған деседі, дені таулы аймаққа орналасқан. Ең шатағы, бір шетімен бір шеті кем де-

генде үш жүз шақырым. Мәдени, ағарту жұмыстарынан аудан жастары мүлдем мақрұм қалған, Семейге жету үшін Шыңғыс сыртындағы ауыл адамдары үш-төрт тәулік ат үстінде болады, сұмдық емес пе? Комсомол жұмысы да сәпсем ақсаған. Қағаз жүзінде ұйымдасты деген, әділін айтқанда, санатта бар, бірақ мардымды ісі жоқ жастар ұйымдарын жандандыру үшін қаншама уақыт пен еңбек керек?.. Қысқасы, үлгермей жатырмыз. Міне, киіз үйді кеңсе етіп отырмыз, ал күн суыта не істейміз, соған тіпті миым жетпейді... Ұйымдасқан кеңсе көп-ақ, соның бәрі қақаған қыста қайда сыяды? Сүгір байдың әулеті қыстау еткен ескі қыстау мүтім бір ауданға жете ме?.. Нешауа, кеңсе де болады, жұмысты да әлі-ақ қыздырамыз. Үлкен қала Мәскеуді де бір күнде салмаған деседі. Міне, сендер келдіңдер, өздерінде оқыған жастар жан-жақтан келіп жатыр...

Аужаском кеңсесі жайғасқан киіз үйден қос мұғалім көңілді шықты. Есепке отырып, хатшымен танысты. Жұмыс істемек ауылы да анықталды: «Бақанас» колхозы; естулерінше, «Байқошқар» колхозы да сол манаттан қашықта емес; екеуара бір мектеп ашады; Рамазан оған меңгеруші болып тағайындалды; Рәпіш үлкендерді оқытпақ; Қызыл отау ұйымдастыру да соған жүктелді. Қысқасы, жұмыс екеуіне де шаш етекпен, тек баянды болғай...

Туу баста Доғалан тауының бөктеріне орнығып, сол жерде қала сала бастағанда, әлдекімнің пәрменімен, сірә, Семейге ұрымтал болғандығы әсер еткен сықылды, Қарауыл өзені күнбатыс іргесін жанай ағып, күншығысқа орай өтетін биік төбенің (иен жазықта найзадай шаншылып тұратын, сол үшін де Қарауыл атанған) іргесіне көшірілген Шыңғыстау ауданының жаңа орталығын жағалай аралап, одан соң жайдақ өзеннің суы көктемде жайылатын коғалды алқабына 50-60 киіз үй тігіп, соларды кеңсе де, баспана да етіп, тіршілік бастаған қыр елінің тірлігін ерлі-зайыптылар асықпай көрді. Көре жүріп өздерін қарбалас науқанның жанды бір тетігіндегі сезінді. Қайда қарамасын — алқам-салқам құрылыс, төбесі үңірейген жатаған тамдар көше түзеіп бой көтеріп келеді. Әр жерден көшіп келген отбасылары жаңа мекенге бұрынғы қоныстарының

үйреншікті әдет-ғұрпы ғана емес, ескі тірлігін де ала келген тәрізді. Бірінің мандайында жалау тұрса, бірінің алдындағы көгенде ешкі-лақ жатыр. Боздаған інгенің, шәуілдеген итін ерте келгендер де бар.

Ерлі-зайыпты мұғалімдердің қарекеті өздерін Бақанасқа жеткізетін көлік іздеуге арналды. Бұл да со күнде оңай шаруа емес сияқты.

Ақыры, амалы құрыған соң Рамазан аудандық Жұмысшы-шаруа инспекциясының (РКИ атанған) кеңсесінен көмек сұрауға мәжбүр болды. Оның бастығы Олжабай Шалабаев деген кісі, шыққан жері — Семейдің өзеншілер қауымы қоныс тепкен Затон қалашығының жұмыскері деп естіген-ді. Жұрттың айтуынша, іскер адам, ең бастысы, айтқанын сөзсіз орындататын қайратты кісі-міс...

Рамазанның жөн-жосығын сұрады да, мән-жайды білген соң:

— Қаладан қалай келдің, сонымен жөнелтемін... — деді.

Жас шамасы қырықты еңсерген жұмысшы-шаруа инспекциясының бастығы дереу бір жігітті жұмсап, Қасымбекті шақыртты.

Түрі сұсты қарасұр отағасымен Рамазан сөйтіп ойда жоқта, екінші мәрте кезікті.

— Тура бүгіннен қалдырмай, Рамазан жолдасты келіншегімен ауылыңа жеткізесің! — деп РКИ бастығы сөзді шолақ түйді.

Анау керенау үнмен қыржиып:

— Олжабай жолдас, асыра сілтеу... енді болмайды дегенді көктемде өзіңіз айтқан едіңіз... — дей беріп еді, Олжабай үстел тақтайын сұқ саусағымен тықылдатып: — Сен, Солтабайұлы, бос былшылды доғар! Колхоз мүшесі бола тұра шаруа қамдайтын уақытта қалаға қыдырғаның үшін, сірә, жауапқа тартыласың. — деді ақырын ғана.

Рамазанға түйіле қарағанмен Қасымбектің одан әрі қарсыласуға шама-шарқы жетпеді. РКИ кеңсесінен ол ұнжырғасы түсіп, жасып шықты. Содан Рамазанды ертіп, ат-арбасы тұрған үйге келген соң:

— Ал, өшетел, қашан жүрмексің? — деді.

— Бүгіннен қалмаймыз, отағасы.

— Жете алмаймыз бүгін! Ит өлген жер... Ал, жолда кону қауіпті. Шыңғыс іші — биыл тиыш емес, байқа, бала... — Қасымбек мұғалімнің жүзіне бағдарлай қараған. Мықтымсынған неме, әуселенді байқайын деген сынаймен айтқан сықылды.

Рамазан өз елінде де мұндай қокан-лоқыны естіп өскен. Сескенген жоқ, ашына тіл қатты.

— Жүреміз отағасы, онсыз да кешіктік... Шыңғыстың тентегімен мені қорқытпаңыз. Екі аяқ пен екі қол бізде де бар...

Қасымбек ләм-мим деген жоқ. Әлдеқайдан жеңіл арба тауып әкеп, жіңішке күреңін жеге бастады.

Күн кешегідей, жайма-шуақ райынан қайтпаған, қызулы қалпында. Күз келсе-ақ жан-жақтан шоғырлана қалатын бұлттар керуені жоқ, әлдеқайда көшіп кеткендей. Сайсаланы қуалап, жоталар шоқтығын жұлмалап соғатын теріскей желден де ада. Көктемгі аласапыран кезінде ағылтегіл жөңкіліп өткел бермейтін өзен-бұлақтардың еңтігі қазір басылған, жылға-жыралар түбінен жылтырап қана көрінеді. Иә, жомарт табиғаттың мейір-пейілі айқара ашылып, бейнетқор сорлы шаруанды қамда, қайталанбас алтын күзін мен боламын деп тұрғандай...

Шыңғыс ішіне кіші бесінде кірген жолаушылар тауды өрлеп ұзақ жүрді. Бұл жаққа тұңғыш рет қадам басқан жас жұбайларға өздері келе жатқан ұзынды-қысқалы қия беттер мен сан-салалы өзекшелер таусылмастай көрінеді. Әсіресе Рәпішке, михнаты көп тау жолынан қажығаны сонша, үнсіз томсырайған отағасы өздерін жан баспас аулаққа әкетіп бара жатқандай сезілген. Күйеуінің қолтығына тығыла түсіп үнсіз отыр. Ал, Рамазан бүгін ерекше көңілді. Қатпарлы, қойнауы мол таудың жиі-жиі ауысқан одағай арқа-белдері, жоталы беттері көңіліне дес беріп, қиялын тербегендей асқақ күйде. Сылқылдаған күміс үнді бұлақтар, жапырағы сарғайған шоқ қайың мен гүлі түспеген жасыл алқаптар ала-құла келбетімен құса көңілін еріксіз сергіткендей. Манағы сәттегі ашуын ұмытып, жаны жайлау қалыпқа түсті. Жадырағаны болар-ау, тағы да ыңылдап әндете бастады.

Рамазан ән бастағанда Қасымбек мойнын бұрып, артына қараған. Мына шіркінді бірдеме шалды ма дегендей

кейіппен ұнатпай қадалғаны айқын. Бірақ, ләм-мим демеді. Өзімен-өзі болып тымырайған қалыпта отыра берді. Сірә, Олжабай бәлшебектің манағы жекуін ұмыта алмай, сол сәтте кеудесін керген кек оты қу жанын қинап отыр.

Соның есесін ол ақыры қасындағы екеуден қайтарды.

Жолсеріктерін жолшыбайғы бір ауылға түсірмей тау ішінде түнетті. Жол азық қамдап жүретін мезгіл емес, ел іші кең деп, соны да жол ризығынан күтетін шақ. Үшеуі де нәр сызбай аш жатты. Киімі жұқалтаң жас жұбайлар түні бойы бүрсең қағып тоңып та шықты.

Содан таң қылаң бере қайта жүрді. Мүдделі жерге ерте жетпек. Асыққан Қасымбек те емес, жас жолаушылар. Неше күннен бергі дамылсыз жүрістен қажып та қалған сыңайлы.

— Әй, өшетел, сенің осы жүрісің менің миыма қонбайды... Туып-өскен елің — қалың сүйіндіктен оқытатын бала таппай, біздің тобықтыға келгенінді айтам да. Әлде жаугер айдаболың сыйғызбай айдап тастап па еді?

Рәпіш басын шайқады. Бұл сауал секемшіл көңіліне таспен ұрғандай әсерлі болғаны анық. Өңі де қан-сөлін жоғалтып қуарып кетті.

— Неге қорықтың, қарағым? Жә, жә, ұстап берейін деп сұрағам жоқ! Өзіміздің де елге сыймай безіп жүрген қашқынымыз аз емес...

Рамазан бара жатқан ауылынан кез болған алғашқы адаммен таныспай жатып, егер сөзге түсуді қалаған жоқ-ты. Бірақ, Қасымбек отағасының жаңағы қаңқуын естіген соң екеуінің арасында ешқандай татулық жібі жалғанбайтынын түсінді. Соны білген соң-ақ тізгінін бермеуге бел байлады.

— Қашқын емеспіз, отағасы, шатақтаспай сөйлеңіз. Мектеп ашуға өкіметтен бұйрық алып, өзіңізді ылаушы етіп келе жатқан мұғалімдерді қалайша қашқынға балайсыз? Ал, сіздің ауылдың қашқан-пысқаны болса — қорықпаңыз, қайда кетер дейсіз. Үкіметтің құрығы ұзын екенін білетін шығарсыз...

Күз күні көкжиектен көтерілген сайын жадырай түсті. Ұлы сәске таяу. Жердің шығы кеуіп, ертеңгілік ызғар біртіндеп сынып, ақырында мүлдем жоғалды. Бойы жылып жадыраған ерлі-зайыптылар жан-жағына ынтамен

қарай бастады. Төңірек те сән-сәулетін айқара ашып, бар көркін қалтқысыз жайып салған.

Бір мезетте Рәпіш делбешіге еміне қарап:

— Аға, сәл тоқтаңызшы, — деді.

Қасымбек керенау бұрылып артына қарады да божыны ірікті.

Рәпіш күрең аттың тоқтағанын тосқан жоқ, жерге секіріп түсті. Со бетінде жолдың оң жақ қапталын жағалап, алға қарай жүгіре жөнелді.

Нақ осы бүрме етек ұзын көйлегі көлбендеп, камзолы аш беліне жабысып, бөртпе салысы иығын жауып, білектей қос бұрымы қылтасын соғып оңды-солды бұлтындап, қызғылтым етігінің қонышы батар шақтағы күн нұрындай жалтылдап, еңіске қарай жүгіріп бара жатқан Рәпіш жықпыл тас арасынан жалт еткен елікке ұқсаған-ды.

— Әй, өшетел, келіншегің нешеде?

Қасымбектің құлақ түбінен саңқ еткен қырсық сауалына селк еткен Рамазан бірден жауап берген жоқ, арбадан жайбарақат түсті де, артына түйіле қарады.

— Он бесте, әлде он алтыда? Қайдан ілдің бұл перизатты?

— Он жетіге жуықта толды, Қасеке, — деп Рамазан келіншегі кеткен ылдиға жөнелді.

Өздері түскен биіктің етегінде, қара жол жоғарыға өрлеген сайдың оң қапталында ат арқандағандай шағын алаң бар екен. Алаң үсті гүл шегілген парсы кілеміндей құлды, әлдекім жаз бойы қолдан өсіргендей сары, қызыл, ақ гүлдерге тұнып тұр. Теңіз айдынында ойда жоқта тап болған арал сияқтанып, күз белгісі біліне бастаған мезгілде мынадай қызылды-жасылды алаңның кезігуі екі жасты ерекше таңғалдырды. Еркін баурап, қасына шақырғандай еліктірді. Ал, гүлді алаңның теріскей шеті — тік шаншылған қарасұр жартаc. Оның артында және бір оқшау тау құздияды. Оқшау болғанда тау ішіндегі сансыз бұйрат, биік жоталардың бірдебіріне ұқсамайды. Келбеті де, бітімі де бөлек жаратылыс.

— Әй, өшетел! Келіншегің соңынан жоғалдың ғой біржола...

Көз алдындағы жайнаған суретті алыста қалған Баянау-
ланың сансыз көп қойнауына ұқсатып, жас күнінен
көкірегіне ұялаған танымал жерге балап, сұқтана қарап,
өзге дүниені қас қағым сәтке ұмытып кеткен Рамазан ота-
ғасының әкірен даусын естігенде ғана селт етіп, Рәпішке
жақындады. Келіншегі алаңнан бір құшақ гүл жұлып
үлгеріпті. Ақ жүзі албырап, бет ұшы қызараң тартқан. Күн
қақтауы Рәпіштің бетіне өз бояуын молырақ жаққанын
жаңа байқады: қызылы қанығып қалындай түскен; меру-
ерттей аппақ тістері оймақтай жұқа ернінің астынан жылт-
жылт етіп, маржандай тізіліп, өзіне күле қарайды. Сірә,
әлденеге қатты қуанып тұр.

— Қарашы, қандай тамаша жер! Хош иісін жұпар дерсің.
Ауасын айтам да... Құдды өзіміздің Баянтау. Анау күзди-
ған жартас та Жасыбайдың жағасындағы — Найзашоқыға
ұқсайды. Тек етегін көмкерген айна көлі жоқ. Әне бір бал-
тыры аппақ қайынды сайға қара!..

Келіншегі соның бәрін қолымен көрсетіп, сайрап тұр.
Делбелі кексе тағы дауыстады.

Ерлі-зайыптылар өздері ерекше ұнатқан алаңға, соны те-
ріскейден көмкерген оқшау тауға тағы бір мәрте тамсана
қарап, қол ұстасқан қалпы арба тоқтаған жерге қайтып келді.

— Отағасы, анау оқшау таудың дербес аты бар ма?

— Ақысын берсеңдер, колхозға өткізем бе, айтамын.
Шымылдық дейміз. Қайың өскен жота — Бетқайың. Ал
мына өзіміз көтеріліп келе жатқан биік ор — Ақбайтал.

— Шымылдық? Біздің халық жер атын қоюға қандай
шебер...

— Шымылдық дейсіз, ә? Қалайша тауып айтқан!..

Ерлі-зайыптылар Шымылдық тауын қимағандай арты-
на сұқтана қарады.

Терең сайдың үстіне көтерілген соң Қасымбек отағасы
күреңді тежеп, арбадан түсіп, бір доңғалаққа тежеу ағаш
қыстырып, мықтап байлады.

— Әне, іздеп келе жатқан — Бақанасың, — деп күңк етті
іле-шала.

Кешеден бері үйір-шиыр, аталы-балалы болып бір-біріне иықтаса жалғасқан, ашы шекше шұбалған мол Шыңғыстың осы арада кілт үзілгенін екі жас сезген жоқты. Енді көз салып қараса сонау көкжиекке дейінгі алды – кең көсілген ақ жазық. Содан соң байқағаны – күнбатысқа ирелендей тартқан қара жон, одан әрі жап-жасыл белдеушені аңғарды. Көз тоқтатып ұзақ қарап тұрып, оны иен тоғайға жорыды.

Бір доңғалағы байланып, даңғыл қара жолды соқадай сызған арбаның ылдиға түсуі мүлдем саябырлап, күрең ат та аяғын ілби басып әрең келеді. Үш жолаушы оның соңынан жаяу ерген.

Жақындай келе жазықтың шеті қалың шалғынды өлкеге айналды. Тоғай да сұйылып, әлгіндегі жасыл пердесін аша бастады. Оның бергі шеті арналы кең өзен екен, ал арғы жағасы жалаңаш биік жар. Тоғайдың арғы қапталынан қарама едәуір ауылдың үйлері де жалт етті.

– Үлкен ғой өзі?

– Тіпті едәуір, – деп Рамазан да әйелін қостап, әрі отағасын сөзге тартқандай болды. – Бұл ауыл колхоз болып қашан ұйымдасқан?

– Колхоз деймісің? – Суға түскісі келмей қипақтаған күренді жонынан бірер мәрте шып-шып осып, Қасымбек мырс етті. – Колхозға дейін кім болып едіңдер неге сұрамайсың, кәмсамал жігіт? Біздің ауыл баяғыдан белсенді... Әуелі мойынсерік болдық. Кәператіп болып та дүрілдегенбіз. ТОЗ* атанып тозып та үлгердік. Енді колхозбыз, екінші жыл Бақанас** колхозы атанғанына, несін айтасың, бәріміз ортақ қазан болып, күпілдеп отырмыз...

* «Товарищество по обработке земли» деген ұжым атауынан туған термин.

**1957 жылы «Лениншіл жас», 1966 жылы «Комсомольская правда» газеттерінде жарияланған очерктерімде мен колхоз атын «Байқошқар» деп жазғам-ды. Алайда, кейінірек анықталған деректерге сүйеніп, бастауыш мектептің «Бақанас» колхозында ашылып, ал «Байқошқардың» балалары алғашқы оқу ұясына көлікпен қатынағанын білдім.

Ауыл тұсында арнасы кеңейіп жайыла аққан өзеннен өткен соң-ақ жінішке күрең қамшы салдырған жоқ, үйреншікті қотанға желе жортып енді. Делбеші жас жолаушыларын бірден-ақ кішкене жалауша қақпасына ілінген, тоқал үйге әкелді. Рамазан оны ауыл кеңестің кеңсесі деп ойлаған. Кеңсе емес, ауыл кеңестің өз үйі екенін ішіне кіргенде ғана білді.

Кеңес ағасы Молдаш Жақсыбаев* ойда жоқта сап еткен жас қонақтарына аса қуанбаған рай аңғартты. Жөн-жосығын білген соң екеуінің бетіне алма-кезек аңтарыла қарап, не дерін білмей, сасқалақтап қалды.

Жуықта Қарауылда болған бір жиында өзі қызыл сөзге елігіп тұрып: «Мектебіміз қаңырайып бос тұр. Мұғалім жібермей, екі жылдан бері құрғақ уәдемен алдап келесіңдер. Саужой** ұранын мүлдем ұмыттыңдар,» — деп аудан басшыларына тиісе сөйлеген. Үш жылдан бері өз ауылына ат ізін салмаған мұғалім биыл да, оқу басталғанда келе қоймас деген оймен белсенділігі ұстап, аяусыз төнеп еді. Енді міне, сұраған мұғалімі біреу емес, екі кісі болып алдында тұр. Әрі ерлі-зайыптымыз дейді. Бұл екеуіне баспана керек, ал мектеп үйі — дайын емес. Былтырдан бері баспана қылып отырған үй енді мектеп болады деп Солтабай баласы Санияқасқа қалай айтасың? Айтсаң-ақ сыныққа сылтау іздеп жүрген Санияқас найсап көшем дейді, ол көшетін болса, жалғыз өзі емес, Қасымбек ағасымен қоса кетеді. Екеуі ғана көшсе жон-ау? Өздеріне қарасты жамағайынның біразын ілестіріп ала кетеді. Онсыз да жоқтан бар жасап, әрең бас құрап отырған колхоз бұдан соң не болмақ?..

— Бек жақсы келгенсіңдер, жастар, сөйткендерің әйбат болды, әлей қуанып тұрмын. Ал енді түскен үйлеріңізде бірер күн жата тұрыңыздар. Үй де табамыз, мектепті де қаузейміз. Мына күзгі науқан бітсін тек... — деді Молдаш көзін жыпылықтатып.

* Бұл кісінің, Әмір Жәнекеұлының және алда аталатын кейбір кейіпкерлердің есімін біршама өзгертіп алғанымызды ескертеміз.

** Саужой — Кеңес өкіметі ауылды жерлерде жүргізген «Сауатсыздық жойылсын» деген науқанның қысқартылған атауы.

РКИ-дің бастығы алғашқы танысу үстінде: «Кенес ағасына сенбе, түлкі құйрық бұлаңы мол мылжың адам. Тізгінін ді берме!..», — деп ескерткен-ді. Сол жәйт Рамазанның есіне түсті де:

— Кеңес ағасы, біздің жұмыс барлық науқанның зоры. «Саужой» науқаны бүкіл Қазақстанда қызу жүріп жатқанын естіген боларсыз? Мектеп үйін тап бүгін көрсетесіз, — деп сөзді түйе, әрі міндет арта сөйледі.

— Әрине, әрине, сөйтеміз, Рамазан жолдас. Қаулы болған соң көрсетпеуге бола ма? Түскен үйлеріңізде бірер күн демалып жата тұрыңыздар...

— Бұл ауылда біздің етжақын ешкіміміз жоқ, отағасы. Әмбе біз қыдыра келген қонақ емеспіз, қызмет адамымымыз. Сол себепті, қайда түсу жөнін де қазір атаңыз, Молдаш жолдас.

— Ә, солай ма? Қасекеннің онысы несі? Онда енді үй тапқанша бөлініп түсіндер, ие сөйткендерің дұрыс. Бүгін бір үйде, ертең біздің үйде... дегендей бөлініп тұрасыңдар. Жас адамға оның сөкеттігі жоқ. Сіздерге дейінгі өшетел бала да сөйткен, тура бір жыл қыдырып жүріп оқу оқытқан. Ол өзі бір әйбат бала еді...

— Біз өйте алмаймыз, ағасы, өйткені өзара некелегі адамбыз. Ерлі-зайыпты адамдар бөлек тұрсын деген заң жоқ, — деді Рамазан. Заң деген сөзді әдейі айтты. Сөйткені сеп болды білем, ауыл кеңес төрағасы іле жуасып:

— Ә, солай ма? Әрине, некелескен адамдарды бөлуге болмайды. Ондай заңды білеміз. Бізде де зейін-құлақ бар, білеміз, — деп жалма-жан киіне бастады. — Ал, жүріндер, Жәнекеұлына баралық. Қай үйге түсетіндеріңді сол кісі айтады. Мұндай аса маңызды шаруаны басқармамен келіспей сірәда шешуге болмайды.

Рамазан Рәпішке қарады. Рәпіш Рамазанға қарады. Ақыры, екеуі басын шайқап жымиды да, кеңес ағасының соңынан ерді.

Жәнекеұлы Әмірді олар қырман басынан тапты. Астында жуан сары ат, қырманның бергі шетінде тұр екен. Мінезі солай ма, жоқ, әлденеге кидіп тұр ма, ерлі-зайыптылардың сәлеміне де жөнлі жауап қатпай:

— Дүкементтерің қайда, кәне! — деп алақанын жайды.

Қолына тиген бір жапырақ жолдаманы шыр айналдыра ұзақ қарағаны болмаса оқыған жоқ, мөр басылған тұсын күнге ұстап корді де, кеңес ағасына қарап:

— Сен, Молдаш жолдас, бос былшылды доғарып, бұл кісілерді мектепке орналастыр. Таңдаған бөлмесіне өздері тұрсын, екіншісінде бала-шағаны оқытады, — деді.

— Бастық жолдас, онымыз қалай болар екен? Мектепте үй жоқ. Оны әлгі...

— Иә, тап соны айтамын. Солтабайұлына үйді босат дейсің. Екі жыл баспана еткеніне рахмет айтсын! Мектеп үйі енді қазынаның өзіне керек...

— Әмір жолдас, онымыз асыра сілтеу болып жүрмесін. Солтабай баласы Санияқас — колхоз мүшесі, құлауға шақ тұрған мектеп үйін түзеп, өзіне баспана етіп алды. Біз енді оған үйден шық десек, ол колхоздан кетемін деп...

— Сен енді, кеңес ағасы, мезі сөзбен адамды әбден ығыр етесің. Солтабай баласы кетсе «Баканас» колхозы қараң қалады деген... Давай, жөнел, мына кісілерді орналастыр! — делі де, астындағы атын қос өкпеге тепкілеп әлдеқайда кете барды.

V

Бір аптадай әуре болып, іші-сыртын тазартып, оны-мұнысын бүтіндеген соң мектеп үйі көп-көрім баспанаға айналды. Еденде тек тақтай жоқ, ой-шұңқырын балшықпен тегістеді. Төбедегі сырғауыл да неше жылғы шаңы мен ыс табы сүртілген соң кеше ғана қабықталғандай болып жалтырап шыға келді.

Күн-түні дамыл көрмей атқарған ауыр жұмыстың нәтижесін екеуі енді сезгендей, біткен шаруаға сүйсіне қарап, ауыз үйде шай ішіп отыр. Шаршағандарын да жана байқағандай. Рәліш тіпті аянбай кіріскен, үсті-басы балшық, алақаны күлдіреп, қаймыжықтай жұқа ерні тобарсып жарылуға шақ қалған. Балшықты Рамазан жалаңаяқ басқанды, суықтың зардабы болар, аяғының саусақтары быртып ісінген. Ерлі-зайыптылар бірақ ештеңеге уайымдайтын емес. Мәре-сәре қуанышта. Рәліш күйеуіне кесе ұсынған

сайын күлімдеп, жымыып қояды. Ешкімнің босағасында телмірген жоқ, оңаша баспанаға иеленгеніне мәз.

Шайды жерге жасаған. Дастарқаны — жер еденге төселген тақтай сынығы.

Анығында, бұлар дүние-мүліктен жұрдай еді. Баянауылдан құр қол шықты. Семейден де ештеңе алған жоқ, соқа бастарын әрең жеткізді, соны да тәубә көрген. Қарауылдан тиген несие жалақыға ең алдымен кітап пен қағаз-қарындашты молырақ қамтыды. Одан қалғанына көрпеге тыстық, бір-бірден көйлек-көншек алды. Екеуара иеленген жалғыз сандық бұрышта тұр. Бір қабат киімдері — соның ішінде, қақпағы үстінде — кітап, қағаздары үюлі. Қара шәугім мен сым шеңбермен құрсаулы екі кесе, тақтай үстінде шашырап жатқан бес-алты құрт пен ірімшік түйіршіктері — көрші қорадағы Құтпа кемпірдің сыйлығы.

Ақөзектегі ескі қыстаудан аттанған күні де, одан кейінгі ұзақ жолда алдағы тіршілік қалай болады, мынадай кедей тірлікпен қалай тұрамыз... деген сияқты тұрмыс күйттеріне екеуі ақыл тауысып қиналған жоқ-ты. «Қол ұстасып бірге жүрсек арман не, одан өзге қызық — бізге мұрат емес» дегендей бір бейғам пиғылға ерік берген. Енді жетіспеушілік тауқыметі барлық сұрау-талабымен алдарынан көлденең тұра қалғанда да сасқан жоқ. Осы ауылға қыдыра келгендей-ақ жайраң қаққан сергек көңілден аумады.

Қарасы аздау, сүті молдау бозғылт шайдың екі-үш кесесін терлеп-тепшіп рақаттана ішкен Рамазан орнынан тұра беріп:

— Мен кісі жинауға кеттім. Сен де қамдан... Басыңа қызыл орамалыңды тарт, қалайда бүгін мектепті ашуға арналған алғашқы жиын, — деді де жүгіре басып шығып кетті.

Күйеуінің лебізінен қуанышты рай сезсе де, Рәпіш жүрексінген сезімнен арыла алмады. Сөйлейсің дегеніңе шүкір. Сөйлегенде не дейді? Күйеуіміз екеуіміз сіздерді оқытамыз дей ме? Әлде мен де комсомол мүшесімін, жастар ұйымына Баянауылда өткенмін деп өмірбаян дерегі айта ма?.. Ондай жалаң дерек кімге керек? Бүгінгідей мерейлі күнде көпшілікке естіртер сөз тегінде өзгерек болуға тиіс. Мына мектептің қайыра ашылғанын, тұрақты білім ошағы

болатынын айту керек. Әрине, шешен тілмен, шамаң жеткенше жалынды сөздермен, күшті үнмен естірту шарт. Ал өзі? Жо-жоқ, сондай жиындарда тіл ұстартып жүрген Рамазан болмаса, мұндай машықтан өзі құр алақан...

Әрі-сәрі көңілмен Рәпіш қара сандықты ашты. Қарауылдағы кооперативтен алған шолақ етек көйлегін киіп, шашын қайта өрді. Терезенің әйнегін айна етіп тұрып, қызыл орамалын тартты. Қызыл орамалды күйеуі әперген еді. Екеуі қосылғалы әперген тұңғыш сыйлығы. Өзіне ұнайды. Өзінен бұрын күйеуіне. Неге құмар болғанын білмейді, әйтеуірі ері қызыл түске біржосын әуей: көйлектің де қызыл болғанын ұнатады, галстукті де шымқай қызылдан тағады; оның ойынша, дүниенің бәрі қыпқызыл болып, қызыл алауға оранып тұруы шарт...

Дабырлаған дауыстар естілген соң Рәпіш есік алдына шықты. Жұрт жинала бастапты. Қақпа мандайына ілінген қызыл матаны тамашалап тұр. Кейбірі салт атпен келіпті. Бала көтерген әйелдер де жүр. Ертерек шыққанына өкінген Рәпіш үйге қайта кіріп кетудің бабын таппай, өзіне ішіп-жеп қараған ауыл адамдарынан қымсынып, төмен қараған қалпы алға адымдады. Органы ашып жол берген жұрт оның жай-күйімен санасқан жоқ, жел сөзбен қағытып жатыр.

— Сұлу-ей, өзі.

— Ана бауырсақ мұрын тапал күйеуіне қарағанда мына келіншек көш ілгері бойшаң!

— Күйеуін қойшы, күпайкесі жалбандап жүгіргеннен өзгеге жоқ, елпілдеген неме.

— Мына сұлудың қолынан ұстаған да, ұстамаған да арманда десеңші!..

— Әттен, көйлегі тым қысқа, бір қарыс қосып берер ме еді.

— Бетім-ау, сонша тылтитқаны несі?

Қысыла-қымтырыла көпшіліктің арғы шетіне әрең шыққан Рәпіш артына бұрылды. Қақпаның мандайшасындағы қызыл мата көзіне оттай басылды. Өз қолымен жазған еді, әдемі шығыпты. Осы үйді қайта әктеген ақ балшықпен әрен жазған, әр әрпі тайға басқан таңбадай болып бадырайып түсіпті. Ішінен қайталап оқыды. Бір емес, бірнеше мәрте.

Зеріккен жұрт соны да сөз етіп тұр.

— Әй, Хасен, әлгі қаратаяқ молдамен тамыр едің ғой, кәне, оқы мынаны.

— Өй, ол қызталақ қыздарға хат тасығаннан басқа бұл сорлыға не үйретті дейсің?

— Әй, сен де екі жыл молдакең алдында отырғансың, қарап тұрма, кәне, заулат.

— Сол соқырды молда деп, әкеңнің көрінде өкіргір, екі жылда түк үйреткен жоқ.

— Тек? Олай деме, бәтшағар?

— Мәк...м...ә...к...

— Мына шіркін сиыр қайырып тұр ма?

— М...ә...к...М...ә.

— Бар болғыр, тобық жұтқан ба, бол, қылғынбай оқысаңшы...

Бастапқы үш әріпке бөгелмеген ақсары жігіт, «т» әрпіне жетті де тасырқаған аттай тұрды да қалды. Төтенше жазуға үйренген көзі қазақ жазуына енді-енді ене бастаған латыншаға тісі батар емес.

— Уа, Сәкеңді жіберіңдер, Саниякас отағасы қайда?.. Мандайына сыймаған баспанасы еді, мүмкін өзі оқыр?

— Мәк... Мәк... — деп ақсары жігіт қайтадан ежіктей бастады.

— Қой енді, жабықтан сыпалап кіріп, қыз оятқаннан басқаға жарамадың.

— Өшетелдің өзінен сұралық, әне, келе жатыр.

Қырық үйді, бір-бірінен алшақтау ірге тепкен қоражайларды жаяу аралап шыққан Рамазан аяғы-аяғына тимей үкідей ұшып келеді. Кенересі қызылданған күнқағарын мандайына қисайта киген. Бір топ бала соңында жүр. Олардан әріректе сылти басып ауыл кеңестің төрағасы келеді. О да асығыс.

— Кеңес ағасы келсе, түгелміз. Енді бастайтын шығар? — деп біреу оны да қағытып қалды.

— Тағы не айтар екен? Жиналыстан босайтын күн бола ма бізге?

— Е, мұны бастамасы дей бер. Белсенділер көбейді, шыдап бак!

— Уа, Бақанас жұрты! — Рамазанның үнін естіп, дабырласқан жұрт жым-жырт тына қалды. — Бүгін сіздер тағы бір қуанышқа кенелгелі тұрсыздар...

— Е, айтқаның келсін, қарағым!

— Аузыңа май, айналайын! Лебізің тәуір екен...

— Әй, алдыңғы жақтағылар қоса жарыспай қоя тұрындаршы, сөз естийік.

Рамазан сәл тыныстап алдындағы жұртқа шола қарады. Көбінің жүзі кату. Не айтасың дегендей жұтынып тұр. Балалар ғана қызық күткендей аң-таң.

Кенет ол мектеп алдында көсіліп жатқан кең атырапқа назарын тіктеді: бергі жағада қарауытқан — қалың тал; одан әрі өзенге жантая құлаған Шыңғыстың биік жоталары көлдсең сұлап жатыр; өздері келген Жәнібек сайын да анық көрді; одан әрі Буратигеннің жықпыл тастары мұнартып, Үшқызыл жақ батып бара жатқан күн нұрына малынып тұр. Өртенгендей қып-қызыл алау. Самаладай жарық дүниеге енді ғана қарық болып, қуаныштап жатқандай. Бір сәт сол алау оған өзінің ертеңгі қуанышы сияқтан-ды. Бүгін, қарсы алдында түнеріп тұрған ала-құла көптің ертеңі осынау ашық нұрдай жарық емес пе... дегендей бір қиял-үміт көкейінде жылт етті. Тек ұзақ тұрған жоқ, тез жоғалды да, оның орнына тағы да кара көлеңкеге оранған Шыңғыс сырты, бұлттай түнерген қия-белдер, күдірейген тау жоталары көлбеңдеді... Кенет оның көзіне шоқтығы көтеріңкі жотаның шоң желкесінен бері қарай түсіп келе жатқан салт атты шалынды. Жүрісі суыт, саржеліспен жортып келеді. Сол жәйт жас мұғалімді қиял жетегінен арылтып, қарсы алдындағы көп ортасына қайырды.

— Бұл қуанышты ат мініп, түйе жетектеп келе жатқан жолаушым екен деп қуанба, ағайын! Қарғы бауды молдап әкеле жатқан сары сүйек құдаң емес ол. Мына ашық-тесік қоранды, аңғал-саңғал ауланды толтырар, көктен түскен иен дәулет деп және ойлама. Бірақ, ол бірінен де кем емес... Менің айтып тұрғаным, ағайын, соның бәрінен де артық, әрі келешегі зор қуаныш, таусылмайтын мол дәулет! Аяғыңа аяқ қосар, қанатыңа қанат байлар жүйрігің де, шел байланған көзіңе нұр құйып, жол нұсқар қызығың да тег-

інде осы болады. Аласа бойынды аспанға көтерер демешің де, аш өзегінді аспен жалғар жебеушің де осы. Әсілі, бұл сондай игі іс!.. Ол не десен — мына тұрған жатаған үйдің ішінде, осының жарбиған сырғауыл төбесінің астында... — деп тағы да тоқтап, қақпаны нұсқады.

Демде бұлай сөйлеймін деп ойлаған жоқ-ты, ауыл адамдарын жиып алып: «Ау, халайық, міне — мектебің, балаңды әкел!» — демекші еді. Алайда көп күннен бері көкірегін керіп жүрген шемен сыр тебіреніс үстінде өз-өзінен ағытылып кетті. Екі айдан бергі сергелдең әбден булықтырып тастаған сияқты. Енді соның құлып-кісені ашылатын мезгіл туғанын сезді...

Сол тыныстап, Рамазан мұғалім тағы да желпіне сөйледі.

— Абай ағамыз айтқан екен... — деп осы елдің баласына дейін жатқа айтатын, оқуға қолын мезгілінен кеш сермеген көкірек өкініші туралы танымал сөзді қайталап, өз еліндегі Сұлтанмахмұт ақынды қоса және бірталай қазақ білгірлерін тізіп тұрып, «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам! Қараңғылықтың кегіне, Күн болмағанда кім болам?...» деп, сөз көпірін армансыз ағытты. Ақыр аяғында бүгінгі ел тірлігі жайында, бүкіл қазақстандық сауаттандыру науқаны туралы да өзекжарды ойын қалада айтты.

— Бұл ауылға біз еріккендіктен келгеміз жоқ, ағайын. Жұбайымыз екеуіміздің сіздің елде ілік-шатыс құдамыз жоқ. Осы түкпірге білім сәулесін дарытып, еңбек етуге келдік. Талпынсақ екі қолға жұмыс басқа жерден де табылатын еді, бірақ Шыңғыстау ауданын өзіміз қаладық. Комсомол ұйымының басындағы жолдастар бізге осындай мойны қашық ауылдарға барындар деді. Мектебі жоқ, мұғалімі жоқ ауылдарға жетіп, жұмыс істеуді тапсырды. Біле білсеніздер, Ленин жолдастың өзі осылай деген. «Оқы, оқы және оқы!» деген өсиет қалдырған. Міне, көріп тұрсыздар, екі бірдей жас мұғалім алдарыңызда тұрмыз.

— Өй, мынауыңның әйелі де оқыған болды.

— Өрімдей жас, қайда жүріп оқыған?..

Рамазан даусын көтере түсіп сөзін жалғады.

— Бір апта бойы жөндем қалыпқа келтіру үшін келіншегім екеуіміз күні-түні тырбанып, мектеп үйін жөндем қалыпқа келтірдік. Біле білсеніздер, осы үйді жабыла істен, бірер күнде-ақ жөндеген жөн-ақ еді. Сөйтер болсақ осы жиын бүгін емес, біз осы ауылға келген күннің ертеңінде өтетін еді, амал қанша?!

— Онысы рас.

— Мұндай иттігіміз ба...ар біздің...

— Міне енді сол жұмыс та бітті. Мектептеріңіз дайын. Әсілі, бұл үй — бізге емес, сіздерге керек. Біз оқып болғамыз, сауат ашу енді сіздерге міндет. Солай, жолдастар, бүгіннен бастап оқуға кірісеміз. Балаларды күндіз, ересектерді түнде оқытпақпыз. Қысқасы, мектептің есігі бұдан былай күндіз де, түні де ашық. Бұл белсендінің қызыл сөзі емес, лениншіл комсомолдың шын сөзі... — деп сөзін бітірді.

Бір адам қол соққан жоқ. Ең қызығы, бірде-бір жан мұның жөн емес деп бір ауыз қарсы сөз қосқан жоқ. Ұйықтап қалғандай, пыс-пыс етіп тыныш тұр. Құдды бір түк естімегендей төмен қарап, кейбірі тамағын кенеп, жайбарқат жөтеледі.

Өз-өзінен қыбыжықтаған Рамазанның назары көп жүзін қыдырыстап барып, шеткерірек тұрған бір топ қаба сакал, мысық мұрттармен ұшырасты. Сондай бір жылан көз, түк басқан жабағы беттерді өз ауылынан да көретінді. Солардың жамағайыны мұнда да бар сияқты. Өзді-өзі әлденеге келісіп тұрған тәрізді. Күбір-күбір күңкілдесіп, көзінің астымен өзіне ұрлана қарайды. Анау шеткісі — Қыдыш шал, Рәпіш екеуі осы үйді жанталаса сылап-сипап жатқанда, таяғын тықылдатып есік алдынан талай мәрте өткен. Бұрнағы күні ақ балшық әкелуге атын сұрап барғанда, өзіме керек деп мәселін қайтарған. Оның қасындағы — өзіне ылаушы болған Қасымбек отағасы, мұртын ширатып, қайта-қайта бетін сипайды. Ал, Жаңабай баласына не жок, неге тұр ана жабағы беттердің ортасында? «Сіңірі шыққан кедей еді шыққан жері, мына Ағыбай оңбас, жуан аталардың тұқымымен ауыз жаласып жүр. Бұл өзі Қасымбекке туған балдыз...» — деп кеше кеште көксау шал қасында отырып, біраз жәйттен әңгіме шерткен.

Мұғалімнің шұқшия қадалған өткір назарына Санияқас Солтабайұлы ақыры шыдамады. Қасындағы топтан бөлініп, өзіне жақындай түсіп:

— Әй, шырағым, кәмсамал болғаныңда шаруам жоқ, сен маған мынаны айтшы, — деді сыздана сөйлеп, — Біреудің маңдай тері тамған баспанасы кәмсамал болғанға зорлықпен берілсін деген өкіметте заң бар ма?

Тысы ескірген шошақ тымағын көзіне түсіре киген, бір жақ құлағын ішіне жымқырып қойыпты. Аңада үйді босатарда ығып қалған сияқты еді, енді өзіндей жаутымақтылардың ортасында тұрған соң үні күшейе бастапты. Тіпті гүр-гүр етеді.

Рамазан кенет өзен бойындағы тоғай арасынан бері шығып келе жатқан салт аттыны көрді. Жақындай түскенде жазбай таныды. Әмір басқарма. Кеше ауданға кетті деген, сабазың тез-ақ қайтқан. Әлей белсенді кісі. «Дер кезінде келдің, ағасы!» — деп жігерленді мұғалім. Санияқастың жаңағы қияпас сөзінен дау ұшқынын сезген, нендей желеумен сөндірем деп ойланып қалып еді. Желе жортып жеткен басқарманы көрген соң арқасы қозды, тайсалмасқа бел байлады.

— Мықты кісіміп шалқая бермей, Санияқас мырза, сәл еңкейіп, мына жазуға қараңызшы. Бәлкім, оқып жіберерсіз... — деді Рамазан қызыл матаны нұсқап.

Тоспадағы тұнған судай тыныш тұрған көп кенет толқып, Санияқас Солтабайұлы еріксіз шегіншектегендей оқыс жағдаят туды.

— Ал оқи ғой.

— Қатырды, қыс түсерде баспанасыз қалдым деп қақсағанына апта болып еді.

— Көлденең көк аттының сөзі керек емес. Өшетел қарғым, айта бер діптеген сөзіңді!

— Мен айтып болдым, Баканас жұрты. Осы сағаттан бастап, Санияқас мырза, сізге де ескертемін, «Мектеп» деген дабыра сөз есігі алдына ілінген сәттен былай... оз үйім деп күпсініп тұрған баспанан осылай аталмақ. Құлағыңа құйып ал, отағасы, «Мектеп» — мұның аты! Уа, ағайын, ертеңгі игі жақсылыққа жетелейтін, көлқайнардай бастау

бұлағын да — осы үй болмақ. Осы сөзімді есте тұтсаңдар болды, Бақанас елі. Бұдан өзге менде сөз жоқ, әйелім Рәпіш Әшірбекқызы да осылай дейді. Ал бұдан өзге сөз болса, ауданнан келді, Жәнекеұлы жолдас айтар, — деді Рамазан қақ қасына келіп ат басын тіреген Әмір басқармаға ұмсына қарап.

Ұзақ жүрістен қажып келген бе, Жәнекеұлы кенет аяқ астынан шат-шәлекей болып:

— Әй, өшетел, сен де сала құлаш тіліңді қу жағына жаныған пәлекет неме екенсің, осы ауылда мылжын аз еді. Кім сендерге жұмыс уақытында жиналыс қыл деген. Айда, тараңдар түге! Ертең қылышын сүйретіп қыс келгенде, алдындағы азын-аулақ малға сирағыңның жүнін бересің бе, түге, о, несі?! — дүрсе қоя берді.

Санияқас қарқылдай күлді. Қыдыш шал жорта жөткірініп, Қарабала таяғын тық-тық ұрғылап бақты. Қасымбек қана әжуа күлкі қысканын сездіргісі келмей теріс айнала берген-ді. Өзге жұрт үн-түнсіз тарай бастады. Рамазан не дерін білмей, тілін тістеген күйі үнсіз тұрып қалған-ды. Рәпіш те жауар бұлттай түнерген басқармаға жаутандай қарап, жер шұқыды. Бағанадан бері жақ ашпай тыныш тұрған кеңес ағасы кенет даусын көтере тарап бара жатқан жұрттың соңынан:

— Жолдастар, осымен бүгінгі жиналыс жабық! — деді де, сөлбірейген қалпы киіз боқшасын мойнына асып, өз үйіне қарай сылти басып жонеп берді.

VI

Сабак жүретін болмеде отырған Рамазанның: «Рәш, мойныңды бері бұршы», — деген үнін естіген соң ауыз үйде шаруа жайлап жатқан Рәпіш қолын сүртіп қасына келгенде, ерінің мәз-мейрам болып отырғанын көріп, басын шайқады. Торт қабат көрпе үстінде отырғандай, жаман тәйтерінің пұшпағы тигенге мәз, аяғын астына басқан, киіз дорбаны тізесіне қойып, басын қисайта ұстап әлдене жазып отыр. Еденде ағаштан ойылған сия дәуіт.

Іле қолындағы қағазды оқи бастады. Шыңғыстау аужаскомының жас хатшысына жолданған хат*, жұмысқа едел-жедел кіріскенін хабарлапты. Әшейка ашу жайын қозғаған. Келмей кеттің дегендей ренішін де қыстырыпты. Оқып болған соң қалай екен дегендей пікір күтіп, келіншегіне қарады.

— Тым сыпайы, осы күнге дейін әшейка ашпай, мынадай үлкен ауылды ұмыт қалдырып келгенін баса айтқанын жөн еді, — деді Рәпіш.

Аужаском хатшысымен алғашқы байланысы болған соң сыпайылық сақтағаны рас. Әйелі соны хош көрмей, бетіне айтып отыр. Дұрыс айтады. Керейбаевтың жер шалғайлығын сылтауратып бұл жаққа ат басын бұрмай жүргені рас. Өздері келгелі де айдан асты. Содан бері аужаскомнан бір өкіл соққан жоқ, тәрізі, ұмытып кеткен. Байқошқарда отыз, Бақанақта қырық үй бар, бұған Ақшатау мен Шыңғыстың бергі сыртындағы сай-салада шашырап отырған бірлі-жарым ауылдарды қосса бірталай түтін болады. Әр үйден бір-бірден жас шыққанда да комсомол жасындағы өрендердің ұзын саны қырық-елуден кем соқпайды. Бәрі соның әлеумет жұмысынан сырт қалған. Анау Қабыш сияқты бозбала жігіттер ойын-сауық іздеп, түні бойы ауыл қыдырғаннан өзге бітірері жоқ. Жалғыз Қабыш па? Бір-бір ит пен бір-бірден ителгі ұстау — бәрінің ермегі. Біреуін де күндіз үйінен таппайсың, кешке жақын Шыңғыстан құлап келе жатқанын көресің. Осы да жас жігіттер үшін ермек болып па?..

«Байқошқар» колхозындағы Мұсылманкүл басқарманың әкесі Медеу шал кепкен қайыңнан оймақтай ғып ойып берген сия дәуітке қаламын батырып, Рамазан хаттың соңына қолын батгита қойды. Кенет әйеліне еміне қарап, сирек тістерін ақсита күлімсіреді. Сірә, бірдеңе айтқысы келген-

* Осындай мазмұнда хат болып, Шыңғыстау аудандық жастар комитетінің пленумында оқылғанын бұрынғы комсомол мүшесі, қарт ұстаз, Қарауыл селосының тұрғыны Ұлықбек Байырбеков куәлік етіпті. Бұл туралы сол ауданның тұрғыны А. Тоқаев та 1957 жылы Семей облыстық радиохабарлар тарату комитетіне жолдаған хатында тәптіштеп баяндаған.

дей: «Сен де жетіліп келесің. Әлгі сөзін — соның нышаны. Мұндай қылыққа бұрын баспаушы едің, өз ошағыңнан аса сөйлегенің — өскенің, өзгергенің...» — дегісі келген-ді.

Әлдекім есікті тық-тық қақты. Шәкірттерінің бірі екенін Рамазан бірден білді. Есікті қақпай, рұқсат алмай, табалдырықтан ішке аттама деген уәжінің рәсімге ене бастағанына қуанып қалды.

— Кіріңіз, рұқсат!..

Басы іріңнен арылмайтын Төлеген екен. Кішкене балалармен бірге отыруға қымсынып ересектер тобына жазылған. Ауылдағылар оны «Төлеген тазша» дейді, көзінше де, сыртынан да айта береді. Еті өліп кеткен бе, жасықтығы ма, шәкірт жігіттің өзі соған мәу демейді, жайраң қағып жүре береді. Елгезек болған соң жұрт та оны көбірек жұмсайды...

Бұл жолы да сондай шаруамен келінті.

— Сізді басқарма шақырады, — деді де іле шығып кетуге ыңғайланды.

— Төлеш, сәл тоқта, сенен бір сыр сұрамақпын, — деді Рамазан, Төлеген қалт тұрып қалды. Аң-таң. Жұрт құсап «Әй, тазша!» демей, есімін атаған мұғалімге таңдана қарады. — Бері жақында, басылып отыр... Басқарма шақырса барармыз, ешқайда кетпес. Сен өзі қандай жігітсің, ішінде сыр сақтай білесің бе, әуелі маған соны естірт, бауырым?

Төлеген кетік тістерін ақситып рақаттана күлді. Ілешала бірақ мұғалімге жалт қарап, бір көзін қысып, бір көзін ақшитты. Бұл да оның машық әдеті. Сөйлейтін болса бетбейнесін сөлекет құбылтып, біржосын аянышты кейіпке түседі. Жұртты күлдіру үшін әдейі жасайтын сияқты.

— Бұл бас не көрмеген дейсіз, мұғалім. Жарылғанда шықпаса, сау тұрғанда бір сөзді қакас шығара қоймас. Нанбасаңыз, сынап байқаңыз.

Төлегенге ерінің неліктен сонша қадалғанына таң болған Рәпіш үнсіз отырған-ды. Бозбала жігіт әлгі сөзді айтқанда, ол риза болғанын жасырмай:

— Ой, тіпті ағыңнан жарылдың ғой, — деп қостау білдірді.

Рамазан қолын сарт-сұрт соғып:

— Бәрекелді! Жігіт сөзі мынауың. Саған сенуге болады екен. Ал, енді тура сөзге көшелік, — деді кенет. — Монтан деген жігітті білетін шығарсың, бұрын оқыған ба?

— Оқыған! — Төлеген бір көзін қысып, бір көзін ақшита, екеуіне алма-кезек қарады, — оқығанда қандай!.. Асықты алшысынан керемет тұрғызады, оппаға, әрине, ебі шамалы...

— Өй, мен шын сұрап тұрмын.

— Мен де шынымды айтып тұрмын, мұғалім. Қайда жүріп оқиды? Әкесі барда кер тайдың үстінен түскен жоқ, әкесі кеткен соң кер тай оның үстінен түскен жоқ...

Ерлі-зайыптылардың ішек-сілесі қатып рақаттана күлді. Сірә, Төлегеннің ұтқыр әжуасы еріксіз күлдірген тәрізді. Әлден соң Рамазан езуін жиып:

— Е, солай десеңші. Әкесі өліп, сорлап қалған екен ғой. Бәсе, бір үйдің тауқыметі оңай ма?.. — деп жорта аңқаусыды.

Төлеген одырая қарады. Көзін қысса да, ақшита да алмай абдырап қалды.

— Монтанның әкесі өлді дегенді кім айтты сізге? — Төлеген кенет жым болды. Тым құпия жәйтті көйтуге дәті жетпей, ойланып қалғанын бірақ сездіріп алды.

Рамазан да өзі айтсын дегендей тіс жармады. Бірақ, Төлеген үндеген жоқ, төмен қарап тымырайып отыр.

— Неге күмілжідің?

— Бұл бас біреудің сырын ашпауға үйренген, мұғалім.

Рамазан одан әрі қинаған жоқ. «Жарайды, жүре бер. Әкесін сұрағанымды Монтанға айтпа!..» — деді де киіне бастады.

Төлеген шығып кеткен соң келіншегіне жымия қарап:

— Осы шіркіннен бірдеңе шығады, Рәш. Құдай біледі, сөзге ынтасы, аңғарымпаздығы ерен күшті... — деді.

Рәпіш үндеген жоқ. Үндемегені — мақұл дегені. Аз күн жақындықта-ақ ерлі-зайыпты екеуі бірін-бірі қабак қағысы мен ерін емеуірінен, болмашы күлкі, аз іркілістен-ақ ұғатын болған. Тек ері табалдырықтан әрі қарай аттай бергенде:

— Әмір ағаймен сыпайы сөйлес, үлкен кісі. Кіші апан үйінің әтештерінше екеуін үнемі шоқыса бересіңдер, — деді.

Қала көшесіне ұқсатып салынғанмен іркес-тіркес үйме-леп, қора-қопсыны әр жерге тежеусіз қалқыта берген байырғы ауылдың* тоқал үйлерін жағалап келе жатып, Рамазан келіншегінің әлгі сөзін ішінен неше мәрте қайталады. «Кіші апан үйінің әтештерінше...» деп әжуа еткен үні құлағының түбінен шынылдап, еріксіз ойлантқан-ды. Айдары қанжоса болып, өзара майдан ашып жатқан көп әтештің аяусыз қырқысы көз алдында кес-кестеп тұра қалған. Үйлесімді теңеу! Жетістің Рамазан, жетістің комсомол жігіт... Кіші апасы — Баянауылдың теріскей бөктеріндегі Ысқақ ауылының кішкене кемпірі. Бейнеті мол мал баққаннан құс асырауды жеңіл көрген дімкәс кемпір қырық-елу тауық ұстайтын. Оншақты әтеші болатын. Солардың қысқа күнде қырық рет қырқысқан төбелесін тамашалау — ауыл балаларына қызығы таусылмас ермек еді. Рамазан да сол шайқасты сан мәрте көрген. Еркешора Рәпіш те талай рет қора жабығынан сығалаған. Сол қырқысты келіншегі бөтен ауыл, бөгде жерде есіне түсіріп, әдейі айтып отыр. Сірә, себепсіз емес...

Жәнекеұлымен тұзы жараспай жүргені рас. Басы соның мектепті ашардағы алғашқы жиналыста тұғанды. Одан соң тағы бірде кегежін сөзге келіп қалды: «Колхозшыларға сіз бүйідей тиісесіз. Ұрысудың да реті бар, бағынышты екен деп, дүйім жұртты күні-түні жұмысқа салуға болмайды, ағасы. Бұлар да өзіңіздей бейнетқор пенделер, ауыр еңбектен арқасы босағаны енді ғана. Айқай көтермей жайбаракат айтсаңыз да, шаруаның қыбын білетін жандар — сіз үшін емес, өзі үшін істейді...» — дегенде, Әмір басқарма білімінді бұлдама маған, сенсіз де ел басқарып, атымды өзім ерттеп жүрмін деп қыңыр қылығына басып, жөнep берген. Содан бері аралары ашыла түспесе жақындаған

* Бақанас бойындағы елді мекен 1920-жылдары пайда болған. Бауырдағы бірқанша үй егін егіп, отырықшы ел болуды мұрат етіп, Шыңғыс сыртына келіп, қар қалың түсетін, егін салуға қолайлы қара топырақты жері мол құйқалы өңірді сағалап, кооператив ашқан

жок. Жақындауға ниет болғанмен екеуін жуықтатпай жүрген адамдар бар сияқты.

Әмір Жәнекеұлы ірі байларды тәркілеу науқаны басталғанда осы өңірде ертеден тұратын диірменші ноғайдың қалақшысы екен. Бай малын болісу үстінде бөрігін ортаға лақтырып, орта шаруа жігітек* адамы Қыдыштың меншік торысына мен иемін депті. Белді торы ат тақымына тиген соң шолақ қол диірменшісін тастап, бауырға түскен. О жақтағы қалың елге де бықпырттай тиген саяси науқандарға бел шеше араласып, белсенді атанып, ақыр аяғында осы жаққа қайтып оралған. Шыңғыс сыртындағы диқаншы жұрт колхоз болып, басқармаға кімді сайларын білмей, әлде сол дәрежені бір-біріне қимай дағдарып отырғанда, «Уа, бұларың не, басшысыз ел бола ма екен?» деп Әміркең ортаға шығып, өзін-өзі ұсынғанда, жұрт жамырай күледі. Алайда жалғыз атты кедейдің өжеттігі аудан орталығынан келген өкілге қатты ұнапты. Ақыры, не керек, сол жиында Әмір отағасы басқармаға сайланып, атқа мінген. Содан бері екінші жылға аяқ басты, аттан түскен емес.

Ауылдағы үлкендердің Әмір басқарманы сыртынан сөз еткен одағай қылықтарын Рамазан жата-жастана естіді. Күлерін де, жыларын да білмей, адам мінезінің алуан құбылысына сайып, көш жүре түзеледіге тіреген-ді. Сөйтсе де айкайы зор белсенді бәлшебектің шектен шыққан әмірі күннен-күнге зорайып барады. Тиым болмаса бір күні ел ашуын қоздырып, әлей дауылға соғатынын сезбейді байғұс. Жас болса да Рамазан мұндай асыра сілтегіштің талайын көріп, талай белсендінін есі қалмай езулеп жүріп, абыройдан айырылып қалғанын да білетін-ді...

Әмір отағасының үйіне ол осындай бір ойқыл-тойқыл ойлармен кірді. Колхозда әзір кеңсе жоқ. Басқармада кеңсе салар ниет те жоқ-ты. Оның қарапайым түсінігінше: басқарма — өкімет кісісі; ал өкімет кісісінде мерзімді уақыт болмауға тиіс; ол үшін тәуліктің түні де, күні де бірдей, ерте демей, кеш демей, жұмыс істеу шарт; ал, кеңсеге — танертең барып, кешке қайтасың... Басқа уақытта қайтпек? Біреу сені түнде іздеді делік — кеңсе алдын күзете ме?..

* Тобықтыдан тарайтын қарамды ру.

Жок, үйге келсін. Үйінді тура кеңседей көрсін. Өзі солай етеді. Басқаларды да соған үйретеді. Үйренбей байқасын! Қикарлық етсе кеңес ағасы Молдаштай-ақ болар. Ол шіркін біраз мөңкіп-мөңкіп, ауыл кеңестің қызыл түсі онып, бозараң тартқан жалауын өз шошаласының алдына ілген-ді. Сол жалауша әлі желбіреп тұр.

— Бәрекедді, жоғары шық, өшетел бала, — деді Жәнекеұлы аласа есіктен еңкейіп кірген Рамазанды анадайдан көріп.

Көңілді екен, іле самбырлай сөйледі.

— Оқуды көп-көрім қыздырдың, бала, маладес! Біздің үйдегі бокмұрын: «Арбаны оп-онай жазамын, шанаға әзір тісім батпай жүр...» — деп тақылдап отыр кеше. Нақұрыс немеге төрт доңғалақты арбиған арбадан қисық табан кішкене шана қиын болған ба? Нешауа дедім, арбаң бар, шана да болады. Заман біздікі, бұйырса бәрі де болады. Мен өзім иттің күшігі Соқыр молдадан баяғыда екі жыл оқып, әліпті таяқ деп білмей кеттім. Ал сен, маладес болдың, бір айда біздің балаға қанша сөз үйреткенсің. Мына қалпыңмен өзің білген оқуды біржола тауысып алып, жұмыссыз қалып жүрме. Байқа, бала!..

— Өзім де сізге жолығайын деп ойланып жүр едім, ағасы. Шақыртқаныңыз жөн болды...

Сөзін бөлген Рамазанды басқарма тыңдаған жоқ, өз бетінше шалқи берді.

— Оқуың бірер жылға жете ме, таусылып қалмай ма? Ондайынды осы бастан айт. Жаз шыға мектепке жаңа үй саламыз. Есік-терезесін Семейден алдыртамын. Өзің әкелесің. Ойдойт дүние десеңші, шайыр иісі мұңкіген қарағай еденнің үстінде шынтақтап жатып, біздің бокмұрындар сабақ оқитын болады!.. Әмір ағанның жүйрік көңілі сөйтсең бар ғой Шыңғыстың төбесіне шығады! Атының бәйгеден келгені де сол болады! Иттің баласы болайын, мұны істемесем. Балалардан дүние аяғанша арқама қап салып, қаңғып кетсемші...

Рамазанды күлкі қысты. Үп-үлкен кісінің асқақ қиялға түсіп, болмашы түйсігімен соншама шалқығанына еріксіз езу тартып, бірақ бой бағып, ләм-мим демеді. Тек бір сәтте сөзін бөліп:

— Жәнекеулы жолдас, ересектер тобымен мектепке келмей жүрсіз демекші едім. Сіз келмеген соң басқалар да келмейтін болды... — деді.

— Әй, сен, тоқта! — деп басқарма кілт сынды. Сірә, ескертуін қабылдаған жоқ. — Сен өзі менің неге шақыртқанымды білгенсің, солай ма, қу бала? Сол мәселені бір жағына шығару үшін шақырдым сені...

— Солай ма?

— Сен енді шалтай-балтайды доғарып, тура бүгіннен бастап мені де оқыт. Анау көкетантық, сынар езу кешелерге қосақтамай, сабақты оңаша бер. Тура өз үйіме келіп оқытасың...

Рамазан ойланып қалды. Басқарма ағай келеңсіз қырсыққа бұрып отыр. Оны бетіне айтса тағы да әтештей шоқыса кетуі анық. Одан соң барқадар сөз естімейсің, бәрінен де қиыны байыпты іс бабынан жаңылады. Ақыры, орағыта сөйлеп, мінезі өктем басқарманы өз ыңғайына ақылмен келтіруді жөн көрді.

— Үлкендерді әйелім оқытатынын білмейсіз бе?

— Е, сөйткені жақсы. Ибалы бала деп мақтап жүр біздің қатын.

— Жап-жас әйелдің сіздің үйге, әрі кеште оңаша келуі қалай болар екен?

— Е, келмесін. Мен келінге емес, саған кел деп отырмын.

— «Саужойға» келген үлкендерді бос отырғызып қойып, сізге сабақ беруім қалай болады, ағасы?..

— Әй, қызталақ, сен маған турасын айт. Мені оқытасың ба, жоқ па? — Ашуы қозған Әмір әңгіменің тоқ етеріне түсті. — Оқытпасаң мені, коменестің көзін ашқысы келмеген боржый қылып мойныңа жазып, ауданға қайтарамын. Бұған әмірім жетеді, бұрынғы өштелді де сөйткенбіз.

Рамазан құлап қала жаздады. Сөйтсе де ұстамдық қылып:

— Коменес адам жеке дара оқытылсын деген заң жоқ, отағасы. Бекерге қорқытпаңыз, мұғалім де — үкімет адамы, — деді.

Үкімет адамы дегені Әмірге оқтаудай тиді. Бірақ, демде ырық бергісі келмей:

— Е, оқытпаса Елтай ағанды бір емес, бірнеше өшетел ертелі-кеш неге оқытып отыр? Насыбайын түкіруге шықса да сонынан ере жүріп, қаріп жаттатады дейді...

— Мәселе былай, — деді келеңсіз тәжіке созылып бара жатқан соң Рамазан орнынан көтеріліп, сөзін түйді. — Елтай Ерназаров жолдас жуықта: «Бүкіл Қазақстандық «саужой» науқаны кезінде осы жұмысқа көмектеспеген, кедергі жасаған бәлшебек партия мүшесі бола алмайды, ондайларды ел басқарудан аластау керек!» — деп, үлкен газетке ұран сөз жазды. Сол тізімге іліне қалсаңыз, маған өкпе айтпаңыз, Әмір ағай!..

Ашуланып кеткен тәрізді, мұғалім жігіт сыртқы жаппаны қатты жапты.

VII

Бұрын қыбыр-жыбырмен салбөкселеніп әрең өтетін бағзы күндерге енді қанат біткендей: таң атты дегенше, күннің батып бара жатқанын көреді; Рамазан қоңыр күпайкесінің түймесін түгел салуға да мұршасы келмей, екі ауылдың ортасында жүгірумен болады. Бақанапта сабақ оқытса, Байқошқарда жиналыс өткізеді. Кейде киіз бокшасын қанжығасына байлап, ұсақ мал қыстайтын қыстақтарға кетіп бара жатады.

Заман тынысы солай. Алды-артына қаратпай, ерсең — осы, ермесең — жолдан кет... деп асықтырып тұрады. Шылайсың ба деп сұрамайды. Барынды бер, аянба... деп қол жайған қанағатсыз уақыт. Әсіресе мынадай құла дүз, шалғай жонда. Талап-тілеуіне төтеп беру қиын-ақ, әсіресе өздеріндей екіде бір гүлі ашылмаған көкөрім жас жұбайлар үшін. Сөйтсе де шыдап бақты. Тек жеміс тергізсе екен?..

Орта жолдан кері қайтпайтынын Рамазан ертерек сезген, Рәпіш те еріксіз көндіккен тәрізді. Соны да үнсіз жымыған қылығымен, жүрек ділімен білдірді. Соған да тәубә!

Алғашқы айларда қиын-ақ болды. Қайда барса да көз астымен қыдия қарап тұрған бейтаныс жандар. Ішінен соны күйзеле ойлайтын. Кәдімгідей жүдеп-жадап, боркеміктеніп қалатын.

Сондай бір ойқыл-тойқыл ой Әбдіқаз келгенде белең берді.

Әбдіқаз — Рамазанның туған інісі, Әбіштен туған он төрт перзенттің — алты ұл бен сегіз қыздың бірі (сол күнде жер басып жүрген төртеудің үшіншісі). Әне бір жылы үш ағасы бірдей Көшпай, Балқаш оқу іздеп Семейге құлағанда, бұл жас болып ауылда қалған. Енді міне, биылғы күзде бұ да туған ұясынан түлеп ұшқан балапан қырандай, тірліктілеуін Көшпай ағасының көшіне қосып, жолға шыққан. Аякөзге ауысқан мұғалім ағасының қолына келіпті. Содан Бақанасты бетке ұстап, жолға екі қонып, ат басын өздерінің жұпыны баспанасына тіреді.

Осыдан бір ай бұрын Рамазан үлкен ағасына хат* жазған: «Бір жерде болайық деп қасыңа шақырғаныңа рахмет. Енді ғана колхозға ұйымдасып, мектеп ашқан елден қалай кетемін, сөйтуге дәтім жетпейді, комсомолдық арыма дақ түспей ме? Суық жүрістілер қайда жоқ дейсің, Шыңғыста бәлкім басқа өңірлерге қарағанда көбірек шығар. Таласпаймын. Бірақ, қасқырдан қорыққан қой бақпайды деген нақылды білесің. Менің баққаным — мектеп, осы елдің көкөрім жастарына білім сәулесін құю, өзін сияқты ұстаздық ету. Ал мектеп мұғалімінде ұры-қарының шаруасы бола қоймас, ірілеу шортанды іздер... Маған жаның ашыса қара атыңды маған жібер. Ол маған тап қазір нағыз қолғанат болар еді...» — деп.

Қара жорға Қалба бөктерінің байырғы тұрғыны Шәкір мырзаның меншік аты екен, Алтай торіндегі Риддер зауытының алғашқы қорғасын қорытқан тойында аламан бәйгеге қосылып, үш жүз аттың алдыңғы легінде, жетінші болып келіпті. Байларды тәркілеу науқанында хас жүйрікті иемдене алмайтынын сезген иесі өз ауылындағы мұғалім жігітке азын-аулақ пұлға сатуға мәжбүр болған. Жазда кездескенде Көшпай ағасы ұтымды саудасын інісіне бір кеш әңгімелеген... Енді міне, сол сайгүлік мектеп үйінің алдында таң асып тұр. Колхоздың аяқ артары емес, өз аты. Басқарма Әмір кол-

* Бұл хаттың жорамал мәтіні Көшмұханбет Әбішұлы Абаевтың естелігі бойынша келтіріліп отыр

хоз атын кинайсын деп көз алартпайтын болды, өзі де күнде біреуге кіріптар болып көлік сұраудан құтылды. Жарайсың, Көшекем. Байлығы тасып бермегенін іші сезеді. Жалғыз атын ғана емес, үлкен үйдің жас отауға жоралғысы деп қоржынның екі басы толған бірқанша сыйлық та жіберіпті...

Соншама жерден ат терлетіп келген інісі бірақ көп жата алмады, темір жолға жұмысқа тұрмақ екен, асығыс қайтты. Рамазан басқармадан ат алып, Әбдіқазды Шұбартау ауданының орталығы Баршатасқа дейін шығарып салды, одан әрі ылаушымен кетпек. Қоштасарда інісі етігінің ұшымен жер шұқылап тұрып:

— Көшекем көрмесе де көргендей болжапты жағдайыңды. Бақанастағы көп шуылдақтың көзін ашам дейсің, түптің түбінде басыңның қайда қалғанын білмей жүрмейік... — деген-ді.

Аз күн жатса да талай жәйтті аңғарған тәрізді, қарадай шошығанын жасырмай бетіне айтты.

Рамазан тез тұтанған шырпыдай шырт ете қалды.

— Мынауың — қара бастың қамын күйттеген жанның сөзі. Тағы не дейсің?

Әбдіқаз да ыға қойған жоқ.

— Жалаңаш беліне қылыш байлаған белсендінің қызыл сөзі айтып тұрғаның. Солардың желбуаз желігі жер жанның атанған Баянауланы да тып-типыл жұтатып, алқақол сұлама кезіндегідей біздің елді жан-жаққа тентіретіп жатыр... Қатты айтқаныма ренжіме. Анау сақалды шәкірттеріңнің қос кірме деп женешем екеуіңді шетке шығарып күңкілдесіп отырғанын естідім, күймей қайтейін. Есіл енбегің сексеуілге су құйғандай еш бола ма деген қауіп менікі. Сыртыңнан пышпыштаған ерсі қылықтарынан қатты түңіліп барамын... — деп өзі мініп келген атты өздері тұрған кеңсенің алдына байлады да, Аягөз жолына жаяу түсіп кете барды.

Рамазан қара жорғаны мініп, колхоз атын жетегіне алып, ауылға қайтты. Жол алыс, қар түскен мезгіл-ді. Үшқызылды бетке ұстап, Бақанас өзенін өрлеп келе жатып, жол бойы ауыр ойдан арыла алмай азап шекті.

Бақанаста аяғын шалған ескілікпен алысса, жол үстінде де сол туралы қамыға ой тербеп, өзімен-өзі тайталасқа түсіп ке-

леді. Бір сәт осы төңіректегі іс-әрекетін жөн көріп мақұлдаса, енді бір сәт соның бәрі теріске шығады. Бәрінен де ең жақын туыстары — жанашыр аға мен інісі бірігіп естірген өктем сөз жанын қинап, «Ей, Рамазан, есін барда еліңді тап!..» дегендей болады. Ағасы дәптердің қос көтермесін толтырып, жан сырын шертіп хат жолдады: «Қытымыр ел, қаһысы көп жерде ұзақ жүріп, қартайған әкенді қажытпа, артындағы шиеттей жас бауырларыңды да ойла...» — депті. Ежелден саруайымшыл жан жоқшылықты көп көріп, жалшылықта да жастай жүріп көңіліне тоқығанын, ауыр еңбекпен жеткен осы күнгі қоңыр-төбел тұрмысына тәубә дейтін сияқты. Тісқақты ағасының қауіп-қатерді ескертуін ежелгі момындығы десін, ал ана сарала қанат жас балапан Әбдіқаздың сөгіс сөзіне не дейді? «Сексеуілге су құйғандай...» — деді. Неткен ащы тенеу, үмітсіз шайтанмен салғастырғандай. Құдды өмір бойы қырсыққа белшесінен батып жүргендей суырылғаны не себептен? Көшпай ағасы әлеумет ісіне тегінде бел шешіп араласқан жоқ. 1921 жылы Баянда ашылған мектепке екеуі қатар барды. Төте оқумен төрт жыл оқыды. 1925 жылы Семейдің кеме жөндеу зауытында жұмысшы болды. Келесі жылы Ертісті өрлеп, Өскемен мен Риддерде екеуі қатар жүріп, небір ауыр жұмыстарды атқарған. Ақыры, Көшпай ағасы өкпесіне суық тиіп, ауыр халде ауруханаға түскен. Онда бірнеше ай емделіп, туберкулезге айналды деген. Содан Көшмұханбет мұғалім болуға бекініп, қолына қағаз алған. Сол жылы жазда бір ауқатты кісі Қалба бөктеріне қонаққа шақырып: «Науқасыңнан жазамын» — деп ертіп әкеткен. Содан құлантаза айықтым деп отыратын. Ал үміт артқан кішкене інісінің көленке сағалауы көңілін күйзелтті. Ол өз жусауына тәнті болып өссе, ағалық парызымды өтедім деп айта ала ма өзі?.. Жоқ, бұған да ойланған жөн. Жаз шықсын, жер аяғы кеңісін. Сенімен де қимас інім, шын-дап шұғылданамын...

Жарым көңіл ой сүреңі ауылға келген соң да таркамады. Әмір басқарма бұра тартудан жаңылар емес. Кеңес ағасында пәтуа жоқ. Мұсылманқұл басқарма да Байқошқардан сирек қатынайтын болды. Осы маңдағы атқа мінгеннің естісі сол кісі, сөйте тұра «саужой» сабағын бірнеше мәрте босатты. Әлде оның да түп ойын шырмауықтай шырмаған бір пәле

бар ма? Олай болса Әбдіқазға күні кеше үзілді-кесілді жоқ дегені бекер болған... Жо-жоқ, бұлай емес дегендей бір үн. Өзің, өзінде бар кінә. Бастай алмай жүрсің. Көп жігерін жаңа тұрмысқа сендіре алмай, кемшін соққан жайың бар. Үрлеу керек жаққан отынды, қыздыра жағу қажет оны да!..

VIII

Сан алуан ой қамауынан шыға алмай жүрген ойқыл-тойқыл кезі еді. Бір күні, ойда жоқта көктен тілегені жерден табылып, Керейбаев Асылбек сап ете қалды.

Қаудырлақ сары тоны тізесін әрең жапқан, жырық құлақ құлақшыны едірейіп, кертөбел бестінің үстінде ербиіп келе жатқан аужаском хатшысын Рамазан анадайдан таныды. Таныған сәтте-ақ құшағын жая ұмтылған. Асылбек те аттан домалай түсіп:

— Өй бауырым, сағынып қалыпсың ғой. Өзің шақырған соң, міне, келдім. Қане, көрсет мектебіңді. Комсомолға мүше болмақ жастарың қайда?.. — деп бірден-ақ бастыр-малата сөйлеп, жұмысқа кірісті.

Рамазан әуелі мектепке арналған бөлмені көрсетті. Киіз боқшаға салып қойған ұйым қағаздарымен таныстырды, дайындап жүрген шәкірттерінің ересектері мен кішілерін түгел тізіп, бәр-бәріне мінездеме берді. Ал кеште, мал жайлаған соң ауыл жастарын жиналысқа шақырды.

Жұрт көп жиналды. Өкіл келсе құлақтары түрік отыратын үлкендер де қалмаған. Кейбіреуі қызын қорғаштап, енді бірі қызық көрмекке келген. Қолтығына ұршық, үйкесін қысқан кемпірлер де бар, әңгіме тындауға құлағы түріктер де қалмаған.

Төртгіге сыймай, біртіндеп жылжып ауызғы бөлменің босағасына дейін сығылыса отырған көпті шола қараған Асылбек Керейбаев орнынан көтеріліп, ортада тұрған кішкене сандықтың қасына келіп:

— Ұлықсат етсеңіздер, мен баяндамаға кірісейін. Рәпіш Әбішкеліні пүртекез жазсын, ал Рамазан Әбішұлын бүгінгі жиынның төрағасына сайлайық. Қалай көресіздер? — деп сөздің төтесіне түсті.

Жап-жас өкілге үрпие қараған көпшілік қозғалақтап, әр жерден қостау білдірді.

— Бастауы сыпайы!

— Әкірендемей, өзімізден сұрап тұр.

— Қане, аумин деп қол жаялық, пәлі шатастым, қол көтерелік.

— Екеуі де болсын.

— Кезек-кезек басқарсын.

Рамазан орнынан тұрып:

— Тынышталыңыздар, баяндамашы Асылбек жолдасқа сөз беріледі, — деді.

Хатшы одан әрі бөгелген жоқ. Бірден-ақ алдында тым-тырыс отырған қарабайыр жұртты ұйытып әкетті. Осы ауылды өзі ұйықтатып, өзі тұрғызып жүргендей-ақ, көпшілік көңілінде жүрген түйткілдерді дөп басып, шым-шымдап суыра бастады: колхоз құрылысы — әзірше сәби іспетті игі іс, қазір ол Қазақстанның барлық түпкірінде қанат жайып өркендеп келеді; колхоз күшейген сайын өмір де өзгере бермек; Бақанас ауылы күні ертең өзіне кеңсе тұрғызу керек; жұрт жиналатын құлып салып алмай, қашанғы осындай тар үйде, бірімен-бірі тізе түйістіріп сығылысып отырады; мына мектеп те айтуға тұрмайды, оған да терезесі үлкен, еңсесі биік, бөлмелері кең жаңа жай керек; оның әр бөлмесі класс деп аталады, әр класта бес-оннан таған тұратын болсын, оны орыс тілінде парта дейді... Мынау не, жарандар, жер еденде тізерлеп отырған балаға оқу қона ма? Такыр жерде бүкшііп отырған бала тегінде жасына жетпей бүкірейіп қалуы да мүмкін? Жоқ, мұндай кедей амалды әлі-ақ түбірімен жоямыз, мынау — уақытша күнкөріс. Ауыл мектебінде үш-төрт жыл оқыған бала білімге жетілдім деп ойламасын. Аудан орталығы Қарауылда қаладағыдай үлкен мектеп салынғалы жатыр. Оған түскен бала аттай жеті жыл оқиды...

— Жеті жыл дей ме?

— Аз екен...

— Жеті жыл да аз, жолдастар. Кеңес өкіметі қазірдің өзінде он жылдық оқу енгізуге әзірлік жасап жатыр.

— Мәссаған, жеті жылды көпсініп отырсақ?

Он жыл оқысан — ку тактайға қажаумен бір жамбасыңды емес, екеуін де беріп шығарсын, сірә?

— Оған дейін миғұла боп кетпесең?

— Уай, алдыңғылар жамырамай, сөз естіртіндерші.

— Осы біздің ауыл өкілмен қоса жарысатын әдетін қашан қояр екен?

Көпшілікті біршама желпінткен Асылбек тамағын кенеп, тоқтатып алды. Келесі сөзін бірден так еткізбей, созыңқырап біраз тұрды да, ақыры:

— Комсомол туралы араларыңызда теріс үгіт таратып жүргендер бар деп есітем. Ондайлар болса ортаға шықсын, мәселенің дұрыс-бұрысын бұлталақсыз ашып алсақ — екі жаққа да бірдей әділ болады... — деп жұртқа түйіле қарады.

Тура сөзге әлгіндегідей лепілдемей, тым-тырыс отыр. Асылбек жымыып:

— Комсомолдың кім екенін білетін шығарсыздар? — деді де, өз сұрағына өзі жауап берді. — Бәлшебектердің рухы жақын жеделдес інілері екенін естіген шығарсыздар?..

— Е, оны білеміз, естігенбіз, — деп сөз қосты есік жақтан біреу.

Беті саздау жердің тобарсыған қыртысындай ұйпалан тартқан, селдір сақал, селдір мұрт кексе екен. Екі-үш жерден қойылса да қараңғылықты түре алмаған май шамның әлсіз жарығы сөз қосқан кексенің кім екенін анық байқатпады.

— Ал, айтыңызшы, ақсақал, нені білесіз? — деп сұрады хатшы селдір сақалдыдан.

— Ерекен қайтпайды, турасын айтады.

— Айтса жетістірер.

— Түнеугүнгі өкілге айтқанындай, көменезімнің не екенін мен білемін — жер бетіндегі жұмақ дейтін шығар.

— Ал, Ереке не дейсіз?

Ерекен танауын тартып, мұртын сылап-сипап, сақалын және тарамдап, әрлі-берлі қозғалды. Сонсоң ыңырана сөйлеп:

— Айтайын, шырақ, — деді, әуелі тамағын кенеп, жорта жөтелді, — кәмсамал, менің білуімше, кішкентай көменес...

Жұрт ду күлген. Рәпіш сол сөзді өзі айтқандай қымсынып, төмен қарады. Рамазан мен Асылбек жұртпен бірге

кенкілдеп, бой жазғандай болды. Былқ етпеген Әмір ғана, жұрт шуылы басыла бергенде:

— Төрағасы жолдас, көп алдында жырқтамамай, жиналысты дұрыс басқарыңыз. Ойын көрсетіп отырған жоқсыз, — деген жеку естіртті.

Рамазан қыбыжықтап, аужаском хатшысына жауаңдай қарады. Сол сәтте ауыз үйден біреудің қолын шошайтып: «Бір ауыз түсіндірме сұрайын деп едім, өкіл жолдас?» — деп көлденең сөз қыстырғаны сеп болды.

— Сұраңыз, отағасы.

— Менің білуімше, сіз осы бәрімізді кәмсамал бол деп үгіттегелі келгенсіз-ау деймін. Солай ма, жолдас?

— Межеңіз дұрыс.

— Олай болса мәселенің басын ашып алсақ деймін. Бұл өзі ықтиярлы шаруа ма, әлде колхозға тізгендей басында ықтиярлы делініп, аяғында зорлықпен біте ме?

Асылбектің күткені осы еді. Егер сөз туса егеске түсіп, жиналған жұрттың пейілін бұру қиын емес. Сүренсіз біткен, қол көтеріп, бас изеумен ғана тынатын талай жиынның баяны аз болатынын жақсы білетін-ді. Сол себепті өзі қатысатын жиынды мейілінше қыздырып, сөз жарыстырып, пікір таластырып, кейде үлкен дауға жеткізіп таратуды ұнататын. Бүгін де қыздырма сөзге жетелеп баққан. Міне, күткен лебізді естіді. Енді жетелеуді біл...

— Сізді колхозға мүше бол деп әлдекім зорлап па еді?

— Зорламағанмен, бұл жерде отырмайсың деді ғой.

— Кім айтып еді?

— Оны айта алмаймын. Бұл күнде саусақпен нұсқау қалған, — деді әлгі үн кекеткендей мырс етіп, — Сұрауымнан адасып қалдым-ау, өкіл бала...

— Адасқан жоқсыз, қорықпаңыз! — Асылбек үнін қатайта, сірә, өзін бала деп әдейі кемсітіп отырғанын шам көріп қалған тәрізді. — Лениншіл жастар одағы — еріктілердің ұйымы. Оған зорлап жазу болмайды. Және біз комсомолға арыз бергеннің бәрін бірдей қабылдамаймыз, шыққан табын ескеріп, қабілетін тексерген сон мүшелікке тартамыз.

— Бәрекелді, Алла разы болсын. Ықтиярлы екені рас болса, менің сұрағым түгенделді, — деді әлгі тымырсық

үннің иесі, даусы да сәл-пәл ашыла түсіп саңқылдай естілді. — Кәмсамал болғанның әке-шешесіне де рахымы болмайды дейді. Алда-жалда байғұс бала опат болса, денесін табытқа салып, өртеп жібереді екен. Әйелін сонсоң ортаға салса керек. Алланың ақ жолына солар тіпті қарсы дейді. Қайтейік, жазмыштың жазуы солай шығар, біздің үй кәмсамалға жазылмайтын болды. Үйге қайтуға ұлық-сат болса? — деп тымағын киіп, шығуға айналды.

Асылбек қымсыпқан жоқ, биязы жымиды да:

— Отағасы, өз басыңызға рұқсат, ал балаларыңыз қала тұрсын, — деді.

— Жоқ, кетсек біз түгел кететін шығармыз. Қарақан, шық бері! Жұмақан, қайда отырсың?

— Отағасы, қисық сөзді қойыңыз!..

— Қыдыш Бұланбайұлы, — деп жөн сілтеді Рамазан.

— Иә, Қыдыш отағасы, тәртіп бұзбай, жөн кетіңіз. Сізді біз бұл жиынға шақырған жоқпыз. Ал, балаңыз қалады.

— Күтіп не қылады? Ықтиярлы деген өзіңіз.

— Жоқ, сол сөзді балаңыздың өзі айтсын. Әкесінің билігі баласына жүрмейді.

— Бәсе, кәмсамалға өткен найсап әке-шешесіне рахымсыз болады дегенді әлгінде мен біліп айтқам-ды...

— Әлгінде ескерткенмін, міне, түп-тура алдыңнан шықты, — деді Әмір басқарма орнынан атып тұрып, — Төраға жолдас, сен де, Асылбек жолдас, мына Қыдыш төбеттің әлгіндей былшылына жол беруге болмайды, түп-түгел жиналыстан аластау керек! Кедейдің жиналысы өзінде қалсын...

— Дұрыс айтады.

— Жөн сөз!

— Өстіп алалағанын біздің ауыл қашан қояр екен?

— Бай деп баяғыда қалған баянсыз байлықты қоңыр-сытпаса Әмір бола ма?

— Шықсын дереу!

— Бағана сөйту керек еді.

— Меніңше, басқарма жолдастың ұсынысы дұрыс, — деді Рамазан да.

Асылбекке бұл ұсыныс ұнады. Ауыл-аймағымен тік көтеріле келген колхозшыларды сыртқа теуіп, сықпырта адақ-

тап берсе, өкілдік құқын пайдаланып өктемдік жүргізді дер еді. Енді міне, қулыққа жоқ даланың аңғал қазағы апалақтап отырып, бір-бірінің артына ши жүгірткенін аңғармай қалды. Сәл демесең-ақ айғайлап отырып аластап береді. Және әділ аластайды. Мұндайда обал ойлау, бұра тарту болмайды. Ағынан жарылады.

— Қане, атап жіберіңіздер.

— Қасымбек ағай ақшам намазым қаза болды деп бағана шығып кетіп еді, қайта келіпті ғой. Енді біржола кетсін!

— Байы кеткенде, қатыны неге қалады?

— Ағыбайды да қара тақтаға жазу керек!

— Қарабаланың келінін неге айтпайсындар?

— Өзің айтсаң аузың жоқ па?

Екшей келе он шақты кісі жиыннан қуылды.

Сол сәтте Рамазан:

— Жетер енді, негізгі мәселеге көшелік, — деген.

— Төраға жолдас, кішкене сабыр етіңіз, менің бір ауыз сұрауым қалып барады, — деп манадан бері босаға жақта қалғып отырған Аңсаған есімді кексе жігіт қолын шошайтты.

— Сұраңыз, Аңсаған.

— Оқымаған адамды кәмсамалға ала ма, Аңсаған-ау, соңы да сұрай салшы.

— Өзің сұрасаң аузың жетпей отыр ма?

— Әне, бұл сөйтеді.

— Әйел мен еркектің құқығы теңелгеніне кәмсамал қалай қарайды?

— Әкесі молда кісінің кәмсамалға мүше болуға құқы бар ма?

— Уәй, сөйлетсеңдерші Аңсағанды.

— Тынышталыңыздар! — Рамазан тағы да қолың сарт-сұрт соғып жұртты тыныштандырды. — Қане, Әсеке, сөйлеңіз, қысылмаңыз...

Аңсаған жұрттың дабыры басылғанын тосып тұрды да:

— Айталық, мактаулы кәмсамалға мүше болдық дейік. Сонда мен осыдан қандай пайда көремін? Мәселен, кәператіпке жазылу — қып-қызыл пайда, шай-қантты шіретсіз алып жүрміз, құдайға шүкір, соған енді үйрендік. Ал, енді мына кәмсамалың не береді бізге? Мәселен, ай сайын беретін жалаунасы бола ма?

— Өйдейт деген, дәмесін қара!

— Тегін жатқан банкіні тапқанын.

Керейбаев орнынан тұрды. Жұрт сілтідей тынып, жас өкілге ожырая қарасты. Сірә, айналасына түйіле қарауынан-ақ сескенген тәрізді. Ансаған да қалың шидің арасына жалт еткен қояндай бұғып, сылқ отыра кетті. Асылбектің шілтиген кейпіне күдікпен қараған Рамазан хатшы жігіт қыңыр сөзге басып, өзіне жауығып отырған жұртты ығырта сөйлер деп ойлаған. Бірақ, аужаском хатшысы әңгімені әріден бастап, пәтуасыз жиындардан әбден зәтте болған ауыл адамдарының назарын өзіне оп-онай баурап алды.

— Комсомол міндетін сіздер әлі де жете түсінбеген екенсіздер. Ерекең әлгінде айтқандай кішкентай кәменес екені рас: өйткені комсомолды бәлшебек партиясы қайда жұмсаса, ол сонда болады; екі сөйлеу ғұрпында жоқ — «лап десе тап» оның ұраны. Әлеумет ісі — комсомолдың төл ісі. Ол қатыспайтын ауылда бірде-бір науқан, жұмыс болмайды. «Жеңіл жәрдем» деген жедел топ құрып, бар істің басына өз бақылаушысын қояды. Кеңсешілдік, төрешілдік те оған жат. Мектепте ол әрдайым бірінші қатарда отыруға тиіс, өз сауатын ашқан соң, әкесіне, шешесіне, іні-қарындасына әріп үйретуге міндетті. Ол қалыңмалға да қарсы, бір адамның бір адамды қанап отырғанын көрсе және тозбейді. Жұмыстың небір ауырына да арланбай, бел шеше кіріседі. Комсомолдар молдалыққа, сопылыққа қандай өш болса, дүние-мүлікке де сондай қас: өйткені дүниеқұмарлық жастарды адал жолға апара алмайтынын біледі; байлыққа әуей жан төңкерісшіл де болмайтыны түсінікті...

Рамазан аужаском хатшысын тыңдаған сайын риза болып, әлсін-әлсін қолын соғып, кей сәт «дұрыс», «шыны сол» деп сөз жарыстырып, мейлінше қостап бақты. Рәпіш те қуанып отыр. Кей сәт жазып отырған қағазын ұмытып, ұйып тыңдаған. Сөйтіп отырып екеуі де хатшының сөзін аяқтағанын сезбей қалды.

Асылбек даусын котере:

— Ал, қане, жолдастар. комсомол болам, жас өмірімді лениншіл жастар ұйымының өсіп-өркендеуіне арнаймын

дегендеріңіз ортаға шығыңыздар, — дегенде ғана әлгі ой-дан арылып, жан-жағына еміне қарады.

— Исатай Бозаев жолдас ортаға шақырылады.

Шашын тықырлап алған, бауырсақ мұрын, маңдайы жоталы, орта бойлы, тығыршық денелі жігіт ортаға шығып, үстіне қызыл мата жабылған тағанға жақындай түсіп селтиіп тұра қалды.

— Өмірбаяныңды айт, — деп жетеледі Рамазан, жігіт кипактап басын сипады.

— Шыңғыс бауырында туып-өстім... Әкем жалшы болған... Кәмпескеге дейін өзім қозы бақтым... Кәзір колхозбыз, — деп әр сөзін қарызға бергендей үзіп-жұлып тұрды да, -- Бөкенші руынанбыз, бұл өзі өскен ата... — деп төтесінен бір-ақ түсті.

Рәпіш ернін тістеді. Керейбаев басын шайқады. Рамазан ғана сабыр сақтап, жігітті жөнге салар сөзге жетеледі.

— Руыңды, Исатай, бекер айттың. Енді оны ұмыт, біржолта есіңнен шығар, — деді жайбарақат үнмен. — Сенің ендігі — руың, табыңар рухың да — Ленин комсомолы. Ұқтың ба? Комсомол мүшесі руға бөлінбейді, орыс, қазаққа жіктелмейді, барлық ұлттың комсомол мүшесі бір кісінің баласындай болып, қызыл жалаудың астында, бәлшебек партиясының басшылығымен дүниежүзілік төңкеріс үшін күрес жүргізетін болады...

— Ұқтым, — Исатай да жедел түзеліп, мұғалімі жетектеген оң сөзге көшті. — Менің де сол күрескерлердің қатарында болғым келеді.

— Комсомолға алынсын деген ұсыныс бар.

— Алынсын!

— Қозыны бірге жайғамыз, жақсы бала, алынсын!

— Қане, осыған құп дегендеріңіз қол көтеріңіздер.

Жұрт жапа-тармағай қол көтерді.

Келесі үміткер Шамел Қаржауұлы болатын, оған да ешкім қарсы болған жоқ. Қылжакбас қылығын бетіне басып ұялқанымен Төлеген Естемесұлы да ұйым қатарына алынды.

Шатақ төртінші үміткерге жеткенде өрбіді. Сол дауды өзге емес, Әмір басқарма бастады. Өзі де бірдененен ши

шығатынын сезген тәрізді, Монтан Хасенұлы қыбыжықтап ортаға тақағанда-ақ:

— Қыдыш төбеттің құйыршығы да кәмсамал болмақ па? — деп Әмір Жәнекеұлы оған тап берді.

Көп ішінен де басқарманы қостаған наразылық естілді.

— Дұрыс сөз, балтасын жасырған ұрының бөлтірігі.

— Жемтіктес сілекейі десейші.

— Дәмесін қара.

Монтан ештеңе айта алмай қалт тұрып қалды. Бас киімін қолына жұмарлап ұстап, не істерін білмей дағдарып, алды-артына жаутаңдап қарады.

Көпшіліктің аужайын аңғарған Рамазан оған да: «Кәне, өмірбаяныңды айт», — деп демеу білдірді.

Монтан сорлы аузын ашып та үлгерген жоқ, орнынан жұлқына тұрған басқарма:

— Рамазан жолдас, сен өйтіп аңқаусыма, қолыңа тізгін тиген соң төрешілдікке салынба, артында карауыл бар екенін ұмытпа, мынауың — саяси соқырлық... — деп жиналыс төрағасының өзін біраз жерге жеткізіп тастады да, Монтанға шүйілді. — Мына шіркін жуан тұқымның жиені, оны сен түк білмегенсіп кәмсамалға тықпалауың ешқандай жөнге келмейді, жолдас... Мен өзім жиен ел болмайды, желке ас болмайды дегенді өмір бойы естіп өскен казакпын, дәл осы қызталақ біздің ортаға адал ниетпен, қимасы қышып келді дегенге мен сенбеймін. Әлгіндегі аластаудан бұл неменің қақас қалғанына таңмын, бірақ әлі де кеш емес. Рамазан жолдас, осы шонжардың жаман-жәутік сілекейінсіз де кәмсамал ұйымы ештеңеден ақсамайды, жиналыстан айдап шығайық деп дауысқа сал, жарқыным...

— Жөн сөз!

— Бәсе, бәсекем неғып шыдады десем?

— Аласталсын Хасенұлы.

— Тауықсыз да таң атқан, шықсын!

Рамазан ойланып қалды. Осы бір ақсары жүзді жас жігітті өзі іштей ұнататын еді, басқарма бірақ ойға қонымды сөз айтты. Сөйтсе де?.. Оқуға біржосын қабілетті, бір айтқанын екі қайталанған емес — естіген сәтінде мүлтіксіз орындап жүр, қазірдің өзінде оқу озаты, бар оқушының

алдына шықты. Мінезі де қағылез. Қайда жұмсама — бір сөз айтпай орындайды. Әрі комсомолға мүше болуға ынта білдірген өзі. Өзі де бүгін арыз бер, қолдаймын деп уәде еткен. Енді міне, сол үшін қол көтеру қалғанда?..

— Әкең туралы не айтасың? — деді сөзге жетелеп.

Монтан ұстазының қол ұшын беріп тұрғанын ұққан жоқ. Сірә, адуын Әмірдің әлгі сілікпесінен соң мәңгіріп қалған тәрізді. Жерге қарап, үнсіз тұр.

— Өлі-тірісін білесің бе?

Монтан жыламсырап тұрып:

— Білмеймін, ауылдан кеткелі көрген емеспін...

Жиналыс төрағасы шәкіртін одан әрі қинамай, қолдау сөзге көшті.

— Жолдастар, Әмір жолдастың сөзіне мен келіспеймін. Табы таза еместің бәрі жау дегенге өз басым сенбеймін. Мына тұрған Монтанның әкесі елден безіп, әлдекімнің айтағына еріп қашқын болды екен деп, артында қалған үй-ішінен беземіз бе?.. Қысқасы, бұл жігітке мен өзімдей сенемін. Бай тұқымның жиені демесек, өзі тақыр кедей, оны менен де гөрі өздеріңіз жақсы білесіздер. Қысқасы, мен Монтанның белсенді комсомол болатынына кепіл боламын...

— Олай десең, дауысқа сал. Аламыз ба, Хасенұлын жастар ұйымына? — деп Асылбек те кенет демеу көрсетті.

— Алынсын, — деп Рәпіш те қостады.

Жұрт тағы да дабырлап:

— Алынсын.

— Жас бала ғой, түзеледі.

— Ұнатпасақ, шығарып тастаймыз, — десіп кеукілдесе бастап еді, Әмір басқарма әлгі райынан қайтпаған екен.

— Қасқырдың бөлгірігі асырауға көніп, күшік болады дегенге мен сенбеймін. Өз пікірімде қаламын, — деп жығылған жағынан тұрмайтынын кесіп айтты.

Басқадай сөз туған жоқ. Жұрт жаппай қостап, қол көтерді.

Осы сәтте әлдекім бұрышта ұйықтап қалған кеңес ағасын түрткілеп:

— Молда-еке, сіз кімді қолдайсыз? — деген-ді, сірә, күлкі үшін арандатқан сияқты.

Ұйқысын аша алмай, көзін уқалаған Молдаш ойланған да жоқ:

— Мен бе?.. Мен әрқашан да кеңес жағындамын, — деп ағынан жарылды.

Түннің бір уағына дейін созылған жиыннан сілесі қатқан жұрт бір мәрте желпініп қалғысы келгендей ду күліп, құшырлана қол соқты.

* * *

«Бақанас» пен «Байқошқар» колхоздарында қона жатып, ағымдағы саясат туралы бірнеше баяндама жасап, ұжымға қабылданған комсомол мүшелерімен жеке-жеке әңгімелесіп, біраз жұмыс тыңдырған Асылбек үшінші күні ғана Қарауылға қайтты. Қайтарында: «Екеуіңе де дән ризамын, бауырлар. Бір-біріңе тең екенсің. Бұл жақтағы жұмысқа мен енді алаң болмаймын. Бастауларың жаман емес, осылайша қыздыра беріндер!..» — деп ерлі-зайыптыларды құшырлана құшып аттанып кетті.

Аужаском хатшысы не бары үш-ақ күн болса да қайда келдік, не істейміз... деген сияқты күпгі сұраулардан арыла алмай жүрген ерлі-зайыптылардың алаң көңілін біржолата адақтап, төр жайлауға қондырғандай қуанышқа бөлегенін сезген жоқ-ты. Көк жүзі бұлттан арылып, көкейдегі көк шымшық күні ертеңгі жаңа заман әнін шырқап, Шыңғыс жонынан самал ескендей әсерге бөледі. Содан ба, көңіл шіркін шартарапқа құйқылжып, биікке көтеріле түсті. Әуелеген сайын, нақты әрекет іздеп, батыл қимылдарға көшуді тілегендей. Жүрек те соған күпті.

IX

Қыс кешігіп түскенмен аяғы созбалаң суыққа ұрынды. Қар қалың. Әсіресе Шыңғыс сыртына біржосын мол жауды. Өзен бойы жаяу түгілі аттыны қарға адым жүргізбейді, жоталар жоны, егінжайдың үсті ақ көрпеге оранып, сөгілмей жатыр. Сай-сала ғана емес, күнге беттер де қар астында.

Күздегі қарбалас басылған, екі колхоздың да шаруасы ықшам. Бағудағы мал көп емес. Бұл маңаттағы ел қолындағы малды өріске шығармай, қорада күтуге ертеден машықтанған. Соны жақсы білетін Әмір басқарма өткен жазда жұртқа қамшы үйіріп жүріп, Бақанастың көктемгі айран-асыр мол суы жайылатын өзекке он бес жігітті алып барып, бір ай бойы шалғы тартқызған. Соншама бейнетпен шабылған шөп түп-түгел қотанда. Іші өсіңкіретен ұсақ мал соны шетінен кертіп жеп жатыр. Мал күтуге қойылған ересектер болмаса, басқа жұрттың дені қазір бос. Бел шешіп апырып-жапырып істер жұмыс жоқ. Баяғыдай ел қыдырып бауырға түсуге, өзгедей де ермек іздеуге колхоз бастығы рұқсат етпейді, рұқсатсыз жөнеп беруге аяқ артар қолік те жоқ. Колхоздың шағын жылқысы Шақпақтағы тепсеңде. Ауылда қалған бес-алты аттын билігі басқарманың өзінде. Ал Әмірден соған рұқсат алам дегенше, бір Алладан рақым сұраған абзал. Сонсоң да жұрт басқармаға бармайды, үйде тыныш отырғанды артық көреді. Үй-үйді қыдырып әңгіме шертеді. Жер аяғы кең жазда болмаса, алты айға созылатын ұзақ қыста бұл атырапқа өкіл атаулы жоламайды. Өкіл келмесе жиналыс та болмайды. Демек, бас қосатын жер — мектеп қана. Бір мезгіл сонда тоқайласып, жамырай шуласып оқу оқиды. Соған да тәубә десіп, үлкен-кіші ынтыға барады.

Әйелдер де жиі жиналатын болды. Рамазан комсомолдың бәден өнді биязы келіншегі бұл күнде бәріне жағып алған: біріне абысындай, біріне қайыңсіңлідей болып жымия қарсы алатын жас әйелге жұрттың бәрі үйір... Мектепке қуана келеді, есік-төріне дейін сығылыса отырып гугу әңгімеге кіріседі. Кейінірек келгеніне тізе бүгер тәйтері жетпей, үлкендері жасырақтарын жұмсап, үйлерінен тулақ, таған алдырып, емін-еркін жайғасады.

— Ал, Рәпінжан, баста, — деді қайқы еріін сылп еткізін басқарманың Қайшасы.

Қызыл отау ашылғалы Рәпін мектеп жұмысын күйеуіне беріп, өзі үлкендермен, әсіресе әйелдер арасындағы жұмысқа құлшына кірісті. «Саужой» сабағын жүргізеді, газет оқып беріп, әлеумет үгітін қыздырады. Бүгін де сол үшін бас қосты.

Қызыл отау жұмысынан бұрын-соңды хабары шамалы Рәпіш жана міндетін өзінше атқарады. Сөйткенім жөн-ау деген долбармен ғана жүргізеді. Күйеуімен ақылдасқанда Рамазан да пәлендей ештеңе алып-қоспай, соның дұрыс сияқты дегендей құптау білдірді.

Төргі бөлмеде толып отырған әйелдердің басын алғаш қосқанда-ақ әріптерді ақ балшықпен есікке жазып, соларды үйретуден бастаған. Бір күні бір әріп, екінші күні үш әріп, үшінші күні және үшеуін жаттатып бірталай әуреге түскен. Өз билгенінше оқытып бақты. Келер күндері кенне жаттатқан әріптерінің басын құрап, мәнге ие сөз шығармақ болып әуреге түсті. Жазған сөзі қиын емес-ті: «Апа», «Ата», «Арба», «Шана», «Қайнаға», «Колхоз», «Қала»... Бірақ, сол еңбегінен нәтиже шықпады. Бір ай әуре болғанда бес-алты әйел ғана өз атын, ең озғаны күйеуінің атын жазатын сауатқа әрең жетті. Ал қайнағасын атап жазуға ешқайсысы құлықты болмады.

Соған да шүкір. Әрең жиналып жүрген әйелдер қарамы ақырында сирей бастады. Әр түрлі сылтау айтып, бұл үйге жоламауға, келе қалса жылыстап шығып кетуге дайын тұрады... Таудай талабының мәлімсіз кедергіге тап болғанын Рәпіш сезген-ді: өзінің мұғалім болып жарытпасын да ұққан; қайбір оқуы тасып оқытып жүр дейсің?.. Бар оқуы — Ысқақ ауылындағы Ақай молладан екі-үш қыс сабақ алды, одан соң Мұқай Көкейұлы төте оқуды оқытты. Сонсоң Рамазан келді. Бәріне де тиіп-қашып қатынады. Сөйтіп жүріп жадында ұстағаны — тым аз, шындығын айтқанда, өзінің де сауат деңгейі Бақанас әйелдерінің аз-ақ алдында. Әйтсе де ері де, Асылбек те әйелдерге ұстаздық ете беруін күп көрді.

Күні-түні өзін мазалаған бір күдік, бір үмітін күйеуіне айтып еді, Рамазан жүре тыңдады. Қасақана сөйтіпті. Сол күні кеште, төсекте, қолын желкесіне қойып, сырғауыл төбеге ұзақ қараған ері:

— Шіркін, осы әуремізді жайына қалдырып, Алматыға тартып кетсек! Мұғалімдер институтына түсіп бірге оқысақ — ертеңгі сабақта не айтамыз деп бас қатырмас едік, әттең?! — деп қиял соққан-ды.

Рәпіш күйеуіне таңдана қарады. Терезеден құйылған ай нұры ашық маңдайын, қоңқиған танауын, доғаша иілген

қалың қабағын ап-анық көрсетіп тұр. Бұйра шашы кобырап, жастық бетін түгел жапқан. Дүрдиген түрік ерні, бетінін шығыңқы ұшы бұлтиып көрінеді. Өткір көз жанарын ғана ала-көленке үй ішінде айқын аңғара алмады. Рәпіш одан да арман ұшқынын, ертеңге деген үміт сәулесін ойша болжады.

— Қырға барайық деген өзің емес пе...

— Оның рас, бармауға болмады... Мына даланы дел-сал кылған енжарлықтың түңлігін түрмей, қыр елін ұйқыға бөлеген самарқаулықты біржола құртпай, біздің жұрт ұйқысынан ояна ма?.. Жоқ, жаным, оқытпай болмайды. Мен келме, сен келме — кім келеді сонда бұл далаға?.. Жоқ, өзің де білгенінді бере алмасаң, несіне өттің комсомолға? Өттің екен, шыда енді. Бірер жыл осы ауылда ұстаздық стеміз, Төлегендерді, Монтандай талапты жастарды канаттандырып бір-ақ кетеміз. Қайғырма, қол ұстасып жүріп, өзіміз де оқимыз, бұларды да оқытамыз...

Рәпіш сылқ-сылқ күліп, күйеуінің жоталы танауын саусағымен қысып, әрлі-берлі созды да ұйқы құшағына енді.

Әйелдер тағы бір жиналғанда Рәпіш әріп үйретуді доғара тұрып, қисса оқып берді. Келесі жолы тағы біреуін оқыды. Содан кейін-ақ «қисса оқығыш келін» атағы күллі ауылға тарады. Әйелдер шақырусыз жиналатын болды. Жасы ғана емес, кәрісі де немере-шөбересін жетелеп келіп, зейін қоя тындайды. Соңынан хабаршы келіп, күйеуі шақыртқанын естігенде кейбірі кәдімгідей ренжіп әрең кетеді.

Бақанастың қатын-қалашы бүгін де қисса тындауға жиналған. Әлгінде баста деп емеуірін білдірген Қайшаның да күткені — мезі сабақ емес, «Еңлік-Кебектің» жалғасы. Басын соның кеше естіген. Кебектің қызды алып қашқан жеріне келіп, жалғасын ертең оқимыз деп доғара салған...

Қисса көшірілген дәптерді қолына ұстаған Рәпіш табалдырық алдына келіп:

— Бүгін сөл екі жастың есімін жазуды үйренеміз. Қане, маған қарандар. — Терезе түбінде отырған Ғалияға иек қақты. Өзінен бірер жас кіші, тәмпіш танау сары қызды Рәпіш өзіне көмекшілікке баулып жүрген-ді.

Алдын-ала әзірлеп қойған бес-алты қарындаш тұқылы мен жарты бет ақ қағазды Ғалия қыз тарата бастағанда шатақ шықты.

Бастаушы тағы басқарманың керауыз қатыны.

— Қисса тындайық десек — мынасы не пәле? Әкет әрі қолыңды сүйреңдетпей, — деп Ғалияны беттен алды.

— Ала берсейші, тұтатқы болады.

— Үйбай, соған беріп жатыр ма еді?

— Әйелдер, қысыр сөзді тоқтатындар. — Рәпіш түсін суытып алдындағы тақтайды тықылдатты. — Есіктегі жазуды қолдарындағы қағазға көшіріндер.

Жуасып қалған әйелдер танаулары пысылдап, алдындағы қағазға жаза бастады. Сусыған жұқа қағаз тізелеріне тұрмай, қайда қоярын білмей, әрлі-берлі сүйреп, ақыры бірінің-бірі арқаларына төсеп, әуреге түскендер қаншама. Ежіктей оқып шуласып жатыр. Үй іші азан-қазан болды.

— Әне біреусі немене, бұты талтайған әріпті айтам.

— Белбеу буынғаны ше?

— Түлкі құйрығы тағы келді-ау. Пәлекетті көшіру де азап...

Қарындаш жетпегендері өкпе айтып жатыр.

— Оқытатыны бар түгел бермей ме? Осындай алалаудан қашан тиыламыз?

— Қарағым, сұрауға бола ма? — деді бір қартаң әйел саусағын шошайтып.

— Сұраңыз, апа.

— Оқымай қойсақ сотқа береді дейді. Рас па?

— Оқысаңыз да, оқымасаңыз да — еркіңізде, апа. Зорлық болмайды.

— Е, соныңды басынан айтсаң еді, — деп, сұрау берген қартаң әйел етегін қағып орнынан тұрды. Әзер отыр екен, бес-алты әйел жаулығын жөндеп кетуге әзірленді.

— Қиссаның аяғын тындамайсыздар ма? — деп сасқалақтаған Рәпіш, қоңыр тысты дәптерін қолына алды.

Кетуге кеңшілік алған әйелдер қарайлайтын емес. Әмірдің қаһарына ілігіп кетеміз бе деп текке жүргендеріне өкінішті екен, қисса түгілі, ет асам десең де аялдайтын емес, наразылықтарын жамырай айтып тарай бастады.

Рәпіш қыстыққаннан тым-тырыс отырып қалды. Ызадан жылап жіберуге шақ тұр. Кім үшін, кімдер үшін — осы бейнет, осы азап... деп іші қайнап, күйінгені сонша. Одан гөрі шарасыздығына өкінген. Соны аңғарған бір әйел:

— Қарағым, жасымашы, — деді жақындап келіп, — салдақылардың қашаннан бергі әдеті. Ана жылы да өзіңнің байындай жап-жас өшетелдің басын шырмап, алпыс кісі бір қыста сауатын ашты деп өтірік қағаз жасап, ауданға мәлімет бергізген. Әрине, артында айтағы бар, зымыян байларының үйретуі, қайтесін қарағым. Соларға ереміз деп ана жылы сауатымызды аша алмай қалдық. Тағы да алданар жайымыз жоқ. Қиссаны жиып қой да, оқуынды баста, — деді.

Үйде қалған екі-үш әйел қозғала қоймап еді, әлгі қатын оларға да бүйідей тиісті.

— Неменеге безере қалдыңдар, менің сөзімді ұнатпағандарың Қыдыштың қара тоқалының соңынан кетіндер. Әлі ұзаған жоқ, қуып жетіндер тез! Мен өзім жападан-жалғыз отырып сауатымды ашамын. Әй, Ғалия қыз, күйе таяғыңның біреуін маған бер, — деді өктем үнмен.

Үйде қалған әйел атаулы қағаздарын жайып, тым-тырыс отырып, сабаққа кірісті.

Содан қасқа сиыр бұзаулап қалды деп Күлімбалаға хабар келгенше Рәпіш алдында тонқандаған әйелдерді жат жазуға жаттықтырумен құлшына шұғылданды.

Біраздан соң қартаң әйелдер кетіп, бөлмеде жастар ғана қалды. Дені мұғалімнің өз замандастары — үш-төрт бойжеткен қыз бен өңкей жас келіншектер.

— Енді ән айтайық, қыздар. Қашанғы әріп жаттаймыз, — деген Рәпіштің ұсынысы ойлаған жерінен шығып, бәр-бәрі жамырай қуаныш білдірді.

— Ендіктің әнін айтайықшы, мұғалім, — деп Ғалия да өзімсіп ынта көрсетті.

Рәпіштің Баянауыл әндерін нақышын келтіре айтатынын бұлар бұрын да естіген. Қазір де соған бағып отыр. Рәпіштің өзі де сөйтуге аса қарсы емес-ті. Себебі, бір жолы сабақ соңынан өзімен тетелес екі-үш қыз-келіншекті алып қалып, үшеуі ән шырқап масайрап отырғанда, Рамазан үстінен түсіп, аң-таң күйде тұрып қалған. Сәлден соң оның да бүйірі қызып

косылып кеткен-ді. Тіпті барын сала, нақышын түзей, беріле айтқан-ды. Шәкірттер кеткен соң әйеліне қарап:

— Мынауың жақсы үлгі, Рәш. Ойыма бір нәрсе келіп тұр. Сен тегінде әлгіндей әнге әуей әйелдерді еліктіре бер, түбінде біз ойын қойып жүрмейік, — деген.

Қазір де, Ғалия ән айтыңызшы дегенде Рәліш бөгелген жоқ.

*«Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім,
Тентек ел талқысына тастап кеттім...» —*

деп баяулата бастап еді, Ғалия қолма-қол іліп әкетті. Екеуіне ілесе үйдегі әйелдер де түгел косылды

Содан бір уақ «Еңліктің қоштасу әнінің» әуені мектеп бөлмесін кернеп, сыңсыған әйелдер үніне толып, үйге сыймай, ауыл үстінде қалықтады. Саршұнақ аяз кеулеген төңірек соған ұйып қалғандай. Тынық ауада шөп басы қылп етер жел жоқ. Шыңғыс жоны бозарып, қар басқан ақ дала дел-сал күйде сұлық мүлгуде. Ауыл адамдарының малын жайлап, азкем тыныстаған шағы. Рамазан аужаском шақыруымен ауданға кеткен, ол оқытатын ересектер бүгін бос, үйді-үйінде өз шаруасын күйттеу қамында. Еркіндік тиген оқушы балалар да өзен жарындағы сырғанақ қызығында болатын.

Мектеп үйінен естілген ән ың-шыңсыз, тымырсық қамауда тұрған ауылды бағзы тірліктен оятқандай әсерлі болды. Кейбірі есік алдына шығып, мектеп жаққа құлақ түріп, бастарын шайқасады. Ал, әнші әйелдер ешкімнің таңданысына, бас шайқағанына қарар емес, өздерімен-өздері болып, ән әуеніне беріле шырқап отыр. Сөйтуінде, шынтуайтын айтқанда, себеп те аз емес-ті: бәрі-бәрі Еңліктей мұңлықпен мұңдас іспетті; туған жұртынан, ата-ана құшағынан ажырап, жат босағаға ауысқан мұңы; өз теңін таппай, еркінсіз телінген жайы немесе ықтиярсыз өңгеріліп кетіп, басына жаулық салған дәрменсіз ахуалы осы үйде ән салып отырған мұңлықтардың қай-қайсысынан болсын басынан кешкен жәйт. Кейбірі көптен қатынаса алмаған туған үйін сағынады, өз ұясында бұлаң өскен жас шағын аңсайды. Ал, «Еңліктің әнінде» соның бәрі де бар, мұң-шерін қозғап, бойын ұйы-

тып отырғаны да содан... Заман өзімдікі, әйел теңдігі туды деп ұрандағанмен осы отырған әйел қауымы соның игі шапағатын әзірше көргені аз. Естісе де, аңсай күтсе де, сол теңдікке қолы жетіп, көпшілігі көріп-білген емес...

Рәпіш те бұл әнді алғаш естігенде-ақ бірден ұнатып: «Менің әнім, менің сырым!» — деп күмәнсіз қабылдаған. Ғалияға қайта-қайта айтқызып, сол күні-ақ жаттап алған-ды. Әбден үйренген кезде әнге өзінше нақыш беріп, беріле шырқаған. Ақыры, міне, осы ауылдан тапқан қыз-келіншек құрбыларының мақұлдауымен тек қана өзі бастайтын болған-ды.

Ендік әні үзілген соң-ақ бөлме іші құлаққа ұрған танадай тыныштыққа бөленді. Ендік зары еңселерін жаныштап, тұншықтырып тастағандай құлды.

Соны сезген Рәпіш кенет дауыстап:

— Ау, қыздар, неге қамықтындар? Қазір жаңа ән үйренеміз. Бұл енді өзіміздей жастарға арналған ән... Қане, құлақтарыңды түріндер, — деп дереу бастай жөнелді.

*«Оян, қарғыс таңба басылған,
Жалаңаш аш құл, қайрат қыл.
Қайнап бастан ақыл ашынған
Майданға қанды айдап тұр».*

Көтеріңкі бастаған екен, әуені маршқа ұқсаған екпінді әннің алғашқы шумағында-ақ ентігіп қалды. Сәл демалып, қайта шырқады. Бұл жолы ән әлгіден гөрі анық та жатық естіліп, мәтіннің әр жолын салмақпен нығарлай айтты.

Бір мәрте екпіндете айтып өтіп қайыра бастағанда, үйдегі қыз-келіншектер де үнсіз отыра алмай қостай жөнелді. Сәлден соң жатаған мектеп іші «Оян, қарғыс» әнінің күреске шақырған екпінді үніне тарлық қылғандай күмбір-күмбір дүңкілдеп, толқын атқан теңіздей тулаған гүрілге ұласты.

X

Бұрын да қабағы сирек ашылатын Санияқастың бет-жүзі күзден бері мүлдем түнеріп, жауатын бұлттай түйілдуден жаңылмады. Сөзді сараң сөйлейді. Кірген-

шыққан балаға да, үй-ішіне де зілмен, қабақ астынан қарайды. Ағасы Қасымбекпен де дұрдараз, тілдеспейді. Мектепке үйін босатып, ағасының босағасына келгелі тауып алған мінезі сол. Көбіне пеш түбінде бүк түсіп жата беретін болды.

Үйді босату жайында алғаш естігенде Молдашқа түйіле қарап, бір ауыз сөз айтқан. Кеңес ағасының оған беті бүлк етпеді. Үлкен ұлы Бөрібекті шақырып, бөкенші ұранын шақырып, аттан салды. Бірақ, Бөрібек жаушы болып барған бір бөкенші былқ етпеді. Құмға сіңген судай жым-жылас жоқ болды сәлемі. Ең құрғанда, тау-тас құсап қаңқ еткен жаңғырығын да естіртпеді. Өзге тұрсын, бір анадан туған Қасымбек те, кезінде «Солтабайдың үш көкжалы» атанған үшеудің ең үлкені (кенже інісі ертерек басын жойған-ды), күні кеше ауылнай болған, партия болуға жүйрік әккі ағасы да «Сен баста, еремін соңыңнан» деп қолдау көрсеткен жоқ.

Меселі қайтқан Саниякас ақыры сөзден де, істен де тиылды. Шөккен тастай жерге кіре еңкейіп, үйкүшік болып біржола отырып қалды. Не ойы бар, шінде қандай шемен жатыр? Бір адаммен соны бөліскен емес, «Мықты болсаң өзін тап» дегендей безеріп, пеш түбінде тым-тырыс отырады.

Біреулер ешкімнен беті қайтпайтын Саниякас көкжалдың сағы сынды, әлде бағы тайғанын мойындады десті. Бағзы біреулер: «Құдай білсін, не пәле ойлап жүргенін», — деп те күбір-күбір сөз етті. Жатқан жыланның құйрығын баспай, аулағырақ жүруді жөн көргендер де бар. Сөйтсе де мектеп ашылардағы шолақ жиынға елдің алды болып Сәкеңнің келгеніне таң қалды. Бір шатақ бастайды деп күткен-ді.

Бірақ, орақ ауызды жас жігіт Санияқастың шымшылаған қиқар сөзін шыбын шаққан ғұрлы көрген жоқ, бірден-ақ тарпа бас салып, бетін қайтарып тастады. Ал, кейіннен «Саужой» тізіміне үлкендерді тіркегенде Сәкең байғұстың жазылмаймын деуге де шамасы келмей қалды. Сөйтіп, сабақ алуға жұртпен бірге келетін болды. Соны да былайғы жұрт адуын заманның тепкісіне балаған-ды.

Өзгермеген, ішімдегіні тап деген, әрине, тақысқой мінезі ғана...

Рамазан аужаском бюросына мүше болып сайланып келген соң үлкендерді мектепке жинап, жиналыс өткізді. Естіп-білген жаңалығын айтқан, Санияқас сол жиынға қатысқан жоқ. Келесі күнгі ересектер сабағына да келмеді. Сонда ғана Солтабайұлын шақырып кел деп, Төлегенді жұмсаған. Ұйым мүшелері арасында «жеңіл ақпаршы» атанған қағылез Төлеген бөгелсін бе, құйындай құйғытып барып, тез оралды. Қасымбектің есігінің алдынан қайтыпты, ауырып қалған-мыс... Соны айтып тұрған Төлегеннің ішінде бір құпия жасырынып қалғанын Рамазан бірден сезді. Әйтсе де қайта қазбалаған жоқ. Сабақ соңында, онаша қалғанда Төлеген соны қайыра сұратқан жоқ, өзі естіртті.

— Мұғалім жолдастың тыңдағысы келсе бір өлең бар. Айтайын ба? — деп бетін құбылтып, көзін ойнақтата бастаған-ды.

— Комсомол мүшесі шыншыл болады, бет-аузыңды құбылтпай естірт!

— Өйтпесем болмайды, мұғалім. Бір көзім шыным осы деп тұрғанда, бір көзім аз-кем өтірік қосқанымды білдірмей жабық тұруы қажет. Әйтпесе, сөздің дәмі кірмейді. Нанбасаңыз, Қыдыш атадан сұраңыз, өтірікті шындай етіп соққан-да ол кісінің бір құлағы жыбырлап тұрады.

Рамазан рақаттана күлді. Қыдыш Бұланбайұлының сол жақ құлағының әрдайым жыбырлап тұратынын өзі де байқаған. Қушыкеш Төлеген соны аңғартып тұр.

— Жарайды, өлеңіңді баста... — деді Рамазан езуін жиып.

— Мұғалім Санияқасты біле ме екен, Санияқас Бақанасты мекен еткен... — деп зуылдай жөнелген Төлеген кенет бір көзін тағы да қысып қалды. Сонсоң сирек тісін ақсита күліп: — Санияқас ағайдың ауырғаны бекер. Кеше кеште ол кісі атқа мініп, Үшқызылдан асып кеткен. Жай емес, Ғалияжанды саудалай кеткен... Мұны мен мұғалімге айтқамын жоқ, мұғалім де менен ештеңе естіген жоқ, — деді де, сыртқа ата жөнелді.

Рамазан аң-таң. Ештеңе ұққан жоқ. Бірақ, шатақ бір істің төбесі көрініп тұрғанын анық сезді.

Екі-үш күндей бақылау жасап, ойда жүрді. Көзге шұқыр, қолмен ұстар дәлелі жоқ. Сол себепті оқиғаның соңын тосуға бел байлады.

Ал, Санияқас көкесі үшінші күннің кешінде, қараңғы түсе Шұбартау керейінің беделді атқамінері Мырзаш* ауылынан бұрынғыдан да бетер түнеріп оралды. Боран әкеле жатқандай қабағы қатыңқы, беті-жүзі де тау құлатқандай ызбарлы болатын: барған шаруасын тындырыпты, өзара келісімге келген; қол жайып бата қылысты; баталы құл арымас десіп, екі жағы да кісілерін атасыпты... Енді не керек? Санияқастың өз көңілі соның біріне тояттамаған тәрізді. Ара ағайынның алдамшы күйбеңі, тіршіліктің болмашы күйлеуі, күнкөріс илеуі ғана... деп олқысынған жайын ағасынан жасырған жоқ.

Ауылына келген бетінде-ақ:

— Жә, бопты, бекерге түнерме. Мырзаш сөзіне ие кісі... — деді ағасы. — Ал ана белсенді өшетел екі мәрте іздетті. Бірінде тазшаны жұмсап еді, екіншісінде өзі келді. Сірә, сені со неме сағынып қалған сияқты... Ауырып қалды деп үйге кіргізбей қайтардық. Бірер күн төсек тартып жатқаның жөн болар...

Санияқас естілер-естілмес үнмен мыңқ етіп:

— Қолынан келсе өшетел тұтқынға алсын мені. Сау жаныма ауыру тілемеймін, — деп қыңырая қалсын.

Адуын ағасы қату отыр екен, жақындай түсіп:

— Боқты ауырмассың! Жат, қане! — деді.

Тіпті қатты да айтқан жоқ еді. Сөйтсе де әсері зор болды. Санияқас сырт киімін шешіп, ағаш кереуеттің үстіне құлай кетті.

XI

Аудандық жұмысшы-шаруа инспекциясының бастығы Олжабай Шалабаев Бақанастан аттанарында қолын күшырлана қысып тұрып:

* Шұбартау ауданында 1931 жылдың күзінде Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс бастаушы адам

– Жігітім, ризамын! Жұмысты жап-жақсы бастапсың. Шәкірттерің ширап қалыпты. Үнемі оқуға сала бермей, бір мезгіл оларды сергітіп те қою керек... – деген-ді.

Рамазан соған да мәз болды. Қыс бойы елпілдеп жүріп бірталай жұртқа кара танытқаны рас. Басында жұрт ықтиярсыз келіп еді. Мектептен бертінде қусан да шықпайтын болды. Табыс емес пе?! Соны өкіл де көріп арқасынан қақты. Атөтті мақтағаны емес, сабағына қатысын, мәнжайға қанған соң айтып отыр.

Ал сауық-сайран жөнінде?.. Рәпішпен кеңескенде, әйелі де соны құп көріп, ұйым жиналысына сал деген. Бірақ, күнделікті күйбеңнен қолы тимеді.

– Жолдастар, ойын-сауық ұйымдастыруға ой туды. Жұмыс сыпыра сөзге айналып барады екен... Бұған қалай қарайсындар, әнші де, домбыра да табамыз, тек бас құрауға ынтамыз жетсе? – деген-ді Рамазан комсомол ұясының кезекті жиналысында.

Жастар пікірі екіге жарылды.

– Ол үшін бізге себеп керек. Біреу-міреу үйленсе – құбақұп. Ең құрығанда, шілдеханаға жиналсақ...

– Шынында да жетім қыздың тойындай дегізіп, кәмсамал атымызға жараспайды.

– Иә, жиналатын себеп болса?

– Себеп бар, – деді Рамазан тізгінді қолына қайта алып, – жиырма екінші сәуір – Лениннің туған күні. Сол оқиғаға арнап сауық кешін шақырамыз.

– Туған күн деген той бола ма, естісем бұйырмасын?

– Болады, орыстар ондай тойды жыл сайын өткізеді.

– Ал, Ленин марқұм – әлемге әйгілі көсем. Кедей-кепшіктің қамқоры!..

– Олай десендер, дайындыққа кіріселік.

– Пәлі, биылғы сәуір жұмаға дөп келеді. Жұма күні есі бар мұсылман баласы сауық түгілі, кір жумайды. Ешкім келмейді ондай сауыққа...

– Келеді, – деді Рамазан сенімді үнмен, – Ленин жолдастың туған күніне арналған кеш деп хабарлаймыз.

– Соған сенімді болсаңыз, қаулы қабылдайық.

– Әрине, тура солай ету керек!

Рәпіш те дереу құптап, «Оны енді жұрт таң қалғандай етіп қызықтаған жөн!» – деген-ді. Екеуі соны ертелі-кеш талқылап, ақыры сауық кеші құсатып өткізуге келіскен-ді. Соны да тек ойдағыдай етіп орындау оңай емес сияқты. Құр қол. Ең аяғы, үлгі етер кітап жоқ. Сондай бір кітап қолына түссе іске татыр өленін шәкірттеріне жаттатып, сайратып қояр еді. Сайратып дейді, көсемнің өмір жолы айтыла бастағанда-ақ, тақпақ айтушыларды ортаға шығарып, өзара жарыс жасар еді, шіркін?! Сондай бір тамаша кешті Баянауылда өзі қызыға тыңдаған-ды. Қызыл отау жанындағы ән-хор үйірмесіне қатысатын бір топ жастар қаз-қатар тұрып, неше түрлі ұран сөзді, жеңіл тақпақты жарыса айтқанда жаны қалмай қол соққаны есінде. Апыр-ай десеңші, сондай бір әсерлі кешті өздері де өткізсе! Күні-түні жұмысбасты болып жүргендер қалай сергір еді. Жок, құр қолмын деп қарап отыруға болмайды. «Комсомол мүшесі ешқандай қиыншылықтан қорықпайды. Қайта қиын істі өзі іздеп тауып, жеңіп отырады!» Қайдан оқып еді осы сөзді? Ә, «Лениншіл жас» газетінен оқыған. Газет демекші, кеңес үйіндегі тікпені қарау керек. Көсем туралы өлең кездеспес деймісің?..

Көсемнің өмір-тарихы туралы баяндама жасау міндетін Рамазан өзіне алған-ды. Басында жұмыстың ең ауыры сол сияқтанған. Рәпішті тыңдаса ең жеңілі тәрізді: «Мезі етер ұзынды-қысқалы сөз басқа жиындарда да аз айтылып жүрген жоқ, ал, мына кеште ондай сөз нөпірі болмасын. Өйткені, бұл кедей таптың көсеміне арналған кеш!..» Ойға қонымды ақыл. Құптамай көр!..

– Олай десең, сауық кешіне қатынасатын жастармен сөйлес. Сол кеште бір домбыра күмбірлесе – аз, осы ауылда ең кемі он домбыра бар, солардың бәрін қаз-қатар отырғызып күй тартқыз. Бес-алты комсомол мүшесі ортаға шығып хор айтсын. Жігіттер ғана емес, қыздар да, жас келіншектер де қатыссын. Бұл үшін Ғалияның әжесімен сөйлес. Айжан кемпірге өзің бармасаң болмайды. Мені ол кісі елеп-ескермейді. Ал сені ол кісі сыйлайды...

Әзірліктің қиыны кейін шықты. Түу бастан ескермепті...

Кешкі уақыт еді. Үлкендермен күнделікті сабақты бітіріп, шай ішіп отырған.

— Бір нәрсе ойыма түсіп отыр, айтайын ба? — деді Рәпіш күйеуіне еркелеген наз үнмен шай кесені ұсына беріп.

Рамазан келіншегінің жайдары жүзіне аңтарыла қарады

— О, не нәрсе?

— Баянауыл мектебі өткізген сауық кеші есінде ме? Бір топ жастар Лениннің үлкен сүгіретін көтеріп, көшеге шыққан мерекені айтамын...

— Иә, иә. Жұрт көп жиналып, екі-үш көшеге дейін еріп отырған-ды...

— Бізге де көсемнің сүгіреті керек. Соны төргі бөлмеге іліп қоямыз, сен соның алдында тұрып баяндама жасайсың. Ал, біз сол жерде тұрып, ән шырқаймыз. Тақпақ айтушылар да...

— Токта, жаным. Мұның тіпті жөн... — деп Рамазан шай ішіп отырған кесесін төңкере салды. Өкінгені сонша, сөйлей де алмай тұтығып та қалды. — Ойбай-ау, Рәш, әнеу-гүннен бері неге айтпадың? Менің ойыма келмепті. Қап!

— Кеңес ағаның үйіндегі сүгіретті алармыз дегемін...

— Немене, жоқ па, қайда жіберіпті?

— Айша жеңгей соны жыртып алған білем. Өкіл қайнаға сұрап әкетті деп кеше сұрасам бет бактырмады. Өкіл қайтеді оны?

— Айша жеңгенді қойшы, сен өзің де жетістіріп отырсың, — деп Рамазан шалқасынан түсті.

Рәпіш еріне түйіле қарап, басын шайқады. Күйеуі кәдімгідей ренжіп, ұнжырғасы түсіп, шат-шәлекейі шықты. Мұндай кезде үндемеген жақсы. Рәпіш қайыра тіл қатқан жоқ, шыны-аяқты сылдырлатпай жыя бастады.

Содан екеуі жатарда ғана тілдескен.

— Сен ренжіп қалдың ба маған. Ренжіме, көсемге арналған кеш сүгіретінсіз өтпейді. Табамыз!.. — деді.

Нық сеніммен даусын көтере айтты. Сірә, іштей бір шешімге келсе керек.

Сол күннің ертенінде Рамазан Төлегенді жұмсап қара жорғаны жылқыдан алдырды. Келген кезіндей емес, қара ат едәуір дегдіп қалыпты. Ер салып, үстіне шыққан сәтте жануар ойнақтап кетті. Атандыра шыққан Рәпішке ат үстінде тұрып:

— Кешке әзірлікті қыздыр, мен сүгіретке кеттім, — деп Рамазан жөнөп берді.

Рәпіш аң-таң. Көсемнің бейнесі керек десе де, сол үшін жетпіс шақырым жердегі Қарауылға баратынын ойлаған жоқ-ты. Ойламай сөйлеген опық жейді деген осы. Бақанастың әр жері ойылып жұқара бастаған мұзын кірш-кірш басып, дүңкілдете жортып бара жатқан ерінің соңынан көз алмай біраз тұрды да:

— Әлеуметшіл сабазым-ай! — деп басын шайқады.

Аудан орталығында Рамазан көп бөгелген жоқ. Бөгелмегені — асығыс еді, ал іздеген жоғын көзеп келіп бірден тапты. Аужаском кеңсесі орныққан кішкене шошалаға кіре-ақ төрге жалт қараған. Бұрын келгенінде де ол тыстығы қара түсті күнқағарды баса киген, көзі қысыңқылау, оң қолын көтеріп, әлденеге күлімсіреп тұрған Ленин бейнесін Керейбаев отыратын төрдің тұсынан сан мәрте көрген-ді. Келген сайын сол бейне өзіне: «Қош келдің, кане, нендей шаруамен жүрсің?» — деп сұрап тұрғандай сезілетін. Бүгін де сол қалпында, қабырғадағы кішкене рамадан күлімсірей қарап тұр екен.

Асылбек орнынан атып тұрды.

— Ау, қайдан жүрсің? Тиыштық па? Бақанастан қалай өттің, апыр-ай?! — деп өзіне апалақтап қарсы ұмтылды.

Рамазанның асыққаны да осы. Қарауылдан өтерде сондай бір күдік ойына оралып, қатты қамыққан-ды. Бірақ, кері қайтқысы келмеді. Ойына алған ісін орындамай неге қайтсын? Сонсоң да аужаском хатшысына:

— Ауылдан келемін, тиыштық. Өзен де түскен жоқ. Ол түскенше мен де соның арғы бетіне шығып алармын. Тез кетсін десең — шаруамды тындыр. Қалқам, анау көсем сүгіреті, — деп қадала сөйледі.

Кеңсесіндегі жалғыз суреттен айырылғысы келмей Асылбек те бұлтаққа салып еді, «Аудандық ұйымсың, әшейкаға көмегің қайсы?» деп досы да міз бакпай тұрып алды. Ақыры сұрағанын беріп құтылды.

Рамазан көсем суретін қойнына тығып алып, аудан орталығынан жедеғабыл аттанды. Келе жатқанда-ақ сай, өзеңтердегі қалың қардың көбесі сөгіліп етек-жеңін түре бастағанын аңғарған, енді сол тіпті де ұлғая түскен. Сай-сала қысқы жүгінен босап, ылдиға қарай ағыл-тегіл жөңкіліп жатыр.

Қызыл су жүре бастаған Қарауыл өзенінің мұзы жұқарып, біржола сөгілуге шақ тұр. Мана өткенде-ақ жұқара бастағанын аңдаған, ал қазір шет-шеті опырылып, қыс бойы жиылған қоқыстан екі жағасы да тазарып қалыпты. Қызыл су бұлақ құсап жылға кумай жалпақ жөңкілген. Қара жорға да өзен мұзына жолағысы келмей, осқырынып, шегіншектеп бақты. Тек сауырына қамшы тиген соң ғана кібірткітеп әрең түсті. Әйтеуір өзеннің мұзы қалың тұсынан әрең өтті.

Арғы жағаға «А, құдайлап!» шыққан соң-ақ Рамазан атына қамшы басты. Келгендегі қояншорқағы жүрісін маңдытпайтынын, асықпаса ақыры қиынға соғатынын сезіп келеді. Күн де батып барады. Бүгін түнде өтіп алмаса адуын Баканастың бергі бетінде қалып қоюы да кәдік. Суы мол, ағынды өзеннің шама-шарқын бұрын көрмесе де сезіп келеді. Ендеше арналы өзеннің мұзы сыпыра көшпей тұрғанда арғы жағаға шығып алуы қажет. Әрі ертен — жиырма екінші сәуір, екі апта бойы әбігер болып жүрген аңсаулы күн. Сол мезет туғанда көзі жаутандап бергі жағада тұрса — жұртқа күлкі болғаны бір сәрі, ауылдағы жатыпатар пысықтардың мазағына ұшырауы сөзсіз. Олай болса? Тек соған аты шыдасын!..

Шыңғыс іші келген кездегі емес, біршама таныс. Күзден бері Қарауылға екі-үш мәрте келіп қайтты. Жолшыбайғы бұрылыс, бұқпаны әбден танып болған. Ұры жатады десетін қалтарыстарға да көзі қаныққан. Оң жағында, әне, Шымылдық тауы қалып барады. Күнбатыста одырайып Жаманқойтас тұр. Енді сәлден соң Ақбайтал кезеніне шығады. Одан әрі мен мұңдалап Тасқойнау тұрады. Соның табиғи бұқпасы талай ұрыға мекен болған-мыс. Болса болғандай

жықпылы көп жер. Тап үстіне жақындап келгеніңше кім тосып отырғанын көрмейсің, қалтарыстан атойлап шыға келгенде бір-ақ білесің деседі жұрт. Бұл енді келмеске кеткен кешегі күннің жымысқы қарекеті. Ұры-қары тыйылғалы қашан. Бейнетқор бұқара қазір жаппай еңбекке ауысты. Сол еңбек сауын малындай несібе бермек болып тұрғанда арам жолға түсіп, оңай олжаға кім қызығады? Қызығар еді, өкімет соған тізгін бере ме? Әлдекім бас қылтитып көрсінші, бірден-ақ қағып түссін. Кеңес өкіметі қазір нағыз күшінде. Жаулар құрыды, байлардың үрім-бұтағына түп-түгел балта шабылды. Үлкен-кіші түгелдей оқуға ден қойып, ғылымға бас ұрса?! Шыңғыстың да іші-сырты бірдей жаңа тірлікпен жаңғырып, азан-қазан болып, трактор үні мен машиналар гүріліне толып, тау мен дала, анау қия-шоқылар мен әне бір биік адырлар өзара үндесіп жатар күн де таяу деседі!..

Қара аттың жол жорғасымен шайқақтаған Рамазанның көкейіндегі көк шымшық аспанға шығандап, қиял қанатына мінгелі қашан: ат үстінде емес, тас төбесінде қалықтаған қыранға ұқсап, түү биікке шарықтай түссін; қай-қайдағы елес-көріністер көз алдында көлбеңдеп, арман жетегіне еліктіріп ойын толқытады. Жігіт заманына риза. Түн қатып келе жатқан сапарына да ерекше қуанышты. Мазалы күндер оқтай зулап өтіп жатыр. Таң атты дегенше батып бара жатқанын көресің. Көбіне соны шамалауға да шамасы келмей қалады. Өйткені жұмыс көп. Өзі ғана емес, барша жұрт қарбалас тірлікте. Түп-түгел асығып жүреді. Заман ауқымы солай. Неткен айбынды заман десенші. Осыны алдын-ала болжаған Ленин қандай данышпан еді!..

Төңірек қараңғылана түсті. Тау ішінде кеш тегінде үрдіс енеді. Ә дегенше алды-артын қараңғылық көрпесі қымтап алды. Тас төбеден жамыраған жұлдыздар нөпірі әпсәтте көбейіп, бәрі бірдей төменге құлап келе жатқандай әсерге бөленсін. Шоқтығы көтеріңкі биік таулар да солармен бірге жылжып, тұп-тура үстіне төнгендей. Түн жылы, ыстық жел бетке есіп тұр. Бұ да жақсылықтың белгісі. Кешігіп келсе де бүгін-ертең басталар игі жұмыстың хабаршысы ол.

Рамазан кенет атының жалын сипады. Ұзақты күнгі тынымсыз жүрістен қара жорға босаңси бастаған сияқты, сүрінуі жиіледі. Қайта-қайта пысқырып та келеді.

Сөйтсе де аялдаған жоқ. Бір уақ тебініп, бір уақ қамшымен жасқап, қос өкпеге төпеуден босатпады. Асыққан көңілі тек қана алға деп алып-ұшып келеді.

Амал не, козеген жеріне жете алмады. Таң алдында қара ат сау желістен де, жорғадан да жаңылып аяңға көшті. Біраздан соң қамшыны да елемеуге айналды. Рамазан мұны жүріске мықты атынан күтпеген еді. Бақанасқа түнгі салқында емес, күндізгі аласапыранда ілігетін болды. Амал қанша, жазмыштың жазғанын көреді...

Атының ауыздығын алып, алдыңғы екі аяғына тұсамыс салды да, өзі де қисайды. Шаршағанын сонда білді. Іле қалғи бастады. Содан аты әлденеге елендеп бірер мәрте пысқырғанда бір-ақ оялды. Мәссаған! Күн шығып, арқан бойы көтерілген. Қара жорға күнгеі бетте жайылып жүр. Өзі тас-тақтау жерге қисайған еді, астынан сыз өткен, тоны суланып, денесі де мұздаған сияқты. Аяқ-қолы ұйысып қалыпты. Атып тұрып, тонын шешіп тастап, әрлі-берлі секеңдеп жүгіре бастады. Қойнындағы раманы тас үстіне қойған-ды, оның да бетіне шық түсіпті, әйнектің аржағындағы бейне көмескіленіп, беті буалдыр тартыпты. Қолына алып, жеңімен сүртіп еді, жарқырап шыға келді. Биязы жымиған көсем бейнесі тап кешегідей, кабинет төрінен қол бұлғап, көз қиығымен өзіне күлімдей қарап тұр. «Ештеңе етпейді, жігітім. Аздап тоңыпсың. Әлі де талай тоңасың. Халық үшін жаурау — айып емес...» — деп жұбатып тұрғандай.

Рамазан іле атына қарай жүгірді.

Бақанасқа ол ұлы сәскеде ілікті. Ауыл түгел ояңған. Мал күтуден босы өзен жағасында жүр. Өзі ауылда болмаған соң оқудан босаған балалар да биік жардың үстінде анта-лап тұр. Шет-шеті опырылып, ортасын су басқан өзеннің күрт түсуге айналған сәтін тамашалаған жұрт.

Өзі күдіктенген қауіпке тап болғанын Рамазан Жәнібек сайынан түсіп келе жатқанда-ақ аңдаған-ды. Біршама дегдін қалған қара жорғаны қос өкпеге тепкілеп, өзен жа-

ғасына жеткенде соны анық білді: Бақанас жарықтық опасыздық жасапты; бір күн бұрын да, кеш те емес, өзінің осы сапарға аттануын күтіп жатып, қыстайғы құрсауынан тап бүгін сөгілген. Бір тәуірі, тұтас емес, әр жерден тесіліп, жоғарыдан жөңкілген мол суға еркіндік беріпті.

Өзен жағасына асыға жеткен соң қалт тұрып қалды. Бармағын тістеп, өкініп тұр. Арғы жағадағы ауыл адамдары да өзіне қол бұлғап, жаппай улап-шулап айқай салуда. «Түспе!», «Мұз жұқа», «Қой, ойбай, опат боласың!» – дседі, содан өзге сөз ауыздарына түссейші. Тым болмаса біреуі: «Тәуекел, амалдап көр!», – демейді.

Рамазан жағаны жағалай әрлі-берлі жүрді. Өткел іздеген талабынан ештеңе өнбеді бірақ. Тәуекелге бел буып, өзенге қойып кетуден өзге амал қалмаған тәрізді...

Сөйтуге де бірақ батылы жете қоймады. Аты да үркектеп жолар емес. Жер тарпып, осқырынып, шегіне береді.

Шай қайнатымдай уақыт өтті. Өзен мұзының түсуін тамашалағандар өзіне енді мүсіркей қарасты. Қызықтаушылардың қарамы әлгіден де көбейе түсті. Жанында екі-үш қаба сақалды бар Қасымбек те келіпті. Жар үстінде самбырлап сөйлеп тұр. Өзін мысқылдап күліп тұрғандай. Рәпішке де біреу хабар берген сияқты, шапанын желбегей жамылған қалпы үкідей ұшып ол да жетті.

Рамазан жіңішкелеу, тоғайы азақ тұсты таңдап, атын үсті-үстіне қамшылап, жағаға ентеледі. Астындағы жануар тек икеміне көнер емес, шегіншекттей береді.

Сол сәтте Қасымбек даусын соза:

– Уа, қорықпа, өшетел! Әкеле жатқан көсемнің аруағына сыйын да, қойып кет. Құдай біледі, жарып өтесің! – деп айғайлайды.

Қасындағылар да оны қостап:

– Әрине, күштінің аруағы жебеп, оп-онай желіп өтесің! – десіп қарқылдай күлді.

– Е, өткізбей, сонау ит арқасы қияннан атын ақ сорпағын арқалап әкелген соң?..

Қызыл сиырын жетектеп Төлеген де осы сәтте жағаға жеткен-ді. Қарқ-қарқ күлген ересектерге әлдене деп тоқтау айтты:

— Түспеніз, мұғалім. Мен қасқа өгізді әкелгенше орныңнан тапжылма. Атыңмен қоса кетесің! — деп айғайлады да, сиырдың бас жібін шеше бастады.

Рамазан оны тыңдаған жоқ, бәлкім анық естімеді, әлгіндегі қыңыр сөз шамына тиді ме, кенет атын бас-көзге төпеп шегіншектегеніне жібермей, өзен арнасына түсуге қыстады. Жануар қауіпті сезіп, аяғын кібірткітеп алып, беті жалаңаштанып қалған жалтыр мұзды ептеп басып, шашасымен су сызып, алға қарай қозғала бастады. Төрт бұты төрт жаққа кетіп ілбумен бес-алты құлаш жер жүрді.

Ауыл жақтағы жұрт тым-тырыс тұр. Тұс-тұстан гүілдеген айқай-шудың бірі естілмейді, түп-түгел жым болған. Мұртын ширатып, мысқылдай қараған Қасымбек те мына шіркінде ес бар ма дегендей үнсіз тосулы.

Рамадағы суретті Рамазан қолына алған-ды. Әлденеден қауіптенді ме, әлде қолына ұстауды ыңғайлы көрді ме, кім білсін? Қара ат шатқаяқтаған қалпы тағы да бес-алты қадам жүрді. Енді бес-он қадам алға аттаса жағаға ілігері сөзсіз, бірақ сөйтуге шамасы жетпеді. Өзеннің ортаңғы тұсына жиналған су тіпті молайып кетіпті. Мұзды да көбірек шайып әбден жұқартқан сияқты. Аты да соны сезіп, жалтандап, сыңар езулеп төменге қарай жылыстай бастады. Рамазан бірақ еркіне жібермей, жағаға туралай салды. Сөйткені, сірә, бекер болды.

Жұқарған мұз ақыры аттылы жолаушыны көтере алмай, шарт-шұрт сына бастады. Қара жорға тұяғын пірерге таяныш таппай ышқына жұлқынды. Аттың алды ғана емес, туу сыртынан да мұз кесектері опырылып ағынға ілесе көшіп жатыр.

Ә, деп суға сүнгігенде-ақ Рамазан қолындағы раманы жағаға қарай құлаштай лақтырған. Бірақ құрғақ жерге жеткізе алмады. Шынысынан ештеңе қалған жоқ, күлталан болып саудырап түсті.

Төлеген де сол сәтте жағаға қайыра жеткен-ді. Өзен үстіндегі жанталасты көрген соң-ақ әй-шайға қараған жоқ, өздеріне қарай допша атылды. Оның да аяғы тиген жер опырылып, суға белуардан жалп етті.

— Өй, мың жасағырлар, жетістіңдер! — деп айғайлады Қасымбек. — Шешінген судан тайынбас деген осы!..



Рәпіш, Рамазан Әбішевтердің
суретші А. Шевченко салған бейнелері, 1968 ж.



Медеу Сәрсекенің “Шыңғыс хикаясы” трагедиясының Семейдің Абай атындағы қазақ драма театрының қойылымына қатысқан актерлер тобы.
Ортада тұрған Көшмұханбет Әбішев және туыстары. 1970 ж.



“Шыңғыс хикаясы”, Рамазан ролінде ҚР-ның халық артисі
Ә. Жаңбырбаев, Рәтіш – Рысбүбі Асықова



Сол қойылымнан көрініс



Рамазанның саз мүсіні,
мүсінші А. Шевченко



Көшмұханбет
Әбішұлы



Олжабай Шалабаев және ерлі-зайыбты
Әбішевтердің моласы. Қарауыл кенгі, Абай ауданы

Жағадағы жұрт ұландай шулап, онда-мұнда жүгіріп, өбігерге түсті. Бірақ, қол ұшын беруге бірде-бірі жарамады, шынтуайтын айтқанда, дәрменсіз де еді.

Суға күмп еткенде-ақ Рамазан атынан қайран болма-сын сезіп, аяғын жалмажан үзеңгіден суырып, бір жағына қарай аунап кеткен-ді. Бар үміті атында болып, құйрығына жабысып, жандәрмен әрекетке көшкен. Ал, қара жорға суды кешіп, алға қарай лықсыған қалпы, өзін де қоса сүйреп, ұрымтал жағаға ұмтылды. Екпіні әлей ағыс бірақ қол созым жердегі жағаға жеткізер емес, ылдиға қарай сүйрей бастады. Ал, ат тұяғымен, одан да гөрі жалбанданған қимылымен де ойық ауданы кенейіп, қатерлі сәтті тіпті жақындата түсті. Түнде денесін жылытқан шолақ тоны Рамазанға енді сор болды, денесін ауырлатып, емін-еркін қимылдауға мұрша бермей, мұз астына қарай сүйреп бақсын.

Сөйтіп, бір батып, бір көтеріліп арпалыста жүргенде ол Төлегеннің өзіне қарай ұмтыла түсіп, қолындағы жіпті құлаштай лақтырғанын көзі шалып қалды. Жібi бар болғыр тым шолақ екен, өзіне жетпеді. Жеткен де сияқты еді, капелімде ұстай алмай қапыда қалды. Дес бергенде шәкірті сасқан жоқ, сірә, табанымен жерде тұрған сияқты, сәл-пәл жақындай түсіп, шиыршықтап үлгерген ала жіпті өзіне қайыра лақтыруға қам жасады.

Рамазан да сол сәтте су бетінде қалқып жүрген суреттің ағысқа ілесіп, кесек мұздың астына сүнгіп бара жатқанын көріп:

– Төлеген, суретке ұмтыл, жіберме! – деп айқай салды.

Қасымбектің қарқылдаған күлкісін де сол сәтте анық естіді.

– Тұу, мына шіркінде ес жоқ екен, сөзіне болайын! – деп жерге түкірді.

Жағада зар еңіреп тұрған Рәніш те күйгелектеп:

– Лақтыр жіпті. Бол, Төлеш, болсайшы! – деп ышқына айқайлады.

Естияр жігіт естілік аңғартты. От орнындай кесек мұздың шетіне ілініп, ағысқа ілесуге шақ тұрған раманы жұлып алып, жағаға жөнелтті де, сол жерден қолындағы жіпті Рамазанға лақтырды. Бұл жолы Рамазан да қапы қал-

май, бірден шап беріп, Төлегенге қарай жылжи бастады. Ақыры, екеуі бірін-бірі демеп, әрине, Төлегеннің суды кешіп жанталаса сүйреуімен құрғақ жерге жетті.

Қара жорға да біраз жер төмендеп барып, жағаға өзі шықты.

* * *

Сол күннің кешінде қырық үйлі үлкен ауылдың жастары мектепке жиналып, несін айтасың, есте қалғандай сауық кешін тамашалады.

Комсомол ұйымының мүшелері үстіне қызыл мата жабылған үстелді жағалай отырып, кезекпе-кезек орнынан тұрып тақпақ айтты. Рамазан көсем өмірінен сөз сөйлеп, кеш соңында бәрі қосылып ән шырқап, күй тартты. Ал, қатырма қағазға бекітіліп, қызыл орамалмен көмкерілген Ленин бейнесі төргі бөлменің төрінен сауық кешін қызықтаған жастарға жымия қарап тұрған-ды.

XII

Басында қауырт кіріп, етек-жеңді жиғызбай үрдіс енген көктемнің аяғы ұзаққа созылды. Өзендер түссе де, былжыраған жер кеппей, бірде жаңбыр, бірде қар жауып, қатқак қара суық қайта-қайта оралып, күн ызбары сынбай қойды. Жалғыз Бақанас өңірі ғана емес, Байқошқар өзенінің кең саласы, Шақпақ, Ақшатау сияқты ежелгі қоныстар, тіпті Шыңғыстың іші-сыртына дейін лайсан күйде жатыр және жуық маңда содан айығатын емес.

— Көктемгі егіске шығындар! — деп сірі тоны жалпылдап ауданнан талай өкіл келген, қырып-жойып аттандап қайыра жеткен.

Бірақ, басы Әмір басқарма болып, Бақанастың байырғы егіншілері қозғала қоймады. Қозғалмағанда күш-көлігі әзір болмағандықтан емес, жегілетін өгіз бен сиырға дейін, соқа түренін ұстайтын еркек кіндікті атаулы міндет бөлісіп, кімнің не істейтіндігі түсіндіріліп, көктемгі егіске кірісуге

сакадай-сай отырған-ды. Соқа-сайман да жөндеуден өткен, сап түзеп қотанда тұр. Жерге себетін тұқым да іріктеулі, құрғақ қоймада, құлып астында сақтаулы.

Ауа райы ғана тек қолайына жақпады. Соны шыдамсыздана баққан «Бақанас» колхозының егіншілері қандай өкіл келмесін, қандай бұйрық айтылмасын тырп еткен жоқ, жылт етер күн көзін тосып үйінде жатып алды. Тегінде бұлар неше жылдан бері егін салып, жер еміп келе жатқан дикангер жұрт-ты. Бақанас суынан жырып алған тоғаны да болатын. Ақбиік алдындағы құйқалы жерді ерсілік-қарсылы тілгілеп жыртып, бітік егін өсірген тәжірибесі де бар еді. Әмірдің өзі де бұл кәсіптен қара жаяу емес-ті, сол себепті қисынсыз бұйрыққа баспай, әліптің артын баққан.

Ақыры, мамыр айының үшінші аптасында, өлара өткен соң, күн көзі бұлттан арылды. Екі-үш күн ұдайы қызуын аямай төгіп, тас төбеде шақырайып тұрып алды. Қуанған бақанастықтар егіс даласына жапа-тармағай шықты: мектептің сабағы, жиналыс, әлеумет жұмыстары жайына қалды; бала-шаға, үлкен-кіші тік көтеріле кірісіп, қолда бар көліктің бәрін соқаға жегіп, жер жыртуға жұмылды. Бір апта үрдіс қимылдаса жобаланған жер түгел айдалып, бар тұқымды топырақ астына жасырып үлгерері сөзсіз еді...

Амал не, соның да сәті келмеді. Қырсық бұл жолы аспаннан емес, жар астынан кезікті. Тұқым себу басталған күннің ертенінде, таң сәріде ерлі-зайыптылар аттандаған дауыстан шошып оянды: шырт ұйқыдан атып-атып тұрғанымен қапелімде ештеңе аңғара алмай абыржып қалды да, күпәйкесін желбегей жамылған Рамазан үйден жүгіре шықты; келіншегі де қолына іліккен киімін иығына іле ұмтылған.

Сөйтсе тұқым қоймасы қызыл отқа ораныпты. Жанталасып өзен арнасынан су тасыған жұрт жабыла сөндірсе де қызып алған өрт ие бермеді. Кебу тұқым қоймасымен қоса май құйғандай тез жанып, әп сәтте тып-типыл болды.

Қапелімде тап болған төтенше оқиғаға ауыл адамдары шын-ақ күйзелді. Сол күні-ақ ауыл белсенділері арқасына қап салып, үйді-үйді қыдырған. Үрейге бой алдырған Бақанас тұрғындары бір ауыз сөзге келген жоқ, астық жәшігінің

түбін қағып, соңғы дәніне дейін салып берді. Бірақ, жарыта алған жоқ, не бары екі-үш қап тұқым жиналды.

Әмір басқарма екі-үш пар көлікпен ауданға аттанды.

Ауыл үсті гу-гу әңгіме, күбірлеген сөз бір шошаладан қылт етсе, шеткісіне барғанша сан мәрте өзгеріп, құбылып жетеді. Пәленшекен үйінде астық бар, пәленшекен буынып-түйініп кеткелі жатыр, төрт-бес күнде жетіп барар Қытай еліне аспақ. Ауданнан милиция шығады екен, қойманы өртегенді таппаса — үй басы бір адамнан кепіл алады-мыс...

Екі-үш күн бойы қол қусырып бос отырды да, белсенділер өзара кеңесіп, ақыр аяғы оқыс тірлікке кірісті, комсомол мүшелері де соған түгел қатысты. Екі топқа бөлініп, ауылдың екі шетінен жарыса түсіп, бір қора, бір ауланы қалдырмай жаппай тінту жүргізді. Бекер-ақ сенбепті: ешкім ештеңесін аямапты, қолындағы астығын түгел беріпті; қырық үйді сыпыра тінтіп шыққанда жиғаны — орта қап бидай; оның өзі тас араласқан, қап түбінде, кебеже астында қалған қалдық...

Рамазан соған да қатты өкінді. Бармағын шайнап, кірерге тесік таппай қапа болды. Ауылды жаппай тінтуді ұсынған өзі еді. Енді сөйткеніне ұялып, егіс даласына кетіп қалып, күні бойы сол жақта жүріп алды.

Жәнібек сайынан іркес-тіркес түсіп келе жатқан арбалы-аттыларды көргенде ғана ауылға қайтты. Ауданнан оралған Әмір басқарма екен. Құр қол қайтпаса да мандытпапты. Әкелген астығынан гөрі арбасына аяқ артқан милициясы көп пе деп қалды. Өзі әбден жүдеген, қонырқай жүзі қап-қара болып түнеріп кетіпті. Сірә, аудандағы дөкейлерден сөгіс естіп оралса керек.

Басқарма жеткізген тұқымды егінші жұрт бір-ақ күнде жерге сіңірді. Келген милиция мектеп үйін иемденіп алып тергеу бастады. Ол болса тіпті ұзақ жүрді. Бірнеше адамды қат-қабат шақырып қысып-ақ жатыр. Алайда түү баста нысанаға алғаны көп болғанмен ұстағаны шамалы болды: Әзімбайдың Сіләмі ғана. Ақыры содан өзгесін босатты да, Сіләмды тұтқындап, ауданға аттанды.

Күні-түні жүрген тергеуді үнсіз бақылап отырып, ерлізайыптылар өзара: «Жау кеткен соң қылышыңды қайда

сілтерсің дескен-ді. Жасырынған жау дегенін істеді, айдалған жердің жармысына да тұқым түскен жоқ. Әрі кеш себілді. Енді одан нендей опа күтесің?..»

Содан бір күні Рәпіш күйеуіне еркелеген наз үнмен:

— Біржосын қорқамын. Жатсам-тұрсам осы жақтан кеткім келеді де тұрады. Кеше түнде үлкен апам бетіме түйіле қарап: «Аман-есеніңде, күнім, үйге қайт!» — деп жеку айтты. Ояна келсем — түсім. Соған да қуандым. Басқа бір ауданға ауысып кетсек қайтеді? — деп, ұйықтар алдында жайсыз әңгіме бастады.

Рамазан бірақ бұрынғы райынан қайта қоймапты.

— Сен өзі қайдағыны мінгірлеп жатырсың, кеткенің не? — деп ыршып түсті.

Рәпіш басын шайқады. Құлағына жақындай түсіп:

— Өзіміз ғана болсақ бір сәрі, — деді ақырын ғана.

— Неменені жағалатып келесің? — деп ері жастықтан басын көтеріп алды.

Рәпіш сылқ-сылқ күлді. Сонсөң тағы да құлағына ернін тақап, көкейіндегі сөзді бірден айтуға қымсынатын тәрізді, сыбырлай сөйлеп:

— Сірә, нәрестеміз болатын шығар, — деді.

— Қойшы, шын айтасың ба?

— Айдан асып кетті.

— Содан бері неге айтпай жүрсің?

— Қайдан білейін...

— Енді күдігің жоқ па?

— Жоқ.

— Қой, бізге бала сүю әлі ертерек, — деп күмілжіді ері.

Рәпіш біршама уақыт үн қатпай тым-тырыс жатып алды. Тек әлден уақытта ып-ыстық бетін күйеуінің бетіне төсеп:

— Әнеугүні сен озенге түсіп кеткенде зәрем жаман ұшты.

Сірә, сенсіз мен бір күн тұра алмаймын, сенесің бе, бір күн де... — деді.

— Сөзіңе болайын, қайдағыны айтады екенсің.

— Рас. Шыным сол. Сенсіз бір күн тұра алмаймын. Құдай біледі, бір күн... Бір жаққа кетсең, екі көзім төрт болып, есікке жаутаңдап қарап мазам кетеді, — деп құшырлана аймалап, көз жасын көлдетіп ал жыласын. Құшағын

да жуық маңда босата қоймады, оң қолын мойнына орап алған, тілімен тілін іздеп, еміне сүйіп біржолата егілді.

Отау үй болғалы жылға таяса да Рамазанның да жаны елжіреп келіншегін бүгін ғана көргендей қапсыра құшты.

* * *

Айналып соққан қара суықтың соңы бір тамшы жаңбыр тамбаған құрғақ жазға ұласты. Қаулап шыққан аз егін бой көтеріп келе жатқанда Үшқызылдың үстінен соққан аңызак желге тап болды. Тоған суы болмаса көктеген егіннің бой көтермей жатып жанып кетуі кәдік еді.

Қырық үйдің кетпен ұстауға жараған жаны күн-түн өзеннен су тартып жанталасып бақты. Бірақ, табадай шыжырған күн қызуы мен үдеп соққан аңызак егіндікке су жеткізгенше дән түскен топырақты құрғатып жіберді. Құдай адастырғанда тұқым себуді биыл Ақбиіктің арғы түбінен бастаған. Басқарма тың жерді көбірек жыртып, астықты молырақ алуды ойлап, қиғаштау әмір берген. Қырсыққа ұрынарын қайдан білсін, тоған әлі жете қоймаған біраз жерге тұқым себіліп еді. Алдымен күйген сол болды.

Сонымен бұл ауыл биылғы егіннен үмітін үзді. Тұқымды құярмыз-ақ, ал, бала-шаға қорек етер астықты қайдан аламыз десіп үһілеген дәрменсіз жағдаят туды.

Көктемгі қатқакта қолдан күтілген малдың да біразы шетінеген-ді. Бірақ, төл қосылған соң орны толып, жұрт көңілі біршама жайланғандай болған. Соған енді ойда жоқта төтенше науқан килікті. Мемлекетке көмек, тұқым өтеуі делініп, қоң жимаған арық-тұрақ малдың бірқаншасы темір жол бойындағы Аягөзге жөнелтілді. Бұл да бір сәрі еді; бір түнде жылқыдан он екі құр ат қолды болып кетті. Біреуі Рамазанның қара жорғасы.

Жылқышы атын ақ көбік қылып, ұлы сәскеде ойбай салып ауылға келгенде Әмір басқарма мектепте болатын, күнделікті сабағын алып отырған. Жылқышының басы таңулы, қақ маңдайынан сойылмен ұрып, аттан аударып тастап кете барған. Кім екенін қаранғыда аңғармаған, ты-

мақтарын теріс киіп, бет-аузын таңып келіп тұтқиылдан тиіпті. Соны неше қайтара айтып, тек ойбайлай береді.

Жәнекеұлы аттан салып өре түрегелді. Жылқының ұрыдан қалғанын ауылға айдатып алғызып, он бес азаматты сойыл, мылтықпен жасақтап атқа қондырды, таяқ жеген жылқышыны да қосып алды. Бақанастың аяқ тұсынан қолды болған жылқының ізін кесті. Сірә, суыт жүрсе керек, көпке дейін жылқының жас тезегінен өзге ештеңе көре алмады. Қуғынды бірақ үзбей, күні бойы өкшеледі. Бірақ қаскөй топ қарасын көрсетпеді. Қас қарая топ жылқының ізі Ақбастауға қарай ойысты.

Түнгі жайылымнан тоқ күйі мінілген аттардың алды болдырып, қуғыншылар қатары сирей бастады. Ал, түн қараңғылығында із кесе алмайсың, жөн-жосықсыз жосыла берудің реті және жоқ... Әмір де енді не істерін білмей дағдарып қалған-ды. Кеңес ағасы «Қайтпаймыз ба ауылға, қу медиен далада ұшып өлеміз бе?» деп бағана-ақ қақылдаған. Рамазан да сөйткенді құп көрді. Ұрыларға жете алмайтынын анық сезген. Алыстан келген жау. Бірақ, жер жағдайын біліп келіп қапияда тиісуіне қарағанда, Бақанас ауылынан да ниеттестер тапқан сықылды. Алған аттары — өңкей жүргіш, белді жылқы.

Ақыры, бәрі де кейін қайтуға жәдесті. Еңселері түсіп, жай да емес, соққы жегендей болып, ауылға түңіліп қайтты.

Ауыл үсті тып-тыныш, қалың ұйқы құшағында. Күдікті үйлер де үнсіз мүлгуде. Қыбыр еткен бір жан жоқ. Үреді дейтін иттер де үнсіз. Үнсіз болатын себебі — жуырда ғана түтін басы бір-бірден мысық пен ит терісі салық түсіп, қырық үйлі Бақанас әбден сасқан. Соны да өз ауылының ғана емес, маңайдағы жалғыз-жарым қыстаулардың да ит-мысығын жабыла ұстап, қызыл қырғын жасаған. Кейбір үй соны әлі де өтей алмай, ит терісін қарызға сұрап, қысылып жүрген жайы бар-ды...

Ерлі-зайыпты мұғалімдер жаңа салықты тарата келген өкілден онашада сыр тартқанда, тіпті сол шіркін не ойлайды деп жасқанбай:

— Бұл не өрескелдік? Кімнің нұсқауы? — деп қадала сұраған.

Өкіл жігіт жарытып ештеңе айта алмады. «Маған қайт дейсіндер, сондай нұсқау облыстан түсті. Орындатсын деп мені әдейі жіберді. Өзіме берілген норманы орындамай қайтпаймын!..» — деп қыңырая қалсын. Сөйтiп жүрiп дегенiне жеттi. Жұртты қысқа күнде қырық жиғызып, дiкiлдеп отырып, әкелген салығын түгелге жақын орындатқан соң аттанды.

Кешегі сүргіннен сұлдерін сүйретіп, таң алдында үйіне келсе, мектепте тағы да екі өкіл қонып жатыр. Олардың сонша жерден ат арытып келген шаруасы таңертең белгілі болды: Шыңғыстау ауданына қосымша салық келген; соны үй басына тарату керек, үш күнде жиып, үш күнде облысқа жөнелту шарт!..

Кеңес ағасы мен басқарманы ортаға алып, өкілдер колхоз мүшелерінің тізімін көшіруге кіріскенде Рамазан өзен бойына тайып берді. Дені сау адам түсінбейтін бір ғажаптың болғаны анық: түгін басы екі пұт ет, екі қадақ ескі темір, екі қадақ жүн-жұрқа, тағы бір-бірден ит терісі мен мысық терісін тапсыру шарт; он мүйіз бен он тұяқ, бір-бір жылқы құйрығы да тағы бар...

— Соның бәрін үш күнде ауданға жеткізесіңдер. Ал алдала жеткізе алмасаң — көңтірсің, ит жеккенге дайында ла бер, — деп дiкiлдеп қос өкiл отыр.

— Осы нұсқау қай білгіштің әмірі?

Жауабы жоқ көп сауал жүрегін сыздатып, жанын ауыртады. Осыншама шексіз қысас не үшін? Келеңсіз тоқпақ екеніне дау жоқ! Қыс бойы жұртты дүрліктіріп, оңды-солды жосыған қызыл үгіті осы ма, кедей-кепшікті кешегі орташаға теңейміз, заман аужайына көзінді ашып көкірекпен қара, күні ертең бақытқа шаш етектен кенелтемін дегенде... кеңес өкіметінің жеткен жері, жарылқаймын дегені — мынау болса, дау айтарға шарасы жоқ. Мына үстеме салықтардан кейін сенін үгітіне кім сенеді, кімді иландырады?! Жо-жоқ, бұл тегін емес. Кеңес өкіметінің алға ұстаған саясаты мынадай тежеусіз көп салық еместігі өзіне аян. Басқа, мүлдем басқа гәп бола-

тын. Сірә, соны да нақтылап сұрау керек? Тек кімнен сұрайды? Кеңес ағасы Молдаштан ба? Әлде Әмір басқармадан? Жоқ, олардың бұған жетесі жетпейді. Аудандағы дөкейлерден білу керек мұның жай-жапсарын...

Басқармадан ат сұрап мініп, дереу жүріп кетуді күп көрген. Үйіне жақындай бергенде қалт тұрып қалды: пішен қораның есігіне жалын үйкеліп тұрған қара атын көрді; кеше ғана қолды болған жануар, өзінің меншік аты; тұла бойы ақ көбік, жоны сауыстанып қатып қалған; басында қайыс ноқта, оның шылбыры шұбатылып табан астында жатыр...

Рамазан сезе қойды. Байлаудан босанысымен-ақ қара жорға ат қыстай су ішіп, жем жеген ауыл қайдасың деп тартып берген?..

Иесін көргенде қара ат та аяғымен жер тартып, бірер мәрте кісінеп қоя берді. Рамазанның көңілі босап, көзінен бірер тамшы жас ытқып кетті. Қара жорғаның жалынан сипап тұрып қайыра жүгендеді, құлағының түбін қасып, бір қолымен аймалап та қояды. Кісінеген дыбысқа үйден жүгіріп шыққан Рәпіш те айран-асыр қуанып, сыпырғыш әкеп, аттың сауыры мен шашасына қатқан топырақты түсіре бастады.

Сол сәтте аулаға жүгіре басып Монтан келе қалды. Әлденеге абыржулы.

— Ғалия үйінде жоқ... Шешесі суға кеткен, өзен бойында жүрген... шығар деп к...ке...кекірейеді. Сірә, өтірік айтады, сосын сізге к...келдім, — деген сөзді шәкірті ентігіп тұрып әрең айтты.

Монтан басқа бір шаруамен келсе, кешегідей аттандап, жылқы қолды болды десе — Рамазанның лып етіп қозғалуы неғайбыл еді. Енжарлық еңсесін билеп, үміт-сенімінен түңілгендей, өзін-өзі жек көргендей бір ауыр сезімнің шырмауында тұрған-ды. Алайда Ғалияның үшті-күйлі жоғалған жайын естігенде шыдамады, бей-жай күйін әп-сәтте ұмытты. Ғалия — болашағынан үміт күтіп жүрген шәкірті, комсомол мүшесі. Жуырда ғана ұйымға қабылданған. Байқауынша, сол қыздың тағдырына мына Монтан да енжар емес сияқты.

- Не дейсін? Танертеннен бері оралмап па?
- Оралмағанын білген соң... келдім ғой сізге.
- Неге іздедің?
- Жай, әншейін...
- Айтқын келмей ме?.. — Рамазан мырс етіп күлгенмен үнжырғасы түсіп тұрған босбелбеу шәкіртін қинамады. — Жарайды, айтпасаң да білдім, сол қызға бүйрегім бұрады десеңші. Жә, мына шылбырды танысың ба? — деді кенет, ноқтаны нұсқап.

Монтан абдырап қалды. Сірә, шылбырды таныды, тек соны мойындағысы келмей қыбыжықтап төмен қарады.

— Сенің кер тайыңның ноқтасына ұқсайды, рас па? Жә, Ғалияға не болды екен?

— Мұғалім, осы... жай емес пе деп қорқамын.

— Неге қорқасың?

— Қолды болғанға ұқсайды. Қасекең, сірә, сол байғұсты бір жаққа жөнелтіп жіберді-ау деймін.

— Неге жөнелтеді? Қыз балаға зорлық қылуға қазір кімнің дәті барады?

Солай десе де Рамазан күдіктен арыла алмады. Төлегеннің қыстыгүні сыбыры да сол сәтте есіне сап ете қалсын. Қарап отыра ма, жедел әрекетке көшті. Монтанды басқармаға жұмсады да, өзі кара жорғаны ерттей бастады. Рәпіш комсомол мүшелерін жинауға кетті. Монтан тез оралды. Бірақ, қуантқан жоқ. «Байға кеткен қызды іздемеймін, жоғалған жылқыны тауып алсақ та жарар», — депті Әмір басқарма. Сол сөзді Рамазан ұйым мүшелеріне естіртті. Әдейі айтқан еді, жауаптары өзі күткендей бір деңгейде болды.

— Жәнекеұлына адамнан мал қымбат.

— Қымбатың не, малмен бірдей көреді десеңші.

— Іздеу керек.

— Ортамыздағы жалғыз қызды шырылдатып... жетім тоқтыша біреуге өңгертіп жібере алмаймыз. Құтқару керек!

— Аттандық ендеше.

— Атқа мініңдер, басқарманың сөзі — бос былшыл! Аяқ артуға жарар көлікті ұстандар да мініңдер! — деп Рамазан жедел бұйрық етті.

Төлеген ғана жедел жиынға келмей қалыпты. Содан да күдіктеніп үйіне іздеп барды. Күдігі расқа айналды.

— Ғалия маған шәкірт болғанда, саған жақын туыс. Бірге іздейміз, тез киін! — деп бірден-ақ бүре сөйлеген-ді.

Төлеген сасып қалды. Бұл жолы көзін жыпылықтатуға да шамасы келмей, абыржыған қалпы:

— Мұғалім ұрыспаса, Төлеген тазша бармас еді бұл сапарға. Төлегеннің басы Қасымбек ауылнайдың таяғынан жара болған, ағасы. Соған енді жаңа жара қоспаса, Қасекең тап бүгін де Төлеген тазды басынан сипай қоймас... — деп сұңқылдап келе жатыр еді.

Мұғалім қолын сермеп ашу шақырды.

— Сен бұлталақ сөзді доғарып, жөніңді айт. Барғың келмесе — қинамаймын, тек жөн сілте бізге, — деді.

— Мен мұғалімге ештеңе айтқам жоқ, мұғалім менен ештеңе естіген жоқ, уәде ме? Ғалияның су басынан атқа оңгеріліп, Мырзаш ауылына ертеңгілікте аттанып кеткені — сізге өтірік, маған шын...

Рамазан одан әрі шәкіртін қинаған жоқ, түнде мектепке қонған екі өкілге ере келген милициядан көмек сұрауға бел байлады...

XIII

Жаз бойы жаңбыр бір тамбады. Етек-жеңі түрік алашабыр бұлт төніп келеді де, тоқтаусыз көшіп Шыңғысқа қарай өте шығады. Бірнеше мәрте сөйтті. Бірақ, бір рет те жаңбырға айналып, ең құрғанда сіркіреген жоқ. Азынаулақ егінге үміт үркер жер астына құлаған қырық күнде біржола үзілді. Сөйтіп, Бақанас бойындағы еңбекқор жұрттың ендігі қарекеті колхозға берген қара-құрасын көздеумен шектелді. Амал не, сол тірліктің де көп ұзамай кетеуі кете бастады. Жоғары жақтың әмірін орындауға келген әкірең өкілдерден мұндағы ел жаз бойы арылмады. Бәрі де соның қызыл сөзді қарша боратып апырып-жапырып келеді. Бірдеме беруге емес, әрдайым алуға келеді. Әкірендеумен ала алмасын білген соң, милиция жасақ-

тап, қару-сайманын сайлап та келеді. Нәтижесінде қанша азамат түрмеге түсті. Әрине, бағудағы мал қарамы да күрт азая бастады. Не керек, жан күйзеліске мал ашуы қосылып, ел ішін ашу-ыза кернегені анық...

Рамазан соның бәрін жаны күйзеле ойлайды. Біліп қана емес, дінкесі құрып, ақыл-ойы азып та жүр. Бұрнағы күні халжайын блейін деп Құтпа кемпірдің үйіне барған. Баласы жоқ, шалы өлген жалғыз басты жан. Ауыз бөлмесінің босағасында төрт бұты төрт жаққа талтайған таған тұратын. Соны Құтпа кемпір балтамен әрлі-берлі қидалап отыр. «Неге?» — десе, «Дүние қыламын ба мұны, аласартам» — дейді. «Аласартып қайтесіз?» «Биік үстелге салық келеді дейді, қу ағашқа салық төлегенше, аяғын кесіп алып, отқа жағамын». Бекер сөз деп қанша үгітесе де кемпірді иландыра алмады. «Қыста көн салығын түсіртпеймін деп отірік айтқансың, ақырында отқа жағып, бой жылытып отырған мал қиын беріп, әрең құтылдым. Сенбеймін сөзіңе...» — деп қыңырая қалды. Сондай бір келеңсіздіктің болғаны рас-ты. Жазғыпұрым түгін басы екі арбадан көн салығы түсіп, көн таппаған үйлер қыстан қалған қиды ұнтақтап, егістікке тасығанын көзі көрген. Сол жолы да жөнсіз әкірендеп, ежелгі айғайына басқан басқармаға шама-шарқы жетпеді. Құтпа шешей соны айтып отыр. Не деп ақталмақ?.. Күліп келіп, түнеріп кетуге мәжбүр болды. Бұл не? Жыл бойы тыным көрмей жүріп, күні-түні жұмыс істегенде, ел көзін аштым дегенде терген жемісі осы ма?..

Жо-жоқ. Жіпке тізіп санайтын болсаң бұл ауылға сіңірген еңбегі аз емес. Ересектерден отыз адам сабақ алады. Бұған жиырма шақты баланы қосыңыз. Рәпіштің алдында, әне, он әйел отыр. Комсомол әшейкасы дүрілдеп тұр. Биыл күзге бес-алты шәкіртін ауданға жөнелтеді. Олар жеті жылдық мектепке барады, бұл болса жүйелі білім жолына түсудің бастамасы...

Қапырық ыстықтан әбден күнсіген соң қырман басындағы киіз үйлерді жағалап келіп, озенге беттеді. Суға шомылып, сәл-пәл дамылдауды жөн көрген.

Самарқау кірген сары күздің басы еді. Шағармақ күн тас төбеге шығып алып, бар қызуын аямай-ақ төгіп тұрған берекелі шақ. Шегіртке шырылдап, неше түрлі құстар тұс-тұстан

сұңқылдап, өзен атырабы тойға жиналғандай мәре-сәре ушуға толған. Әр жерден сыңғырлаған күміс бұлақ, тоғай сыбдыры. Сары жон далада қуаң тартқан, ал Бақанастың арғы жағасындағы алқап гүлін түсірмей жайқалып тұр. Соған да іңкәр көңілмен тояттай қараған Рамазан ішкіимнен өзгесін сыпырып тастап, күнге қыздырынып шай қайнатымдай уақыт отырды да суға қойып кетті. Ағыны екпінді өзеннің суы едәуір салқын екен. Жазғытұрғыдай екпіндеп, арнасынан асып жатпаса да тартылмаған. Терендеу тұсы белуардан келеді.

Мұғалім жігіт ұзақ шомылды. Содан бір сәтте жағаға шығып құм қайранға құлай кетті. Бұлтындаған бұлшық еттерін қолымен мытылап, шалқасынан жатыр. Дені сау, бойы ортадан әнтек жоғары, кеуделі, толымды қара саны да ет жинап, былтырдан бері едәуір ширап қалыпты. Осы көктемде жасы жиырма үшке толды. Демек, жер басып жүргелі жиырма үш жыл болған!.. Он жылы соның асық ойнап, қозы-лақ қуумен өтті, бес-алты жылы ғана оқуға арналған. Қалғаны – сыпыра еңбек. Ұстаздық етуге шыққанына – биыл екінші жыл. Оңайға түскен жоқ, тартқан азабы зейнет-рақатынан молырақ болған сияқты.

Алдында қандай өмір күтіп тұрғанын болжай алса, шіркін?! Ғайыптан көріпкелдік қасиет дарып, білсе соны? Иә, иә. Бір уақ келешек күндерге саяхат жасап, өзі жүріп өтер алдағы өмір белестерін бір мезгіл шолып қайтса? Ең болмағанда жарым көңіл жадау ауылдың ұлан-асыр шаттыққа кенеліп, қазан-ошағы асқа толған тоқшылыққа жеткенін көрсем... деп те қиялға шомды. Тракторлар гүрілдеп жүрсе анау жұрт жапа-тармағай сабан басқан қырман маңында. Электр шамы жарқырап, жапырайған тоқал үйлер тып-типыл құлатылып, күйген кірпіштен бой түзеп, қаңылтырдан шатыр жамылып жайнап тұрса? Кооператив дүкені шай-қантқа қана емес, неше түрлі пұл мен заттарға толып, өзі баспана етіп, әрі мектепке айналдырған мына үй де жаңа жобамен қайтадан тұрғызылған. Бәр-бәрі соның құлып пен кеңсемен қатарлас салынып, оқтай түзу көше түзесе?.. Шіркін-ай десенші, сондай бір жұмаққа жақын молшылық заманы біздің халыққа қашан туады? Сірә, соны бес жыл, әрі дегенде он жылда көретін шығармыз? Оған сөз жоқ!

Өздері қайда болады сол кезде? Тек соған дейін Рәпіш екеуі Семейдің педтехникумын, әлде Алматыдағы мұғалімдер институтын тәмамдап алса? Әрине, сол кезде қалаға жақын үлкен бір мектепте ұстаздық етері сөзсіз. Әлде осы ауылға қайтып келе ме? Бәлкім, басқа бір шалғай ауданға тап болар? Несі бар, қайда барса да — өз елі, өз жері...

Кенет тоғай арасынан сыбдыр естілді. Рамазан басын көтеріп, түү сыртына сескене қарады. Жан-жағына алаңдап келе жатқан Монтан екен.

— Сізге келдім, мұғалім... — Жанына жайғаса беріп, алды-артына алақтап қарады. — Маған осыны айту оңай да болып тұрған жоқ. Бірақ, айтпасақ болмады...

Рамазан басын көтеріп, түзеліп отырды. «Баяғыда келуің керек еді, сенімен өстіп ашық сөйлесуді мен күткелі қашан?» дегісі келді, бірақ ләм-мим демей, шәкіртінің абыржыған жүзіне аңтарыла қарады.

— Комсомол қатарына мен адал ниетпен түскем жоқ, мұғалім, сізді қыстыгүні оңдырмай алдадым. Ауылнай аға солай ет деген соң, амалым болмады. Солтекемнің Қасым-бегін айтамын, осындағы қаскөй топтың басшысы... Ол кісі маған: «Сіздің сенімге кіріп, айтқанын істе!..» — деген-ді. Сол үшін мені енді жек көріңіз, қарғыс айтыңыз, бетіме түкіріңіз... Мейлі. Сізге мен тап қазір имандай шынмды айтып тұрмын. Өйткені сізге енді әбден сендім. Әнеугүнгі жақсылығыңыздан кейін, Ғалияны арашалаған соң... қалайша өтірік айтамын?! Ғалия екеуіміз келіскен едік, қол ұстасып Семейге кетпекші болғанбыз. Содан да енді ештеңе шықпайтын болды. Иә, иә, солай, мұғалім... — Монтан қалш-қалш етіп, Рамазанның қолынан ұстай алды. — Сізге, мұғалім, зор қатер төніп тұр. Сақтанбасаңыз, мерт боласыз. Мен шатасқан жанмын, әкемнен асып қайда барамын, тым болмаса сіз құтылыңыз. Кетпесеңіз болмайды, мұғалім, бұл ауылдан тезірек кетіңіз!..

Монтан іле-шала тайып бермек болып сырғақтай бастағанда, Рамазан да қоса түрегеліп:

— Ұрланған аттарды қайдан іздейміз? — деді.

— Алыстап кетті ғой, мұғалім. Іздеп қайтесіз? Шұбартау жақтан, керейлер ауылынан қарау керек. Бәлкім, одан

да әрі асырды, Бакты деген алыс жерге жөнелтеді білем. Ал, одан әрі Қытай шекарасы дейді... Айтпақшы, ана жолы да мен сізге өтірік айттым. Қара атыңыз сүйретіп келген нокта біздің үйдікі...

— Тағы бір сұрақ? — делі Рамазан жедеғабыл киініп жатып, — Әкеңнің үйге келіп жүретіні рас па?

— ?..

— Жарайды, жүре бер. Тек аузына ие бол, ал оқуға барасың, түнілме.

Монтан кипактап тұрып:

— Мұғалім, мені қайтесіз. Сізді, басқарманы өлтіріп, бұлар Қытайға кетпекке пәтуаласқан сияқты... — деп тоғай арасына сүңгіп кетті.

Рамазан ауылға қарай жүгірді. Естігені аз емес. «Қандай соқыр едім! Жұрттың бәріне өзімдей сеніппін. Талай күн босқа өткен, қаншама жұмыс зая кеткен!..»

Қасымбек адал адам болады деп қаншама уақытымды зая еттім?! Неткен бейғамдық! Жо-жок, ондай жуан тұқымы, анау... Саниякас, Қыдыш, Қарабаланың түп ниеті бұзық екенін ішім сезді-ақ. Бәріне де үмітпен қарадым. Ұрлық та, өрт те — солардың қарекеті. Ғалияны байлап берген де солар. Қойманы да солар өртеді. Енді міне, құрмалдыққа өзін атапты...

* * *

Осы жерде хикаят желісін үзіп, кітап авторына бертінде мәлім болған екі деректен үзінді келтіреміз...

Оның алғашқысы — Абай ауданының орталығы Қарауыл елді мекенінің тұрғыны Абзалхан Тоқаевтың естелігі. 1958 жылдың 22 қазан күні Семей облыстық радио хабарларын тарату комитетіне жолдаған «Жалынды жас азамат» деп аталған, көлемі төрт парақ хатында ол азамат былай депті:

«Аудандық партия комитетінің шағын клубында аужаскомның пленумы шақырылған, 1931 жылдың тамыз айының аяқ шені. Мінбеге аққұба өнді жас жігіт шығып, «Бақанас» колхозындағы комсомол ұйымының жұмысы тура-

лы есеп беріп тұрып, бір мезетте: «Аудан орталығынан шалғайда ұйымдасқан колхоз мүшелерімен мен шама-шарқым жеткенше үгіт-насихат жұмысын жүргізіп келемін... Алайда, тап сол маңатта колхоз құрылысына пиғылы жат адамдар әрекет жасап жүргені күмәнсіз анық. Солардың зиянкестік қаракеті соңғы кезде күшейіп, жиілей бастады. Ал, аудан басшылары, милиция мен ГПУ органы қаскөйлердің жасырын ұясын түбірімен жоюға дәрменсіздік аңғартып отыр... Қысқасы, қарапайым бастауыш мектептің мұғалімі, комсомол әшейкасының хатшысы менің сол ауылда бұдан әрі жұмыс істеуім қауіпті жағдайға айналды. Сіздерден мен осы қатерді ескеріп, басқа мектепке ауыстыру жөнінде өтінішімді қанағаттандыруды сұраймын...» — дегенде, залдың әр жерінен жас жігітті сөгіп, «Әй, шырағым, кімнен қорқасың. Комсомол мүшесі табанды болу керек. Жаңа оқу жылы басталуға бірнеше күн қалғанда басқа мектепке сұрануға болмайды...» — деген тәрізді жеку айтып, сөзін бөлді. Ал жиын төрінде отырған райком хатшысы: «Жігітім, саған мен бекерге қорықпа, органның адамдары бәрін де біліп отыр. Таяу күндерде тап жауларының жолын кесетін шара қолданамыз-жедім. Мынауың паникердің қылығы, комсомол мүшесі тап жауларынан сескенбеуге тиіс!..» — деп, әлгі жігіттің уытты сөзін жұмсарта сөйледі. Бірақ, мұғалім жігіт те қайсар екен, залға қасқая қарап: «Жолдастар, қорқақтық көрсетіп тұрғам жоқ, өз басыма төнген қатерді ескертіп тұрмын. Халық игілігі үшін мен қай жерде, қандай жағдайда болсын жұмыс істеуге әзірмін!..» — деп мінбеден түсті. Жігіттің үрейленген кейпі бізді ерекше толқытты. Апыр-ай, мына сорлы шынында қиналып жүр екен дестік... Ақыры, не керек, айтқаны келді. Осыдан кейін, біз, аужаском мүшелері, жас азаматты қайыра көргеміз жоқ... Менің сөз етіп отырған кісім — Рамазан Әбішұлы, Бақанастағы бастауыш мектептің жас мұғалімі...».

Енді академик Е. А. Бөкетовтің 1978 жылдың 20-21 сәуір күндері Қарағанды қаласындағы өз пәтерінде Шыңғыстау ауданындағы ОГПУ-дің өкілетті өкілі болып 1931

жылы қызмет атқарған Абзал Қарасартовпен екі тәулік бойы жүргізген сұхбатында магнитофон таспасына түскен ұзақ әңгімесінен шағын үзінді келтіреміз (Бұл сұхбат Ебіней Арыстанұлы опат болған соң, яки таспаға түскен уақыттан ІІ жылдан кейін «Қазақ өдебиеті» газетінің 1989 жылғы 10, 17 және 24 ақпан күндеріндегі сандарында «Білмеймін Шәкәрімді кім атқанын?..» деген атпен жарияланған. Сұхбатты тұңғыш жариялаушы — ғалым-жазушы Бейбіт Сапаралы):

«БӨКЕТОВ: Үшінші сентябрьде алғашқы отрядты жібердіңіз бе?»

ҚАРАСАРТОВ: Одан бұрын жібердім... Райкомға, солардан банды ұйымдасып жүр деп арыз жазған, Шұбартаудан келіп жатыр деген лақаппен мен райкомның... бюросын шақыртып, құрама отряд құрғызып, басында райкомның бірінші секретары Ағылантов бар, Серікбаев Түгелбай деген прокурор бар, бас-аяғы 30-40 шақты адамды жібердім. Сондағы берген тапсырмам: сол бандымен атысу емес, тек қана пәлен адамды ұстап әкелу. (...)

БӨКЕТОВ: Сіздің жаныңызда жүрген кісі де бар ғой?

ҚАРАСАРТОВ: Шарабаев Әбдірайым (өзі үнемі жолға ертіп жүреті милиционер қосшысын айтып отыр — М. С.) дедім ғой. Әбдірайымда... айласынан басқа қаруы жоқ, оны енді тұлкі дейік те қоялық. (...) Оның бізге көмегі қалай тиетіні белгілі ғой. Сол шіркін отрядтың бетін теріске бұрып әкеткен. Содан Шұбартауға кеткен. Бақанасқа да бармаған, Байқошқарға да бармаған. Олардың ұйымдасып жатқан жерінің ортасына соқпастан, Шұбартау өтіп кеткен ғой. Бұл хабарды алғаннан кейін мен екінші отрядты жібердім. Екінші отрядтың бастығы Іргебаев Иманғали дейтұғын коммунист, райотделдің бастығы, начальник милиция. Екінші отряд құрып, жиырма шақты адамды тағы жібердім. (...) Екінші отряд та жоқ. Сол екі ортада оларға шабуыл жасады ғой...

БУКЕТОВ: Сонда екінші отрядтың бастаушысы онша болмаған ғой, жобасы?

ҚАРАСАРТОВ: *О да онша емес. (...) Егерде мен шара қолданбасам, менің өзімді де қайда жіберетінін білесіз ғой. Не қарап отырдың дейді ғой. Менің жіберген, істеген еңбегім, ұйымдастырған мәселем, бәрі де дұрыс болып отыр ғой*...».*

XIV

Жұлдыздар жарығы өлусіреп, таң бозара бастаған елең-алаң шақ еді. Шыңғыс сыртындағы жота, төбелер үсті ап-анық біліне бастаған. Тек тоғай бойы, дала жақ әлі де түн түнлігін түре алмай, түнерген қалпында маужырап жатқан-ды.

Пішен қорада таң асып тұрған басқарманың жирен төбел аты кенет шұрқырап қоя берді. Жануар құлын кезінен етене табынның үйреншікті дыбысын құлағы шалғанда жер тарпып тыпырши бастады. Мектепке ұрымтал өзекте арқандаулы тұрған мұғалімнің қара жорғасы да қоса елегізіп, әлденеге еліккендей тау жаққа қарап құлағын қайшылап, оттауды қойып, арқанды сүйретіп, әрлі-берлі тыпыршыды.

Рамазан соның бірін білген жоқ. Рәпіш қана құрсағы өскелі сергек ұйықтайтын болған. Қотан күзетіп түні бойы дамыл көрмей үріп шығатын иттерден айырылғалы түні бойы өліктей сұлық қалыпта, тып-тыныш жататын ауылдан екі бірдей жылқы шұрқырап қоя бергенде ол селк етіп, жастықтан басын көтеріп, жан-жағына қараған-ды. Рамазан рақатқа батып, күлімсіреген шыраймен ұйықтап жа-

* Әрине, арада 47 жыл бұрынғы шерлі оқиға жайында сыр тартып отырған академик-жазушы «ұйымдастырған әрекетімнің бәрі де дұрыс болды» деп ақталып отырған зейнеткерге «Ақсақал, дұрыс болса, тап жаулары бекінген ауылдарға аттандырған екі бірдей отрядыңыз не бітірген, Шұбартау асып кетіп, ол жақтан кімді іздеген?» – деген күмәнді сұрау қоймаған. Өйткені сұхбатты жүргізушінің мақсаты – Шәкәрім Құдайбердіұлы ақынның қайғылы тағдырын анықтау... Біздіңше, қалай деп ақталса да, мақтанса да алдын-ала хабар алып отырып, тиісті шара қолдануға міндетті, қолында қару-күші де, билік те бар Абзал Қарасартов нақ сол күндерде пәрменді қимыл көрсете алмаған. Нәтижесінде Байқошқар мен Бақанас ауылдары жасанған топтың ойранына ұшыраған...

тыр екен. Күні бойы тыным алмай жүгірумен болатыны есіне түсіп, оятқан жоқ.

Сол мезетте басқарманың Қайшасы да жастықтан басын көтерген. Қатты ұйықтап жатса да бөгде дыбысқа құстай қағылез әдеті әйелді бүгін де жаңылдырған жоқ. Бәлкім ауыл ішінен шұрқыраған жылқы үніне түү алыстан талықсып жеткен көп тұяқтың дүрсілі аландатты? Әйтеуір әлденеден секем алғаны анық. Көзін тырналап ашып терезе алдына барды да, кенет үні шықпай, тым-тырыс тұрып қалды.

Әйнектен ол Жәнібек сайынан бері қарай құлап келе жатқан аттыларды көрген-ді. Жүрістері суыт, екі-үштен шоғырланып, тік кезеңнен ентелей түсіп келеді. Қайша маужыраған қалыптан тез сергіді.

— Ойбай, аттан! Қаптап келеді! Жау-жау! — деп жан ұшыра айқай салды.

Шошып оянған күйеуі дәмде атып тұрғанымен ештеңеге түсінбей, жан-жағына алақтап қарай берген. Әйелі жалмажан көйлек, шалбарын қолын ұстатып:

— Ойбай-ау, жаның бар ма? Қосақ арасында өлесің сорлы!.. Тез кет, қаш мына пәледен! — деп дереу далаға ұмтылды.

Көкпезер әйел со бетінде пішен қораға ұмтылған. Түнде ғана жоқ қарап келіп, таң асырып қойған жирен төбелді жетелеп қақпа алдына әкелді. Шыңғыс қойнынан сар желіспен шұбап келе жатқан салт аттыларды көрген соң-ақ Әмір де пешпетінің бір жеңін киіп, бір жеңін таба алмай сасқалақтаған қалпы есік алдына шыққан. Таң асып, іші октаудай боп ширығып тұрған жирентөбел иесін көрген соң жер тарпып, бірер мәрте пыскырып қалды. Сол сәтте Әмір де аттың үстіне допша атылды.

— Жөнел тез. Аненкоптың салдатынан да аман қалғамын, қатын-қалашқа тиіспес, маған қарайлама!

Кемсендеген Қайша атты сауырға шыбықпен сабап қуа бастады. Әмір жөнеле беріп:

— Қатын, өшетелге жүгір. Тек сорлы бала атына жете алса?! — деп дауыстады.

Аттылардың алды өзен арнасына құлаған тәрізді, артындағылардың қарамы сұйылып қалыпты. Күйеуінің дер

кезінде аттанып кеткеніне қуанған әйел үкідей ұшып, мектепке қарай жүгірді.

Бірақ, кеш қалған еді, оны өзі де сезген-ді.

Салт аттылардың алды саужеліспен ауыл шетіне ілінгенін көріп келеді. Қайша шу дегенде есікке жүгірді. Есікті бірер жұлқып, терезеге ұмтылды. Келе-ақ әйнектің құл-паршасын шығара теуіп-теуіп қалды. «Ойбай, қашындар!..» — деп жандәрмен айқайға басты. Одан әріге мұршасы жетпеді. Желке тұсынан сарт еткен сойылдан жасқанып, «Ой, Алла, олдым!» — деп байбалам салып, жер сүзе құлады.

Ерлі-зайыпты мұғалімдер киініп те үлгермеді: тегеурінді тепкіге шыдамай, ауызғы бөлменің есігі ішке қарай жалп ете түсті; терезенің де үңірейген қуысынан сұғылған сойылдың ұшы көрінді... Рамазан «Бұл кім?» дегенше табалдырықтан ішке аттап келе жатқан екі-үш қаба сақалды ауылдасын таныды.

— Кімсіңдер, апыр-ау, не үшін?

— Белсенді немені аяма, белсендірек соқ!

— Бұл неме бізді ұстатпақ болды ғой, көрсет көкесін!

— Тепкіле, жанын шығар!

Рамазан әмір беріп тұрған Санияқас екенін тымырсық үнінен аңдады. Сірә, аяушылық болмайтынын ұққан болар, араша сұрап жалбарынған жоқ. Тек кереуеттің алдын бермей, жалаңаш жатқан келіншегін жұтынған аш көздерден тасалап, әлде дүреден қорғауды ойлады ма, қолын екі жаққа жайып мықшия отырып алды.

Бірақ, тегеурінді қолдар қоймады. Рамазанды кереует алдынан жұлып алды. Рәпіш те жан ұшыра қимылдап қоса ұмтылған еді, әлдекімнің талмауыр бүйірінен тиген ауыр жұдырығы жер еденге мұрттай ұшырды. Одан әрі қаншама тепкі, дүре көргенін екеуі де білген жоқ...

Әп-сәтте күн арқан бойы көтеріліп, Маян биігінің иығынан көрінген. Ауыл-аймақ түгел оянған. Өріске шыққан бір тұяқ жоқ. Қой-қозы жамырай шулап, сиыр мөңіреп, қотан үсті азан-қазан. Жылқы атаулы бұрынырақ қолды болған тәрізді, саяқ аттар түгілі тай-дөнендерге дейін ерттелген. Ат үстіндегілердің біразы ұсталған малды иіріп, енді бір тобы үйді-үйден кісі жиып жүр.

Қотанға жиналған жұрт «Байқошқар» колхозының қара атанын мектеп алдына жетелеп келіп шөгергенге шекті Қасымбектің не ойлап тұрғанын білген жоқ-ты. Қара атаның үстіне киіз жабылған соң-ақ әйелдер жағы қыбыжықтай бастады.

— Ойпыр-ай түйеге артып, кісі өлтіруді кім шығарды екен?

— Сөйтуден тайынбайды, бала-шаға шошиды. Қой, кетелік! — десіп жылыстай бастаған-ды.

Балаларын жетектеген әйелдер ығыса бастағанда Қыдыш шал:

— Тәйт әрі, тоқта! Таратпа бірін! — деп айқай салып, қаша бастаған әйелдерді ат бауырына алып, мектеп алдына қайыра қуып тықты.

Сол сәтте екі-үш жігіт тұтқындалғандарды мектеп үйінен шығарды. Алдымен Шәмел мен Исатайды сүйреп әкелді. Екеуі де дүреленген: бет-аузы көкпенбек, киімдері жыртылған; сөйтсе де ширақ, өз аяқтарымен шықты; екеуінің де қолдарын артына байлап, салт аттылардың артына жайдақ мінгізді.

Рамазанды қолтығынан демеп шығарды. Шөгерулі түйенің жанына сүйретіп әкеліп, жерге отырғызды. Сонда ғана ол басын көтеріп, Маянның биік жотасы үстінен жарқырап тұрған күн табағын жаңа көргендей сығырая қарады. Төбесінен төнген көкпенбек аспанға да көз қиығын тосырқай төңкерді. Есеңгіреген қалпынан айыға алмай әрең отыр, жалаңаш денесі ертенгілік салқыннан тітіркенгендей жиырыла түсіп, тұс-тұстан өзіне анталап қараған көпке сүлесок қана көз тастады. Торығу ма, қапылыста ұсталып қалғанына қамығу ма, басын шайқап, тісін шықырлатып, саусағының ұшымен жер тырнады. Не үшін, нендей қылығым үшін бұл жаза дегендей? Өз білгенімді хал-қадерімше бөліскенім үшін бе, ол болса келешектің қамы еді ғой? Адасып тұрсындар, ағайын. Кімдердің айтағына еріп, кімге сеніп бүліншілік әрекетке бас ұрдыңдар? Осының артын ойласандар етті?!

Іле-шала Рәпішті де алып шықты. Оның да бет-аузы көкпенбек, жаңа аршылған жұмыртқадай аппақ денесінің

эр тұсына қамшы табы түскен, қобыраған шашы арқасына сыймай, алды-артына жайылып кеткен. Тәлтіректеген қалпы екі-үш қадам жүре түсті де, қолтығынан демегендерді қолымен ысырып, қара атанның мінер жағында бүк түсіп отырған ерінің қасына келді.

— Ойпырым-ай, мыналарда ес бар ма? Екіқабат әйелде несі бар?

— Әйелінің кінәсі қанша? — деген тағы бір әйелдің ащы үні топ ішінен санқ етті. — Әй, сойқанды содырлар, обалсауапты неге ойламайсындар?!.

— Апыр-ай, тым болмаса ауылдан тасаға әкетіп дүрелесе қайтер еді?..

— Бол, артындар түйеге!

Ерлі-зайыпты қос мұнлықты түйенің үстіне қатар отырғызып алып, бір әулекі қара атанды жонға сабалап орнынан тұрғызды.

Мектеп алдында ошарылған көпшілік ат үстіндегілерге ожырая қарап, тым-тырыс тұр.

Рамазан сол тобырға түйе үстінен сазара қарады. Қолаяғым байлаулы қалпымда да сендерден жоғарымын, жалынбаймын, сауға сұрамаймын, менің сұрауым алда... дегендей қайсар жігіттің адуын көзқарасы.

Рәпіш қана затына тартып босандық аңғартты. Сірә, бір жылға жетер-жетпес уақыт аралас-құралас болған Бақанас жұртына айтары бар сияқты, бадана көзі жасқа толып:

— Не дейін сіздерге?.. Артық-ауыс сөз айтып, ренжіткендей қылығымыз болса, кешіріңдер, бізді кінәлап еске алмандар, ағайын...

Ағыбай Жаңабайұлы жақындап келді де, түйенің тізгінін қамшылар жақ қарына ілді. Әйелдер жаппай сыңсып беттерін басты. Даусын қатты шығара алмай, жең ұшымен бет-аузын басып, кейбірі теріс айналып тұншыға жыласты. Еркек атаулы үнсіз, дені ат үстінде. Ағыбай қара атанды жетегіне алып жөнеле бергенде солардың кейбірі ерер-ермесін білмей, алды-артына жалтандап қарай бастаған-ды. Манадан бергі ат үстінде үнсіз бедірейіп тұрған Қасымбек кенет санқылдаған ащы үнмен:

— Жалтандама, карайлама артыңа! Түгел барасың! — деп қолындағы қамшысын жоғарыға шолтаңдатты. — Қалып көр, шаңырағынды ортана түсірейін!..

Салт атты тобыр ұзап кетсе де мектеп алдындағы балашаға мен кәрі-жас әйелдер көпке дейін тараған жоқ. Шыңғыс ішіне кіре-ақ бір сойқанның боларын іштей сезіп тұр. Бәр-бәрі ауыр күрсінеді, үһілеу де басым. Бәр-бәрінің тұншыға жылап, аһ ұрған күрсінісі: «Бұл кесепаттың арты кімді, қашан және қалай шалады? Еркек атаулы ереуіл атқа ер салды. Ал, біздің күніміз не болады?..» — деген түйткілді сауалдың шырмауынан шыға алмай, мәңгіп тұрғаны анық.

XV

Жол ұзақ та ауыр болды. Ереуіл топ Шыңғыстың иіршиыр жота, шатқалдарын бөктерлеп көп жүрді. Тау жолының өр-қиясына қара атанның мезі шайқағы қосылған соң не сорын? Түйенің әр адымы екеуінің де іші-бауырына ине сұққандай болып, тыным тілеген жарақатты денелерін тұтас шаншып азапқа салып келеді. Кей уақ осы сапар тез бітсе екен, не көрсек те осы бейнет тезірек таусылса екен деп те тілеген-ді. Әсіресе Рәпішке ауыр тиді. Тепкіні еріне қарағанда азырақ көрсе де азабы ауырлау соққан сияқты. Тісін шықырлатып, түйе тайпандаған сайын қинала дыбыс қатып, шыңғыра жаздап әрең шыдаулы. Рамазан қиналса да сыр берген жоқ. Төзіп бақты, тістеніп алған. Кей уақ жан-жағына шола қарайды. Көделі шоқылар сұстиып, құзды шатқалдар түнеріп, табан асты бұлдырап көрінеді. Кеше ғана, аудан орталығынан қайтып келе жатқанда, шөбіне дейін ән салып тұрған дырдулы өлке, думанды тау іші бүгін аса суық, тасбауыр райға көшкен. Әнші бұлақтар, гүл толған сайлар алыс жаққа көшіп кеткендей, бәр-бәрі үшті-күйлі жоғалып, көз алдынан біржолға өшкен сияқты. Құс атаулы қырылып қалғандай, айналасынан ұшқан бір торғай көрінсейіші. Ең аяғы мазасыз шегіртке де шырылдамай үнсіз жатыр. Қамшылар жақ көкжиектен жалқыаяқтана көтерілген күн де бүгін жуылмаған әйнектен сығалағандай нұры бұлдырап, ақ сәулесі кір-кожалықтанып

көрінеді. Шөп басын бырт-бырт үзген түйе табанының жайсыз тырпылы, алды-артынан естілген ат тұяғының дүрсілі, әйелінің ауық-ауық ыңырсуы – естігісі келмесе де ойын бөліп, ақыл-есін тұқыртып келеді. Недеген құбылмалы, тұрақсыз дүние деп те қамығады жас жаны. Кеше ғана ән салып тұрған өлке бүгін жым-жырт бедірейін жатыр, өлі недедей қатып қалған...

Ауылдан аттанғанда-ақ «Апыр-ау, бұлар бізге не істемек?» деген күмән-күдік Рамазанның ой-санасын шыр-маған-ды. Қан тілеген содырлардың құрмалдыққа ең алдымен өзін тартарын да бірден сезген. Бәз-баяғы «еркек тоқты құрмалдықтың» жорасы етері сөзсіз. Ереуілдеген мына тобыр, әрине, солардың дені қосақ арасында босқа жүргендер, күні ертең сол үшін опық жейтіні сөзсіз. Сол пенделерге сес көрсету үшін қан төгу керек. Өйтпейінше бірде-бірін сонына ерте алмайсың, әмірің де жүре қоймайды. Олай болса?.. Алайда аяғы ауыр, құрсағы өсіп, жүктілік белгісі айқын білінген келіншегін де қалдырмай алып шыққан соң басқадай бір желеуге көңілі ауды: «Е, бұлар бізді аманат үшін ерткен болды. Қытай шекарасына жеткенше байлап-матап ұстап, қиын-қыстау күн туса – қуғыншы жасаққа бізді атап, сірә, өздеріне қорғаныш жасамақ...» – деп те ойлады. Ал, қуғын боларына титтей де шүбәланған жоқ. Молдаш ағайдың, одан да гөрі Әмір Жәнекеұлының тиыш жатпасына, қазірдің өзінде Қарауылға, бәлкім Аягөздегі өкімет адамдарына хабар беріп, «Аттандап!» айқай салып жүргені сөзсіз... Бірақ, мына топ түстікке емес, күншығысқа бет алып келеді. «Ау, сонда бұлар қару-жарағы сайлаулы, қарсы тұрар адамы да мол аудан орталығына не істейді?..» Тіпті содан қарадай шошиын деді.

Өзіне аяушылық болмайтынына ол бағана, ертеңгілік дүрелеу кезінде-ақ сезген. Олай болса, жас жанына сауға тілеп, өзінді-өзін бекерге малдандырудың қажеті шамалы. Демек, нендей құқай көрсе де шыдау керек. Әкесі Әбіш Құсайын болыстың пәуескесін тілгілеген сойқанын есіне алып отырып: «Ұсталған күні болыстың жандайшаптары аяусыз дүреледі. Мен бірақ ыңқ демедім. Дегізбеген намысым. Кегім қайтқанын сезіп, сендерден мен күштімін,

неғылсан да көтерейін деп шыдап бактым...» — деп ішінде жатқан көкірек сырын балаларына шерткен-ді. Шалыс ойдың шалығы ма, сол әңгімені әкесінен кеше ғана естігендей-ақ есіне сап етті. «Шыда балам, мейірімсіз жауға осалдығыңды көрсетпе!» — деп қасында тақылдап тұрғандай құдды. Бағана да есін алғаш жиган кезде де қарт әкесі көз алдына елестеп, өзіне жұдырығын түйгендей болған. Оны енді есінің кіресілі-шығасылы кезіндегі елеске сайды. Ал, қазір? Қайран әкесі қажырын қайрап тұрғаны-ау деп ойлады. Содан кейін-ақ өшіккен топтың көрсеткен қиянатына қыңқ демей, үнсіз көтерді...

Рамазанның үшқыр көңілі әр саққа ауып, қайдағы-жайдағыны ойлап, кеше ғана басынан өткен қызық-шыжықтарды көз алдынан өткізіп, енді бір уақ ойда-жокта тап болған мына сойқаннан құтылар-құтылмасын қинала ойлап, одан да гөрі өзімен бірге тұтылған жан жарының мүшкіл халіне алаң болып келе жатқанда, қара атанның әлдебір сайдың етегінде тоқтап тұрғанын аңғарды.

Мезгіл шаңқай түс. Шақырайған күн тас төбеде тұр. Бұлтсыз аспан жаңа ғана жуылған әйнектей мөлдіреп, төңкерілген қалпында қимылсыз бедірейеді. Айнала қоршаған тау сілемі, жоталар, қарсы беттегі шок қайыңға дейін тым-тырыс.

Қасымбек салт атты топтың алдына шықты да, даусын кенеп:

— Уа, жамағат! Берекелі ел атыңнан айырылып, ата жолынан біржола айнып, таусылдық па деп камығуда едім, қателескен екенмін. Қателескенімді бүгін білдім. Ат суытып, ат жалын тартып мінген ереуіл үстінде білдім соны. Қолдағаныңа Алла разы, мен емес, мына Қарабала, Санияқас, Қыдыш емес... баршамыздың жебеушіміз ұлы бабалар аруағы разы. Аумин!.. — деді қолын жайып.

— Аумин! Өзің жебе, бабалар аруағы!

Кенет гүр-гүр еткен көп үннен тау жаңғырықты. Аттар да елендеп, құлағын қайшылап, жер тарпып қозғалақтап қалды. Сойылдар сарт-сұрт соғылып, бір-біріне серт айттысқандай, шақ-шүк үндесті.

Рамазан басын шайқады. Рәпіштің әлденеден сескенгені анық, есі-тұсы қалмай шулаған әңгүдік тобырға шошына қарады.

— Басымыз қосылды, баяғымыз қолымызға қайта оралды. Осы бірлігіңнен айырылма, бас жарылса — бөрік ішінде... Ал, қане, жігіттер, түйені шөгеріңдер.

* * *

— ...Өзіңіз сұрап отырған кісімен кездескіңіз келе ме? — деді кенет Семей қаласының заңгері.

Сенейін бе, сенбейін бе?.. Мосқал заң бақылаушыға аныра қарағаным есімде.

— Иә, Солтабаевты айтамын. Кездесем десеніз, шақырып беремін...

— Солтабаев тірі ме?! Қайсысы? Екеуі де ме? Әлде сіз қалжындап отырсыз? Сол дүрбелеңге қатыскандардың бәрі дерлік опат болған. Ал ағайынды Солтабаевтар бүлікті бастаушылар...

— Кездескіңіз келе ме? Солтабаев Қасымбек тірі... — деді заңгер.

— Келгенде қандай! Егер мүмкін болса?

Кабинет иесі алдындағы күнтізбекке әлдене жазды да, маған жымия қарап:

— Ертең, жоқ, бүрсігүні, түс ауа келіңіз. Қасымбек Солтабаев қалада болса кездестіремін. Не сұрайсыз, әбден ойланып келіңіз, бірер сағатқа қолыңызға беремін.

...Қасымбек отағасы кабинетке еркін кірді. Тосын шақыруларға көндіккен адам тәрізді, қарсы алдыма жайғасты. Жүзі суық, қарасұр өнді кексе. Мұрты қоғалы жердін түгіндей қаулап өскен, сақалы да бірнеше көсеге қарызға бергендей мол, қалың қабағы салбыраңқы. Жасы жетпісті еңсергені бетін шимайлаған әжім іздерінен көрініп тұр. Денесі тік, еңкеймеген. Жүрісі нық, қимыл-қозғалысы да ширақ. Тек көз жанары солғын, бұлыңғыр көре ме, әлде бұқпантайы бар ма, адамға тура карамайды.

Сол күнде жиырманың шебінен жаңа асқан кезім, бойымды кенет беймәлім діріл биледі. Рамазан-Рәпіш хикаятының ізін шалғалы қарсымда отырған кексенің әккі мінезқұлқы, бұқпантай қаракеті жайында аз-маз мағлұматым бар-ды. Кім-кім, Қасымбек отағасының тап өзін ойда-жоқта кездестіремін деп ойлаппын ба, сірә, сесі басты білем, ә

дегенде көкейімде сайрап тұрған жәйттердің бірде-бірін сұрай алмай, қыбыжықтап отырып, денсаулығы мен тұрмыс күйтін ежіктедім. Қас-қабағы қату кексе ақырын ғана:

— Қарағым, саған менің тұрмыс күйтімнің керегі болмас. Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей тіршілігім бар... Өзіңе керекті сұрасаншы, — деді.

Он бес жыл ұдайы жалған құжатпен өмір кешіпті. Бастапқы кезде бір жерде толық бір жыл пайыздап тұра алмай, Қазақстаннан жырақта, Сібірдің кен байтақ түкпірін паналапты. Содан 1946 жылы Алтай өлкесінде ұсталыпты. Семейге әкелініп, ақыр аяғында 1931 жылғы қылмысы үшін сот алдында жауап беріп, со күнде ең ауыр деп есептелетін 25 жылды арқалаған. Артық-кемі жоқ он жыл отырыпты. Егде жасына байланысты қалған жылдарына кешірім алып, сол сапардан жуықта оралыпты.

Енді міне, 27 жыл бұрынғы (Қасымбек Солтабаевпен мен 1958 жылдың ақпан айында кездескем-ді) шерлі оқиғаны есіне түсіріп, деректі хикаят авторына күнгірт болып жүрген кейбір жәйттерге түсінік беруге тиіс. Әрине, айтқысы келсе?..

Күдігім шындыққа айналды. Әр жәйтті ежіктеп есіне салсам да кәрі қыркылжың елікпеді. «Иә, солай, өзін де біліп отырсың...» — деп ұзақ әңгімеге түспей, жетелеген сұрағыма қысқа ғана жауап беруден жаңылмады. Дүрбелең күндердің оқиғасын есіне алуға құлқы жоғы бірден-ақ мәлім болды. Мен де бірақ райымнан қайтпадым.

Міне, сол кездесуде қойын дәптеріме түскен жазбалардың үзгігі...

АВТОР: Ерлі-зайыпты Әбішевтер туралы не айтасыз? Сіз үшін екеуі де кездейсоқ қыдырма емес...

СОЛТАБАЕВ: Қаншама уақыт өтті, не жайын сұрайсыз?

АВТОР: Жүріс-тұрысы, білім деңгейі, мінез-құлқының көзге түрткен ерекшелігі?

СОЛТАБАЕВ: Не деуге болады? Екеуі де қылшылдаған жас... Әйелі сыпайы, өңі бәденді жан еді... Сіз Рәпіш деп отырсыз. Біздің ауыл оны Рәш деп атады. Күйеуіне қарағанда денесі сүйектілеу еді, бойшаң. Күйеуі мазасыздау, тиыш

отыруды білмейді. Қайда барса да зыр жүгіріп жүреді. Сөре қарыс дудыраған шашы болды, кәмсамал бала атанды...

АВТОР: Рамазанның өзімен жаулығыңыз болды ма?

СОЛТАБАЕВ: Жоқ.

АВТОР: Әйелімен ше?

СОЛТАБАЕВ: Жоқ. Қатын-қалаш оған үйір болды.

АВТОР: Сөйтсе де қантөгіспен аяқталған ерегес неден өрбіді?

СОЛТАБАЕВ: Беу, шырақ, неден дерің бар ма? Ол уақытты білмейсің, сен түгілі, тісі шыққан біз де аңдай алмадық... «Мал ашуы — жан ашуы!» деп, жан сақтап отырған азынаулақ малды берген соң тәуекелге көз жұмып, атқа міндік. Не шықты содан? Текке опат болатынымызды болжаппыз ба?.. Біздікі қараңғылық болсын, сол қырғыннан аман қалған бала-шаға, қырдағы қалың елдің кінәсі немене еді, келер жылы не күйге ұшырады? Көбінің сүйегі көмусіз қалды...

АВТОР: Сонда қалай, белсенді атаулының бәрінің де көзін жоймақ болдыңыздар ма? Мектеп ашып балаларыңызды оқытқан, өздеріңізге «Саужой» сабағын жүргізген жан-жас екі мұғалімнің кінәсі не еді?

СОЛТАБАЕВ: Олар да белсенді, оқуын түгендеп тиісін отырған жоқ...

АВТОР: Қолға түскен комсомол мүшелері Әбішевтер ғана емес, көбірек болыпты... Ал, ауыр жаза тартқан ерлі-зайыпты екеуі ғана?

СОЛТАБАЕВ: Көпшіліктің қалауы солай болды. Бәрі де жазмыштан...

АВТОР: Екеуі де сіздің ауылға алыстан келгендер. Былайша айтқанда, құн сұрайтын іздеушілері жоқ. «Кірменің құны сұраусыз» дегенді сіз айтқан сияқтысыз.

СОЛТАБАЕВ: Айтаққа ергендер емес, айтақтап жүргендер ғана жазалансын дегенбіз.

АВТОР: Сол себепті ауыл жастары жеңіл дүремен құтылды. Солай ма?

СОЛТАБАЕВ: Өз қолыңды өзің кесесің бе?

АВТОР: Коммунистерді ше?

СОЛТАБАЕВ: Бірде-біріне да аяушылық болмасын дегенбіз.

АВТОР: *Дүрбелеңді «Бақанас» пен «Байқошқар» колхоздарынан бастапсыздар. Ол екеуінде қанша адам атқа мінгенін шамаладым. Көп болса жүз кісі. Сол күшпен аудан орталығының іргесіндегі «Қарауыл» колхозына тиісіңіздер. Бұл ауылдан ешкім қосылмаған. Сойыл, айбалта, шоқпармен жүріп, аудан орталығын қалайша алмақ болдыңыздар?..*

СОЛТАБАЕВ: *Ала алмадық, аудандағылар қамданып отырыпты...*

АВТОР: *Әлде басқа ауылдарды да көтермек пе едіңіздер?*

СОЛТАБАЕВ: *Аудан орталығын алсақ, басқалары өздері-ақ көтеріледі дегенбіз. Бұл есептен шатастық... Ең дұрысы, ауданмен матаспай, түп-тура Қытайға тарту жөн еді...*

АВТОР: *Әбішевтерді құрмалдыққа шалуды туубаста кім ұсынды?*

СОЛТАБАЕВ: *Кім дерің бар ма, тағдырдың жазуы солай болған соң...*

АВТОР: *«Қан төкпей жұртты елкітіре алмаймыз, бізге қалайда құрмалдық керек» деген ойды сіз айтыпсыз.*

СОЛТАБАЕВ: *Есімде жоқ. Ол бір жаппай ереуілдеген күн еді. Айтсам да, айтпасам да — олардың қазасын сот ағасы маған артты...*

— Түйені шөгеріндер!

Қара атан бірер мәрте бақ етіп тізесін бүкті.

Рәпіш көзін ашып, алды-артына қарады. Көз жанарына ең алдымен арбиған сом жартас ілікті. Тік шаншылған бұжыр беті қап-қара болып сұстиып тұр. Одан соң жартас сыртындағы оқшау тауды көрді. Екі қанаты көтеріңкі, аспанмен астасқан үсті көкпенбек, қолдың саласындай жиі өскен көкжасыл ағашпен әдіптелген. Апыр-ай, мынау?.. Рәпіш енді оң жағына қарады. Ирелендеген тау жолы қағазға түскен кара сызықтай баттыып көлденеңдей қалсын, тік шаншылған құламасын да анық көрді. Бұл қай жер деп ой түйгенше түйе жерге шөкті. Сонда ғана Рәпіш табан астындағы ылдиға көз тастады. Сөйтсе, былтыр өзі жүгіріп жүріп гүл теретін шал-

ғынды жер. Сары гүлі, қызыл гүлі, ақ гүлі толқыған, былтыр күзде көкжасыл келбеті өзін толқытқан гүлді алаң. «Енді не сый тартпақсын? Күні кеше гүлінді теріп, жұпар иісінді жұтып едім, енді бүгін не сый көрсетпексін?..»

Екі жігіт кенет өзін әлдеқайда сүйрей жөнелді. Жайқалып тұрған гүлді алаң аттылы-жаяудың шұбырынды ізінен әп-сәтте жүн сабайтын тулақтай болып, дода-додасы шықты. Түйеден түсірілгенде Рамазаннан көз жазып қалған еді, алаң ортасында қайта табысты. Оны да осы жерге әкеліпті. Қолы бос. Тізерлеп отыр. Өзінің де тізесін бүктіріп, күйеуімен қатар отырғызды.

— Ау, жамағат! Мына отырған Әбіш баласын неғылсаңда бізге келе гөр деп шақырғамыз жоқ. Молда бол деп те бұл немеге құзыр-мәзір жалынған емеспіз. Өздері келді, мұндай кезбелерді бұрынғылар кірме дейтін. Демек, екеуінің де құны — сұраусыз... Кірме адам жусаннан биік, көдеден аласа болып тірлік етсе керек-ті, айдауға жүріп, айтқанға көніп жан асырар еді. Бұл шіркіндер әлін білмей әлек болды. Ата-салтымызға қол сұқты. Мектеп деп үйімізді алды, бала біткенді діннен бездірді, некелі әйелімізге байынды таста деп азғырды...

Санияқас сәл бөгеліп даусын кенеді. Іле-шала аттылы-жаяу топқа зәрлене қарап:

— Кәмсамал деген қызыл пәлені шығарып, бала-шағаны бұзық жолға тартқаны үшін, кеңес қызметіне белсене кірісіп, бас болғаны үшін... Әбіш баласы, Рамазанды лауазымы бойынша, мұғалім атанған, партиялығы — кәмсамал, көпірге сатылған дінсізді... атылсын деп ақсақалдар соты төрелік қылды. Қане, осыған қол жайып, бата жасалық.

— Әумин!

— Дұрыс! Тура сөйтеміз!..

Ақсақалдар үкімін Рамазан бедірейген қалыпта тыңдады. Еңсесін тік ұстауға тырысып, өзіне ұрлана көз сүзген тобырға сүлесок қарап, тым-тырыс отыр. Көбін жазбай таныды. Кеше ғана алдынан сабақ алған пақырлар. Әріп үйрет деп аузына қарап телмірген көп. Ежіктеп кітап оқығанды қызықтап, өзіне еліктеген момын жандар. Енді міне, қыс бойғы еңбегі зая болып, желге ұшқан. «Әттең, не дейін,

ертен не күйге түсерін ойламайтын аңғал жұрттың кеспірі». Кейбірі жүзіне тура қарауға дәті жетпей, көрмегенсіп сырттап жүр. Әрине, қорқып ергені сөзсіз. Мыналар кімді аяйды? Бір сәтте көзі Монтанмен ұшырасып қалды. Астында оқтаудай жіңішке құнан. Қасында өзіне ұқсаған жирен мұрт, қауға сақал ақсары шал. Сірә, әкесі? Танымады. Байқауынша, сырттан қосылғандар 10-15 жан. Солардың біразы қарулы, мылтық асынған, аттары ішін тартқан, сірә, жаратылған тәрізді. Демек, еру болуға күні бұрын қамданған. Іштен кезенсе бірі, сырттан да қосылғандар аз емес. Соларға қарсылықсыз ерген ана момын сорлыларды айтсаңшы...

— Қаржауұлы Шәмелді — керей бөлтірігі, бөкенші Исатай Бозайұлын... — деп дікілдеді Санияқас, жұрт сілтідей тынып тиыш тұр. Байлаулы жатқан жасөспірімдер жерден басын көтеріп алды. — Айыптарын бетіне басып, Алла жолынан адасқаны үшін елу қамшы дүреге жығылады. Алла жолы мен қасиетті Құранды тәрк еткен баршаның ендігі жазасы осы болмақ. Әумин!

— Әумин!

— Е, бәсе, бүйткені жөн болды.

— Не дегенмен өз күшігіміз. Елу қамшы да жап-жақсы сабақ!

Аландағы атты тобыр тағы да улап-шулап, айқайға басты. Бірінің бауыры, бірінің балдызы... салауат болғанына ризалық білдірген сиқы...

Санияқас қамшысын көтерді. Сірә, әлі де айтары бар. Пысықтық көрсетіп тұрған кексеге күптене қараған Рамазан атқамінер шалдың дырау қамшысы көтеріле беріп, сылқ төмен түскенде жерге түкірді. Жүйе-жүйесі ине сұққандай шымырлап қоя берді. Көзін Ақбайталдың ұшар басынан айырмай, мөлие қарап, тік кезенмен қоштасқандай болып, беймаза күй кешті.

«Мойнына екеуінің арқан тағып.

Қос аттың құйрығына байлап алып...»

Соны айтты ма, жоқ, мәңгіп тұрғанда есіне «Жолсыз жазаның» жаттанды шумағы кездейсоқ оралды ма, аңғарған жоқ.

Әйтеуірі жаны түршігіп, келіншегіне үрейлене қарады. Рәпіш ештеңе естімеген, ештеңе естігісі келмеген кісідей ернін жымқыра тістеп, томен қарап тұқыып отыр. Тұнжыраған түрі бәріне де көнгендей, не азап болса да көтергендей қату райға ауған.

— Әбіш келіні Рәш кірмеден қалған қыдырма, құны сұраусыз деп жарияланады. Қәне, қайсың жіп тағасың?

Мұндай жазаны екеуі де күтпеген-ді. Күткендері рақымсыз қаза болатын. Қапелімде не дерін білмей, бір-біріне жаутаңдап қарады. Рамазан: «Көрешегің әлі алда, жан жарым. Көн дегеніне, бір апта азапқа шыдасаң, арғы өмірге көндігесің. Елдегі туыстарды табасың...» — дегендей жалбарынумен үздіге мөлиді. Рәпіш те: «Не дейсің? Сенсіз көрген қызықта нендей сән болмақ? Қалмаймын, бірге көрем. Қол ұстасып туған елден бірге шыққанда-ақ — не көрсек те бірге көреміз деген уәде қайда, біз соны жүрек ділімен айтқанбыз» — деп катулана қарады, сөзбен емес, көз нұрымен жалбарына білдірді.

Дүрліккен тобыр бір-біріне шошына қарап, мына кесікке танданыс білдірісті.

— Бұнысы несі?

— Сонда бізге өшетелдің сұлуын қатын қыл дей ме?

— Өй, алып қал, қатынның кәмсамал болса дүние түгел. Өзі айдай сұлу. Ішіндегі шаранадан бүгін-ақ құтыласың, сен емес, өзі... — бір әулекі қарғаша қарқылдады.

— Қәне, жіп тағарың бар ма? Бол, тез! — деп тақылдады Санияқас. Ешкім үндеген жоқ. Сәл тосқан бүлікші тағы да даусын кенеді: — Тандау жоқ қой, шынымен жоқ па?.. Ал, онда өкінбеңдер, — деді, — тап осы сәттен бастап Әбіш келіні Рәш — менің иелігімде, қаласам — қатыным, қаламасам — құтаным. Алып шық былай!

— Бәсе, Сәкең босатпаса керек еді.

— Жарайсың, кәрі қырқылжың.

— Іліп түсті, әй, қырғи өзі!

Рамазан түрегеле беріп, әйеліне қинала қарап: «Қош, жаным!» — деді ақырын ғана. Одан арғы сөзін ішінде тұншықтырды. «Сенің Санияқасқа тоқал болмасыңды білемін. Оның сені тоқал қыла алмайтыны және айқын. Мынасы бізге жасаған қокан-лоқысы. Қайтесің, көнесің енді. Құрсағыңдағы

нәрестені аман-есен тууды ойла. Бір емес, екі жанның тағдыры мойнында сенің...» демек еді. Бірақ соны тілімен емес, көз нұрымен шегелеп, қатулы кейпімен де сездіре айтты.

Рәпіштің қалауы бірақ өзгеше болды. Қату қалпында сазарып тұрып:

— Арызым бар, ағайын, қу жаныма сауға сұрамаймын, бір ауыз арыз айтуға рұқсат етіндер?! — деді алдындағы көпке түнере қарап

— Әй, мынаның тілі шығайын деді. Кесер ме еді!

— Айтсын!

— Айтсын, тыңдалық!

— Мына қатын қасқыр екен.

— Айт, шапшаң! — деп дүрсе қоя берді Қасымбек.

— Сендер сыйлаған қорлық өмірдің маған керегі жоқ! Мен саған әйел болмаймын, Санияқас мырза, сен де мені қатын ете алмайсың. Еркек болсаң, мені құдай қосқан қосағымнан айырма. Өлтіреді екенсің, бірге жайрат!.. — деп мөлдіреген қарақаттай көзін Санияқастың тұздай тұнжыр суық көзіне тура қадап тайсалмай сөйледі.

— Әй, ақымақ қатын. Ақымақ қой мынау.

— Ажалыңа ара тұрмақ болған Сәкеңе мені өлтір дейді.

— Сорлы-ау, қайта қуанбай ма!

— Ештеңе етпейді. Тоқалдың бәрі жылап келіп, үйрене келе күлетін болады. Ана жақта да керегі болады, арыз-марыз деп оттатпай, әкету керек.

— Әкету керек байлап-матап!..

Рамазан шарасыздығына налып, санын соқты. Нәзік деп жүрген қосағының әлгі сөзіне жан-жүйесі елжіреп: «Ризамын, Рәш. Ризамын!..» — деп, әйелінің білегінен ұстап, әрлі-берлі сипады. Сол мезетте тек желкеден бүрген әлеуетті бір қол өзін әлдеқайда сүйрей жөнелді. Қош деуге де мұршасын келтірмеді. Аспан төңкеріліп, жер аунап бара жатқандай. Ақбайталдың шалқақ жотасы кенет көз алдында жан біткендей биледі. Шымылдық тауының іргесіндегі қара жартас жақындай түскендей зорая берді.

Анығында оны бірнеше жігіт жабыла сүйреп келе жатқан-ды. Ақыры жүзін жартасқа бұрып, бірнеше қадам кейін шегініп кетті.

Рамазан мұғалім өмірмен қоштасар сәт жеткенін сезді.

«Әйтеуір аяушылық жоқ екен, мен де аянбайын. Арымды туғып ұстап, комсомол атымды ақтап өлейін... Тым болмаса жауымның жүрегі шайлықсын! Толқуда жүргендер болса бәлкім тәлім алар. Тура төнген ажалдан қашқанда жаным қала ма, қайда қашамын?! Одан да қасқайып тұрып жан бергенім жөн болар... Табымның намысын сатқанша, табымның арын қорлағанша, жер жастанайын!» — деп ойлады қыршын жас. Бәлкім, басқа бір ойда болған шығар? Қалайда, теріс қарап тұрып өлгісі келмегені анық. Бетін көпшілікке бұрып сұстія қарады. Бойын түзеп тұрды да:

— Мен жалғыз емеспін, жауыздар. Мен сияқты комсомол мүшесі мындаған. Мені атып жыққанмен миллионды құрта алмайсың. Ал ат! Аянба! — деді даусы жеткенше айқай салып.

Саниякас бір тізерлей отыра қалып мылтығын көздеді. Сол сәтте туу сыртынан шыңғырған әйел даусы естілді.

— Әй, Сәке, мына жас тоқалыңа қой десеңші.

Қаскөй қарақшы артына бұрылып:

— Әй, біреуің ана сорлыны бері таман әкеліндерші, — деді.

Сақалды екеу шашы қобырап, дода-дода болған Рәпішті дірдектете сүйреп келді.

— Ал, кәне, бел-сен-ді кәмсамал қаншық, екінің бірін таңда: иә мен, иә өлім. Мен десең — атың дайын, мін де ауылға қайт; өлуді тілесен — байыңның қасына бар!..

— Еріммен бірге өлемін! — Қолтығынан демеп тұрған екі жігітті итеріп тастап, Рәпіш өзіне анталаған көпке жалбарына қарады. Жігі адымдап, күйеуінің қасына барды. Барды да, Рамазанды қапсыра құшып тұрып:

— Мұрсат болса, бір тілегім бар, ағайын, — деді.

Саниякас мылтығын кезініп, қарауылға ілінген сәтте тартып қалуға ыңғайланған.

— Әй, Саниякас, айтқыз тілегін! — деп әлдекім топ ішінен жекіре үн қатты.

— Еңлік-Кебекке де үш тілек айтқызған.

— Айтсын, сорлы мұңлық!

— Жә, шуылдама! — деп жекірді Қасымбек.

— Менің сөзім, Монтан, сен де, бері жақында, — деді, — адасып қосылдың ба, қу жаның үшін ердің бе мына топқа, сөйтсе де ақтық сөзімді саған айтамын. Ұқтың ба, күні ертең біздің құн сұралып, жауап ұстар күн туғанда Асылбек жолдасқа жеткіз менің ақтық тілегімді: екеумізді айырмасын, бір қабірге жерлесін!..

— Жағын қарысқырдың үмітін.

— Мына заманның Енлігі мен Кебегі туды дендер...

— Ал, өшетел, сенің де айтарың бар ма? — деді Саниякас.

Рамазан басын шайқады. Кебектің еліне сәлемі деп жария болған, осы жақта кең таралған, «тобықты каталдығынан танбасын» деген қату сөз көкейінде сайрап тұрған-ды. Бірақ, айтпады. Бұл шуылдаққа уытты сөз әсер етпейтінін, кәперіне дәл қазір ештеңе кірмейтінін, суда ойнаған иірімдей із-тұзсыз жоғалып кететінін білген соң да үндемеді. Ақбайталдың ұшар биігінен бастап, төменгі етегіне дейін назарын тіге бір қарады да, мелшиген қалыпта тұрып қалды. Ажал емес, опат емес, аяулы бір арман жетегіне түсіп, соны ғана қиялдап тұрғандай. Келіншегі болса тарқатулы шашын жия алмай, өзіне жұтына қараған еркектерден қымсынып, күйеуіне жабысқан қалпында құлап түсуге шақ тұр.

— Әй, болсаңшы! — деді Қасымбек зілмен.

Саниякас шиті мылтығының шүріппесін тартты. Тау іші қосарлана дүңк етті. Тау-тас жаңғырығып, дөң мен дөң бір-бірімен тілдескендей маңқ десіп жауап қатты да жым болды. Ақбайтал ұйықтап кеткендей сұлық жатыр. Шымылдық зәресі ұшып қорыққан жандай сұстиып тұр. Құс атаулы қанат қақпай бір орнында сілейіп, жүгірген аңдар қалт тоқтап қалған сияқты. Аттар құлағын жымқырып алған. Шағын алаңдағы адамдар ғана, сірә, әлі де ештеңе ұқпаған сияқты, даң-дүң үнмен жарыса дабырласты. Қорқаулық, әлде даңғазалық нышаны?..

— Тірі әлі.

— Өшетел өлген жоқ.

— Әне қараңдар, аяқ-қолы қозғалып жатыр.

Рамазанның тірі екені рас болды. Шитіден екіпіндеп шыққан жалғыз оқ ерлі-зайыпты екеуін екі жаққа сұлатып салғанмен, талмауыр жерден тимеген сияқты. Рәпішті

бірден сұлатып, Рамазанды жаралап кеткен. Сәлден соң ол көзін ашты. Жер бауырлап, оқ тиген кеудесін бір қолымен қатты қыса жылжып келіп, әйелін құша құлап, ақырын ғана ыңырсыды. Жарының қабірде де бірге боламыз дегенін жадында сақтаған. Әлде аз уақыт болса да құшағы айқасып, мауқын басуды қажетсізді. Әйтеуір сол сәтте жан жарының қасынан пана іздеп, мойнын құша құлағаны анық.

Дабырлаған үндер қайыра естілді.

— Қап, обал болды сорлыға?

— Көздеп несі бар, кеудесіне тіреп атпай...

Қаңқу сөздің көбейгені Саниякастың зығырданын қайнатты. Енді не істерін білмей, артына жауаңдап қарады. Қасымбек те соған ақыл тауысып тұрған-ды: былтыр күзде осы екеуіне ылаушы боп, делбеде отырғаны есіне кенет сап ете қалды; екеуінің жол бойғы ашық-жарқын күлкісі, осы арада гүл теріп, иә, иә... ылдиға түсерде, анау ыңырсып жатқан Рамазанның өзін кекеткені, өктем үнмен баса-баса сөйлегені... Бәр-бәрі қаз қалпында, кеше ғана естігендей есін алып, козіне қан ұялатты. Иә, екеуі сол сапарда өзіне не істемеді? Бейсен қыртты еліктіріп, өздері де айдалада ән салып, төбесінде ойнақтағандай басынғанын қалай ұмытады? Иә, төрдегі шарадай басын аяқасты еткенін сірәда ұмытпас? Жо-жок. Сонда тұтанған кек шемен болып көкейінде ұялап қалған-ды. Енді несіне аянсын...

Жаракатын ауырсынып ыңыранған мұғалімге қарағанда-ақ ол бұл екеуіне санаулы оқты шығындағанымыз қате болды деп өкінген-ді. Іле өктем үнмен:

— Әй, Ағыбай! Байла мыналарды қара жорғаның құйрығына! Тірісінде қызығын көрген өз аты, жан берерде де көрсін. Жаңа арман еткендей болып еді, жетсін арманына! Енлік-Кебектен сорлы ма, тарт екеуін де*, — деді.

Ағыбайға бұйрық етсең болды. Басқаны ол тілемейді, ал бұйрықсыз қия баспайтын әнгүдіктің өзі. Қазір де ол екі

* Тағылық пен мейірімсіздіктің асқан түрі дерлік осы жазаны автордың ойдан қиыстырмағанын ескерту парыз, архив деректерінде солай жазылған, шерлі оқиғаны жадында сақтаған көне көздер де солай дейді.

айтқызған жоқ, не істеп тұрмын деп ойланған да жоқ. Қара жорғаны қос өкпеге тебініп қос мұндықтың қасына жетіп барды да, қыл шылбырын жүгеннен ағытып жердегілерге лақтырды. Топ ішінен біреу екі жастың айқасқан құшағын шылбырмен бекітіп мойындарына ілді де, жіптің екінші ұшын кара жорғаның құйрығына мықтап байлады.

Сауырына дырау камшы тиген жануар бүкең-бүкең желіп кете барды...



Шыңғыстау ауданының ОГПУ бастығы Абзал Қарасартов осы оқиға жайында академик Е. А. Бөкетовке 47 жылдан кейін мынадай естелік айтқан:

«БӨКЕТОВ: Қай күні бұл сонда, сентябрь айы ғой?

ҚАРАСАРТОВ: Сентябрьдің 3-інде ауданға шапқаны...

БӨКЕТОВ: Анау отрядты август айында жіберген бе?

ҚАРАСАРТОВ: Августің аяқ кезі. Мен тура шынын айттып отырмын. Бұл әңгіменің қалай туғанын, қалай болғанын. Өйткені КГБ-ның архивінде осының бәрі бар ғой. (...) Шыңғыстың ішінен Қарауыл өзенінің бойымен шыға келген бетінде... өзеннің бергі алқымында... бір колхоз бар, «Қарауыл» колхозы. Сол колхоздың ішінде председатель Какарти (сірә, РКИ-дың бұрмаланған атауы — М. С), Семейдің атақты ұстасы, төменнен жоғарылатылған жұмысшы. Мен отрядтар ұйымдастырып жатқанда үйінде жоқ еді. Арқат, Орда жақтағы колхоздарда шөп дайындатып жүрген. Астында өзінің 10-15 бәйге аттың алдынан келген бозжорға (сұхбаттың бір жерінде осы атты А. Қарасартов торжорға деп атайды — М. С.) аты бар. Және жетегінде қаратөбел бәйге аты бар. Сол екі атымен келіп, таң алдында үйінің белдеуіне байлап... жата қалған ғой. Сонан соң «Абзал, Абзал!» деп таң ата, мен кабинетте отыр едім, шауып келді. Менің енді өз адамдарым бар ғой жан-жаққа қойған.

БӨКЕТОВ: Бірақ, енді сезіп ұйықтамай жүрсіз ғой?

ҚАРАСАРТОВ: Дүйсетай деген шауып келді. «Ойбай, тобарыш начальник, Шыңғыстың ішінен қарақұртша қаптап,

айқай-шу, ауданды алайын деп жатыр!..» Сонда олар ауданға кірмей... Шалабаевты үйінен алған ғой. Олжабайдың аттары кісінеп тұрмаған. Қарғиды ғой, үйін құлататын болын. Сол кезде жанұшырып түрегелгенде қаптап келе жатқан дауысты естіп, жел сол жақтан, қолында маузер мылтығы бар, бізден алған. Соны ұстап, есігінің алдындағы өзен жарына түсіп, тығылып, көз алмай қарап отырған. Сол жерде аналар келіп ұстаған. Ұстаған кісі — ...Қарабала деген біреу балтамен... шапқылап өлтіреді.

БӨКЕТОВ: *Маузермен қайрат жасай алмады ғой, шамасы?*

ҚАРАСАРТОВ: *Тек қолына ұстап отырыпты, қарақұртша қаптаған көпке не істейді? Бір атар, екі атар, одан басқа... Сол кезде балтамен шапқылап өлтірген...*

БӨКЕТОВ: *Ауданнан екі-үш шақырым жерде ме?*

ҚАРАСАРТОВ: *«Қарауыл» колхозы 2-3 шақырым жерде. Кірпіш заводы бар-ды. Кәдімгі кірпіш күйдіретін, соны басып алады, бер жағындағы потребсоюзды алып, тонап жатты. Сосын мен қасыма... адамдар ерттім де, ортада бір жалғыз бейіт бар еді, соған жеттім. Біраз атыстық, бір гранат лақтырдым...*

БӨКЕТОВ: *Екі отряд лағып кетті, шамасы, адамдарыңыз жоқ қой.*

ҚАРАСАРТОВ: *Семейден келген военкоматтың комиссиясы бар-ды, бір жағына солар ие болды. Олар 5-6 кісі... бір жағына өзім шықтым (...).*

БӨКЕТОВ: *Гранаттан қорықты ғой.*

ҚАРАСАРТОВ: *Иә, бутылкообразный ручной гранат, оның даусы жаман болды. Сонымен олар тойтарылды...»*

Аудан орталығын ала алмаған соң бастапқы өрепкүй әңгісінде басылған тобыр тау ішіне шегінуге мәжбүр болады. Шұбартау ауданында бір мезгілде бас көтерген Мырзаш тобы да мардымды ештеңе бітіре алмай, темір жол бойындағы Аягөз қалашығынан жедел аттанған әскери отрядтан ығысып, сірә, Шыңғыстың қалын жыңғылын сенімді көрген бе, олар да Баканас пен Байқошқар өзендерінің бойын сағалапты. Сол қар-

санда Семейден көмекке келген әскерилермен күшейген Қарауыл тобы да ереуіл топты өкшелеп соңына түседі. Бірнеше дүркін қояма-қолтық атысқан да (Сол кактығыстарда қанша адамның науат болғаны жайында нақты дерек жоқ. Өкімет адамдары, әскерилер де бұл жайында артық-ауыс ештеңе айтпаған. Ал, тау ішінде оққа ұшқандардың өрен-жарандары да өз жағдайларын ойлап ешқандай сұрау салмаған тәрізді)... Қысқасы, екі жақтан құрылған тосқауылдан құтылуға жол қалмаған соң, өз елі, өз жерінде қашып-пысқан ереуілшілер кешірім тілеп, тізе бүгуге мәжбүр болады...

Қасымбек Солтабаевпен 1958 жылдың ақпан айында болған сұхбаттың жалғасы:

АВТОР: *Енді бір сұрақ, отағасы.*

СОЛТАБАЕВ: *Сұра, не жайында?*

АВТОР: *Алды-артыңыздан қуған әскерилерден қалайша құтылдыңыз?*

СОЛТАБАЕВ: *Шыңғысты көрген боларсың, үш-төрт күн жүрсең таусылмайтын кең қолтық тау. Туған жерім, таутасы пана болды.*

АВТОР: *Оныңыз әншейін сөз, Қасеке.*

СОЛТАБАЕВ: *Иландыра алмадым ба?*

АВТОР: *Саняқас та, Қыдыш та, Қарабала да, Ағыбай да... бәр-бәрі, өзіңіз айтқандай, Шыңғыста туып, Шыңғыста өскен. Солардың бірде-біріне ақар-шақар Шыңғыс пана болмаған. Ақыры сонда ұсталып, жер жастанды бәрі де... Бұл істе, сірә, басқадай бір гәп болған. Айтқыңыз келмесе, не деймін, ішіңізде қалсын...*

СОЛТАБАЕВ: *Жарайды, шырағым, айтайын. Бұл үшін мені енді қайыра соттамас... Семей мен Аягөзден әскер келгенін білген соң-ақ Қытай жолы сағым сияқты әншейінге айналды. Сонсоң топтанып жүруді қойып, әркім өзінше құтылсын деген пәтуаға келдік. Мен біраз кісілермен әуелі Шыңғысты өрлеп, Шұбартауға қарай ойыстым, бірақ түнге қарай бағытты шұғыл өзгерттім.*

АВТОР: *Жалған із тастау үшін бе?*

СОЛТАБАЕВ: *Иә, соған ұқсаған амал. Абыралы жақтағы Машан тауын бетке ұстап, сытыра елсіз тау ішімен Семейге бет түзеп, тек айналыс жасай жүрдік.*

АВТОР: *Не себепті?*

СОЛТАБАЕВ: *Кісісі мол және бірін-бірі біле бермейтін қала іші болмаса, иесіз дала қашқынға пана бола ма? Ана сорлылардың қателігі де сол, Шыңғыстың қалың жыңғылын қорған көргені. Әскер қоя ма, ұзаса бір апта тығылады, тышқан ініне кірсе де тауып алады. Тасада отырып бір-бірлеп құртпай ма...*

АВТОР: *Тура айтқаныңыздай болыпты. Санияқас пен Қыдышты Саркөлден ұстапты. Ауданға дейін жаяу айдағанда екеуі де атыша желіп отырыпты деседі. Қарабаланы ауылдан алыпты, серіктеріне ере алмай жатып қалса керек.*

СОЛТАБАЕВ: *Бәрі де жазмыштан, шырағым. Татар дәмі таусылған соң не істейді? Біз, Абыралы жеріне бойлай ендік те, Дегелең тауын теріскей жағынан айналып өтіп, тек қана түнде жүріп отырып, қалаға елеусізден кірдік.*

АВТОР: *Осы ақылды өзге серіктеріңізге неге айтпағансыз?*

СОЛТАБАЕВ: *Менің орнымда өзің болсаң қайтер едің?..*

АВТОР: *Сонымен қалаға кірдіңіздер...*

СОЛТАБАЕВ: *Бірден тарап кеттік. Мен өзім Семейде аялдамай, Алтай өлкесіне өтіп кеттім. Содан Сепкрайдың тәу шетінен бірақ шықтым. Содан қырық алтыншы жылға дейін, он бес жыл ұдайы тірі жан маған Қасымбек деген жоқ.*

АВТОР: *1946 жылы қалай ұсталдыңыз?*

СОЛТАБАЕВ: *Соны осы күнге дейін білмеймін.*

АВТОР: *Білмесеңіз, мен айтайын: өзіңіздің бір қандасыңыз, сірә, әйеліңізбен керісіп қалған ба, көршіңіздің қосағы сіздің Аманжолов емес, Солтабаев екеніңізді тиісті мекемеге хабарлапты...*

СОЛТАБАЕВ: *Өзім де солай ойлап едім... Соғыс кезінде Бий қаласында тұрақтадым, аздаған сауда-саттығым болатын. Тұрмысым да оңды еді. Сірә, әлгі пақыр соған қызғаныш жасаған... Шу дегенде базардан ұстады, каталашкаға жауып қойып, бірнеше күннен соң бейтаныс бір қазақ жігіті, тергеуші деп ойлады, бетіме ожырая қарап: «Ал, сөйле,*

Солтабаев мырза!..» — дегенде құдай ұрғанын бір-ақ білдім. Семейге әкеліп, сот құрды...

* * *

Казан айының алғашқы аптасына дейін Шыңғысты ереуілші тобырдан сүзу тоқтамаған. Ерлі-зайыпты Әбішевтердің мүрдесін Қызылшілік деген жерден тауыпты (шіліктің ішіне бетін жаппай қалдырған, іздеуге қатысқан адамдардың айтуына қарағанда, мүрделері бүліне бастаған).

Шыңғыстау аужаскомы қайғылы хабарды Аягөздегі ағасы Көшмұханбет Әбішевке жеделхатпен хабарлапты. Бұл кезде ол Баянауылдағы әкесін, інілерін де көшіріп алып, бір шаңырақ астында тұрған. Шыңғыстауға жетуге қамданған баласына Әбіш ақсақал: «Әй, балам, бас көтерер сенен адасып қалсақ, мына топты бала-шағаның күні не болады? Ол жаққа сен барма, не көрсем де өлмелі шал мен барайын...» — деп әкесінің өзі аттаныпты. Сірә, дер кезінде жеткен. Қайта келген соң көрген-білгенін балаларына өзі айтып беріпті: «Рамазан мен Рәпіштің қанын жумай, жаназасын мұсылманша шығарып, бір кабірге жерледік. Жерлеуге алпыс адам қатысты, «қыршынынан қиылған жас өрендер, сендерді аудан халқы ұмытпайды...» деген сияқты жұбату сөз сөйлеп, сол дүрбеленде мерт болған жұмысшы-бәлшебек Олжабай Шалабаевтың қасына, бір кабірге жерледі...».

XVI

1978 жылдың қазан айында күллі Кеңес Одағы Ленин комсомолының құрылғанына 60 жыл толуын мерекеледі. Ерлі-зайыпты Әбішевтер туралы «Шығыс хикаясы» атты деректі хикая пен трагедияның авторы ретінде Абай ауданының жастар комитеті Қарауылдағы халық театрының кезекті қойылымын көруге мені де шақырды. Сөйтсем, ауданның бастауыш ұйымдарынан комсомол жетекшілері, 30-жылдардағы аужаском мүшелері, бұл кезде кексе жасқа келген еңбек ардагерлері де келіпті. 1930-шы оқу жылында

Рамазан мен Рәпіштен сауатын ашқан Бақанас пен Байқошкар ауылдарының («Бірлік» атанған үлкен кеңшардың тұрғындары) көне көз тұрғындары да бар. Кейбірін мен жазбай таныдым, кезінде іздеп барып, естелік жазып алғамды. Кейбірінің есімін хикаят пен драмаға да енгізгенмін.

...Содан бір сәтте шымылдық ашылды. Бұдан 40-50 жыл бұрынғы Бақанас ауылының жұпыны қора-жайлары бейнеленіпті, маңдайшасында латынша «Мектеп» деген жазуы бар тақтайша ілінген тоқал үйдің ішінде тайтері, тулақтар үстінде тоңқандап жатып, кейбірі бір-бірінің арқасына кітап-қағазын төсеп, «саужой» сабағында отырған жадау-жүдеу колхозшыларды көрдік. Залдағы көпшілік бір-біріне қарайды. Көріп отырмын, жастар жағы: «Осындай да жүдеу өмір кештіңіздер ме? Неткен кедейлік, неткен қораш тірлік?» десе, кексе көрермендер: «Бұдан да қиын, бұдан да ауыр тұрмыс кештік, балалар. Қараңғылықта, таршылықта бейнет тарта жүріп, бүгінгі шат-шадыман тұрмысқа, молшылыққа жеттік. Сендерді де білім бұлағынан сусындаған кең жайлауға жеткіздік...» — дегендей толқуды сеземін. Әлбетте ерлі-зайыпты Әбішевтердің қалқадерінше әскездеп жүргізген «саужой» сабағы, соған қатысушы ауыл адамдарының аңғал сауалдары залда күлкі туғызып, сахнада жүріп жатқан ескі мен жаңаның қақтығысы жұртты баурай бастады...

Ал, менің назарым сахнадағы ойыннан гөрі залдағы кекселерге көбірек ауды. Солардың дені сахнадан өздерін танып, айран-асыр сезімге бөленсін, кейбірі «Оу, бәрі рас, шыны солай!» десіп жиі-жиі қол соғып, ойын көрсетушілерді қолдап бақты. Әсілі, кекселер ұмыта бастаған қымқуыт күндердің ащы шындығын бірден танып, дүйім елді науатқа ұрындырған шерлі оқиғалардың түйіні қалай байланып, қалай аяқталғанын көріп те, сезініп те қамыққаны сөзсіз...

Шындығында сол кеште сахнада ғана емес, зал ішінде де дарқан өмірдің бітіспес тартысы, ескі мен жаңаның күресі қайта өрбігендей бір дүрбелең сәт туып еді. Соны өрбіткен мерекелік ойынды ұйымдастырушы — Абай

аудандық комсомол комитеті. Аужаскомның хатшы қызы Бақыт Ағыбаева сахна алдына шығып:

— Қымбатты жолдастар, күні кеше, тап жауларымен киянкескі күрес жолында «табымның намысын сатып, табымның арын қорлағанша жер жастанғаным артық!» деген асыл уәжбен өмір сүріп, сол сертінен айнымай жүріп шейіт болған кешегі Шыңғыстау аужаскомының байырғы мүшелері Рамазан Әбішұлы мен Рәпіш Әбіш келінін орындарыңыздан тұрып, еске алуды өтінемін!.. — дегенде, залда отырған үлкен-кіші бір минут, бәлкім одан да ұзағырақ тұрып, жас өрен мұғалімдер рухына тағзым етті.

Соның артынша «Біз — әрқашанда жаспыз!» деген тақырыпта айтыс басталды. Оған үлкен-кіші түгел қатысты. Қарт комсомолдар естелік шертсе, жастар жағы қазіргі игі істерін көлденең тартты. Екі ұрпақтың тарих шерткен сұхбатына айналған мәнді кешті хатшы қарындасымыз қорытты:

— Ерлі-зайыпты Әбішевтердің есімі аудан жастарының қатарына оралып, бізбен бірге өмір сүріп, еңбек үрдісінде де жеңіске жетуімізге қызмет етіп келеді. «Бірлік» кеңшарының комсомол ұйымы оларға есеп карточкасын қайтадан ашты. Ерлі-зайыптылардың аудан орталығындағы моласы да назарымызда, олардың есімімен Қарауылдан көше атадық. Бақанас ауылына да 1931 жылы берілген атын қайта жаңғыртып, Рамазан ауылы атанды. Қыршын кезінде қапылыста мерт болған Рамазан мен Рәпіш есімдерін, біз, аудан жастары, әрқашанда қастер тұтып, олардың өшпес ерлігін әр уақытта жадымызда ұстаймыз! Бүгінде, Ленин комсомолының 60 жылдық үлкен тойы қарсаңында олар біздің ортамызда дейміз!..

*Семей,
1968-1981 жылдар*

АЙШЫҚТЫ МЕЗЕТТЕ

— Армысың, Төлеубек Аралбайұлы, мен саған келіп тұрмын. Армысың, есімің ел аузында қалған асыл азамат! Басқан ізің аңыз бен жыр, Компартияның қатардағы сарбазы! Алдына келіп тағзым еткен ұрпағыңның сәлемін ал. Өз есіміңнің сол ұрпақ үшін мақтаныш екенін біл. Естимісің, мен саған келіп тұрмын...

Төрт құлақты жатаған зираттың алдында тұрмын. Дала дел-сал. Әлдеқандай тосын дүбір тосып демалып жатқандай. Үп дерлік жел жоқ. Күні-түні тынбай соғып, енді ғана тыным алған өлара сәт. Айнала жым-жырт. Жақпар тастары қарауылға шыққан құлжадай одырайып түү желкемде биік тау тұр. Тау түбінен, жақпар тас іргесінен жарып шыққан бұлақтың да әншейінгі сылдыры естілмейді, сірә, мола тұсына жетпейді. Етегін жусан жапқан ескі мола да үнсіз, бедірейіп тыныш жатыр. «Не дейсің маған, не десен де тыңдауға» әзірмін деп күтіп жатқандай.

Бекерге сескенбе, Төлеубек. Болмаған істі болды деп, соның бәрін саған байлап, есіміңді ғажайып ерліктермен өрнектеп немесе небір қисынсыз аңыздармен көркемдеп, әсірелей жазу нистімде жоқ. Менсіз де сен туралы сан алуан аңыз-лақап айтады біздің ел. Жоқ, нақ сондай тағы бір аңызды таратушы болуды қаламаймын. Сенің қысқа өміріңнің бір-ақ күні туралы, ең соңғы, ақтық сәті жайлы сөз етпекпін. Шынымды айтайын, сен туралы билетінімнің өзі де — осы ғана, бір тәуліктің оқиғасы! Аққан жұлдыздай жарқ етіп, қас қағымда қайта сөнген бір-ақ сәт. Алайда сол сәтте жалт етіп көрінген асыл бейнең ел жадында сақталған. Менің әңгімем сол турасында...

Шынтуайтын айтқанда, сен туралы көбірек білмек болып, Төлеубек, біраз жерді шарладым. Семейдегі архивтерден де ізіңді шалдым. Тапқаным шамалы. «Пәленше жылы

туған, шыққан тегі — кедей, саяси сауатты, өз міндетіне адал қарайды, Кеңес өкіметінің беделін көтеруге ынтылы...» деген сипатты жадағай мінездемеден шынайы тұлғанды көре алмағанымды несіне жасырайын. Суретінді де таба алмадым. Сөйтсе де біраз жәйтке қандым.

Маған сен туралы бірнеше адам әңгіме шертті. Солардың бәріне мен бір ғана сұрақ қойдым. Рас, солардың бәрі де сол күні қасында болмаған. Сен көрген сұмдықты олар көрмеген. Бірақ, бәрі де өзінмен аралас-құралас болған замандастарың. Жаңа өмір үшін күрес жолында бір ниет, бір үмітпен тізе қосып қатар жүрген әріптестерің — Абыралы ауданының алғашқы коммунистері. Бәрі де елден естігенін айтты. Қалай десе де имандай шынын әңгімелегеніне мен шүбә келтіргем жоқ...

* * *

Есінде ме, Төлеубек, 1931 жылдың ақпан айының соңғы күндері. Дәлірек атайын, 25-і күнгі ертеңгілік мезет. Аудандық партия комитетінің хатшысы Қаражан Тойбеков өзінді кабинетіне шақырыпты. Қыс қаһарына мініп, қар астындағы даланың өлі денедей аппақ болып, туһ деген түкірігің жерге түспей, Абыралының іші-сырты түгел аяз құшағында шаңытып тұрған аязды күнді есіңе алшы. Есіңе ал да, хатшымен болған сұхбаттың мәніне ой жүгірт. Жаңа-жаңа қаз тұрып келе жатқан колхоздардағы жұртты еңбекке жұмылдыру жайында ма еді? Әлде сондағы қарабайыр жандардың көзін ашып, тезірек сауаттандыру туралы сөз болды ма?.. Хатшының кабинетінен сен қандай тапсырма алып шықтың? Оның да жай-жапсары маған беймәлім. Менің анық білетінім — сол күні өз үйіңе қонған жоқсың.

Сот кеңсесінен асыға шығып, дереу атқораға келіп, Есімжанқараға ер салдың. Атқора қашықта емес-ті, үйіңнің іргесінде болатын. Ой, дүние-ай, өзің су тасып, от жаққан ең алғашқы ошақтан ыстық, содан жақын қандай орын бар! Қандай болса да соның жұпыны сикын елемей, жер бетінде биік сарайлар мен сәулетті үйлер барын ұмытып, өзінмен-өзің болып, бір-біріңнің бетіне мейірлене қарап жайраң

қағып отырғанға не жетсін! Гүлжан* да мәз, сен де мәз. Мәз болмасқа шараң тіпті жоқ. Қосылғандарыңа алты-ақ ай болған. Ләззәт айының ұмытылмас бал шырыны еріндеріңнен әлі кеппеген, жас өмірдің ыстық қызығы суымаған шак. Гүлжан да жас қызметкер, аудандық ауруханада медбике. Оның да жұмысы көп-ақ, үйден гөрі дәрігердің кішкене кабинетінде көбірек болады. Өйтпеске амалы жоқ. Аурухана да ауданмен бірге жақында ғана ашылған. Кісі жетпейді. Аурулар болса-болмаса да аз емес. Уақыт талабы солай.

– Уақыт солай...

Осы тақылеттес сөзді сол күндері жиі-жиі айтыпсындар, Төлеубек. «Бәріне үлгеріп, бәріне жетсем, бәрінен де қалыс қалмаймын...». Осы үрдіс пе сені сол күні асықтырған? Апыр-ай десеңші, сол күні әйеліңмен де қоштастырмай, қол созым жерде тұрған ауруханаға мойын бұрғызбай, жас отау, жылы босағаннан асығыс аттандырған сені ненің күші, нендей әміршінің құдіреті?

Оның да жөн-жосығын айта алмаймын. Менің білетінім – сүліктей қара жорға атты сипай қамшылап, Қалмақтастың қайқаң белінен әрі қарай асып бара жаттың сен. Қара аттың төрт аяғы тағаланған, мұзға салсаң да таймайды, жер танабын қуыра, омбы қарды кірш-кірш басып жортып келеді. Тектен-текке ұры аты атанып, Есімжандай баукеспе қырқылжыңның астына түсті дейсіз бе?! Былтыр өзің: «Сәйгүлік атың қазынаға түседі, суық жүрістен өзің де тиыл!» – деп билік айтқанда, Есімжан шіркін көз алдына үйіріле қалған таңғы шықтай мөлдір тамшыларды тежей алмай ағыл-тегіл егілгені кенет есіне түсті. Жоқ, тегін емес. Бұл жануар алыс жолдың, ұзақ жортуылдың аты. Үстіңде шолақ ақ тон. Аяғыңда саптама етік, басыңда түлкі тымақ,

* Қарағанды облысы Шет ауданының тұрғыны Қапияш Аралбаеваның бізге жолдаған естелігінде Төлеубектің зайыбының есімі Күлзира делінген. Бірақ біз сол кісіні көрген адамдардың куәлігіне сүйеніп, Гүлжан есімімен атауды қаладық. Шындығында Қапияш Аралбаева женгесін көрмеген, естуі бойынша және көп жылдан соң жазып отыр.

мандайы орталанған айдай, қанқызыл реңін ашқан ақ қылшықтары жылт-жылт етіп, қарға шашқан күмістей жарқылдап келеді. Оң қолында — алты өрім, тобылғы сап білеу қамшы, белінде — алтыатар тапанша, Қызыл отау сотының сол кезде жанынан тастамайтын сенімді қаруы.

Төлеубек, мен жуықта сенің сол ізіңмен жүріп қайттым. Жүйрік газик үш сағатқа жетер-жетпес мерзімде мені бұрынғы «Оян, кедей» колхозының жұртына алып келді. Жұрты дегеніме таңданба. Өзің көрген колхоз орталығы бүгінде зым-зия жоғалған. Сол кездегі тоқал үйлердің бірі де қалмапты. Сол жерді қазір «Қайнар» кеңшарының бір бөлімшесі қоныс етіп отыр. Бұл өңірге қар өте-мөте қалың түсетінін білетін шығарсың. Кеңшар басшылары бүгінде сол гәпті мықтап ескерген. Өйткені бұрынғы алтыншы ауылға қарайтын «Оян, кедей», «Көкшетау», «Ұшқын» колхоздары мен «Еңбек» коммунасының жері сыпыра егіндік. Мол егіннің қайнаған базары осы жерде. Үлкен қырман. Ұзындығы ат шаптырым астық қоймасы. Қатар-қатар салынған шатырлы үйлер. Жарық та кең мектеп. Ерсілі-қарсылы ағылған машиналар, күні-түні гүжілдеген трактор үні... Құдды бір жәрмеңке орнындай, абыр-сабыр қарбалас та осы жерде. Байқаймысың, мұны мен саған зор мақтанышпен айтып отырмын. Мадақтауға тұрарлық игілік емес пе, төрелігін өзін айт.

Сол күні өзін қонған Сөрелі ауылында да болдым. Есінде ме, осы ауылда қыликөз бір адаммен ойда жоқта кез болғаның?..

Сен есіктен кіргенде ол төрде, төрт қабат көрпе үстінде шай ішіп отырған-ды. Екеуің бетпе-бет келіп қалдыңдар. Ол сені айнытпай таныды, сен де жаза басқан жоқсың. Жаңсақ басар жөнің де жоқ-ты. Бір-бірінді жап-жақсы білесіңдер. Орнынан атып тұрмады бірақ ол. Бәлкім сескенбегенін көрсеткісі келген шығар? Әйтеуір ескі танысыңның төр алдында тастай қатып отырып қалғаны анық. Құрмет-қадірді сұрап алар кісі сен бе екен, сонда? Кідірмедің босағада, төрге беттедің тура. Не дерін білмей дағдарып қалған үй иесі кенет орнынан атып тұрды.

— Жоғары шығыңыз. Жақсы келіпсіз. Бек жақсы келгенсіз, — деп самбырлай сөйлеп, есі қалмай қалбалақтап жатыр.

— Міне, тағы да кез болдық, — дедің қыликөзге сен отыра беріп.

Бірақ, ол бедірейген қалпы қырындап кетті. Құдды ін аузында тышқан аңдыған мысық сияқты. Қалш-қалш етіп, быртиған саусақтарына шейін тыныш ұстай алмай жыбырлатып, киіз үстін тырналағанын аңғардың. Қитар көзінің қарашығы жоғалып кеткен. Бір жамандыққа ынтасы ауып отырғаны сөзсіз.

— Өткен жылы сен маған бұл кәсібімнен жерідім дедің. Бүгін сен ұры ғана емес, қанды қол қарақшы атанып отырсың. Үкімет құрығы ұзын, жазасыз құтылам деп жүрсің бе? Сорың қайнайды бір күні, Есеке...

Анау қыбыр еткен жоқ. Сол көзін қиғаштай бұрып босағаға аударды. Он көзі аумады, сөдияның бойын тіміскілеген күйінде біздіе қалды.

— Есікке қарама. Қашнақ болсаң, үлгересің. Мен бүгін жалғызбын, қорықпа, — дедің жақындай түсіп, — сені ұстауға милиция шыққан. Бір топ адам. Бүгін-ертең бұл ауылға да соғады. Құтылмайсың бәрібір, өз еркінмен берілгенің жөн...

— Не үшін, сөдия Аралбаев күліп отырып ату жазасына бұйырсын деп пе?

— Білмеймін... Жазаны қылмысыңа қарай тартасың...

Күш қолданбай, мылтық кезеп қорқытпай, әңгімелесіп отырып, жайдары сөзбен иландырмақ болдың. Сірә, сол себепті қыликөзбен тең адамша емін-еркін сөйлестің, іштей сескеніп отырсаң да соны аңғартпауға тырыстың.

Өзі де түсі суық айбатты жан болатын. Жауына қасқайып қарсы шабатын жүректі, қолы да әлеуетті, қимылы көз ілеспес жылдам деп әңгімелейтін-ді көзі көргендер. Әрине, ол қарусыз емес. Ал, мергендігінде қапы жоқ. Ат үстінде тұрып құралайды көзінен ататын мерген. Бүгінге дейін ұстатпай, қуғыншыға шалдырмай жүргені де содан. «Бұл жолы да аман кететін болды, — деп тілінді шайнадың, сірә. — Жалғыз шыққаным бекер болған, бір-екі милиционер ерте жүрмей. Жә, бұл неме қашанға дейін дала қожасы атанбақ? Мұнан қорықпайтын ауыл жоқ. Әбден еркінсіп алған. Ойда жоққа сап ете түседі де білгенін істейді. Жалғыз үйлі қыстау иелері оған сұрағанын береді, ізін де жасырып, қуғыншыларды адасты-

рады. Солардын бірі — мына Сөрелі қыстауының иесі. Мен келгенде ол неден састы, неге абыржыды?..»

Иә, күш бүгін тең емес. Жалғыз өзін оны ала алмайсың. Әрине, үй иесі қолғабыс етпесе, ал егер қол ұшын бермесе?.. Мына сойқанның қолына түссең сірә да оңдырмайды. Аяушылық білмейді бұл!.. Сол үшін де онымен ұзақ-созбай сөзге түсіп отырсың. Бәлкім оған былтырғыдай сеніп, күні біткен жан дегің келмей, өзінді-өзін бекерге қинап отырсың? Бұл да адам баласы. Сіңірі шыққан кедей. Бір кезде әлдебір шолақ белсендінің таяғы тиген, әлдебір көкірегі соқыр саясатшылдың тізесі батқан, нақактан жапа шеккен. Намысқой жан соны кек тұтып, өзінше майдан ашқан. Өмір соқпақтарының бұлталаңы аз ба? Жолдан адасқан Есімжандар әлі де көп..

Дастархан жиыла Есімжан қарақшы аттанып кетті. Әлде сескенді, әлде ойға түсті? Саған тиген жоқ. Сенің тақымындағы қарагеріне де көз алартпады.

Сол кеште өзінмен дастархандас болғандар айтады: «Ертең ақ ауданға өзі келіп, қаруын тапсырады», — деп сәуегейлік жасапсың. «Беті қайтты, сөзіме иланды» деп қуаныпсың.

Бірақ, қателестің. Бекер сендің оған. Ізгі жүректі, елдің бәрін өзіндей көретін ақкөңіл, ойында тырнақтай арамдық жоқ, есіл азамат! Бұл қателігің саған қымбатқа түсті, қайтейін?

Іле-шала Қайнарға қайтқаның жөн еді. Осы ауданды ұлардай шулатқан қарақшымен ойда жоқта ашық кездесуің, сол бауқеспенің түн ішінде шұғыл аттанып кетуі қатерлі жәйтті аңғартса керек-ті. Бірақ, сен ештеңе сезбедің. Әлде аңғарғың келмеді? Оны мен білмеймін. Ешқашанда, сірә, біле де алмаспын.

Таңертең елең-алаңда, ауылдан ұзап шыққан соң... айдалада ол сені тағы да жолықтырды. Әдейі тосқан тәрізді, бұқпа бұйраттың қалтарысынан шыға келді де, дауыс жер жерге жақындай түсіп көлденендеп тұра қалды. Екі ара он-ақ қадамдай, бәлкім одан да жақын. Оң қолы қалтасында, қамшысын тақымына басқан. Сол қолымен тізгінін тежеп, үзеңгіге аяғын шірене тіреп тосып тұр. Көз қарасы суық. «Кездестің бе оңаша, куәгер көз жоқ қу медиен далада, түстің бе қолыма...» — деп ызғар шашып тұрғандай.

Сен де атың басын тежедің. Жалт берген жоқсың. Бәлкім ол сенен сондай осалдықты күткен шығар? Жалт берсең, шап беруге әзірленген, сірә. Бәлкім қойныңнан тапаншанды суырар сәтті тосты? Сенен бұрын шүріппені басып салуға оң қалтасынан қолын алмай тұрғаны да содан. Алайда сен саспадың. Саспағаның жөн болды. Селт етпеген қалпы қасқая қарап, жайбарақат тұрғаның оған әсер еткен тәрізді. Ақыры, қанды қол қарақшы тұтыға сөйлеп:

— А... ал, с...сөдия Аралбаев, м...маған қанша жыл кесесін? — деді.

— Есеке, кешегі сұрағыңды қайталап тұрсың.

— Әгер әки кісі өлтірсем ше?

— Қолыңды қалтаңнан суыр. Екеуімізге де қоқан-лоқы жәрдемдеспейді, Есеке.

Айдаладағы болмашы тәжіке, Төлеубек, саған оңайға түскен жоқ. Бірақ, не істейсің, жол тосқан сен емес. Бір нәрсені көзеп келгені анық. Тек неге бөгелді? Ойланған сияқты-ау? Толқығандай оң-жүзі? Толқысын, саған тегінде оның ойланғаны керек. Әжетіне жарат соны. Бол, тезірек қимылда. Сөзбен төпе, тек жалынба! Сескенгенінді сездірме!..

Ақыры жеңдің оны. 6-шы ауылға дейін бірге баратын болдыңдар. Сол ауылда ол қаруын тапсырады. Өз еркімен берілгендігі туралы сен қолхат жазасың. Сол жерден кісі қосып, ауданға аттандырасың.

Осыған келістіңдер де жүріп кеттіңдер. Жау болып кездесіп, дос болып аттандыңдар. Жөн-ақ! Жол енді тезірек қысқарды. Көңілің көтеріңкі. Ыңылдап ән салып келесің. Жайма-қоңыр сазды үн. Қызыл отау соты — үкім шығарар жазалаушы ғана емес, мәдениеттің де ошағы. Жұртты жаңа тұрмысқа ынталандыратын ойын-сауықтың да отауы. Сондықтан да саған дүйім елді өзіңе еліктірер сегіз қырлы өнер керек. Қаншама зор дауыспен ән шырқасаң да, жалғыздың үні шықпас деген, бір өзің сұңқылдап ән салу жаһан дүзде жараспайды. Ал, жаңа серігің үнсіз келеді. Біржосын бүкірейіп, ерге отыра алмай қыбыжықтап келе жатқаны несі? Жан-жағына қайта-қайта қарайды. Біреу-міреуді іздейтін сияқты. Сөреліден ұзап кеттіңдер. Жол әлі де ұзақ. Күн шыңылтыр аяз. Аттар басын шұлғып тастап, танауларынан құшак-

құшак бу атып, сар желіп келеді. Үнсіз отыра алмадың. Сөйлеп кеттің тағы да: қар астында жатқан дала мынау; мәңгі-баки ұйықтап қалғандай; тұла бойын жаза алмай, қойны-қоншы мұзға сірескен тоң; әр сайдың етегінде бір-бір қыстау; бәрі соның ауыл атанады... Ауыл атанып, түгін түтетіп отырып айтатыны — қу өңештің ұраны, соғатыны — ру сойылы, әрқайсысы сөйтіп бір-бір төбе. Төбе сайын бір оба. Әр оба өзін биік көреді, жапырайған жатаған төбе басында тұрса да, өзін биікте тұрғандай сезінеді. Сол далаға жаңалық енді-енді келе бастады. Дүбірлетіп, дүрсілдетіп келеді. Барлық төбені бірдей етіп, бар обаны өзара теңгерем деп келеді. Қараңғының көзін ашам, азулының азу тісін жұлам... деген де айбармен келеді. Көп ауыл жойылып, сай-сайға шашыраған көп кедей бір орынға тоғысып еңбек етпек. Әркім өз еңбегінің жемісін термек; бірлесіп колхоз болмақ. Сонда ғана біздің дала бай мен білектіден құғылады. Сені ешкім кедей деп кемітпейді, ұры деп қорламайды, ешкімге ешкім зорлық көрсетіп, қол көтермейтін болады. Осылайша дала келбеті қайта жаңғырады. Жұрттың бәрі еңбекке жұмылады. Адал еңбек бақыт шыңына шығарады. Осылай деп бар кедейдің көсемі Ленин айтқан. Жер-жердегі Қызыл отау сотына көсем қалдырған өсиет осы — халыққа шындықты айту, теңдікке жеткізу, көзін ашу...

Шешен сөйледің, сенің күмбір-күмбір сөзіңе дау айту мүмкін емес-ті. Ал билікке әділдігің жанындағы жолсерігіңе мәлім болатын, әлде жаңағы жақсы лебіңіз әсер етті ме, кім білсін, бір сәтте ол атыңның шаужайынан шап беріп:

— Сөдия шырақ. Сөреліге кері қайтсақ қайтеді?.. — десін.

Әлденеге күмілжіп кілт тоқтады. Нені айтпай бүгіп қалғанын сен ұқпадың. Қарулы қақпанға қол созым жер қалғанында да соны, амал не, сезген жоқсың.

Ақсайдың атжал биігіне көтерілгенің сол еді, төбе басында иіріліп тұрған аттылар көзіңе шалынды. Біреу емес — бірнешеу, бесеу, иә, алтау да емес — әлде жиырма, әлде отыз. Қолдарына аша, сойыл ұстаған. Иін тіресіп жиын тұр. Сұсты топ, суық топ. Бір пәленің болғанын ішің сезді.

— Жолықтың ақыры... Енді құтылып көр!

Жол серігің бетіңе жалт қарады. Көзі тағы да қанталап кетіпті. Қалай ғана теп-тез өзгере қалған? Әттен, не керек, соны ойлауға да мұрша болмады.

Тұлпар еді-ау қарагер ат! Бүйірден тиген тепкіге дір етті де, жалт беріп, құйындай жөнелді. Түлкіге түскен қырандай-ақ ағып келеді. Серігің де қалған жоқ. Әлде қуып келеді, әлде қашып келеді, әйтеуір қалып қоймай ілесіп келе жатқаны анық. Дөң басындағылар да қамшы басты. Тас төбеңде зуылдаған оқ. Екі жағыңды бірдей қабырғалап орай шапқан көп тұяқ.

— Атын атпаңдар! Атына тимеңдер!..

— Атпа, сойылмен түсіреміз.

Алдыңды ілезде орап алды. Сол жақта ғана болмашы саңылау бар, бірақ ол — жау жақ. Ауданға қарама-қарсы бет. Амалың қанша, Есімжанқараны жонға салып-салып жіберіп, сол тұсқа ұмтылдың. Тұлпар еді-ау кара жорға! Оқтай атылды тура.

Сол қуғынды тәптіштей жазып қайтейін, Төлеубек. Жазғанда да мақтау-мадақты қарагер аттың желдей жүйрік тұяғына арнаған жөн болмақ. Алып шықты ғой сені қақпаннан. Рас, алтыншы ауылға да жақын қалған-ды. Бәлкім соның да септігі тиді. Әйтеуір түске жақын атыңды қансорпа ғып, «Оян, кедей» колхозына аман-есен жеткенің анық.

6-шы ауылдың кеңесі сонда болатын. Кеңсе деймін-ау, өзін білесің, о кездегі бірде-бір колхоз басқармасының, бірде-бір ауыл кеңесінің тізе бүгер белгілі орны жоқ-ты. Өйткені бәрі де енді ғана ірге көтерген кез. Бұл ауылда да кеңестің қызыл жалауы Малбосын Кескенбайұлының қақпасына ілінген-ді.

Бұл ауылдың әйгілі кеңесін саған таныстырудың қажеті жоқ. Малбосынның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып дүрілдеп тұрған кезі. 6-шы кеңеске қарайтын он шақты ауылдың үлкен-кішісі соның қас-қабағына қарап от жағып, соның рұқсатымен ғана ат ерттейді. Өзі де өрт еді-ау, шіркін! Қол қоярлық сауаты болатын.

Сонысы пайдаға шықты, кеңес өкіметі келе-ақ атқа мінді. Белсенді атанды. Партия қатарына да сол кезде кірген. Ал, тумысында ешқандай мін жоқ, жеті атасынан бері жалға жүрген, сіңірі шыққан қу кедей. Жоқшылықтың дәм-тұзын

жас күнінен татқан. Сонсоң да несін аянсын, жалтандап несіне қарайласын. Қолына билік тиген соң қамшыны аямай басқан. Белсенділігі де, жұмысқа деген ынтасы да біржосын ғажап еді. Ол басқарған ауылдар салықты бұрын төлейтін, тіпті қанша болмасын асыра төлейді. Аудандағылар оған қатты сенетін. Сенгені ғой, жиналыс сайын басқа ауыл кеңестеріне оны үлгі ғып айтатын.

Сонымен, ауыл кеңес төрағасының үйіне жетіп, ат басын тіредің. «Еңбек» коммунасының бастығы Жанай Жайтуғанұлы да осында. Дүрліккен жұрт тез жиналды. Бірақ, тым аз! Үш коммунист, екі-үш комсомол жас. Қарулары да мәз емес. Бақан, екі-үш сойыл, құс мылтық пен екі алтыатар. Құрығында бір винтовка жоқ! Ең қиыны, адам аз. Ауылда сойыл көтерер азамат қалмаған. Дені соның бүлік көтергендер жағына шығып кеткен. О, аңғал жұртым-ай! Кімнің сойылын көтеруге шықтың? Кімнің үгітіне алданып атқа міндің?!

Әйтсе де жандәрмен кісі жиып, қарсы тұру қамына кірістіндер. Басшылыққа Жанай Жайтуғанұлы тағайындалды. Жүректі жігіт, каталдығы мен қаһарлығы бірдей деп дүйім жұрт жаппай сөз қылатын. Кәмпеске кезінде талай шонжарды шынғыртып дүре салған өрлігіне бүкіл аудан халқы таң қалған. Сол науқанда жуан тұқымға істемегені жоқ десетін. Белсенді азамат қазір де аянатын емес, ауылды айнала шауып жүр. Қақпаларды бекітіп, қалтарыс-бұқпаларға кісі қойып жанталасып жүр. Ауданға да кісі аттандырды. Ұсталып қалмаса ертең-ақ көмек келеріне сенімді. Басқа ауылдардан да жаушылар келді. Қуанарлық сөз әкелген жоқ. Ағайынды Кемпірбаевтар — Олжашқа* қарасты елді түгел дерлік көтерген деседі. Иісі Олжаш атқа мінсе аз күш емес...

Бүліншілікті бастаған ағайындылардың соңына ерген тобыр көп күттірген жоқ. Құйынша жөңкіліп ентелей ұмтылды. Олжаш ұранын жаппай айғайлап, аттарын баскөзге төпеп келеді. Таймадыңдар сендер де. Алдыңғы топтың бастаушысы Кемпірбаевтардың кенжесі Бөкен екен.

* Қаракесек қауымдастығының Қамбар тарамына жататын ру. Батырлығымен, өжеттігімен атаққа ілінген деседі

Мүлт кеткен жоқ мерген қол, жалп ете түсті. Тағы да ат-тыңдар, тағы да кезедіндер алтыатарды. Әттең, не керек, оқ бітті. Жау тобыры баса көктей ауылға енді.

Іле-шала талан-тараж басталды: кооперативтің дүкені, мектеп үйі, ауыл кеңестің есігін түріп қойып, қолына ілінгенді әкетіп жатыр; айнала түгел сойыс; коммуна малын шетінен ұстап қырып жатыр... Жылқыны да таңдап ұстап ерттеуде. Шұрқыраған құлын, кісінеген жылқы үні. Гу-гу сөз, күжілдеген көп айғай, кеңкілдеген күлкі. Айдалаға шапқылаған, ерсілі-қарсылы жөңкілген ессіз тобыр...

Сендерді де тыныш қойған жоқ. «Оян, кедейдің» өздеріне ермеген бас көтерер азаматын түгел қосақтап, ортаға шығарды. Бәрінің алдында — үшеуің, үш белсенді, үш коммунист. Кемпірбаевтардың үлкені Ыбырай шал жағалай тепкілеп, бастарына қамшы үйірін сабап жүр. Іске татыр киімдерінді сыпырып алып, бөліске салған. Баскесер шал қайратына шын мінген, қамшы сілтеген сайын, «Қанға қан, мерт болған інім Бөкен үшін!» деп өршелене ұрады, жығылғанды қайта тұрғызып қойып тағы ұрады... Содан бір уақыпта үш коммунисті сүйреп, ауыл шетіне алып шықты. Үшінші Кемпірбаев, ереуілші тобырдың басшысы Ысқақ осы арада екен. Екі иығына екі кісі мінгендей денелі, көзі жанжал іздегендей қанталап кеткен, атқа отырысының өзінде ірілік әлпет сезінеді. Үзенгіге шіреніп, ат үстінде қырын отыр. Белінде алтыатар, мойнына қылыш асынған. Оның оң жағында, қарагер аттың үстінде тағы бір зор денелі адам тұр. Қарамады саған. Сірә, тура қарауға дәті шыдамаған сияқты. Өзінің бүгінгі жолсерігің. Адал еңбекке шақырған, адамдық жолға түсірем деп сенген Есімжан сорлы...

— Қайсың алдың етігін? Қайтарыңдар түгел. Киімдерін де әкел! — деп бұйырды Ысқақ, даусы зор екен, гүж ете түсті. Үшеуіңе де біртүрлі зілмен бәлсіне қарап тұрды да, — Жалаң аяқ, тыр жалаңаш жау теңім бе менін?! — деді.

Саптама етігің өзіңе қайта тиді. Жолдастарың да киінді. Күн жылынды ма, жоқ, жылы киім жылытты ма, мұздаған аяқ-қолыңа жан кіріп, қан жүгіре бастады.

— Тінтіңдер түгел!

Бұған дейін де талай тіміскі қойны-қоныштарына қол жүгірткен еді. Іске татырды олжалаған. Енді не іздемек?

Жалындаған жүрегіннен басқа тұла бойында не қалып еді, Төлеубек? Ақша іздей ме, асыл зат қарай ма? Жоқ еді ғой ондай қазына сендерде. Болған да емес. Жоқ, ең қымбатынды, өміріндегі ең асылды тапты.

— Қане, бері әкелші! Қандай екен өзі?..

Бұл сендердің партиялық билеттерің еді. Ең үстінде қарға тамған қандай болып алқызыл түсті сенікі жатыр. Тінткен жігіттің ұры қолы жыланша ирелендеп барып төсіңе жеткенде, әріде, бешпеттің ішкі қалтасында жатқан билетіңе тигенде тұла бойың шымыр ете түскен болар-ау, Төлеубек. Ал әлгі бейбақ партиялық билетінді, бір жапырақ, кіп-кішкене картон мұқабалы кінешкенді кір-қожалақ алақанына салып, қарқ-қарқ күліп тұр. Жирен мұртын қайта-қайта сипап, билетіндегі жазуды ежіктей оқып, әлденеге мәз-мейрам болады.

— Қарашы, кіп-кішкене кінешке!.. Мұны мен бір керемет нәрсе ғой деп, көз көрмеген соң қайдан білейін, ерекше бір қымбат былғарыдан жасайды екен деп жүрсем?.. Кәдімгі тамақ орайтын базардың қатты қағазы... Шіркіндер былғарыны қимаған, сірә. Жазуы да мәз емес. Әй, кедейшілік-ай! Тұқымы жарымаған немелер, құдай-ау, қымбат қағазға алтынмен жазбай ма, алтынмен! Әй, сөдия, сауатты адамсың, шыныңды айтшы маған, осының не қасиетіне қызықтың? Кәне, не үшін осындай жөндем кінәшкеге басыңды тіктің? Құмар болған себебің не?

Үндемедің. Әлдебір оспадар жауырын тұсыңнан қамшымен тағы да осты. Сонда да тіл қатпадың. Төмен қарап, үнсіз тұрыпсың.

— Тимендер! — Ысқақ Кемпірбаев тағы ара түсті. — Қолыңды ауыртып кайтесің. Бұларға басқадай бір жаза ойлап табамыз. Кәне, жігіттер, нендей жаза лайық?..

— Атып тастайық!

— Ат құйрығына тағу керек!

— Киімдерін сыпырып алып, ауданға қоя берелік! Жете алмайды, орта жолда үсіп өледі.

— Жә, даурықпандар! — Ысқақ даусын соза сөйледі. — Мен ойлағаннан, сірә, мәнді ештеңе айтпадыңдар...

Іле-шала ағасына қарады. Ыбрай шал адуын інісінің өзімен ақылдасқанына мәз болып, қоразданып қалды. Сірә,

өзара әлденеге келіссе керек, Ысқақ атын тебініп, анадай жерде таудай болып теңкиіп жатқан күл үстіне шықты. Тобыр да солай ойысты. Тұтқындарды да сол жерге жеткізді.

— Уай, жігіттер, алдымызда кәменестің үш адамы тұр. Алланың қолдауымен қолға түсірдік, жон терісін тірідей сыпырсақ та еркімізде... Жә, иісі Олжаш баласы, саған арнайымын сөзімді, ақылмен ойлап көріндерші. Бұлар да пенде емес пе?

Бір адам ләм-мим деген жоқ. Пысықырған аттар үні мен көп тұяқ тиген сайын шықырлаған қардың сықыры ғана естіліп тұр.

— Иә, бұлар да адам баласы. Өзіміздің иісі қазақ. Қайбір емешесі үзіліп, жан-тәнімен беріліп бәлшебек болды дейсін осы шіркіндер? Солай ма, қызыл сұңқарлар? Кәне, өздерің айтыңдаршы, кім сендерді осы жолға күштеп жеккен? Кім?..

Бүлік басшысы үшеуіңе алма-кезек жақындап, сарыала сапты қамшысымен кеуделеріңе түртіп, жәбірлей сөйледі. Кеңес ағасы Малбосын сол жағыңда, ұнжырғасы түсіп, қапыда қолға түсіп қалғанына өкінгендей болып, біржосын шыдамсызданып тұр еді. Соның алдына келгенде Ысқақ Кемпірбайұлы қамшысын кеңірдегіне тіреп тұрып, бірер мәрте батыра нұқыды. Содан соң естілер-естілмес үнмен: «Қой, батырекесі, басыңды котер. Кеңес ағасы мықты болу керек!..» — деп жанына тие және мысқылдады.

Ешқайсың да үн қатпадыңдар. Топ басшысына бұл ойын ұнаған сияқты.

— Неге үнемейсіңдер!.. Жарайды, қиналмай-ақ қойыңдар, сендер үшін мен айтайын. Бұл кінешкеге күнкөріс үшін, мына шірік Малбосындай атқа мініп, қамшы сілтеп қалу үшін жазылып жүрсіңдер. Кәменес болмаса бұл шіркінді кеңес өкіметі соқаға салып, жер айдатар еді... Сендердің арам ойларыңды мен бір кісідей білемін. Сендерге кәменес деген атақ керек, билік пен дәреже бәріңнің де құлқынды тескен. Мен үшін сендер түкке тұрмайтын ұсақ жаусыңдар. Сендер емес — менің діттеген жауым! Ол — мына қызыл кінешке!..

Айнала қаумалап тұрғандар бір-біріне тандана қарасты. Бүлік басшысының нені меңзеп тұрғанын ұқпаған сияқты.

— Осы қызыл кінешкенің құдіреті менің кіндік кескен жерімді тартып алған, малымды да түгел сыпырып ортаға

салған... Осы менің айдаушым да қорлаушым!.. «Апыр-ау, мұның күш-қуаты неде, нендей қасиет-қадірі бар?» деп ойлаушы едім. Бүгін соның сәті түсіп, бірін емес, үшеуін бірдей қолыма ұстап тұрғанда, несіне аянайын, ағайын... Кәне, кеңес ағасы, бері таман жақында! Сенен бастаймыз бұл жазаны. Осы арада сенен үлкен жоқ, дәрежең де әлей. Кел бері! Көрелік қандай кәменес екенінді?!

Ысқақтың гүжілдеген үні аязды қотанда күшігендей шаңқылдап әсерлі естілді. Әлденеге риза. Тымағын бір шекесіне қисайта киген. Бір құлағын ішіне қарай жымқырып басып қойыпты. Шапанының көлбеңдеген екі етігін беліне қыстырған, екі аяғын бір-бірінен алшақтау ұстап талтайған күйі күл үстінде шіреніп тұр.

Малбосын Кескенбайұлы бірер адым алға жүре түсті де, артына жаутаңдай қарап, қалт тұрып қалды. Жұртта үн жоқ. Көшбасшы Ысқақтың нендей жаза ойлап тапқанын біле алмай таңданып тұрғаны анық. Сенің де жүзінде, Төлеубек, сондай таңданыс. Атар деп едің, атқысы жоқ. Қамшы астына алып, жабыла сабар деп ойладың. Дарға аса ма, ат құйрығына таға ма? Оған да баспады. Апыр-ай, өлімді де дегбірсізденіп дағдара күтетін болды-ау. Шыда! Шыда, Төлеубек! Сендерді тұтқындаған жау өзің ойлағаннан да қатал болып шықты. Қатал деймін-ау, қорқаулығы мен аярлығын неге айтпаймын.

— Уай, кәменеске жазылған барша дәлдірге сабақ болсын деп жасаймын мұны. Бір сен емес, бар кәменес, барлық кәмсәмал келешекте айтып жүрсін, айтқан сайын тұла бойы қалтырап жаны түршіксің және өзіңе лағнет айтып, итше жиренсің... деп жасаймын! Айтылған сөз — атылған оқ. Екі айту қадетімде жоқ. Көнсең — партиялық белетімнен бездім деп көп алдында жария қыласың. Безгеніннің белгісі — қар үстіне тастап, тура үстінен қызыл кінәшкеннің дәрет сындырасың! Көнбесең — иманыңды айта бер. Табаңда атамын! Қу жағыңа мылтығымды тіреп тұрып, өз қолыммен атамын. Жарайсың қызыл кінәшке, қызара түс деп қанға бояймын. Үкім осы! Ал, кәне, кеңес ағасы, таңдауыңды естірт?

Ұқтың ба, Төлеубек. Жаза сипатын білдің де жаның түршікті. Шуылдаған тобырдың өз басшысын қошемет-

теп кеңкілдеген күлкісіне таңырқап, әзер тұрғаныңды сеземін. Қыл арқан ұстап тұр қолыңды әттен! Шіркін бос-тандық деп опық жегенің өз алдына!.. Кең аспанның асты да кей-кейде тарлық етеді екен-ау? Кең дала атамекенім деп малданып жүрсе, осындай да айуандығың бар ма еді?! Уа, жасы үлкен жақсы аға! Беріме, бір болыс елге жеткендей өрлігің бар еді. Сүйекке таңба болар, кейінгі толқын інінің бетіне шіркеу салар жамандыққа баспа! Керегі жоқ ондай өмірдің. Күйкі тірлікті арзанға сатып алма. Біздің өмір қымбатқа түссін! Уа, неге қарамайсың маған? Апыр-ай, жасып қалғаннан саумысың?..

Мұның бәрін, Төлеубек, ішіңнен айттың. Бұйтпеске амалың да болмады. Болмады емес, сөйте гөр деп үгіт айтуға қақың да жоқ-ты. Дарқан өмір қыдырып қайтар саяхат емес. Адамға ол бір-ақ рет беріледі. Ендеше дар алдында тұрғанда, арың алдында тұрғандай сезіп өзінді, таңдауды біреудің ақылымен емес, өз ожданыңмен шеш! Ертең өкінбес үшін де сөйту керек. Әркім өз тағдырына өзі қожа. Сол себепті тіл қатпадың қасыңда ұнжырғасы түсіп сөлбірейіп тұрған партиялық серігіңе.

Ал ол, 6-шы ауылдық кеңестің ағасы, Абыралы ауданындағы атақты белсенді Малбосын Кескенбайұлы өмір сүруді таңдады.

Қас қағымдай сәт, бәлкім одан сәл ұзағырақ уақыт өтті. Уай, соны санап керегі не? Сол бір мақсара істі көрдім деймісің? Жо-жоқ, сен оны көрген жоқсың. Көруге дәтін шыдамай, екі көзіңді тарс жұмғаның анық. Сөйтіп тұрып бір сәтте дұшпан тобының дүрліккен айғайын естідің.

— Мінеки, кеңес ағасы, жарадың!

— Өй, өзі нағыз белсенді, бұл жолы да көзге түсті!

— Қалай-қалай шарылдатты е..ей!

— Сен енді біздің адамсың. Қорықпа, кешірдік ежеттігіңді. Азатсың!..

— Атын да өзіне беріндер, — Миығынан күлген Ысқақ Кемпірбаев, қолын ысқылап, қуаныш білдірді. — Жә, сөдия шырақ, кезек сенікі...

Сол бір қас қағымдай сәтте, дар тұзағы мойнына түсіп, өлім мен өмір арасындағы тар көпір үстінде тұрған шақта не ойла-

дың, Төлеубек? Нендей түйткілді жәйттер көз алдыңнан өтті? Бәлкім Қарқаралыдағы уездком хатшысының кабинеті көз алдына елестеді ме? Партиялық билетінді тапсырып тұрып:

— Ал, Аралбаев, сен енді осы сәттен былай менің партиялық жолдасымсың. Билетінді көзіннің қарашығындай сақта. Бұл саған үлкен жауапкершілік жүктейді, сен енді бұрынғы Аралбаев емессің, коммуниссің!.. — деген-ді хатшы.

Иә, хатшы солай деді. 1928 жылы сол шәрдегі интернатта жатып оқуынды тәмамдап, Ақшатау болысына салық жинаушы өкіл болып аттанып бара жатқанында айтқан уәжі еді бұл. Содан бері үш жыл өтті. Үш жылда қайда болмадың, партия жұмсауымен қайда жүрмедің?.. Өмір қызығын тәрк еткен жан десем — жаңсақ сөз болмақ. Жоқ, өмірге сен ғашық едің. Сонау Шет өңіріндегі қараша үйде шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, өмір сүруге құмар болдың. Рас, рахат дерлік ештеңе де көрген жоқсың. Қарның тоя ас іштің бе? Білімді сен жоқшылықтың жалбыр тонын жамылып жүріп қиын-қыстау кезеңде алдың. Абыралыға, «Қосшы» ұйымына хатшы болып келгенінде үстінде бүтін бешпет те жоқ еді. Бір жылдан соң Қызыл отау соты болып тағайындалдың. Үй болып, түтін түтеткенің де кеше ғана...

— Жап-жас, ашаң өнді, бойы сәл сорайғандау, шегір көзді, жіңішке жігіт еді.

Ел жадында сақталған бейнең осы ғана, Төлеубек. Кормесем де көз алдымда сен осындай бір жадау-жүдеу кейіпте елестейсің. Иә, иә, уыздай елжіреген, ана сүті жұп-жұқа ерніннен кеппеген бейкүнә жастай көрінесің маған. Бәлкім сол сәтте есіміңе ие болар артында ұрпақ қалмағанын да өкіне ойлаған шығарсың? Бәлкім ерте үйленіп, Гүлжандай жас жарыңның өмірін өксітіп кеткеніңе қиналдың ба?.. Білмеймін. Менің билетінім — басқа жәйт...

Әр адамның бағы сынға түсер айшықты мезеттер болады: «Жақсылар сондай сәтте жұлдыздай жарқырап аспанға шығады; жамандардың сағы сынып өшіп жатады...» деген ғой бұрынғылар. Міне, сол мезет сенің де басыңа туды, Төлеубек. Саған да тандау тиді. Қаласаң — ана Малбосынның қасына бар. Бәлкім ұзақ өмір сүресің. Тегінде қар-

тайып өлу де бақыт!.. Партиялық серігің сені тастап кетті. Масқаралап кетті. Енді сен өз мойныңа түскен ауыр сынды, партиялық билетіңе түскен сынақты көтеруге тиіссің. Өзің үшін де, жолдасың үшін де! Қу жаныңмен. адал арыңмен өзің мүше болған партияның намысын қорғайтын айшықты сәт туды. Сен оны дар алдында тұрсаң да қайыспай көтеруге борыштысың...

Сол бір қысылтаян шақта, Төлеубек, сені шырмаған ойлар осы ма?.. Білмеймін. Білемін деп сәуегейлік жасаудың жөні жоқ. Менің білетінім — дұшпаның күл үстіне лақтырып тастаған партиялық алқызыл билетінді қолыңа алып, жүрегің түбіне қысып тұрып, тап жауына қарап:

— Ал ат! Мен партиямды сата алмаймын. Сен сыйлаған арзан өмір маған керек емес! Ал, ат! — дедің.

— Өй, мынау қайтеді?

— Жігітім, бар қызығың алда емес пе, ойлан!

— Бүлдіршіндей әйеліңе жаның ашыса етті, бейшара!..

Дұшпанның қыздырма сөзі саған шыбын шаққандай әсер еткен жоқ. Ысқақ отағасы, осы жазаны соншама аярылықпен ойлап тапқан топ басшысы сенің сағынды сындырмақ болып қаншама әрекеттенді. Желкеңе келіп, тапанша ұшын қарақұсыңа тіреп қойып біршама тосты. Сірә, райынан қайтар деп күткен болар. Сенің ажал құшқаныңнан гөрі билетінді ластағаның тиімдірек еді. Сендей рухтылар көзсіз ерлікпен өлім құшқан сайын өз тобының сирей түсетінін ол жақсы білетін-ді. Сірә, сонсоң да кешеулетіп тұр. Міне, басын шайқап, сол жағыңа шықты. «Бол, ақырғы сөзіңді айт!» — деп дікілдеді. Үндемедің. Тайсалмай қасқая қарап тұра бердің. Ақыры ол шыдамады. Алтыатарын сол жақ иегіңе тіреп тұрып, үздік-создық үшке дейін санады. Бірақ, сен айнымадың. Сауға сұрау есіңе келген жоқ.

Дүңк етті кенет дала үсті. Оқ иектің сол жақ астынан кіріп, оң жақ шекеден шықты. Тіл тартпай табанда кеттің. Арманда кеттің!

Жиырма тортті толтырып, жиырма бесіне шығарда Кеңес құрылысына жауыққан тобырдың қолынан қаза таптың, Төлеубек. Қорқау жандар сенің бетінді жауып әуре

болған жоқ. Басқа ауылдар үстінде ат ойнатпаққа аттанды. Күл үстінде сен ұзақ жаттың. Бет-аузыңа қан ұйыған. Көзін жұмық. Кіп-кішкене, бір-ақ жапырақ, картон мұқабалы алқызыл книжка — партиялық билетінді кеудене қысып, қол-аяғың бүрісіп ұйықтап кеткендей қалыпта жатыпсың. Төсегін — қарға бөккен күлтөбе, көрпең — бұлт бүркеген кең аспан. Ал, қар жамылған кең дала суық ызғарын аяусыз түтеткеніне қымсынғандай, жым-жырт сұлық күйде жатыпты. Қас қарая ман дала ұйқысынан оянып үлдей бастады. Боран көтеріліп, қар көшкіні жөңкілді.

Екінші жолдасың туралы саған ештеңе айтқым келмеп еді. Бірақ, шындықты жасыра алмадым, қайтейін. Жанай сорлы да сатып кетті сені... Рас, әлдебіреулер ара түсіп сауғаға алса керек (Бауыздау құдасы Сағындық деген Кемпірбай баласының жамағайыны Жанайдың үстіне құлап, мені де қоса жазаландар деген соң, кешірім алыпты деседі).

...Толық бір ай дүрбелең салды бүлікшілер сол өңірде. Боран басылып, жол түсе Қарқаралы мен Семейден келген қызыл әскерилер ауылдарды азат етіпті. Сенің дененді сол күндері Жақсы Абыралы тауының етегіндегі бұлақ жағасына жеткізіп, Қайнар кентіндегі ескі бейіттің іргесіне жерлепті. Әрине, аза тұтып, құрмет көрсетіп.

Сол күннен былай сенің екінші өмірің басталды. Сен туралы аңыздар да содан бері айтылып келеді, ұрпақтан-ұрпаққа жырланып келеді, Төлеубек ер.

* * *

...Төрт құлақты жатаған ескі зираттың алдында үнсіз тұрмын. Дала дел-сал. Ұйықтап жатқандай. Үп дерлік жел жоқ. Төңірек жым-жырт. Етегін жусан бөккен ескі мола да бедірейіп сұлық жатыр. Маған сол тыныштық: «Тағы не айтасың, бар-жоғы осы ма?» — дегендей сезілді.

— Екеуіміз қоштасатын уақыт болды, інім. Жолыңнан қалма, жас орен. Жер үстіндегінің жұмысы сірә да бітпейді...

— Жоқ, азғана сабыр ет, Төлеубек. Мен саған сол күні өзінді жалғыз тастап кеткен екі замандасыңның одан кейінгі тағдыры туралы ештеңе айтқамын жоқ...

— Замандасым деймісің? Оларды сен көрдің бе? Апырай, ұзақ жасаған екен-ау?

— Мен оларды көрдім. Ұзақ өмір сүрді. Тындаймысың, мен саған екеуімен де қандай жағдайда кездескенім жайлы әңгімелеп берейін...

Семейден шыққан автомобильдер колоннасының қар бұзып жолда келе жатқанына екі күн болған-ды. Екінші күні таңертеңнен үдемелі боранға кезігіп, әбден сілеміз қата титықтаған сәт еді. Қас қарая Тасбасқан бекетіне іліктік. Жатаған бұйраттардың ортасында, керуен жолынан қол созым жерде тұрған жөнең қыстауға ілбіп жеткендегі қуанышымызды сұрама. Сапар азабы осымен аяқталғандай-ақ бар жолаушы улап-шулап қақпаға жүргіргенбіз. Екі бөлмелі жөнең бекет екен. Пеш түбінде селдір сақал, күрең көз, кеуде сүйегі ашық омырауынан арса-арса болып одырайған бір шал жатыр. Есік ашқан еңкіш кемпір амандасқан да жоқ, құдды бір мылқау адамдай үйіне үн-түнсіз сүңгіп кеткен-ді. Шал да сәлемімізге ізет білдірмеді.

— Қонатын болсаңдар, жан басына бес сомнан пәтеракы, — деп күңк етті тек.

— Қонғанда қандай!

— Он сомнан неге алмайсың?!

Бойы жыли бастаған жұрт шулап наразылық білдірді. Қонақжай даладан мұндайды кездестіреміз деп кім ойлаған?

— Жігіттер, дауды қойыңдар. Бұл үйдің дәстүрі өзгермейді, — деп жүргізушілердің бірі бізге басу айтты, — Әй, шал, пәтеракынды береміз, шай қойғыз бізге...

Шай қоюға шалдың өзі тұрды. Бойы серейген ұзын кісі. Аласа үйіне тіпті тіреу болғандай. Асықпай киініп қораға шығып отын әкелді. Сары қиды плита астына қалап болған соң, бізге қарап:

— Шай үшін бір сомнан. Ақшаларынды қазір төлеңдер, — деді.

Сол түнді осы үйде өткіздік. Таңертең тағы да бір-бір сомнан төлеп, шай ішіп, аттанып кеттік. Былай шыға бекетшінің аты-жөнін сұрадым.

Малбосын Кескенбайұлы екен.

О кезде сен жайлы мен ештеңе білмейтін едім, Төлеубек. Білген болсам, сол түнде-ақ бекет ұстаушыдан біраз жәйтті сұрайтын едім. Амал қанша, тым кеш іздедім. 1960-жылдары дүниеден қайтыпты.

Ал, екінші замандасыңмен кездесуім жуырда ғана.

Бұл Қарағанды облысының Ку ауданына қарасты Н. кеңшарына сол байғұсты іздеп барып, бір танысымның үйінде қонып отырғанымда үсті-басы жүдеу, сақал-мұрты көптен алынбаған, бет-аузы ісік бір қартаң кісі есіктен тәлтіректей кіріп, босағаға жайғасы.

— Мына кісі кім? — деген сұрағым үй иесі тарапынан жауапсыз қалды.

Іле-шала әлгі байғұсты ауыз үйге шығармақ болып үгіттеп баққанын сезіп отырмын. Бірақ, анау да оп-онай көне қойған жоқ. Маған түйіле қарап, бірдеме айтқысы келгендей кейіпте төрге ұмтылады. Ал тілінің күрмелгені сонша сөйлеуге келмей, бірдемені былдырлаған болады.

— С... с... сені іздеп, әдейі келдім, сені жазушы дейді. Мен туралы жа... жазғың келе ме? Иә, иә... бай біткенге мен бір кезде бүйідей тиіп басқа жаққа аудартқамын, коммуна да құрдым. Барлық істе алда жүрдім, естимісің, алда жүруге тырыстым! Маған неге ақшиып қарайсыңдар, түге? Өтірік пе менің бір кезде көменес болғаным... Абыралыдағы бірінші белсенді, көменес те мен едім. Енді күлесіңдер, ә?! Білемін, бәрің де мені жек көресіңдер. Маскүнем дейсіңдер. Иә, мен қазірде маспын. Мен мас болғалы қашан!.. Уа, сендер, неге ұмытпайсыңдар соны? Күнәмді мен тап сол жылы жуғамын. Шекмаревтен сұрандар, өтірік десендер. Қарқаралыдан келген көменес. Семейден келген қызыл командир Шөпин де солай деуі қак. Қызылдар отрядына шиыры көп тауда жол көрсеткен кім екен?.. Мен дейді екеуі де. Жә, неге ұмытпайсыңдар? Не істедім? Өзім де ұмыта алмай жүрмін, қайтейін...

Сөйлеткен жоқ бейшараны! Алдап-сулап шығарып жіберді. Есіктен шыға беріп: «Ішкіш дейсіңдер... Өмірдің қызығы тоя ішуде емес пе...» — деп сөйлеп бара жатты.

Өзім іздеп жүрген Жанай Жайтуғанұлы екенін бірден білдім. Келген бетте сұрағанымда үй иесі: «Өзі-ақ іздеп келеді. Қай үйде қонаққа дастархан жайылғанын ол байғұс

сұратпай біледі...» — деп сүлесок жауап берген. Сөйтсем, байғұстың жай-күйі осы екен. Қонақжай ауыл үнемі масан жүретін егдені маған көрсетуге ұялып отыр екен...

Топшысы киылған қыран жартас түбінде ыңыранып жатып аспанға қарайды дейді. Бәлкім кең аспанның көгіне тағы бір рет қанат қағып, тасқа соғылып өлгісі келетін шығар? Бұл енді нағыз қыранға тән өжеттік! Сондай күш-қайрат өлексе үстінде отырған күшіген құстың бойынан табылар ма? Қайдан табылсын?!

Бір партияға мүше болған замандастарыңмен кездесуім ойыма осы бір бейнелі теңеуді елестетті, Төлеубек. Төрелігін өзің айт, басқан ізің аңыз бен жыр, партияның қатардағы сарбазы. Есімің ел жадында сақталған асыл азамат, қош бол енді!..

* * *

Осы жолдар жарық көріп жұрт назарына тартылған соң тура бір жылдан кейін Қайнар ауылындағы ескі зираттың орғасында елеусіз жатқан төрт құлақты жатаған моланың алдына бір топ адамдар келді. Келді де соның ішіндегі жалғыз қабірдің топырағын көтере бастады. Шай қайнатым уақыттан соң қабірден шыққан ер адамның сүйегін ақ матаға орап алып, бетіне қызыл мата жабылған зембилді төбесіне тік көтеріп, бұрынғы Абыралы ауданының орталық көшесін қажара жүріп, Сұлушоқы түбіндегі көкжасыл алаңға бет түзеді. Зембил көтергендер алға жүрген сайын соңына ергендердің қарамаы молая түсті. Ал, жасыл алаң ортасында, болашақ бақтың орталық аллеясында бұларды орта мектептің оқушылары тосып тұрған-ды. Бір сәтте дауылпаз үні естілді, барабандар да даңғырлай соғылып жатты. Қызыл жабылған зембил алаңға жеткізілді.

Сонау 1931 жылдың дүбірлі көктеміндегідей қызыл тулар тұс-тұстан желбіреп тұрды. Күн де тап сол сәтте тау желкесінен асыла қарап қалған-ды.

Дала тымық, айнала қоршаған тау да жым-жырт. Тек Сұлушоқы етегіндегі қарамды топ қана гу-гу сөз нөпірін

гулете бастады. Бәрінің де жиі қайталай айтатыны – бір-ақ есім.

– Қапыда кеткен ерім, сені біз ұмытқамыз жоқ. Бүгінгі ұрпақ саған қарыздар, Төлеубек Аралбайұлы!

– Қатардағы коммунист едің. Өз қатарыңнан озып, міне, енді алпысыншы жылдардағы коммунистермен үндесін тұрсың...

– Аралбаев атындағы пионер дружинасының мүшелері ант етеді: коммунист Аралбаев биікке көтерген қызыл туды түсірмейміз қолдан-қолға, ұрпақтан-құраққа жеткіземіз...

Бір уыс топырақ қолдан-қолға өтті. Алаңдағы көпті жағалай аралап шыққан соң қабір түбіне төгілді. Біраздан кейін сол жерде кішкене төмпешік пайда болды. Ал, бірнеше күннен соң төмпешіктің үстіне ұшар басы сүйірленіп біткен, етегі кең де әдемі нақышталған биік ескерткіш тұрғызылды. Ескерткіштің күншығыс жақ бетіне мрамор тақта бекітілді. Одақтық «Комсомольская правда» газеті осы жолдар иесінің қаламынан өрілген жас коммунист Төлеубек Аралбаевтың ерлігін «Дала хикаясы» деген атпен жария етерде өз оқушыларына арнаған сөзін қазақшалап қайталапты.

«МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР ДЕЙМІЗ ТАҒЗЫМ ЕТІП РУХЫҢА,
ПАРТИЯНЫҢ ҚАТАРДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ҰЛЫҢА».

Содан сәл төменіректе мына сөздер даралап ойылған:

«ТӨЛЕУБЕК АРАЛБАЕВ. 1906-1931»

*Семей,
1967-1968 жылдар*

МАРДАННЫҢ ОРАЛУЫ

I

Бүркеншік аты — «Бейтаныс», шын есімі — беймәлім тілші Семей облыстық «Қызыл дала» газетінің 1934 жылдың аяқ шеніндегі санына «Темір тұлпар мініп, Зайсанға аттанды» деген дабыра тақырыппен шағын ақпар жариялапты: қақаған желтоқсанның аязды күні Жаңғызтөбе стансасынан жиырма сегіз комсомол түлегі трактор керуенін айдап, Қытаймен шекарадағы ауданға аттанған; бәрін болмаса да сол топқа өз еркімен қосылған өрендердің кейбірінің есімдері аталған; «Төңкерісшіл жас түлектер ел сенімінен шығатын болар!» деген желеуі де бар соғында.

Зайсан — түстік шептегі шалғай аудан, сол күндегі шалқар кеңістікке ие облыс орталығынан алты жүз шақырымға сөз айтпайтын түкпірге «Социализмнің темір тұлпарлары» атанған тракторларды айдап апарып, қыр еліне таңсық МТС-тың ірге тасын қалауға қатысу — о күнде Айға ұшқандай ірі оқиға. Әмбе дүбірлі уақыттың қандай кезең екенін ұмытпалық: дала төскейінде байларды тәркілеу, жаппай колхоздасу науқандары үрдіс жүріп, соның артынша дала төсін жайлаған қиыншылық саябырлап, ежелден мал баққан жұрттың шаруашылықтың ұжымдық түрлеріне көше бастаған шағы; ол болса — Кеңес Одағы жариялаған саяси-экономикалық жаңа саясаттың ірі өндірісті орталықтарда ғана емес, небір қиын түкпірлерде жақсы нышандармен белең беріп, жаппай дүрлігу туғызған айшықты кезеңі; отыз бес жыл бұрынғы газет хабарынан мен осы жәйтті айқын аңғардым; шынтуайтын айтқанда, мені таңдандырған гәп — ақпарда аталған жас өрендердің түгелдей дерлік қазақтың кара домалақ балалары екендігі еді...

Сол жәйт түрткі болып, газет тікпесін құныға ақтарайын. Әрине, «төңкерісшіл өрендердің ауыр сапарының мән-жайын толығырақ білуге құмартып. Амал не, «Қызыл дала» дүбірлі уақыт тынысы айқын сезілген шерудің жай-жапсарына қайта оралмапты. Өкінішті бейғамдық, әлде қосымша ақпар ала алмаған? Алайда сол бір тосын оқиға мені тыныш қоймады. Газетте есімдері аталған өрендерге іздеу салдым. Арада өткен ұзақ жылдар бәрін бірдей өшіре алмапты. Кейбірінің ғұмыр жолы, айшықты ісі ел жадында сақталыпты. Тәубә делік, ақпарда есімі аталған тракторшы өрендердің біреуін, байырғы механизатор, бүгінде қадірменді зейнеткер Мардан Данияровты мен өзім туған Қайнар кентінде кезіктірдім...

* * *

Ол туғанда жерде қар бар еді. Қалың түскен ұлпа қар Абыралы атырабын тұтас қымтап, аппақ болып сіресіп жатқан-ды. Айнала түгел ақ мұнарға оранып, алашабыр бұлттар көкті жағалай торлап тарқамай тұрған деседі. Даланың сол бір ақшулан кейпі ұйықтап жатқан алыпқа ұқсайтын. Шөп басы селт еткен жел жоқ. Тып-тынық, демін ішіне тартып, ақ кебінге оранған жансыз денедей үн-түнсіз мүлгіген бір дүние. Қайда қарасаң да шексіз, шетсіз созылған кең дала, жатаған жоталар. Ал сонау, көз ұшында, бұлдыраған таулар артында, боз мұнарлар астында не болып жатыр, онда да осындай самарқау тыныштық па?..

Мұның бірде-біріне Мардан бала, әрине, ойланған емес, ойлауға мұршасы жоқ-ты. Өйткені тал бесікте іңгәләған сары ауыз сәби болатын. Ал мезгіл ақ қоянның, 1915 жылдың қараша күзі еді.

Күз таусылып, ұзақ қыс түсті. Бір емес, әлденеше жылдар қарға бөгіп, бәз-баяғыдай алып ұйқымен манаураған даланың паң мінезі Марданға да жұғып қалғандай: сөзге жоқ, құртақандай кезінде де сондай еді; жүрді, тілі шықты; атқа өзі мініп, өзі түсіп, қыр төсінде тасыр-тұсыр шабатын болды; ал томсырайған бұйығы мінезі сірә да өзгерер емес. Көзі тостағандай үлкен, қарашығы көмірдей қап-қара. Қабағы қалың, терісі төмен түсіп кеткен. Бетінің ұшы топ-

томпақ. Мандайы шығынқы. Құлағы қалқиған, сәл ұзындау. Шашының әр талы даралап шанышқандай, бір-біріне қосылмай, әрқайсысы жеке ауыл қонып, дүрдиіп тұрады.

Молда алдын бала көрмей есейді. Тоғызға толғанында әкесі Данияр алдына мінгізіп, Қожа ауылындағы кенес мектебіне апарған. Бір ай толық оқыды ма, оқымады ма? Мұғалімдерін әлдекімдер жазым етіп, жаңа мектеп жабылып қалды. Келесі жылы Қарқаралыдан тағы бір жас жігіт келген, бірақ оның да «ғұмыр жасы» ұзақ болмады. Оқу басталар-басталмастан өзі тайып тұрды. Үшінші мұғалім келгенін Діндегі аз ауыл кеш білді. Кешіктім-ау соған деп ренжіген Мардан жоқ, әкесі де бұл жолы мектепке бар-барлап баласын қыстамады.

Бошан елінің Кешубай бұтағынан тарайтын Діндегі ауылдар көктем шыға қыстаудан үрдіс көтеріліп, төр жайлауға бет алатын. Саркөл, Айнабұлақ, Сөреліні шыр айналып, жон арқадағы Тұлпардай түпкі қонысына жеткенше тоқтамай сыпыра көшетін-ді; өңкей бір мол сулы, бұлақты өлкелерге қонып, көк майса тұнған жасыл алқаптарды тауыса жеп, мал семіртетін; жан күйттейтін. Қыс қыстауда өтеді. Өмір бойғы тірлігі осы. Мардан да соны құртақандай күнінен көріп, туған жерінің ыстық-суығына бірдей ширап есейді.

Алайда сол тірлік те көп ұзамай, бұрын-соңды қазақ даласы естіп, білмеген өзгеріске тап болды. Ой мен қыр бір-біріне ұласып кетті, ауыл мен ауыл араласып, өріске өріс қосылып, өмір жаңа заман атанған арнаға бет бұрсын. Оның саяси аты тәркілеу болып шықты.

Марданды ол тіпті өзге қырдан шалған: жазға салым әкесі, күзге қарай шешесі дүниеден қайтты; жасы он үшке ілігіп, есі кіріп қалған жасөспірім алғашқыда не істерін білмей, мәңгу халде күй кешкен... Бірте-бірте мүсәпір жағдайына көндігейін деді. Әркімнің босағасында, жамбасы тиген жерге қонып, жұмыс та, бап та таңдамай, кім қайда жұмсаса сонда барып, аузына тигенін ішіп, пейіл берген ауылда айлап, апталап жатып, өлместің күнін кешті. Оған мейірмен қараған қыстау иелері баланың бұйығы мінезін ұнатып, көбірек

ұстауға тырысатын. Бірақ, өкіл келсе: «Бара ғой қу жегімек. жалшы ұстап отыр деген жалаға қаламыз» — деп тезірек сырғытып жіберетін. Сөйтіп, Мардан сорлы бас сұғатын үй таба алмай, далада қонатын жәйт жиі қайталана бастады.

Күндердің күнінде Мардан Даниярұлының жегімек атанып, ішқұсада тентірегеніне бірер жыл болған мезгіл-ді, үстіне былғары бешпет киіп, күнқағары жалтыраған өкілдердің бірі оған ойда жоқта, жондағы бір ауылда кездейсоқ кездесті де, жалаң аяқ, үсті басы жүдеу баланы тергеуге алсын. Әңгіменің аяғы уәкілдің артына мінгесіп, ұзақ жолға шығуымен аяқталды...

Семейдегі жегім балалар үйіне Мардан Данияров осылай келген-ді. Қалада көргенінің бәрі басында оған құбыжық сияктанған: өздері тұратын қос қабат биік ағаш үйге дейін, тіпті домбыраның шегіндей керілген, жерге төсеген темір жолына шейін. Бәрі де өңі түгілі түсінде көрмеген бейтаныс дүниелер, бейтаныс адамдар, ең аяғы әбігерге толы жүрісі мен орысша шүлдірлеген тілдері де...

Мардан тап болған панасыздар үйі қаланың даламен шектесетін шетінде, өзеннің «Қайық аузы» деп аталатын биік жарқабағына тақау орналасқан-ды. Балалар үйі деп аталғанымен оны үлкен де, кіші де сағалап, жан сақтап жүрген қиын шақ еді бұл. Ересектің бірі — Мардан. Жас деңгейі ғана емес, дене бітімі де сол жайынан хабар бергендей, тым кесек, тұлғалы, ерекше дараланып тұрар еді. Сонсоң ба, жаз өтіп, күз туа панасыздар үйіне трактористер курсының өкілі келіп, ересек балалар іріктеуге кіріскенде, Данияровтың фамилиясы тізімге бірінші болып тіркелген-ді (Бірақ жас шамасы екі-үш жылға кішірейіп көрсетілген білем)...

Бородулиха селосында ұйымдасқан трактор машина мектебі, қысқаша ТМШ-ға Мардан Данияров осылайша тап болған-ды.

ТМШ қалың орман шетіндегі онаша қора-жайға орналасқан екен. Бұрынғы иесі болған кісіге ұқсайды: үйі даладай кең — жатуға да, оқуға да жетіп жатыр; қорасы да аумақты — трактор түгілі, айғыр үйір жылқы қамасаң да тарлық етер емес... Мектептің өзі курсанттар келердің алдында ғана

ашылыпты. Алғашқы топта жиырма бес түлек. Жиырма бесі де сайдың тасындай іріктелген, өңкей тақырбас, киімдері шоқпыт-шоқпыт, бәрі де сіңірі шыққан жалшы балалары. Көпшілігі сауатсыз, бірақ оны мен солын таныған, нан тауып жерлік өнерден құр алақан емес пысықтары да бар.

Мардан солардың кейбірін балалар үйінен танитын. Тек бірде-бірімен үйір болып етене араласпаған. Мына жерде де тіл табыса алмай қойды. Орысшадан ештеңе сызбайды: мұрның қайсы десе, аузын көрсетеді; осы мектепте әредік еститін қазақшасы да адам ұқпайтын түсініксіз бірдеме, тіпті тіл сүрінгендей қиын атаулар... Қыр елінен келген Марданға соның бәрі жат. Ең аяғы қорадағы арбиған екі трактор да оған әзірейілдей құбыжық сияқтанған. Келген күні-ақ ол бояуы қанық сырты жалтырап, күн сәулесімен шағылысып, жалт-жұлт етіп тұрған қос трактордың алды-артына шығып, ұзақ караған. Донғалақтарын әрлі-бері ырғап, артындағы арбиған қорап пен солқылдақ отырғышына дейін қолымен басып-басып, асықпай көрген. Сонда-ақ ол: «Мұның несі ұқсайды атқа? — деп ойлаған-ды. — Қасиетті жылқыдан садаға кеткір, қандай ғана білгіш мұны арғымақ атқа теңеген? Тіпті сәйгүліктің дүлдiлi тұлпарға?! Ат дер едi, ол желмен жарысып шаба ма? Шапқан күнде күн-түн демей, боран-шашында талмай жорта ала ма? Көздеген жеріне аман-есен жеткізе ме? Құйрық-жалы күлтеленген атта отырсаң, қандай аяз тұрып, үскірік соқпасын — әстілі тоңбайсың! Мына көк темір үстіндегі адамды қалай жылытпак? Сөйте тұра осыны анау үсті-басы май-май қасқа бас орыс аттан күшті дейді, тіпті бір өзінде отыз аттың күші бар деп мақтайды. Рас па сол? Рас болса — сұмдық екені даусыз. Онда мұның темір тұлпар емес, жебір ат болғаны. Бірақ, сол күш неме керек? Бір шана шөпті Жабықбай ағайдың торы биесі де әкеледі. Әкелмей жүр ме? Сол үшін бас қатырып, оқудың да керегі жоқ...».

Өздері келісімен қасқа бас мастер трактордың біреуін тас-талқан етіп, бар бөлшегін үлкен бөлмелердің біріне кіргізді. Сол қарекеттің не үшін керек болғанын Мардан білген жоқ. Тақтай едені айнадай жалтыраған тап-таза бөлмені былғап, майға шылқыған темір-терсек үйгеніне қайта ренжіген-ді.

Не дегенмен ұстаз-мастер жақсы адам еді. Марданға ұнағаны — қазақша сөйлеуі. Рас, онша сайрап тұрған жоқ. Бірақ, түсінуге болады. Сабакты ол қазақша жүргізді. Онысы тіпті қызық. Қолына бір темірді алып:

— Мынау... кольцо, — дейді, сонсоң «кольцоны» үш-төрт мәрте қайталап, маңдайын тыржитып, көзін жұмып, біраз ойланып тұрады да, «Сақина» деп қазақша баламасын айтады. Сақина болып шыққан тетіктің атын енді курсанттар қайталай бастады. Жабыла қайталағанда үйдің іші адам айтқысыз азан-қазан шуға айналады. Қашан бар курсант жаңағы тетіктің орысша атын жаттап алғанша, бұл дабыр басылмайды. Одан соң Керей* ұстаз әлгі тетіктің қызметін түсіндіреді. Бұл болса ұзақ әңгіме. Тақтаға сызып көрсетеді, тетікті тұратын орнына кигізіп те көрсетеді. Көбіне соған өзі білетін санаулы қазақшасы жетпей, қиналып та қалады. Кейде бұған ол күн жұмсайды, кейде сол тетіктің міндетін апта бойы түсіндіре алмай, әуреге түседі.

Көбірек әурелейтіннің бірі — Мардан Данияров. Трактордың бөлшектенген темірлері басында оған жылқының жіліктенген мүшелеріне ұқсаған. Анау арбиған доңғалақтары — аяғы, мына бір жұмыр сақиналар — асығы, үлкен қорап — жүрегі, отырғыш — белі, оның алдыңғы көсеу темірі — шоң желкесі сияқты. Қолына тиген темірді әрлі-берлі қарап отырып, мал баққан ауыл баласы әрдайым бала күнінен өзіне таныс жәйттен сондай ұқсастық іздестіреді. Естіп-білгенін салыстырумен ұққысы келетін. Амал не, сол әрекеті де көбіне әншейін талап болып шығатын-ды...

Бәрінен де қиыны жаза білмейді. Балалар үйінде болған алты-жеті айда біраз әріп үйренген. Сөз құрап оқитын шамаға келіп, енді-енді төселе бастағанда ауысып кетті. Мұнда келген соң көк темір аттарын жаттаумен басы қатып, бұрынғы білгенін мүлдем шашып алды. Керей соған да күйінген, әлдекімдерді жер-жебіріне жете сыбап та

* Дұрысы Кирилл, иә Кириллов болса керек. ТМШ курсанттары кезінде нақты айыра алмай, Керей атандырған. Кейбіреуінің айтуынша, Кирилл Андреевич Трофимов

қоятын. Бірақ, ешкімді кері қайтарған жоқ. Күн сайын кешкі астан соң Мардан сияқтыларды оңашалап, әріп үйрететін болды. Құлқы болмады ма, ұғымы жетпеді ме, кім білсін, Мардан жазу құпиясын көпке дейін игере алмай-ақ қойды. Әмбе бұрынғыдай емес, мына үйренгені — жана әріптер. Онымен жазуға орысша тіл білмейді, қазақшаға бұлар келмейді. Сонсоң да сабақ үстінде өзімен-өзі болып мүлгіп отыратын-ды.

Айналасындағы тірлік атаулының бәрі — жұмбақ және сол өңінде емес, түсінде өтіп жатқандай. Өзі болса содан жырақта жүргендей: астында қаз мойын Ардакүрең ат, ауыздығымен алысып, тұяғымен жер тарпып жосылтып келеді; ауылға жеткен бетінде ат үстінде тұрып, бір аяқ қымызды сіміріп алып, қайта кетеді; әлгінде ғана бір ұя қасқыр күшігін көрді... Бүгін ол соның соңында болады. Ертеңге ермек тағы табылады: біреу-міреу алтыбақан құрар; әлде көрші ауыл шілдеханаға шақырар; не деген шат-шадыман, бейғам өмір!..

Қыс өтіп, көктем келді. Босанған әйелдей бойы кеңіп, мейлінше жадыраған табиғат жарықтық күн санап мейірлене түскен. Ағаш арасындағы қалың қар да еріп бітті. Енді орман жақтан мұрынды жарған көк пен қарағай шайырының мұңкіген ашқылтым иісі сезіледі. Терезені айқара ашса-ақ бұрқ етіп сайын тірлікті қызықтауға шақыратын болды..

Көктем шыға Кирилл Андреевич оқытуға өзгеріс енгізді. Қыстай үйде тұрған трактор бөлшектерін сыртқа шығартты. Курсанттар енді соларды қайтадан құрай бастады. Күнұзын ашық қорада. Күн болса, ерегескендей тас төбеде шақырайып тұрады да, табаға салып шыжғырғандай аямай күйдіреді. Қызған темір одан да күшті. Екеуі қосылғанда пеш қасында тұрғандай боласың. Бірақ, тынымсыз ұстаз ешкімге кеңшілік жасамайды. Өзін де аямайды, балаларды да мүсіркемейді — жұмыстан өзге дүниені білмейтін де сезбейтін еңбекқор адам. Бір апта әуре болып құраған тракторды қайта бұздырды. Біреуін емес, енді екеуін де қаз-қатар бөлшектетті. Одан соң қайта құратты. Бір тобы құрап жатса, бір тобы бөлшектей бастайды. Келер күндерде өзара ауысып істейді.

Сөйтiп жүрiп көктемдi шығарып салды. Жаздың да едәуiрi өттi. Үнемі күн көзiнде жүрген курсанттар қайыстай болып қарайған. Әбден жүдедi. Киiмдерi де тозған, үнемі көк темiрмен алыса берген соң, қайдан шыдасын. Аз күнде-ақ алба-жұлба болған. Ауыстыруға қалта тапшы. ТМШ-ның өлшеулі қаражаты ас-судан аспайды. Оның өзiн өлшеп, там-тұмдап бередi...

Сонсоң ба, бәрі-бәрі өздерi жегiлген мезi бейнеттен құтылатын күндi аңсайтын. Тезiрек рульге отырсақ, тракторды жүргізудi үйренсек деп асығады.

Мардан ғана бейтарап. Баяғы бұйығы қалпы. Тәртіп бұзбайды. Қайта ерекше тiл алғыш. Қайда жұмсамасын, кiм жұмсамасын – қарсылығы жоқ, үнсiз кете бередi. Сабакқа да солай. Түсiнсе де, түсiнбесе де – сұрау жоқ, үн-үнсiз төмен қарап, тұқиып отырады.

ТМШ-да ол ынтасын салып iстейтiн бiр жұмыс бар: ол болса – торы биенiң күтiмi. Осы жаққа келген күннен-ақ Мардан өзiн дертеден босамайтын торы биенiң жанашырындай сезiнген. Қолы босаса алдына шөп салып, мезгiл-мезгiл суғарып жүредi.

II

Қыс ортасында мектепке тағы бiр топ курсанттар келген-дi. Бұл жолғы оздерiндей әр жерден асығыс жиналған бозөкпелер емес, оқуы iлкiлерден таңдап iрiктелген, үстi-басы, жүрiс-тұрысы да ересек жастар. Орысшаға да жөндем болып шықты. Кiтап оқығанда да, жазғанда да мүдiрмейдi. Трофимов соны да дереу әжетiне жаратты. Алғашқы топтан Мардан сияқты он шақты шала сауаттыны бөлiп алып, жаңа келгендерге бiр-бiрден қосақтап қойды.

Мардан сол бөлiсте Хасен Бекшағыров деген жiгiттiң қарауына түскен. Өзге емес, Хасеннiң қарауына көшкенi оған сор болды...

Хасен келген күнi-ақ жұртты таңғалтқан мiнез көрсетiп едi: кнiмiн шешкенде оздерi құсап, астына салып алмай, керееуеттiң басына асып қойған. Таңертең соған әлдекiм трактор майын жағып кетiптi. Хасен былғанған шалбарын

кие алмай қипактап, майын кетіркөк болып, бірталай әуреленді. Ақыры сол қарекетінен ештеңе өнбеген соң, сандығын ашып, басқа шалбар алып киген. Басқа шалбар!.. Мұндағы жұрт біреудің өзін әрең тауып, жыртығын жампап-жасқап абиұрын әрең жауып жүргенде, бұл қасқа оны қос-қостан ұстайды екен. Бәлкім басы артық көйлегі де бар шығар-ау?.. Сыртқа шығып кетісімен, Бейсен-батырақ* жаңа курсанттың сандығын ашқан. Рас екен, көйлектің өзі бірнешеу. Кітап-қағазы да мол. Ол-ол ма, тіс ысатын щеткасы, тіпті хош иісі мұңкіген сабыны да бар. Кәдуілгі оқыған қаратаяқтан бір кемі жоқ. Сол сәтте-ақ Бейсен санын шапалақтап:

— Әй, мынауың әлей болды! Бұл жай Хасен емес, қаратаяқ Хасен! — деп жар салған.

Міне енді, Мардан сол Хасеннің жетегіне түсіп отыр. Алғашқы күннен-ақ Хасен оны оңдырған жоқ, құлақ кесті құлындай желкесіне мініп алды. Ең әуелі «Таза жүрмейсің, қолы-басыңа қарашы» деп тиіскен. Одан соң «Сауаттан жұрдай көрсоқыр екенсің ғой, қалай оқисың» деп байланыса кетті. Қысқасы, қолы босаса-ақ оқыта бастайды. Бар әріпті қайыра үйретті. Онымен де тоқтамады. Қосып жазсын деп дікілдеген. Жатқа оқуы тағы бар. Бәрінен қиыны — есеп деген пәлесі. Қалайда, көктем шыққанша басын қатырып тиыштық бермеді. Сөйтіп жүріп, торы биені сугаруға да Марданның мұршасы келмей қалатын.

Шындығында ол Хасен-қаратаяқтан әлей именетін-ді...

Жаңа топтың келген кезі. Бір күні көрші селодан Яшка-секретарь** келе қалды. Бұрын да ол тракторшылар курсына келіп жүретін. Келген сайын: «Социализмнің жас түлектері сендерге сенім артып, әдейі келдім. Комсомолға отіндер» деп үгіттейтін. Бірақ, курсанттар арасынан жақтастар шыға қоймаған. Сол Яшка жаңа курсанттардың қосылғанын біліп келсе керек, бұл жолы да:

* Бір кезде есімі Семей облысына әйгілі болған атақты механизатор Бейсен Дауыровты курсанттар осылай атаған.

*** Яшка-секретарьдың толық есімі Яков Еремеев, сол жылдарда Ново-Покровкадағы жастар ұйымының хатшысы болған.

— Қане, жігіттер! Араларында комсомол мүшесі бар ма? — деп есіктен сөйлей кірген.

Яшкаға бұрыннан үйір балалар қымсынған жоқ, ду күлді.

— Мен бармын комсомолда! — деп атып тұрды Хасен Бекшағаров. Балалардың жаңағы келемежіне ыза болғандай, жан-жағына ішіп-жеп тесіле қарады.

Әзілқой жігіттер оп-оңай жуасып қалды. Аң-таң. Көбінің тірі комсомолды көргені осы болса керек, Хасенге жаутаңдай қарады. Азамат соғысына қатысқан, ақтармен кескілескен, байларды кәмпескелеген, ешқандай әулие-әмбиеге, тіпті құдайға да сенбейтін атышулы комсомолдар туралы ел ішінде неше түрлі лақап айтылушы еді. Сонсоң да олар тұла бойына қару асынып, шетінен жауынгер, жауына мейірімсіз, ерекше жаратылған жандай сезілетін. Ал мынау?.. Өздерімен бір қазаннан тамақ ішіп, көк СТЗ*-дың көк темірін ертелі-кеш бірге шұқылап жүрген кәдуілгі Хасеннің... аяқ астынан комсомол мүшесі болып шығуы — мүлдем ұғынықсыз жәйт. Бәлкім, ол өтірік айтып тұрған шығар? Өйткені бұл нағыз қаратаяқ, оқубілімі тым жоғары, тіпті әр қылығынан нығыздық мен мұңдалап тұрады. Сөйте тұра өзін комсомолмын дейді...

Іштей не деп сөксе де, бірде-бір курсант капелімде үн қата алмады. Ал, Яшка-секретарьға керегі осы еді. Қуанғаны сонша, дереу Хасеннің жанына жетіп барып, құшағын жайып:

— Міне, сендей жан — менің іздегенім. Әкел қолыңды, дос боламыз! — деп бауырына тартты.

III

Қыс бойы зарыға күткен жүргізуге курсанттар жаз ортасында әрең жетті. Кирилл Андреевич әуелі оларды кора ішінде моторға от беруге жаттықтырып, содан кейін ғана қакпа алдына алып шыққан. Артынша жаттығу ағаш арасына ауысты.

* Сталинград трактор зауыты.

Жайма-шуақ ашық күндердің бірі еді. Ағаш іші көңілді. Қарағай түгел бүршік жарған. Айнала жап-жасыл. Қаулай өскен ен шалғын. Неше түрлі шөптің иісі мұрынды жарарды. Анқып тұр. Түс кезінде мастер селоға қайтып кетті. Балалардың тамағын торы биімен Жабықбай көкесі жеткізген. Дариға апайдың сұйқылтым тары көжесін жігіттер суытқан жоқ, әп-сәтте таласа-тармаса ішіп алды. Енді аздап дем алуға болады. Аланның село жақ шетінде бойшаң өскен шоқ ағаш бар. Көлеңкесі нағыз сая. Тракторлар да соның түбіне қойылған.

Көже ішіп бүйірлері шыққан жастар айрықша бап тілеген жоқ, шалғынның үстіне құлай кетті. Таңертең ерте тұрған. Содан бері күн өтінде. Сонсоң ба, олар нақ осы, ағаш көлеңкесінде дамылдайтын түскі үзілісті ынтыға тосатын.

Бірақ, бүгін ұйқыға бас қоюдың сәті түспеді: газет құшақтаған Хасен-қаратаяқ сап ете қалды; ТМШ түлектері оған ала-көздеп қарап, орындарынан керенау тұрды; есінеп, көздерін укалап, ұйқысын аша алмай, маужырап отырғандары да аз емес... Хасенге бұл — үйреншікті әдет. Таңертең үшті-күйлі жоқ болып кетеді де түс кезінде жетіп келеді. Сонсоң табақтай газетті алдына жайып қойып, дауыстап оқи бастайды. Тындамауға болмайды. Қазір ол мектепте дербес ұйым ашам деп жанталасып жүр. Соған дайындап жүрген белсенді көмекшілері бар. Ал, олардың қырағы көзіне түстім дегенше — ТМШ-дан оп-оңай қоштасқанынды бір-ақ білесің. Жайдан-жай шықсаң жөн ғой, бірдемеге ілігіп кетпей...

Күн тас төбеге шықты. Ағаш іші бұрынғыдан да ыси түсті. Жел жоқ, қамау қапырық. Шалғын тік тұр. Шөп басы қыбыр етпес өлі тыныштық. Хасеннің дауысы ғана құлақ түбінен самбырлап естіледі.

Қалғып-шұлғыған балалар ағаш түбіне арқасын сүйей тындап отыр, кейбірі жерге етпеттей жатыр, енді бірі трактор астына еніп кеткен. Үгітшіні тындағансып көзін қалқалап, ұйықтап отырғандар да аз емес. Соның бірі — Бейсенбатырақ, күмп-күмп гүрілдеген көріктей тежеусіз қорылда.

Ойын тілеген жастардың бірі Бейсеннің бас жағына жантая жатып алып, делиген танауына ши жүгірте бастады.

Әлден уақытта ол оянып кетті. Бетіне түскен күн сәуле-сінен көзін аша алмай біраз жатты, сонсоң аяқ-қолын со-зып керілді. Баяндамашыны жаңа көргендей көзіне қолын қалқалап сүлесок қарады, зер сала тындаған кісі құсап, ба-сын көтеріп біраз отырды. Сірә, жалықты білем, сәлден соң-ақ қолын ербендетіп, неше түрлі қимылдар жасай бастады. Пысық Бейсен біреудің сөйлеу мәнерін, қимыл-қозғалы-сын айнытпай сала қоятын. Бұл жолы қармағына оқыту-шы Керей ілініпті. Күнқағарын шалқайта киген. Бір көзін қысып алған, қолында қисық бұтақ. Соны нұсқап, «так-так» деп қойып, әлденені миңгірлеп отыр. Тура Керейдің нақ өзі. Бір сөзді орысша айтса, іле қазақша шүлдірлейді. Әсіресе қазақшасын айтқанда құлпыртып жібереді. Трофимов құсап тілін бұзып, сақауланып сөйлегені тіпті ғажап...

Зерігіп отырған балаларға керегі сол. Назарлары бірден Бейсенге ойысты. Кейбірі ішек-сілесі қатып рақаттана күледі.

Хасен-қаратаяқтың қытығына осы тиді. Жалма-жан газетін тастай беріп, Бейсеннің қасына жетіп келсін.

— Қоясың ба енді!

— Немене?

— Тоқтат деймін қылжақты!

— Тоқтатпасам ше?

Хасеннің шінкілдеген үнін Бейсеннің қырылы көбірек жуан дауысы көміп кетеді. Оның да реті бар. Бейсен ірі денелі жігіт, шындап белдессе Хасендей шиборбайды түтіп жейді.

— Садағаң кетсін Андреевичтен! Ұстазың емес пе.

— Ұстазым!.. Шала сауатты сорлыны ұстаз деп... Әй, мен қазір оның өзін оқыта алам. Апуға мінсем сені де үйре-тем, білдің бе?

— Мені? Трактор жүргізуді ме? Көзіңе қара!

— Үйретем.

— Сен бе? Сен?..

Бейсен-батырақ екі-ақ аттап, анадай жерде қаңтарулы тұрған тракторға жетіп барды да, мотордың бауын тартып қалып, әп-сәтте дар еткізді. Одан мұны ешкім күткен жоқ еді. Ә дегенде бәрі-бәрі кейін қарай жалт берген. Сәлден соң бері қарай ойысты.

Хасен-қаратаяқ сыр берген жоқ. Бейсеннің жанталас қимылын елемегендей, жымып тұрып:

— Мұның әлі жүргізу емес, мақтанба, — деді жайбаракат қана. Бейсен-батырақ күйіп кете жаздады.

— Әй, байдың құйыршығы, шатпақ сөзді доғарсаң қайтеді. Мықты болсаң, отыр ана тракторға!

— Әй, қорықпа!

— Сен туғанда әкең сорлы бір тоқты сойған шығар!?

— Ә, тайқақтайын дедің бе?

— Қаратаяқ немене, солай ма екен!

Жастар жан-жақтан жамырай шулап, тоғай ішін басына көтерді. Әңгіменің бүйтіп насырға шабарын Хасен білген жоқ-ты. Бейсенді біраз тұқыртып алмақ болған. Не істеу керек? Бұған дейін бірде-бір курсант мастердің бақылауынсыз трактор жүргізген емес. Енді оның көзі жоқта рульге отырып, білгенінді таныту шарт.

Бейсен-батырақтың тілеп тұрғаны бәсеке жарыс. Сүрінбей бұл сыннан өте ала ма? Өтер-ау, тек ана тентек қызбаланып... Тракторды бүлдіріп, иә өзі жазатайым болып?.. Хасенді де қинап тұрған гәп сол еді.

— Әй, бол деймін.

— Мынауың қорқып тұр.

— Е, оны сөзге жібер.

— Осыны да камсамал дейді-ау.

Бұдан әрі төзуге болмай қалды. Курсанттардың көбі Бейсенді жақтап тұр. Мейілінше дүрлігіп алған. Мұндайда дес берсең — абыройыңнан ештеңе қалмайды. Үлгі көрсетер, белсеніп шығар сәтің. Мына қылжақбасқа да тиым салу керек! Олай болса, тайынба!..

Хасен екінші тракторға от берді. Балалар екі жарылып тұра қалды. Бәсеке шартын да ойластыра қойыпты: осы арадан алаңның шетіне дейін жарысады; қайсысы осы жерге бұрын келсе — соның озғаны...

Мардан Хасенге пейіл бұрған шағын топқа қосылды. Не дегенмен Хасенге тілеулес екенін жасыра алмады. Бірақ, екеуінің дау-шарына араласқан жоқ. «Неменеге шекістіндер, трактор — жарау ат емес, темірден темірдің айырмасы қанша, күштері де бірдей?..» — деп те ойлаған.

Сөйтсе де қос трактор гүж-гүж етіп алаң шетінен ұмтыла жөнелгенде, шулаған көпке ілесіп, тұра ұмтылғанын өзі де сезбей қалды. Жүгіргендер соңынан деден қағып, ере жөнелді. Жарысушы екеуді жебеп, бар дауысымен айғайлап та келеді. Не керек, ағашы сирек алаң үсті іп-ілезде адам айтқысыз у-шуға толды.

Бейсен-батырақ шу дегенде алға түскен, біраздан соң соған да мәз болып, бәсекені қыздыра түсті. Екіленіп жарысушы әріптесін мазақтай бастады: бетін тырнап, қолын шығарды; сақ-сақ күледі; копандап тұрып, артын көрсетеді...

Хасен бірақ асыққан жоқ, жарысып келе жатқанын ұмытып кеткендей жайбарақат отыр. Осылайша құйысқан тірескен қалыпта шоқ ағашқа жеткен. Келісім бойынша, бірін-бірі тосу міндет емес. Бейсен бұрыла сала тағы да алға түсіп жөнөп берді.

Мардан еңтігіп қалды. Көптен бері жүгірмеген еді. Әлде жілігінің майы жетпеді ме?.. Әйтеуір өкпесі алқынып, шоқ ағашқа жетпей, орта жолда тұрып қалған. Сөйтсе де апайқын көріп тұр: «Бейсен-батырақ өжеттік істеді, әлде тракторы әлдірек?.. Мүмкін емес. Бір зауыттан шыққан көк темірлер. Тіпті тарсылдаған гүжілі де бірдей. Қаһ!.. Енді бұл неме бас көтертпейтін болды, бұрын да осал емес еді, мынадан соң төбеңде ойнайтын шығар. Жеңілдің, Хасен-қаратаяк! Жеңілдің! Бүйткенше, белдескен палуандарша күрестен жеңілгенің құп еді. Әттең!..»

Бүйірі қызған Мардан шаршағанын ұмытып, өзіне қарай жүйткіп келе жатқан тракторларға қарсы ұмтылды. «Пәлі, ананы қара! Хасеннің тракторы кенет жұлқынып, жүрісті үдетті де, әп-сәтте теңесті. Бәрекелді, әне, қуып жетіп, оза бастады. Қызықты қара. Е, бәсе! Күшінді сонға сақтаған екенсің ғой, батырым. Дұрыс-ақ!».

— А... а... құдай! Уа, аруак, қолдай көр, Кешубай!.. Ке... шу... бай! — Айғайлаған Мардан жаугер атасының аруағын шақыра даурығып жүгіріп келеді.

Құдды бір трактор рулінде өзі отырғандай еліксін. Трактор емес, екі сәйгүлік құйрық тістесе, бірін-бірі жеп, межелі жерге жақындап келе жатқандай. Сірә, мәреге таяқ тастам қалғанда тізгінді қоя бермек. Тек қайсы озар екен?

Хасен-қаратаяқ тракторының тұмсығын әріптесінен сәл оздырып, одан әрі қинағысы келмегендей қалып аңғартты. Неге сөйтті? Сірә, үздік-создық озғысы жоқ. Ал Бейсен-батырақ болса, алғашқыдай емес, абыржи бастаған, жан-жағына алақтап қарай береді.

Сол сәтте екі трактор да Марданмен қатарласты. Енді ол солардан қара үзбей қабырғалай жүгірді. Сөре сызығы жақын. Тілеулесіне ол жалына қарап қояды. «Апыр-ау, енді қашан, озатын сәт келді емес пе?» дегендей.

Соны сезді ме, Хасен-қаратаяқ кенет еңкейе беріп, рычагтардың бірін жұлқи тартты. Сол-ақ екен, астындағы темір тұлпар жан біткендей мөңкіп зулата жөнелсін. Бейсен сасқалақтап, не істерін білмей, есі шығып, рычагтарды жұлқылап, табанымен де әлденені ышқына тіреп, әбігерге түсті. Апыр-ай, мұндай да керемет болады екен! Ештеңе істей алмады.

Хасен-қаратаяқ сөреге арқан бойы бұрын келді.

Марданның қуанышында шек жоқ. Хасен емес, өзі озып келгендей. Трактор емес, өзі бәс тіккен жүйрік бәйгеден келген сияқты. Көптен бері кешпеген айран-асыр қуаныш бойын кернеді: «Апыр-ай, мына көк темірдің де осындай өнері бар екен-ау? Бәсе, бәсе, тегіннен-тегін «Темір тұлпар» деп неге атасын мұны?!» Дің тауындағы өз ауылында жүргендей, көңіл құсы биікке шығандап толғанып та, тамсанып та қарайды. Күнде көріп жүрген СТЗ-дың мынандай да әлеуетке ие екенін білсейші! Неткен күш, неткен қайрат!.. Тракторды тастап беріп, шалғын үстіне құлай кеткен Бейсенге көз салған да жоқ. Ал Хасен-қаратаяқ отырғыштың орта беліне жайғасып алып, үгіт сөзді гулетсін: трактор жүргізу – рычагтарды жұлқылау емес дейді; оның да шынайы шеберге ғана бас иер кілтинаны бар-мыс...

Сол күннен былай Марданның томаға тұйық күйіне сілкініс енді. Жан-жағындағы тіршілікке тамсана қарайтын болды. Әрнені түртпектеп сұрауға да ықыласы ауды. Трактор да құбыжық болудан қалып, күннен-күнге құпиясын ашып, әр қырынан көріне бастады. Ойлап қараса істемейтін жұмысы жоқ: жер жыртады, егін салады, шөп ша-

бады; соларды жинайтын да, таситын да — бір өзі; қажет етсең — мінетін көлігің де. Тек жұмсай біл, жеге біл. Әмбе қандай күшті! Бір СТЗ-да отыз аттың күші бар, ал оны қосылса не болмақ? Бақандай үш жүз ат!.. Құдай көрсетпесін, жұмыс қоя ма, тау қопаратын шығар... Ол енді Мардан Данияров үшін — темір құбыжық емес. Кәдуілгі ат. Қыр төскейінде өзі жастай мініп өскен шынайы қолғанат, солардан бір кемшіні жоқ, кәдімгі сәйгүлік...

Мардан енді трактор руліне отыруға құмартып тұратын болды. Олай-бұлай жүргенде де моторының тынысын сезінетін біліктікке жақындады. Қай айналыста, қандай күйде тұр? Майы жете ме, суы ше? Соның бәрін жүрек ділімен сезетін сияқты. Гүр еткен дыбысын естіді-ақ қай трактор от алғанын жаңылмай алыстан-ақ айырады. Күннен-күнге соны жүргізу де, жиіктеп бұзып, қайта құру да жеңілейіп келеді. Трактордың өзі де бұрынғыдай емес, қайда бұрса — сонда жүреді. Өрге келсе мықшындап тұрып қалатын еді. Енді қандай қияға салмасын шауып шығады. Қияң не, өзен-жыралар да бөгет емес.

Келе-келе батылданып жаттығуға жиі сұранатын болды. Әттең, сол тілегі үнемі орындала бермейді. Сұранушы көп. Трактор болса екеу-ақ. Жақында әлдеқайдан ескі фордзон тракторы әкелінді. Керей оны жүргізген жоқ. Күні-түні жөндесе де бітіре алмай жүр.

Бұл кезде ол Хасен-қаратаякпен айырылмастай дос болып алған-ды. Сабақта бірге отырады. Жаттығуға да бірге шығады. Хасеннің балалар арасындағы беделі ерекше күшті. Әсіресе ана жолғы жарыстан соң. Өзі де білгіш-ау, шіркіннің. Оқымаған кітабы бар дейсің бе?.. Көрші селодағы кітапханаға күн аралатып барып тұрады. Барған сайын бос қайтқан емес, кем дегенде екі-үш кітап құшақтап келе жатады. Содан кейін онда ұйқы жоқ. Бас алмай оқиды. Кейде солардан ұққанын өздеріне айтып береді. Әңгімесі көбіне қайдағы бір ержүрек жігіттердің басынан өткен сайыстары, неше алуан шытырман хикаяттар туралы болады. Шетінен батыр, жолдасы десе жан беруге бар, ел намысы үшін өліп кетуден тайсалмайтын қайсарлар... Мұндай ерлер балаларға ұнайды-ақ. Сонсоң да оқиғаның аяғы не-

мен бітер екен деп, үздіге тындап отырады. Кейде хикаят желісі ойламаған сәтте бұзылып, әлгі батыл бұлар күтпеген қым-қуыт істерге араласып, мерт болады. Ондайды тыныш тыңдау мүмкін емес. Тыңдаушылар жамырай дауласып, бөлме іші у-шу болып кетеді.

Хасен досы қолына кітап ұстаса-ақ Мардан қасына келіп, телміріп отырады. Бұл кезде ол өз бетімен қара таныр сауат алған. Аздап жазатын да болды. Қолына түскен газет-журналды оқуға да машықтана бастады. Аяғына дейін бір сүзіп шықпай, иә суретін қызықтамай әстілі тастамайды. Сонысы бірақ ана Хасен-қаратаяқтың құранша суылдатып оқитын қалың кітаптарының шерігіне келмейді. Ең шатағы кітапханадан әкелінетін кітаптың бәрінің орысша болуы. Хасенге де телміріп жүргені содан.

Сөйтіп жүргенде қоңыр күзге жетті. Далада өскен Мардан орман күзінің өзгешелеу болатынын білмейтін еді. Сары ала жапырақтар жер бетін тегіс жауып қалды. Төсеп қойған алашадай соқпақпен жүрсен де судыр-судыр етіп, аяқ бастырмайды. Ағаштар түгел жаланап. Шашы сиреген кісі басындай сидиып тұр. Орман ішінің шығы да қырдағыдан көрі қалыңдау болады екен, бес адым аттасаң — аяғың шылқып шыға келеді.

Үйреншікті даласын аңсаған Мардан орман ішіндегі жаңбырлы күзден кәдімгідей жабығып, әжептеуір торығып жүрді. Бар үміті — алдағы сынақ. Сынақтан өтсе — далаға жеткені. Жаңадан ашылып жатқан МТС-тердің біріне жіберетіні анық, несі бар, темір тұлпар құлағына біреу гүрлы ие болар...

Бірақ, күткені болмады. Қазан айының бас кезінде қаладан комиссия келді де, Кирилл Андреевич іріктеген бір топ курсанттан сынақ алды. Неге өйткенін кім білсін, ұстазы сол топқа Данияровты қосқан жоқ. Сірә, дайындығы кем соқты. Бір ғажабы, Хасен де сынаққа ілікпеді. Ал сынаққа түскендер ұстазын ұялтқан жоқ. Қолдарына түгелдей тракторист куәлігін алды. Комиссияға ере келген екі-үш МТС директоры сол күні-ақ бәр-бәрін шығтай жаңадан киіндірді де, өздерімен бірге алып кетті.

Мұны көргенде Мардан қатты торыққан. Әке-шешесі жуықта өліп, жетім қалғанын жаңа сезінгендей ішқұса бо-

лып, үн-түнсіз жүрді де қойды. Ақыры, бірден-бір ермегі торы биені жайдақ мініп, ағаш арасына кетіп қалды. Іштегі өксігін сонымен жасырғысы келгендей. Торы биенен олай-бұлай шауып, күйігін басуды жөн көрген. Бірақ, кәрі торы қайбір жүрдек мал? Әбден ерқашты болған, мың салсаң мыңқ етпес жануар бозбала жігіттің шер-күйігін тарқата алмады.

ТМШ-ның оқуы қайта басталды. Тыңнан жаңа курсанттар қосылды. Керейдің қулығы сонда ашылды. Хасенді әдейі алып қапты. Жаңа келгендермен жаттығуды сол жүргізетін болды. Сауат жетілдіру сабағы да соның мойнында. Ток етерін айтқанда, Трофимовтан кейінгі екінші мастер. Мардан да соның тобында. Былай ұят-ақ, өзінен әлдеқайда кішілермен бірге отырады. Және біліп отырса жөн ғой, мына келгендерге ұқсап, көп нәрсені жаңа естігендей, тандана тындайды. Жаздайғы жаттығуда жүргізуді ғана үйреніпті. Енді соның неге жүретінін білмек. Былтыр осында естігендеріне қалғып-шұлғып отырып ештеңе ұқпай, нем кеттімен құлақ салушы еді, ал қазір?.. Бір сөзді қағыс жібермей, ұғуға тырысады. Биыл әрнені ескеріп, жазып та отыратын болды.

Қарашадағы төңкеріс тойының алдында ТМШ курсанттары ойда-жоқта дүрлігіп қалды. Яшка-секретарь келген. Бұл кезде ол аудандық комитеттің хатшысы. Курсанттарды үлкен бөлмеге жиып алып, ал сөйлесін: кеңес өкіметінің ауыл шаруашылығын қайта құрып жатқанын әңгімелеген; соны көтеруде механизатор кадрлардың маңызы ерекше зор екен... Сөзін ол осындағы жастарды комсомол қатарына өтуге шақырамын деп бітірген-ді. Іле-шала ортаға Хасен-қаратаяқ шықты. Көп созбайлап тұрған жоқ, ТМШ жанынан комсомол ұясын ашуға ұсыныс жасады.

Бұл ұсыныс бір ауыздан қабылданды.

Бірталай курсант комсомолға өтуге арыз берген екен. Түгелдей мүшелікке алынды.

Бірнеше күннен соң арыз бергендер Ново-Покровка селосына барып келді: комсомолға өттік деп қолдарында бір-бір алқоңыр книжка ұстап, қуаныштары қойнына сыймай, көңілдері тасып келген жігіттердің мәз-мейрам дабырасы мектепті басына көтерді; Керей де бұған қатты

қуанды, аспазшы Дариғаға жарлық беріп, қазан көтертіп, кішігірім той жасап, сол кешті думандатып өткізді.

Тойда отырса да Марданның көңілі пәс болды. Тағы да өзіне тиесілі сыбағадан құр алақан қалғанын уайымдап, ойға түсіп, өзін-өзі мүжіп отырған-ды. Яшка-секретарь сөйлегенде: «Енбекте озат, оқуда басқаларға үлгі, шыққан тегі — кедейлер ғана комсомолға өте алады», — деген-ді. Одан кейін сөз алған Хасен де: «Өзін коммунизм үшін күреске әзірмін деген жастар ғана жазылсын, қатар көбейтер, құйысқанға ілесер собалаңдар комсомолға керек емес...» — деп пысықтаған. Содан жұрт жабыла арыз жазып, қол көтеріп жатқанда, Мардан үндемей қалды: іштей өткісі-ақ келген; шыққан тегі келіп тұр... «Комсомолға өтсем — ел қатарлы адам болып кетер едім», — деп те ойлаған. Бірақ, оқуда озат болу қайда, қайта екінші жылға қалған миғұла. Енбекте де әлі күнге дейін шыбық басын сындырған жоқ. Ал, коммунизм үшін ұзақ күреске әзір емесі және айқын. Тіпті қалай күресудің, не істеу керектігін де білмейді. Осының бәрін құдайға тапсырып, арыз беріп қалса? Өткізбесе, кемшіліктерінің бәрін бетіне басса — не дейді?..

Сайып келгенде батылы жетпеді. Сен сөйте ғой деп Хасен де үндемеді. Бәлкім, ұмытып кетті. Әлде, мұндай босбелбеу жасөспірім комсомолға лайық емес деп ойлады. Бірақ, өзіндей талай собалаңның, тіпті тракторға бір күн отырып көрмеген сары уыз жастардың қол көтергені қалай? Енді міне, бәрі бірдей комсомол болып, жайраңдап отыр. Ал өзі? Қалай ғана ішің күймес! Осы мен кіммін, әсілі? Қашанға қор болып, өз қатарымның соңында жүрем... деп те ойлайды. Бірақ, амал қанша?!

Ол енді атар таңды асыға тосатын болды. Тосып алып, міндетті ісін жанын сала атқаратын еді. Құдды бір нәрсеге асығып жүргендей. Әлденеден құр қалатындай құшырлана істейді. Әлденені сағына күтіп те жүргендей...

IV

Жаңа жылға дейінгі үш-төрт аптаны курсанттардың тауыса алмай, дегбірсізденіп жүрген кезі еді. Күтпеген жерден

ТМШ-ға төрт-бес шанамен жолаушылар келді. Алдыңғы шанадан тұлыпқа оранған екеу түсті. Басқа шаналарда көшірден өзге жан жоқ. Біреуіне ғана неше бума жүк тиеліпті.

Шанадан түскен екеудің бірі Яков Еремеев. Яшканы көрген соң курсанттар елең ете қалды. Бос келген шаналар да түрлі ойға салған. Оған қоса әйдік хатшының келуі...

Сәлден соң курсанттар ас ішетін үлкен бөлмеге шақырылды. Ортадағы үлкен тағанға түйістіре тағы бір үстел қойыпты. Оның үстіне қызыл мата жабылған. Ортасында комсомол хатшысы, екі жағында Керей мен қасқа бас, самайы бурыл тартқан, мұртты, енгезердей бейтаныс қазақ.

Курсанттар түгел жиналған соң Еремеев орнынан тұрды.

— Жаңғызтөбе стансасында, платформада су жаңа жиырма сегіз трактор қаңтарулы тұр, жолдастар. Тұрғанына бес күн болды. Сендер қол ұшын бермесендер әлі де неше тәулік тұрады, — деп бір түйіп тастап, қасындағы қасқа бас азаматты таныстырды, — Доғал Ақшалов, коммунист, Зайсан ауданында жаңадан ашылған Қаратал МТС-інің директоры. Бұған дейін түстік шекарадағы Зайсан өңірі ешқандай мотор гүрліні естіген емес. Енді Кеңес өкіметінің арқасында сондай қиыр шетке де темір тұлпарлар апарылуға тиіс. Соны апаруға кісі керек. Маман керек. Бар үміт, сендерде, жолдастар!..

Яшқадан кейін директор сөз алды. Асықпай, баппен сойлейтін кісі екен. Әріден толғап келіп:

— Жер алыс. Жол ауыр. Мезгіл қыс. Жолда қиын-қиын откел бермес кезеңдер, қия шатқалдар бар. Боран үдеп кетсе одан бетер қиын... Осы гәпті жақсылап ойландар, жігіттер. Бұл жай серуен емес. Қысқасы, маған бейнеттен қашпайтын, төзімді, қайсар жастар керек! — деп аяқтады сөзін.

— Біз сендерге келіп отырмыз, жолдастар! — деп Еремеев тағы да орнынан тұрды. — Дайын тұрған механизатор кадр облыста қазір жоқ. Ал мастерлерің трактор жүргізуді жап-жақсы меңгерген жігіттер бар деп отыр. Қане, не дейсіңдер? Тракторларды Зайсанға жеткізбей болмайды. Әрине, дереу жеткізіп, жұмысқа кірісу керек. Қане, кім

бастайды еріктілер тобын? Комсомолдар үлгі көрсетсін. Кайсың бірінші болып жазыласың, кәне?..

Яшка Еремеев бұл сөзді ә дегенде айтқанда жастардың бірі қалмай, қол көтеретін еді. Алайда, директордың әлгі ескертуінен кейін курсанттар қорқақтап қалған тәрізді. Ешкім орнынан көтеріле қоймады, төмен қарап, тымырайып отыр. Бәрі мұз құрсаған терезеге жауандай көз тастайды. Әгтең қыс деп өкінгендей. Өкінетін жөні бар: көбі бәтөнкемен жүр, өзге киімнің де жайы белгілі...

— Ал, қане, комсомол мүшелері, үлгі көрсетіңдер! — деп Яков Еремеев тағы да бір мәрте тақымдады.

Босаға жақта жайбарақат отырған Мардан жан-жағына қарады. Ешкім ләм-мим дер емес, түк естімегендей тыныш отыр. Бір адам қозғалған жоқ. Мардан өзіне: «Осы, осы сенің жұлдызды сәтің — көзге түсер айшықты шағың!» дегендей болды, құлағы тіпті шыңылдап кетті. Кенет ол жүрегінің дүрс-дүрс соғып, лүпілдеп тұрғанын аңғарды. Одан әріге шыдай алмады. Алдында үрпінсіп отырған курсанттарды қақ жарып өтіп, үстел басына жақын келді де:

— О...О...Одақта жоқ...жа...жа... жастардың баруына бола ма? — деді ақырын ғана. Соның өзін қыстығып әрең айты. Жазбай қояма деп қорқып та тұрғандай. Ақырын айтса да оның сөзін залдағылар түгел естіді.

— Неге болмасын? Болады! — деп комсомол хатшысы бірден қуанып қалды.

— Фамилияң кім, жігітім? — деп, Ақшалов қаламын оңтайлады.

Мардан үшін бұл жолы Трофимов жауап берді.

— Данияров Мардан! Жап-жақсы жүргізуші!

— Секретарь жолдас, сіз қалай ойлайсыз, жазуға бола ма бұл жігітті? — Директор әдейі сұраған сияқты.

— Жазыңыз, — деді Еремеев, — Мұндай батыл өрендер комсомол болмағанда кім болады!

— Демек, бірінші еріктінің аты-жөні — Данияров Мардан! Тағы кім?

Мардан жан-жағына қарады. Зал іші жаңағы бір әзірдегі тым-тырыс күйінен өзгеріп сала берді. Жаппай қозғалыс, әр жерде күбір-күбір сөз. Желік кіре бастаған сияқты.

- Дәуіт Көкшебайұлы деп жазыңыз.
- Жақыпов Әлімхан!
- Есмурзин Қайырбай.
- Біздің группа түгел барады.
- Мені де жазыңыз!

Зал іші әп-сәтте дабырлаған у-шуға толды. Жан-жақтан жамыраған үн, әркім өзінше даурығып жатыр. Еремеев қоңырау соғып тәртпке шақырса да, тыншығар емес. Желігіп алған балалар МТС директорының тізіміне ілігіп, көңілдері көншігенше тоқтауға жоқ. Ақыры ұстаз жетекшінің іріктеуімен Мардан Данияров бас болып, жиырма сегіз еріктінің есімі іріктелді. Сол күні, ана жолғыдай сынақта өткізбей-ақ, тракторист куәлігі берілді. Соны күтіп отыр екен, директор да артқы шанадағы жүкті шешуге әмір етсін. Тізімге іліккендердің бас-басына жылы киім үлестірілді: шолақ тон, пима, малақай, қолғап – кейбірінің үлкендеу болғанымен есептескен бір жан жоқ, мөл үлестен сыбаға тигеніне мәз, киіп алып, аулаға шығып, тайрандап жүргендер де аз емес...

Сол күні кеште екінші рет той қазаны көтерілді. Тағы да ас үйге жиналған. Қонақтар да осында. Бұл жолы сөзді Хасен-қаратаяқ бастады. Комсомол шақыруына үн қатқан жастарды біраз мадақтап алып, солардың кейбірінен одаққа өтуге арыз түскенін жариялады. Сөйтіп дастархан басындағы мәжіліс ойда жоқта комсомол жиналысына айналып кетті. Арыз бергендер түгел жастар одағына алынды. Әрине, алғашқы кезекте Марданның есімі аталған. МТС директорының айтуынша, ол бүгін қошбастаушы мінез көрсетіп, нағыз жігіттік нышан аңғартқан.

Яшка-секретарьдың да орнынан тұруына тура келді.

– Ертең танертең аудандық жастар комитетінің төтенше мәжілісін шақырамын. Бюра мүшелері қолдаса, бүгін арыз бергендердің бәрі де алдағы сапарға түп-түгел комсомол мүшесі болып аттанады... – деп той көрігін қыздыра сөйлесін.

V

Ақшалов жас серіктерін Семейде бір-ақ тәулік ұстады. Моншаға түсіріп, тағы бір пардан жеңіл-желпі киімдер үлестіріп, дереу Жаңғызтөбеге жөнелтті.

Жолда екі күн жүріп, стансаға келсе, директор сонда отыр. Сірә, өздерін жібере салып пойызбен жеткен. Тракторларды платформадан түсіртіп, станса алаңына қазқатар тізіп қойыпты.

Шаруаға әккі кісі екен, жолға құлшынған жастарды жұмысқа жегіп, сүйретпе шаналар әзірлетті; оның үшеуіне кішігірім үйдей үш вагон орнатты: біреуінің іші — толған қазан-ошақ, ыдыс-аяқ, төбесінен сорайған мұржа шыққан, екіншісі — шеберхана, қосалқы темір-терсекті соған тиетті; ал үшінші вагонның не екенін тракторшы жастар бастапқыда айыра алмай дал болған-ды... Кәдімгі кабинет сияқты, ортада үстел, оны жағалай ұзынша орындықтар қойылған; бұрышта аспалы сөре — ұялары түгел кітап-журналға толған; бір жәшік дәрі-дәрмек; қабырғалардың бос жерінде түрлі-түсті плакаттар ілінген, көсемдердің суреттері; үстел үстінде патефон. Вагонның алды-артына да қызыл матаға жазылған ұран сөздер қағылды...

Жүретін күні таңертең ол осы вагонды Мардан Данияровтың тракторына тіркеуді бұйырды. Мұны естігенде Марданда ес қалмады. Өзі керуен басы! Доғал ағай көп басына өзін таңдапты. Бұдан артық қандай сенім керек! Бар трактор қаздай тізіліп жолға шыққанда, өзі соның ту басында жүріп, жол бастайды. Жолшыбайғы ауылдар, қарсы ұшырасқан әрбір адам аңыра тұра қалып, вагонның маңдайына қағылған тактайшадағы:

«БІЗ ЗАЙСАНҒА КЕТІП БАРАМЫЗ!»,

«ДАЛАНЫ МӘҢГІ ҰЙҚЫСЫНАН ОЯТАМЫЗ!» —

деген сөздерді оқып, таң-тамаша болады. Таңданып тұрып, бәлкім, өзіне де шұқшия қарап: «Апыр-ау, мына темір тұлпардың үстінде шіреніп отырған кім?» — деп сұрауы хақ. Ал, кейбіреуі: «Ой, мына өрен — өзіміздің қара домалақ қазақ баласы ғой! Құдай-ау, қайда жүріп үйренген бұған?!» — деп таң-тамаша болар! Бәлкім, қолын көтеріп тоқтатып: «Қарғаш, тумысың кім? Қай елсің? Ныспыңды айтып кет?» — деп те жабысар. Қазымыр қазақтың нақ солай тергеуі сөзсіз. Руын қазбаламаса қазақ бола ма? Жок, Мардан енді

— қызыл кәмсамал, ондай кереғар сұраққа жауап бере қоймас. «ТМШ деген мектептің түлегімін. Қызығып тұрсаң, бір баланды сонда жібер. Бір жылда ауылыңа осындай тұлпар мініп қайтады» — дейді де, қасқайып тарта береді.

Сонымен Данияров аттанатын күні ертеңгілікте алды-арты қызылмен безендірілген вагон-шананы тіркеп, өз тракторының маңдайына қызыл жалау қадап, стансаның күншығыс жақ сыртына шықты. Соңында — қаздай тізілген өзге тракторлар, кейбірінің артында сүйреткен шанасы бар. Бір жүк машинасы мен директордың «Пикабы» ортада. Ең соңында ат шаналар. Бас-аяғы бір шақырымнан асқан керуеннің сән-салтанаты шынында да өзгеше болып шықты. Әсіресе, гүрілі жер жарғандай, құдды бір кішігірім қала көшіп келе жатқандай. Ал қас қарая жарқ етер самала сәулесінің өзі-ақ көзіңді тұндырғандай...

Сол күні-ақ керуен жатаған бұйраттар сілеміне іліккен. Жолбарыс жонындай күлтеленген сыпыра жонды қуалап, бұлар күні бойы тоқтаусыз жүрді. Жолшыбайғы бір-екілі үйлі шағын қыстауларға аялдамай үдіре тартты. Директордың бұйрығы солай. Өзі де бірге келеді.

Механизатор жастар оның себебін келесі күні, жалғыз үй бекетшінің керуен сарайына түнеп, таң қылаң бере аттанып, содан үрдіс жүріп отырып, атышулы Ақтас* сілеміне іліккенде бір-ақ білді.

Ақтас жайлы Мардан станса басында-ақ естіген. Зайсаннан директорға ере келген атқосшы серіктері қайта-қайта есіне алып:

- Шіркін, Ақтастан шашылмай, аман-есен өтсек?..
- Әй, өткел бермей қинайды-ау, ол сойқан!
- Өйтпесе Ақтас бола ма? — десіп қауіп айтысқан.

Айбарлы Ақтас бұл жолы да қайратына мініп тұр екен. Шатқалдың аузына іліне-ақ, алдарынан тас боратып қарсы алды: жер-көктегі қар атаулыны өзіне тартып алып, қайыра қуып тұрғандай; төбеден де үйтқып жатыр; қарсы алдынан да бет қаратпай борап, табан астынан да соққылай-

* «Шығыс шеңбері» жолы салынған кезде Байбура атанған терең шатқалдың күншығыс бөктері

ды; айнала түгел түтіккен ақ түнек; жолы қайсы, тауы қайсы?.. Байқатар емес. Жол танабымен келе ме, жоқ, әлде өзен жағасына түсіп кетті ме?.. Аңғартпайды. Әр бұрылыстың өз желі бар сияқты. Бірінен-бірі күштірек. Әр бұқпадан екілене соққан, өрлеген сайын бағытын өзгерте ұйтқыған, бірде қуалап, бірде мандайға ұра бораған әлей түнек. Табан астынан қар ма, қиыршық тас па, суырып алып, бетке соққылаған дүлейдің өзі. Бебеу қағып, тежеусіз үілдейді. Ұзыны ат шаптырым, екі жағы бірдей терең шатқалмен көмкерілген асу, арнайы соғылған ұзын дәліз іспеттес. Дәліз болғанда есік-терезесі жоқ, алды-арты аңғалсаңғал ашылған. Соның әр қуысынан, әр тесігінен бір-бір құйын тұрып, тежеусіз құтырынып жатыр.

Керуен шатқалдың төріне бойлаған сайын боран тіпті де күшейіп кетті. Қар да қалындай берген-ді. Біраздан соң ол білікке жетті. Ет пісірім уақыт изендеуден соң біліктен асып, тісті доңғалақпен теңесті. Бұл да бір сәрі еді, кезекті айналымнан кейін трактордың бойымен деңгейлескен қалың қар алға бір адым бастырмай, сіресті де қалды.

Ақтастың нендей асу екенін Мардан сонда ғана білді.

Директор «Пикабынан» түсіп, артқы тракторларды тосты. Бәрі де әрең-әрең жүріп келеді. Күндіз болса да барлығы бірдей жарығын жағып алған. Соның өзінде алдыңғылардың ізін зорға айырып, аса зор сақтықпен ілесіп келеді.

Директор тіркеуі жоқ жеңіл тракторларды алға салуды бұйырды. Олар болса әрлі-бері шегініп, оппа қарды таптап тыңнан жол сала біраз жүрген еді, бірақ, ұзай алмады. Шатқалдың кезекті бір бұрылысынан әрең асып, ақыры доңғалақтары жерге тимей кептеліп, біржола тұрып қалды.

Сол түн арпалыспен өтті. Жарым қадам алға жылжымаса да, тыныш отырған бір жан жоқ: бірін-бірі дабыстап шақырып; ұйықтап бара жатса, жұлқылап оятып; вагон орнатылған шаналарға демалуға жүгіріп дамыл таппады; кезекпен кіріп, ас ішеді, бой жылытады, бір мезгіл тракторларды күзетіп, тоқтап қалмауын қадағалаумен болды...

Әлей боран келесі күні де басылған жоқ. Қайта кешегіден де үдей түсіп, әрі өршелене соққан-ды. Таң ата трак-

торлар тағы да ілгері-кейін шегініп, жабыла күжілдеп, сірескен қар бөгетін жұлқына омырған. Барынша өршеленіп ұмтылған-ды шатқал төріне. Бірақ, қайсар Ақтас бұлк еткен жоқ. Бес адым жерді бес сағат аршытып, әуреге салды да қойды.

Әйдік асумен олар күні бойы алысты. Сондағы алғаны — қозы көш шатқалдың жарымы ғана. Қас қарая тағы да тоқтады.

Өткен түнгі арпалыс әншейін екен. Күні бойы қармен алысып, әбден қажыған дене тыным тілеген. Жігіттерге жылы вагонда тізе бүгіп отырып, ас ішудің өзі зор бейнетке айналды: вагон ішіне енді-ақ — қойын-қонышқа кірген мұз кесектері еріп, тамшылай бастайды; қар қатқан кірпік те ауырлап кеткендей — өз-өзінен жұмылып, тарс жабыла береді. Бүкіл дене болдырып, «Жат, осы жерге қисая кет» деп тұрғандай.

Сол түні Доғал Ақшалов ұйықтады ма, жоқ па?.. Мардан соны білген жоқ. Әйтеуір ешкімге маза бермей, қайта-қайта келіп, жұлқылап оятып, ұйықтап бара жатқанда сан мәрте орнынан қозғап, тиыш қоймағаны анық. Жай оятса жөн-ау, жағасынан сүйреп жерге түсіріп, қарға аунатып, қолы-басын уқалап, әлдене деп құлағына айғайлап кетеді. Кенет сергіген Мардан тракторын бір айналып шығады да: «Қой, ендігі ұйықтағаным ұят, моторды қатырып алып, маскара болармын» деп өзін-өзі қайрап, сергек-ақ отырды. Бірақ, әзәзіл ұйқы ұзаққа шыдатпайды. Қайта женеді. Көзі тағы да жұмыла бастайды... Ұйқы емес, жан қинаған сайқымазақ бірдеме. Кей сәт басқа бір дүние құшағына еніп кетеді. Ұзақ та мезі түстің шиырына түсіп, аяғына жете алмай, малтығып отырады. Ал оянса, әлгі түсі үзіліп, боранды түн қайта алады құшағына. Сәлден соң қайта қалғиды... Қалғыды-ақ түс үзігі ой-санасын қайтадан шырмай бастайды.

Түс болғанда да біржосын қызық түс, өз аулында, Жақсы Абыралының күнбатыс сыртында жүргендей. Айнала мүлгіген биік тау. Аңғал-саңғал жоталар. Солардың арасында мидай иен жазық. Сол қиырдың шетінде, Дің тауының бергі етегіндегі жапырайған тоқал үйінде отыр екен дейді. Сыртта боран ұлып тұр. Тегінде, боранды түнде әкесі үйде отырмайтын. Үнемі жолда болатын. Атқа мінер ең

қолайлы сәт осы, із жасыруға боран қолғабыс етеді дейтінді... Ал бүгін?.. Ұзақ әңгіме айтып отыр. Одан өзге бөгде дыбыс — қой қарнынан керілген терезені сабалап, дамылсыз үілдеген жел ызыңы.

Кенет әлдекім иығынан жұлқылады. Әкесі ме?.. Иә, сол кісі сияқты. «Сыртқа шық. Үнгіршатқа бір жылқы байлап келдім. Тез барып алып келе ғой» деген-ді айтты ма, айтпады ма, аңғара алмады. Несі бар, әкелуге болады. Жаңа барып жүр ме?! Тек Ардакүренді берсе болды.

Қуанған Мардан лып етіп далаға жөнелді. Әкесінің жалғыз аты — тойға да, ұрлыққа да мінетін, үй-ішінің несібесі соның төрт тұяғына қараған қолғанаты тақымына тиген соң, несіне бөгелсін! Қазір-ақ қарғып мінеді де, Үнгіршатқа тура шабады. Жер таныс. Күнде көріп жүрген жер... Бірақ, әлдекімнің тегеурінді қолы еркіне жібермеді, иығынан басып қалды. Сонда ғана Мардан ұйқыдан сергіді. Өзіне жеки сөйлеп тұрған МТС директоры екен. Мәссаған, таң аппақ атып, төңірек жарықтанып қалыпты. Боран саябырлап, жаяу бұрқасынға көшіпті. Жыланша ирелендеген бұлаң құйрықтар қар үстінен баяу сырғып, ылдифа қарай жөңкіліп жатыр. Мардан көзін уқалап, алды-артына қарады. Шатқалдың сұлбесі көрініп тұр. Жаяу жүріп кетсе, бірер аялдап, әп-сәтте жетіп баратын жер. Әттен, сайға кептелген қар қабаты болмаса?.. Қат-қабат жоталанып, нығыздалып, тау жұлгесін қуалай, ұңғыл-шұңғылын толтыра тегістеп өткен. Қолдан қалағандай құдды. Жол танабынан еш белгі жоқ. Белгіге ұстар бір қада болсайшы. Жә, сонда мына қамаудан қалай өтеді?.. Арты да сондай. Тракторлар көрінбейді. Тек шатқалдың өне бойы түтіндеп жатыр. Бір жойқын өрт болып, сонан қалған шала әр жерде бықсып жатқандай өлусіреген көріксіз көрініс. Тракторлардың сорайған мұржалары ғана қараяды. Түтіндеп, тірлік белгісін білдіріп тұрған да солар...

Демек, кешеден бері тоқтап тұрған тракторлар арасынан қар жүріп кеткен. Жай сырғып емес, әр тракторды қалқан тұта, қабырға түзей сыналап тұрып қалған. Сірә, алдыңғының ізіне түсу үшін әрқайсысы өз алдын аршуы керек. Аршымай өткел жоқ.

Амал қанша, ас ішіп, әлденіп алып, бәрі енді соған жұмылды. Біресе трактормен мыжғылап, біресе күрекпен копарып, көп алысты. Алдыңғы жолды да осылай аршыды. Қатар-қатар тұрып, қабырғадан кертiштей тiлiп, бүкiл шатқал бойын сыпыра ұнғып, жол танабын жарып шығуға тура келдi. Әр бұрылысты, өрдiң соңғы кезенiн де қыруар бейнетпен алды. Әрбiр бес-он адым жер ашылған сайын тракторларға от берiп, зарната гүжiлдетiп, бiр-бiрiне тұмсық тигiзе, алға жылжып, қайта тоқтап, тағы да аршып, бiрте-бiрте жол мандытты. Айтып-айтпай не керек, бiр минут аялдамай, бiрде-бiрi тыным алмай, ұзақты күн алысқан-ды. Сүрiнiп құласа қайта тұрып, күрекке қайыра жармасып жанталасқан майдан ашқан-ды бәр-бәрi.

Ақыры сұрапылды бiлек күшiмен жендi. Үшiншi күнi түс ауа керуен Ақтастың қайқаң белiне шықты. Сұлдерi құрып әрең көтерiлген-дi. Дес бергенде арғы жол тактайдай тегiс екен. Қалбаның күншығыс сырты қыс көрмегендей. Доңғалаққа iлiнер шөкiмдей қар жоқ, сайрап жатқан даңғыл жол!

Мұны көрген соң жiгiттер көңiлденiп қалды. Ендi аянбай ағыза-ағыза жөнелiстi.

Бiрер сағат үрдiс жүрiстен соң жалғыз үйлi бекетке кезiктi. Керуендегiлердiң денi алдыңғы үлкен елдi мекен, бұрынғы ояз орталығы, қазiрде аудан орталығы атанған — Көкпектiге жетiп қонуды ойлап келе жатқан. Директордың ойы басқаша екен, керуендi тоқтатып, осы бекетке қонуды жөн көрдi.

Онын мәнiсiн жүргiншiлер келесi күнi бiлдi...

Келесi күнi Доғал Ақшалов тракторларды қайыра тексерiп, жүктердi де қайта бууды талап еттi. Плакаттар мен ұрандар да қайыра қағылып, керуеннiң бар мүлкi таптұйнақтай жинақы күйге келтiрiлдi. Бұл шаруаға жарым күн шығын болды. Оның есесiне керуеннiң сырт келбетi Жаңғызтөбеден аттанғандай жинақы қалпына түскен-дi. Сонда ғана керуен басы алға жүруге рұқсат еттi.

Мардан Данияровтың тракторы тағы да алға түстi. Қары таптала-таптала мұздаққа айналған сiреу жолмен қасқая тартып келедi. Осыдан бес күн бұрын басталған бұйраттар сiлемi әлi де таусылар емес. Томардай теңкiiп, алдынан да, арты-

нан да дүрдие состиган сансыз көп төбелер тізбегі жолмен жарысқан қалпында созылып келеді. Бәр-бәрі маңқиған өлі денелер сияқты. Қыбыр еткен бір жан жоқ бауырында. Қарға бөккен бөктерде түгін түтеткен бір қора жоқ. Қалт еткен қыбырсыз қалыпта мелшиіп, жайбарақат жатқан дүлей түнек.

Көп ұзамай Көкпекті де көрінді.

Керуен жолы өзенге келгенде екіге айырылды. Бірі көпірге бастайды екен, одан әрі — Көкпекті кенті. Бірі өзеннің оң жақ қабағын қуалай кілт солға бұрылады. Ол болса — Зайсан жолы.

Бұрылысқа жетіп, Мардан ат басын тежеді. Керуеннің жер жаңғыртқан дүбірін ту алыстан естіген кенттің тұрғындары жапа-тармағай өздеріне қарай лап қойды. Көпір үстінде, үйлер төбесінде ереуілдеп жүргендер де аз емес. Бұрынырақ ұмтылғаны, әсіресе бала-шаға айырық жолға жетті. Алдын кес-кестеп, дүрліге таңырқап, іп-ілезде қоршап алды. Ақшалов ойланған да жоқ:

— Оңға! — деп бұйырды.

Анталаған жұрт қақ жарылып кейін ысырылды: Мардан тракторын орталық қошеге бұрды; Көкпектінің үйлері еңселі екен, көбі тастан қаланған. Тұрғындары әр алуан ұлт өкілдері: дені татарлар, бірді-екілі орыстар да жүр; көшені бойлаған сайын шошақ тымақ киген, пұшпақ бөріктері жапырайған қазақтар да ұшыраса бастады. Кей сәт шапан жамылып, есік алдына шығып, әр үйдің алдынан сығалай қараған әйелдер де көрініп қалады. Ал бала деген қара құрық. Олар тіпті қолына ілінгенді жамыла салып, үрдіс ұмтылған тәрізді, қуаныштарында шек жоқ. Жүздері алабұртқан, көздері отша жайнап, кейбірі жалаңбас, орыс, қазағы мимырт араласып, трактор гүрілін жеңгілері келгендей жан-жақтан атойлап дауыс қосып, керуенмен қатарласа жарысып келеді.

Таңырқау мен тамашалау боларын сезсе де, дәл мұндай жаппай қуаныштауды ешкім күтпеген еді. Орыс, татары көп, ертеден отырықшы елді мекеннің халқы бүйткен соң, анау қиян түкпірлердегі қазақ ауылдары қайтпек?.. Трактор атын өмірі естімеген, өңі түгілі, түсінде көрмеген дала қазағы, бұл керуенді қарсы алғанда аттан салмай шыдап

тұра ма? Ат қойып қарсы шаппай, құмарынан шыға ма, сірә! Өйтпесе, ол қазақ атанбас!

Елді мекеннің орта тұсындағы жайдақ төбеге жетіп, тракторлар керуені кең аланды жағалай шеңбер жасап, сап түзеді. Тап ортада Марданның жетегіндегі вагон-шана, маңдайларына жалау қадаған өзге тракторлар, оттай лаулаған мол жарық төгіп тұр.

Жұрт жан-жақтан ағылып келіп жатыр. Әуелде кешігіп қалғандар да, тағаты жетпей айырық жолға жүргендер де — осы арада. Жаяу-жалпы, арбалы, түйелі, ат мінгендер... Түп-түгел, тайлы-таяғы қалмай, ертеңгілікте жәрмеңкеге асыққандай ентіге жеткен.

Бір сәтте аудан басшылары алды-арты қызыл матамен әшкейленген, түрлі ұран ілінген вагонның үстіне шықты. МТС директоры да қоса көтерілген. Ол болса еркіне қоймай итермелеп, Марданды да ала шықты. Рульде отырғанда Мардан едәуір мықты сияқты еді, өзіне алыстан анталаған көпшілікке жоғарыдан, шалқая караған-ды. Енді вагон үстіне шыққан соң өзін аласарып кеткендей сезінді. Кесек те мол денесін қайда жасырарын білмей, Ақшаловтың ақ тонының желмен желпілдеген өңірін тасалап, тұнжыр тұр.

Аупартком хатшысынан кейін МТС директоры сөйледі. Оның не айтқанына Мардан құлақ қойған жоқ: себебі, сөзін бастамас бұрын Ақшалов өзіне жалт қарап, «Сен де сөйлейсің, әзір тұр» деп сыбырлаған. Содан соң-ақ Марданның есі шықты. «Не деймін? Не айтам? Қап, құртты-ау, мына қасқа бас?!» деп сары уайымға түсіп, қайғырып тұрған-ды. Бір сәтте құлағына «Данияров!»... деген үн естілгендей болды. Әлдекім итермелеп, біреулер қолынан тартып жатыр. Кенет ол вагонның ту шетінде, өзіне қарап ентелеген көптің алдында тұрғанын сезді.

— Кедей-кепшік жолдастар! — деп айғайлады ол.

Сол сәтте әлдекім артынан: «Жасқанба, жасқанбай сөйле!» деп сыбырлады. Марданның өзі де сондай бірдеме айту қажет екенін көкірегімен сезген-ді. ТМШ-ға келгенін, комсомол мүшесі екенін, осы сапарға қалай шыққанын әңгімелеуге оқталған. Бірақ, қапелімде аузына қажет сөз түспей, сілейіп тұрып қалды. Әлде әлгі сыбыр

ойын бөлді ме? Әйтеуір айтпақ сөзінен әп-сәтте адасып қалды да, «Жо...жо...жолдастар! Мен... мен комсомол мүшесімін...» деп кекештене үн қатты.

«Өмірбаяныңды... өмірбаяныңды айт» деп қақылдады әлгі үн тағы да ту сыртынан.

— Жолдастар, мен бір кедейдің жалғыз баласы едім. Әкешем өліп қалған соң, сонау Абыралыдан қиыншылық жылы балалар үйіне келіп, одан трактор оқуына іліктім. Партия көсемдері шеткергі ауылдарға да трактор апарылсын деген ғой. Міне енді, өзіміздің кеңес тракторларын қиыр далаға айдап келемін. Бұл өзі керемет көліктер. Ерен күшті, өмірі шаршауды білмейді! — деп сәл-пәл үнсіз тұрды да, кенет бар даусымен айғайлап. — Жолдастар, жасасын тракторлар!.. Жасасын, кеңес тракторлары! — деді.

Әлгі сыбырлаған үн тағы да тыныш тұрмай, «Қап, бүлдірдің!» деп дүрсе қоя берген-ді. Оның қасындағылар да тұс-тұстан күнкілдей бастаған. Кейбіреулер күліп те тұрғандай. Сол сәтте өздерінің керуенбасы жәрдемге келіп:

— Данияров дұрыс айтады, жолдастар. Жасасын, далаға тұнғыш келген темір тұлпарлар — өзіміздің кеңес тракторлары! Комсомол түлектері ерттеп мінген социализм көліктері — осы, жолдастар. Ура! — деп қостады.

Сол-ақ екен, тыныш тұрған алаң күңіреніп кетті. Тұс-тұстан жамырап шыққан дауыстар:

— Жас-а-сын, жас-а-сын, те...мір тұл...пар...лар! — деп жер жаңғырта айғайлап, іліп әкетті. Бас киімдерін жоғары лақтырып, қызыл туларды әрлі-берлі бұлғап көтермелеген жұрттың айғайы көпке дейін басылмай, кең аланда жаңғырығып тұрды.

Сол түнді керуен Көкпектіде өткізді. Келесі күні машиналарды майлап, кем-кетікті түзеп, алыс жолға әзірлік жасады. Өздері де тынықты. Әрі қуаныштаған жұрттың сый-сыяпатын көрген. Марданға да көппен бірге бір құшақ сыйлық тиген-ді. Басы оның су жана патефон еді.

Келесі күні тұс ауа тракторлар керуені тағы да жолға шықты. Ауылдар енді алғашқыдай емес, жиірек ұшырасатын болды. Бәрі де бұларды жаппай қуаныштап қарсы алады. Қай

ауылға келмесін — көз көрім жерден аттылы-жаяу алдарынан шығады. Токтаса — үйіне түсіріп, тоқтамаса — көп жерге дейін еріп жүріп ұзатып салады. Отыз екінші жылғыдай емес, ел іші қонайып қалған. Қай ауылға тоқтамасын, барын жайып, алдарына тосады. Әсілі, бұлар да ауыл талғап тоқтайтын болды. Үйі көп, үлкен мекендерге ғана бөгіліп, шағын ауылдарға аз аялдап, өте шығады. Тоқтамауға тағы болмайды. Ақшаловтың айтуынша, өздерінің осы сапары — трактор айдаған жай көш емес, далаға социализм тынысын алып келе жатқан қызыл керуен, үгіт керуені-міс...

Кейбір ауылда түнде де жиын өтеді. Тракторларды жағалай тізіп қояды да фарларын түгел жағады. Сол сәтте аланға төгілген күндізгідей мол жарықтың өзі-ақ далаға келген жаңа да тегеуірінді күштің күдіретін еріксіз танытқандай. Мен мынадаймын деп көзге ұрып, жаңа заманның кереметін паш еткендей. Ақ сәулеге шомылып тұрып сөйлеген шешен мінбеден не айтса да рауа. Не деп мақтаса да сиымды. Мына күш, мына жарық еріксіз сендіреді!

Осылайша, Қалба тауын қақ жарып, Тарбағатайды бөктерлей, қарлы даланы дүркіретіп, қаһарлы желтоқсанда сапар шеккен керуен екінші апта таусылар мезетте жеті жүз шақырым жерді артқа тастап, Зайсан қаласына жеткенді. Жол бойындағы барлық елді мекенді дүр сілкінткендей, оңтүстік-шығыс шекарада, марғау тіршілікте тыныш жатқан қиыр шет аудан жұртын да дүрліктіре, дүбірлете еніп еді...

*Семей,
1969 жыл*

2005 жылдың мамырында күллі адамзат фашистік Германияны күйрете жеңудің 60 жылдық мерекесін тойлады. Күллі дүние жүзі сол соғыстың ауыртпалығын жанкештілікпен көтерген соғыс ардагерлерінің тірі жүрген санаулы тобына жер-жерде құрмет көрсетті. Сондай тойдың бірі бұрынғы Абыралы ауданының орталығы Қайнар кентінде де

өтіпті. Бұл жайында бұрынғы облыс орталығында шығатын «Семей таңы» газеті 13 мамырдағы санында жариялаған «Құрметке бөленді» атты шағын хабарында былай депті:

«Отан үшін от кешіп, сұрапыл соғыста өліммен бетпе-бет белдескен майдангер ақсақал Мардан Данияров ұлы жеңістің биылғы тойында ерекше іттипатқа бөленді... 90 жастың ауыр жүгін қажымай арқалап, Жеңіс күніне аман-есен жеткен сүйегі асыл ағамыз ұзақ өмір жолында не көрмеді дейсіз: аштық жылдың науатында ата-анасынан айырылып панасыз қалған ол балалар үйіне тап болып, одан Бородулиха селосындағы трактор жүргізушілер мектебінде оқып, механик мамандығын игереді... 1939 жылы Аягөз қаласындағы механизация мектебінде оқытушы болып еңбек еткен. Неміс басқыншылары елімізге соғыс ашқан кезде әскерге шақырылып, Қиыр Шығыстағы Забытая стансасында дайындықтан өтеді. Одан Дон майданы әскерлерінің құрамында соғысқа енеді. 1384-санды артиллерия полкінде зеңбірекші болады. Сталинград іргесіндегі жойқын шайқастың барлық ауыртпалығын басынан өткерді... Сол қарсаңдағы жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, неше мәрте медальдармен марапатталыпты.

Туған жұрты Қайнарға ол 1950 жылы, осы жерде МЖС құрылғанда, сол стансаға бас механик болып қайтып оралған. «Қайнар» кеңшарында 30 жылдан астам уақыт тындырымды жұмыс істеп, табиғат сый еткен қажыр-қайраты арқасында, жетпіс жастан асқанша демалыс сұрамай еңбек еткен. Соның арқасында ол жерлестерінің құрметіне бөленді, ел ағасы атанды. Қазір ол өз кіндігінен тараған қарамды әулеттің басы болып, туып-өскен елінде шексіз бақытқа кенеліп отыр...

Кешегі аумалы-төкпелі заманның ауыр жүгін қайыспай көтерген ер атаға жерлестері ұлы жеңіс тойында ат мінгізіп, өзге де сый-сыяпат жасады. Майдангер ақсақалға мерекелік медаль, қала әкімінің құттықтау хаты тапсырылды. Мәдениет үйінің өнерпаздары Мардан атаның жігіт кезінен бүгінгі қариялық шағына дейінгі өмір жолын сахнада бейнелеп, ән мен жырдан шашу шашты».

Омарал Т. Дойы

ЖЫЛҚЫШЫ

I

Жылқышылар қосын біз ұзақ іздедік. Ондаған шақырым артта қалды. Он сан бұйрат қол бұлғап, алыстан мұнартып, қасына келсең қолтығынан шығармай, қатарласа жарысып, көп сандалтты. Қар жамылған дала бойлаған сайын ұзара түскендей, доңғалақ астына төселіп таусылар емес. Ал көз ұшынан көшкен бұлтша іркес-тіркес созыла, бір-біріне жантая құлаған таулар тізбегінің сұсы мүлдем бөлек-ті. Көк торғын ұшпа мұнарға оранып, жұлым-жұлым жотасын күдірейте маңқиып қалған.

Жол танабы кезікпеді. Сұлбесі алыстан атойлаған биіктің зорын маңдайға тіреп, туралай тартып келеміз. Күн ашық. Үп дерлік жел жоқ, қайда қарасанда тымырсыған өлі дүние. Көп тобыр, мың сан тұяқ ізі қос жөнін нұсқағандай күртік қар бетінде сайрап жатыр. Бей-берекет көп шимай, ерсілі-қарсылы жосылған із, ошақ-ошақ тебіндік, жүнше түгілген көде түбі ғана кешелі-бүгінде осы өңірде тірлік болғанына куәлік еткендей...

Жолбасшым Кенеш сергек жігіт екен, сірә, бұл жаққа талай мәрте шиырлап, жер жөнін жете білген әккі жүргізуші сияқты. Таптауырын жол танабын іздеп әуреленген жоқ, өзі білетін белгі, әлде көкірек сезігімен алаңсыз жосылтып келеді. Машинасы да бабында. Өңкей жолсызбен, тыңнан қар тіле жүрсе де еш жерде кідірген жоқ. Кабинасы үйдей жылы. Құдды бір күйлі пеш түбінде отыр-

гандаймын. Елгезек жүргізуші әлсін-әлсін маған күлімсірей бұрылып: «Тонған жоқсыз ба, қонақ?» деп сұрайды да, әлдебір әнді ыңылдай бастайды. Әні әр түрлі. Көңілді саз да, мұңлы ескі сарын да кезекпе-кезек көмейінен құйылып жатыр. Әлде арманы, әлде құйқылжыған көңіл сыры? Айтарда соны талғамайтын сияқты. Әншейін уақыт өткізер ермек. Ыңылдап, ернінің ұшымен баяу ғана сызылтып әндетеді. Тарғыл даусын да тартымды деуге болмас, бірақ мынадай елсіз медиенде құлақ құрышын қандыруға жарап жатыр. Кәдімгідей көңіл ашар жап-жақсы әуен.

Содан да жалыға ма, жоқ, доңғалақ табанына оралған шексіз даланың сүреңсіз суреті жалықтыра ма, кім білген, маған әредік қарап қойып, әр алуан әңгіме шертеді. Рульге отырғанына оншақты жыл болыпты. Содан бері екі-ак мәрте машина ауыстырған.

— Бұған да, замандас, астындағы атындай ынтамен қарау керек. Бабы болмаса, бағып күтпесең атың жүре ме? Көзеген жеріңе болдырмай жеткізе ме? Темірдің де тілі бар. Ойбай-ау, білмесең оны әуре болып, рульге жолама. Баптап, күйлеп алмасаң, шофер болмай-ақ қой, делбе ұстауға кет!

Көріп те, сезіп те отырмын. Нендей жұмыс болсын, ұқыпты атқарар іскер жанды танытқандай. Байсалды қалыбына, байқағыштық қабілеті жарасқан. Сөз саптауында да сондай бір мәнді-мағыналы гәп бар...

Жылқы ізі жатағандау бұйратты қуалай, солға қарай жалт берген-ді. Кенеш ойланған да жоқ, оңға бұрды. Із түспеген тыңға салды.

— Турасын айтайын сізге, осынша бейнетпен іздеп келе жатқан жігітіңіз маған ұнамайды, — деп Кенеш тың сөз бастады, — маған ғана емес-ау, Ақтастағы жұрттан сұраңызшы, осылай деуі сөзсіз.

Айтып отырғаны — Амангелді Төлеуов. Қаладан іздеп шыққан кісім. Ерен еңбегімен есімі ел аузына ілінген айтулы жылқышы. Жә, мына уәжге жол болсын?..

Шынтуайтын айтқанда, ол хақында қым-қиғаш сөз естуім бір бұл емес. Мақтау айтқан жұрт оның кейбір қылықтарын даттап та әңгімелейтін. Өз дегені болмаса кісі айтқанына көнбейтін қиқар деп те, небір келеңсіз қылық-

тарға жаны үйір дөрекі етіп те сөз қылатын. Осы жолға шығардың алдында ғана елден келген бір танысым:

— Жылқыға келгеннің бәріне сойыл ала жүгіреді дейді. Қикарлық па, әумесерлік пе, өзің айтшы төрелігін? — деп әжуалай күлген-ді.

Сонда-ақ әлде түйсігі өзгеше, әлде мінезі оғаш тұрпайы бір бейне көз алдыма кес-кестей қалған. Жұмбақ жан боп тұрып алған. Енді міне, сол жұмбақтың сыры қалыңдапта, түйткілі көбейіп те барады. Сөзуар жолсерігім әлгі айтқанымен тоқтамады, аға жылқышы туралы тағы бір тың әңгіменің шет жағасын естіртті.

— Өткен жылы өкімет Амангелдіні Ленин орденімен марапаттады. Бастықтардың оны қандай оймен орденге ұсынғанын қайдан білейін, соны білудің маған керегі не? Солай істеуді жөн көрген соң, оллаһи, менің онда шаруам қанша? Аяймын ба, ала берсін, орден жетеді. Иә, содан... аудан орталығына жоғары жақтан кісілер келсе керек. Сол жолы біраз малшы указға ілінген. Гаражда жүр едім, директор шақыртыпты. «Төлеуовты тездетіп жеткізі!» десін. Маған не керек, машина доңғалағы айналса болды. Әмбе ол маған бөтен кісі емес. Газигімді жүйткітіп отырып, шеткергі жайлауда жатқан жылқыға келдім де, Амангелдіге: «Ал, күйеу шырақ. жібі түзу кимінді ки де, кабинаға отыр, — демеймін бе. — Кенеш кеңілдеп күлді. Әлде бір күлкілі жәйт ойына түскендей ракаттана һәм дарақылана жайраң қақсын. Сонсоң дауысын қасақана көтере, әжуалап отырғанын жасырмай, сөзін жалғады. — Тегінде Амангелдіден тәнір жарылқасын күткенше, құдайдан күйдіргі аптапта жаңбыр сұраған артық. Оны айтасыз, сол сәттегі түрін көрсеңіз?.. Тура мені атып жіберердей боп, ішіп-жеп тасырая қарағанын айтам-ау. «Бармаймын сенімен. Бұдан былай көзіме және көрінбе. Көрінсең де қолыңды берме, алмаймын!» — деп қарап тұр. Өзі менің немере қарындасымды алып отыр. Күйеулік жінішке жолы тағы бар. Қайтейін, жердің үстімен келіп, астымен қайтқандай болып үн-түнсіз қайтып кеттім. Ақымаққа не істейсің, жөн-жоба білмейтін кеше болған соң, оған сөз өте ме? Директорға келіп, теріс қарап тұрып, бол-

ған әңгімені бастан-аяқ баян еттім, теріс қарамасқа лаж жоқ, бетпе-бет айтуға ұялады екенсің, тіпті. Біздің Жақан да қызық адам, ләм-мим демеді, түн ішінде тағы бір машина айдатты. Ақыры, аудан орталығына сонымен апарды. Өзіңіз айтыңызшы, замандас, осыдан соң бұл итті қалай ғана тағы демеісің? Шын айтам, иен далада шет жайлап жүріп, кісіліктен айырылған, сірә...

Жолсерігімнің мәнерлеп айтқан ұзақ әңгімесі ертенгілікте кеңшар кеңсесінде естіген тағы бір сөзді есіме салып еді.

— Жылқымыздың дені қазір Дегелең сыртында. Тебінге ауырлау жер. Соны уайымдап қауіп көріп отырған біз де жоқ. Қос ағасы Амангелді болған соң ойламаймыз — деген-ді шаруашылық директоры.

Естуімше, бұл қоста тоғыз жүзден аса жылқы бар. Кеңшар басшысы болса, сонша жылқыны көзіне ілгісі келмегендей, атүсті әңгімелейді. Әмбе әлгі сөзін нығарлап айтты. Әсіресе, жылқышы есімін. Не себепті? Неліктен бір Амангелді туралы осынша қым-қиғаш пікірлер естідім?

Сол түйткілді білмек үшін де жылқышылар қосын іздеп келемін. Қарға бөккен даланы шарлап, шыңылтыр аязды күнде бір ізден бір із қуып келе жатқан себебім осы.

Жатаған бұйрат артта қалды. Артта қалған жоқ-ау, өзінен әлдеқайда ауқымды, әлдеқайда биік, жақпарлы жартасты үлкен таумен ұласты.

Оқшау одырайған биіктердің біріне жеткенімізде, қарсы алдымыздан жұмыртқадай ақ отау жарқ етті. Әуелі қар басқан шөмеле сияктанған. Жақындағанда сорайған мұржасын көрген соң баспанаға ұқсады. Аппақ болған себебін де түсіндім. Кірпішше дестелеп қалаған кесек-кесек қар екен сырты...

II

Дала келбеті бұрын да осындай еді: қар сіреген, аяз сорған, боран ұлып, тоскейінде жел қыдырған, неше мың тұяқ құйқасын мыжғылап аяусыз жаншыған. Қазір де сондай. Қос кейпі де сол қалпы. Сол мекен, сол адамдар.

Рас, о кезде бұл қостың ағасы Әрібай Доғалов болатын. Кейбіреулер қатыгез атандырса да, көп жұртқа абзал қылығымен жаққан бәйкүнә қарт еді. Көрген-білгені де аз емес: ширек ғасыр жылқы соңынан ерген; талай мехнагты басынан өткізген, талай қуанышты көзі көрген; бірақ, кейінгі жылдары желкесінен мықтап шалған бір пәле аттан түсер мерзімі жеткенін сездіре де бастаған... Әсіресе, соның әсері биыл өте-мөте жиірек танытып жүрген. Қостан гөрі қыстауда көбірек түнейтін болған-ды. Әрекең соны да қатты уайымдайтын. Бұл да бір сәрі екен. Бәрінен де оған қостан қайтарда үйіне емес, ауруханаға кететіні ауыр тиетін.

Сондай сәтте сол аяғын үзеңгіге іліп тұрып, аттандырып тұрған Амангелдіге:

— Ал, кәмсамал жылқышы, тағы да кетіп барам. Қосқа өзің ие бол. Жоқтатпа, әкеңді, — дейтін.

Жылқышылар аң-таң. Қайсының болсын, құрық сүйреткеніне біраз жыл. Осы шалмен үзеңгілес атқа мінгендері де бар. Шаруашылық басшылары да бұлардың сөзін жерге тастамайды. Қарт жылқышы да өздерімен ақылдаспай, жайылым ауыстырған емес. Сөйтсе де іштей айыратын сияқты...

Әлгі сөз — соның салдары. Қос жөнін ежелгі серіктері — сақа жылқышыларға емес, бала бақташы Амангелдіге тапсырады. Неге сөйтеді? Сенбей ме, өзіндей қатты бола алмайды деп, кеміте ме әлде? Неге? Ал, Амангелдінің бақыршы бала болып қосқа келгені кеше ғана емес пе еді?

Бұрнағы жылы Амангелдіге ес те, сүйеніш те боп отырған ауырушаң анасы дүние салды. Соны естігенде Әрібай жедел аттанып, өмірдің қызық-шыжығын бірге өткізген дос шаңырағының тауқыметін атқарудың соңында, иесіз үйде не істерін білмей аңырап отырған он алты жасар жасөспірімді қосқа алып келген-ді. Серіктеріне де сол күні: «Төлеуден қалған мына тұяқтың ендігі әкесі менмін!..» — деген-ді. Содан бері екі-үш жыл өтті. Бақыршы бала есейіп, қабырғалы жылқышы атанды. Әрекең әрекетіне қарағанда, жас жігіт енді бірер жылда қосқа ие аға жылқышы болмақ... Әрине, қай заманда болсын, күш-қайратына сенген мықтылар ғана қарына құрық ілген. Ондай әлуеттілер бұл қоста да болатын. Тіпті қос иесі атануға

үміттілер де бар-ды. Сірә, сол себептен де Әрекеннің үзегілес серігі Басар Қырықбаев та, өзге жылқышылар да қос ағасының ниет-пиғылын аса жараппай, талай мәрте өзара күнкілдесіп наразылық білдіретін. Бәрінен де жасы егделеу Қыдырекең бір жолы: «Е, әліптің артын бағайық. Бұған төрелікті біз емес, долы боран айтады... Сонда көрерміз кімнің кім екенін?!.» — деп кеңкілдей күлген-ді.

* * *

Сол жылы қыс ерте түсті. Әуелі жапалақтап қар жауды. Және бір күн емес, неше күн, неше түн толассыз жауып, мал өрісін ақ көрпемен мейлінше қалыңдатып қымтап бакты. Амангелді түнгі күзетке жиі шығатын болды. Көп ретте өз кезегін тоспай-ақ шығып жүрді. Сөйтуді дұрыс көрген. Жан күйттейтін шағы емес. Қажыдым деу ұят. Жаны жас, дені сау. Қыдырекең жасына келгенде көре жатар. Белім деп қақсап, отқа арқасын қақтап отыра ма, жоқ, жалпақ белбеуді тарта буынып, ат үстінде жүре ме... бұйырғанын көрер. Ал қазір оған алдындағы қазына малының амандығы керек. Сонсоң да ол түндей тілсіз дүлейдің құшағына қайраты қайтқан Қыдырекенді жалғыз жібере алмайды. Бас жылқышының аманаты және есінде. Серіктестерінің де өзіне сынай қарап жүргенін сезбейді емес. Сезгені болар, әлде ерегес, әлде намыс билеп, атқа мінеді.

...Сол жолы ол қостан күндегісінен де ерте аттанды. Мінер атын күн барда алғызып, жылы киініп жүріп кеткен.

Жылқы қостан бес-алты шақырым төменде, Аққұдық жазығында жатыр екен. Бұл бір тұяқ қағар тасы жоқ жалпақ дала еді. Ана шеті адырлы Матайға тірелгенде, мына шеті ат шаптырым Келдібай қорығына барып тұрасатын ұшы-қиырсыз иен жазық-ты. Бірлі-жарым ойпаңы болмаса, қарауыл қарар төбесі жоқ бұлдырсыз медианның өзі. Жаз бойы мұнда мал болмайды. Сусыз өңір. Сонсоң оның көгал құрағындай қалың шығатын көдесі мұрты сынбай тік тұрады. Жазықтың қар ұстар құты — осы. Биыл да

алғашқы жауған қар биік өскен шөп ығында жатып қалған. Бірақ аяз сормаған соң күпсек қалпында жатқан. Жылқы тұяғына керегі де сол. Тебуге жеңіл, су іздейтін жаз емес.

Жылқышылар қосының Аққұдық бойынан ұзамай, айнала қонып жүрген себебі де содан. Неше айғыр үйір жылқы шашырамай, ұзақты күн ауыл қонғандай жерден қозғалмайтын. Әйсе де бұл тымық күннің ғана жұбанышы еді.

Жел көтерілсінші, бұл жазық ит байласа тұрғысыз ызын күйге түсетін.

Осы жәйт жылқышылардың көңілін аландатып жүрген. Сөйтсе де жер оты жеңді. Аға жылқышы орнына қалған Амангелді де көшелік деп кесіп айтар сөзін ертеңге салып кешеуілдетін, солқылдақтық мінез танытқан.

Амангелді жылқыны бір айналып шықты. Айғыр үйірлерін санады. Түгел екен. Өңкей тобылғы торы, шабдар мен көгі бір бөлек, мақпал қара, ақ маңдай ала жоны бір бөлек топтасып, үйір-үйір боп, айналасы қозы өрісіндей ғана қарлы тепсеңнің додасын шығарып, жабыла түтіп жатыр. Айдамасаң қозғалар емес. Күн шыңылтыр аяз. Жел жоқ. Ай сүтгей жарық, тас төбеде тұр. Жұлдыз жаңа-жаңа жамырай бастады. Бірақ, астындағы кәрі торы бірдене сезетін сияқты, әредік пысқырынып, жер тарпып, сыртын терістікке бұра береді. Жылқышы оны елеген жоқ, бір сәтте жылқы ішіне кірді де, көзін жұмды.

Таң алдында шөп басы желкілдеп, көде түбін қуалаған жылан құйрық сумандай бастады. Ат үстінде қалғып-шұлғып, таңды тосқан Амангелді оянып кетті, мұздаған денесін жазбақ болып, қозғалақтап алды-артына қарады. Дірілдеген ай нұрын да сонда көрді, бұрынғы келбеті жоқ, беті сүп-сүр, тарғыл тұсы бұрынғыдан да қарауыта түскендей, сәулесі қалтылдап тұр. Табан астындағы қар көшкінін де ол сол сәтте аңғарды. Терістік жел. Солдан соғатын отімді, бір басталса өкіріп, мүлдем құтырына жынданатын долының өзі болмағай? Сол сияқты. Қар кошкіні суылдап сып-сып етіп жүре бастады, әне. Әзірше жаяу борасын. Одан әрі басталды дей бер ақ түнек.

Жылқышы қамдануға бекініп, табынның оң қанатына шықты. Дер кезінде келіпті. Жылқы оттауды қойып, топ-

топ болып шоғырланып, жосуға әзірленгендей, құлақтарын жымқыра ұстап, елендей бастаған екен. Құрығын колденен ұстап, үлкен бір шоғырға айғайлай тиісті. Ойы — Матайдың көп бұйраты. Ойлағаны жүзеге асса — ықтасынға жеткені. Ықтасынға жеткені — бораннан құтылғаны. Атын да аяған жоқ. Орай шауып, оң канатты ілезде жиып алды.

Жел тез күшейді. Қас қағымда-ақ ұйтқи соғып, жер-көкті астан-кестен буырқанған ақ теңіз ғып жіберді. Жаңадан жауып тұр ма, әлде жердегі қар қайта көтеріліп, аспанға шығып кетті ме?.. Бейнебір теңіз түбінде жүргендей табан астынан да соқты; қарсы алдынан да үдей ұйтқып, тобесінен де құйылып жатыр. Біресе гуілдеп, біресе өкіріп, шат-шәлекей жылағандай дамылсыз азынаған бір үн. Толастау қайда, қайта зорайып барады. Тау басынан төмен төңкерілген көшкін үні ме? Биік жартастан сарылдай құлаған су тасқыны ма? Әлде, тасыр-тұсыр шапқылап, қар сапырған мың сан тұяқ дүрсілі ме? Сірә, соның бәрі бірдей, бір мезгілде тоқайласып қалып, үн қоса азынап жатыр ма... біліп болар емес. Көз аштырмаған мылқау бір дүние. Толассыз сарнап, үлі де, гуілі де қат-қабат араласқан ғажап бір дыбыстар. Етек-жеңін қуалап, ішін кеулеп, қиыршық қарды көзіне тықпалап, тұла бойын еңсеріп барады...

Әлгінде ғана сәулесі қалтылдап тұрған табактай ай да ұшты-күйлі жоғалып кетті. Ақ түнек бір-ақ қылғып жұтып қойғандай ілезде ғайып болды. Апыр-ау, бар тірлікті осылай жұтпақ па? Жымқырып алып астына баспақ па?

Амангелді енді шын сасайын деді. Сасқаны шығар, жалма-жан Асауторының үйіріне қарай шапты.

Телқұланы ол бірден корді. Корді деу — жансақ сөз. Құла атты ол аяқ тастасынан-ақ айнытпай таныды. Тұлғасы бөлек, бітімі өзге бәйге құланы ол қандай қараңғы түн болмасын, қандай түтеген боран соқпасын, мойнын ішіне алып, тұяғынан қар боратып, жер танабын қуыра шапқан дүбірінен-ақ танушы еді. Бұл жолы да қателескен жоқ, көре сала құрық салды.

Жануар қашпады, шылбыр дұзағы мойнына тиер-тиместен қасқайып тұра қалды.

Телқұла биыл алтыға шығады. Әбден толысып, кемеліне келген шағы. Жасырақ кезіндегі ұшқалақ мінездері қалған. Қазір ол қылыш құйрық, құлан жалды, қоян жон, қаз мойынды, кеудесі жинақы, шоқтығы нар өркешіндей шығыңқы, етті сауыры төңкерілген тегенедей толымды, бар бітімі кісі қызыққандай сымбатқа ие қазақы ат болған.

Осы келбетке ол Амангелдінің көз алдында жүріп жетті. Жылдан-жылға өсуі, жақсы атағы шығып ел аузына ілінуі, ең аяғы өткен жазда ауданаралық бәйгіде көп аттан оқ бойы озық келгені де жас жылқышының көз алдында өткен. Өзге емес, өз баптауымен жетілген.

Асылында, сол бәйге өзінің ең алғаш ат қосқан, демек, бағын сынаған жарыс еді. Несін айтасың, құла ат сонда ойлаған жерінен шықты, алда келді. Кейін тері кепкенде құланың жонын алақанымен уқалап, жал-құйрығын тарамдап тарап тұрып, Амангелді аттың шақшадай ғана қалқиған сұңғыла басын құшырлана қысып:

— Бір бұл емес... Алда екеуміздің... алда шабар бәйгеміз, — деген-ді.

Естіген жұрт басын шайқаған. Атқұмар жастың қылығына қызығып та, ернін жымыра қымсынып та таңданыс білдірген-ді.

Амангелдінің бәйге құлаға іш тартып, соншама ынтық болуы, әсілі, құлын күнінен өрбіген-ді...

Сырқат шешесі ақ ішіп, бойын көтеруді ойлады ма, кім білсін, қойшы бауырының қасына көшіп келген жылдың жазы еді бұл. Иә, өзі жетінші басқышты тәмамдаған кез.

Бір күні нағашысы жылқыға барып, қайтарында құла биені жетелеп қайтты. Көздің жауын алғандай сүйкімді, басы қаздиган, ұзын мойын, қамыс құлақ, жалы күлтеленіп жылт-жылт еткен, қайқы құйрығының ұшы тірсегін соққан, сірә, туғанына он-он бес күн өтсе керек, едәуір шираған қоңыр құлыны бар екен. Енесінің жетекке түскеніне қыстыққандай, жас құлын біресе оң жағына, біресе сол жағына шауып шығып, кей сәт жақындай түсіп, тұмсығы-

мен шапқа түрткілеп, кейде өз бетімен айдалаға қаша жөнеліп, ойнақтап келе жатқан-ды.

Қоңыр құлынды көргенде Амангелді үстіне түсе жаздады. Нағашысының түйіле қарағанын елеген жоқ, алақайлап алдынан шыққан. Санын шапалақтап, қуанышы қойнына сыймай, қоңыр құлынды қызықтап жүгіре берген. Бұрын ұсталмаған құлын бірақ манайлатқан жоқ. Жақындаса-ақ, құйрығын көкке шанша көтеріп, далаға қашып, әрі-беріден соң қайта келіп, қайта ойнақтап өзімен де ойнаған. Күнұзын ойнай берер ме еді, кім білсін, нағашысы тиым салмаса?

Сол күні-ақ қара құлақ қоңыр құлын қапылыста қолға түсіп, басына нокта киген. Сонда-ақ Амангелді жас құлынға жаны аши қарап, көзіне мөлтілдеп келіп қалған жасты көрсетуге ұялып, дөң астына қарай жүгіріп кеткен-ді.

Құла биені нағашысы ферма бастығынан сұрап алған-ды. Сүтті биені жаз бойы сауып, қымыз ішпек болған. Бірақ, екі-ақ күн сауды. Үшінші күні түнде өрелі бие өзен жарынан құлап, қапылыста мерт болды. Соны ести сала жан ұшырып жүгіріп келген Амангелді жұлыны үзіліп, өліп жатқан биені көрген. Қоңыр құлын енесінің шабына тұмсығын тығып, алдыңғы екі аяғын бүккен қалпында, етпеттей жатыр екен. Жансыз емшекті түннен бері кергілеп әбден тауысқан сықылды. Сөйтсе де құлын енесінен айырылар емес. Мөлдiреген көзінде кешегі от шашқан жанар жоқ, бар қызуы сөніп қалғандай мөлііп, жан-жағына біртүрлі жалбарына қарайды. Амангелді өзін ұстай алмай қалды. Көз алдындағы аянышты көрініске сенгісі келмегендей, алғашқы сәтте қозғалмай қалт тұрып қалды да, кенет еңіреп жіберіп, құлынды құшақтай алды. Неге өйткенін кім білсін, жетім құлын бұл жолы қашқан жоқ. Баланың құшағына тығыла түскен.

Сол күннен бастап Амангелді мен қоңыр құлын жұбын жазбайтын болды. Жылқышылар жетім құлынды қайта алу-дан бастартыпты. Нағашысы тағы бір құлынды бие әкелді. Сірә, жетім құлын жетілгенше теліп ұстауға берілсе керек.

Соның сүті құла құлыннан гөрі, шопанның үрпе-шүрпе балаларына көбірек тиетін. Күні бойы желіде байлаулы жататын жас құлынға қорек тауып беру үшін Амангелді не қаре-

кет қылмады дейсін. Сауылған сүттен ожаулап ұрлап, құлынға апаратын. Нан қалдығын, қант сынығына дейін қоңыр құлынның аузына тығындап, әйтеуір аш қойған жоқ-ты.

Ағайын қолына кіріптар болған, шарасыз күндерінде ол тіршілік қызығын жетім құлын қасынан тапқандай күй кешкен-ді. Анасы қанша мейірленіп бауырына басса да, алабұртқан бала көңілі әлденеге құлазып, далаға қарай беретін. Мүсіркеп емес, шынайы жақсы көретін ыстық құшақты аңсағандай еді. Соны көксеп далаға шықты-ақ, ешкімнен жылы пейіл көрмей, іші пысып, ауылды шыр айналып жүретін де, ақыры ермек таппай, желі басына келетін: құлынның құйрық-жалын тарайды; тұлымдай шоқ кекілін өріп, алақанымен сипалап отырғаны; үстіне шаң жуытпай жуып, сағат сайын аузына су тосып, өзен жағасынан жас құрақ шауып әкеп, алдына төсеп, айналсоқтап маңында болады. Әйтеуір құлынға жетімдік көрсетпеуге тырысқан.

Текті зағына тартқан болар, құлын да тез жетілді. Жетілген сайын түгі түсіп, қоңырқай түсі өзгере берді. Күннен-күнге өңі онып, құлан иектеніп атқан таң түсіндей боп бозара бастады. Күз түссе-ақ осы күнгі құла түсіне еніп алды.

Амангелді оқуға кеткенде құла құлын нағашысының қолында қалған-ды. Енді оны тірі жан жетім деп кемсіте алмайтындай боп әбден жетілген. Бауыр жүні түсіп, арқажоны жылтылдаған, өзі таудай биік, алды-арты есік пен төрдей алшак, құлағы тік шаншылған, күлте жал, құлан құйрық жабағы болып, көрген жан түр-келбетіне қызыққандай көрікке еніп келе жатқан-ды.

Сол жаз да-ақ Телқұла атанған құла құлынды Амангелді екінші рет үш жылдан кейін, саяқ ат болғанда корді. Жылқы ішінен құйрығын шанша шапшып, әрлі-берлі шауып жүрген құла атты көргенде, ол аузын ашып тұрып қалған. Әуелгіде танымай, таныса да сол екеніне сенбей, аға жылқышыдан сұраған.

— Е, ол өзің мәпелеген Телқұла... Құлынында жетім қалған соң жетілсін деп тайында үйретпедік. Құнанында піштірдік те, тағы ұстамадық. Биыл бесті шығады. Әлі құрық тиген жоқ. Екі жыл болды ер салғызбай келеді... — деген-ді Әрекен.

Құла бесті бұл кезде Асауторының үйірін айналып шығып, ойнақтаған қалпы айдалаға безіп бара жатқан еді. Кен даланы дүбірлете шапқан саякка Амангелді сүйсіне қараған. Әлде сағыныш, әлде қуаныш бойын кернеп, жүрегі лүп-лүп соғып, орнында тұра алмай, тыпыршып та қалып еді.

— Биыл үйретілмесе, етке жібертем. Былтыр екі ерімді сындырды, асаулығы әлей!..

Амангелдінің жылқыға алғаш келген кезі. Адуын шағы. Беті әлі еш нәрседен қайтпаған. Сонсоң шығар, аға жылқышы әлгіндей деп күдікті істің басын қылтитып қойғанда, ерегеске түскендей: «Үйретем, қайтсем де үйретем оны!» деп өзіне-өзі серт бергендей болған.

Содан бір күні ол жылқы иіріп жүріп, құла бестіге бұғалақ тастаған. Әлде қайраты жетпеді, әлде қарымы кем соқты? Қыл арқан сып етіп мойнына түскенде, құла ат өзге жылқыдай арқанды керіп қаша жөнелмей, тік шаншыла аспанға қарғып, бірер мәрте мөңкіп-мөңкіп алып, өзіне қарай тура шапқан-ды. Жас жылқышы арқанның керілгенін тосып, табан тіреп тұра қалуға әзірленген. Құла бесті тапап кетердей боп қарсы ұмтылғанда сасып қалды. Бір бүйірге жалт берген. Асау ат осы арада тағы бір қияңқылық көрсетті. Екі-үш мәрте аспанға шаншыла атылып, орғып-орғып түсті. Ұзын арқан мойнына оралып қалды. Екі ара тым жақын еді. Көнігі жылқышы арқанды тез саумалап, қылғындыра ұстап, аттың құлағына жармасар еді. Амангелді капелімде мұның бірін жасай алмады. Қиянқы ат тағы мөңкіп, мойнын ішіне ала жұлқына тартты. Сол сәтте арқан ұшы жылқышының қолынан шығып кетті. Тіпті босатпасқа лажы болмады. Тегеуірінді күш қояр емес, қолын жұлып түсірердей боп ышқына сүйреген-ді.

Айдалаға безген құла ат қашқан құланша зыта берген. Маңына ешкімді жуытпай, қара көрінсе бірден-ақ ата жөнеліп, құла дүзге безген. Мұндай тағы болар ма! Тіпті қайыру бермей зытып еді. Қуған атқа шалдырмас жүйріктігі де сол күндерде анық білінген. Қашаған қуарда жылқышылар ер салатын Асауторы айғырға да шалдырмай, тіпті маңайлатпай ту шығанға шығып кеткен-ді.

Сонда-ақ, құланы қуып келе жатып, Амангелді шын сүйсінген. «Жылқы құты дейтін жүйрік осындай-ақ болар! Желмен жарысатын тұлпардан кем бе? Пах-пах, шіркіннің аяқ тастасын-ай! Шабысын қарашы! Қанаты бардай ағады! Мынаның кеудесі ме?.. Кеудесінде, құдай біледі, көрік жатқан шығар. Тынысы да мол жануардың. Зыт солай! Шабармын әлі талай сенімен!» — деп іштей масаттанған.

Сол жолы Телқұла ұстатқан жоқ .

Келесі күні жылқы ішінде жүргенде екі жылқышы баспағып барып, бірі арқан ұшын табанымен басып тұра қалғанда, екіншісі ұшын беліне орап, тастай қатып, жатып алған. Қыл кеңірдектен қарпыған бұғалақ атты тез буындрып, тынысын бітеп, кешегідей емін-еркін тулауға жол қалдырмады. Содан қос жылқышы арқанды саумалап келіп, қалш-қалш етіп дірілдеген құланы құлақтан басып тұрып, әрең дегенде жүгендеді. Бір күн таған астына байлап қойып, су бермей, аш қатырған. Ішін тартқызып, ертеңгі әлей шабысқа даярлады.

Келесі күні Амангелді құлаға ер салған. Қыстыққан жануар өз үстіне жабысқан пәлені жұлып тастамақ болып, қиғылықтың небірін көрсеткен. Жата қалып аунаған жоқты, одан өзгенің бәрін істеді. Бірақ, бақыршы бала да тақымын босатпай, аттың жалын құша жатып алған қалпынан аумады. Телқұла құлата алмасын сезген болар, айдалаға зыта жөнелген.

Амангелдіге де керегі сол. Көзінен жас парлап, желмен жарысып кете барған. Сол сәтте бойын кернеген шаттық дәп бүгін кешкендей көз алдында: табан астындағы жер шыр көбелек айналып, өзімен қоса жарысып келе жатқандай; алыстан бұлдыраған тауға да көзін ашып-жұмғанша жетіп барады; қараған, бұта, шилеуіт, жар бөгет емес; оны бөгет санап, айналып өтер құла және жоқ; бір-ақ орғиды. Алдындағы жыра ма, соқпа ма... қарамайды, қоянша ырғып қу медиан құла дүзге бет түзеп, құсша ағып, құланша жосыла берген-ді.

Амангелді о күндерде жер жағдайын онша білмейтін. Сонсоң да, қыстыққан құланың жүйткіп келе жатып, Есік-қараның терең жырасының тап үстіне әкелгенін сезген жоқты. Қатерлі оппаны ол астындағы ат мойнын ішіне алып

орғыған сәтте ғана білді. Неткен ессіз еді! Ерлік те, адуын жүрек те сол қарғуға байланып кеткендей болды. Жыра терең ғана емес, кең екен. Телқұланың алдыңғы екі аяғы кемерге ілінгенде, артқы аяғы орға түсті. Өзі шөккен түйедей сопаң етіп, мұрттай ұшты. Ат астында қалмауды ойлап, Амангелді сол жағына лықси берген. Бір аяғы үзеңгіден шықпай қалды. Тұла бойын дір еткізген жойқын бір күштің тепкісін жас жылқышы сол сәтте сезді. Көз алдынан жай отындай бір жарқыл жарқ етті. Тыпырлаған ат тұяғы кеудесіне тиді ме, жоқ, маңдайдан ұрды ма... анығын білген жоқ, әйтеуір капелімде есінен танып қалғаны анық.

Есін ол тас төбесінен дабырлаған дауыстар шыққан сәтте ғана жиды. Соңынан қуа келген ересек жылқышылар екен. Сол аяғы күмпіп ісіп кетіпті. Құла ат көрінбейді. Жылқышылардың айтуынша, ерін бауырына алып жылқыға келген. Бұлар да өзін іздеуге сонда шыққан. Жаманатқа жорып қатты қауіптенген, бастан құлақ садаға деп енді қуаныш білдірісті.

Шатынаған жіліншіктің гипсін алғанша Амангелді ауруханада екі ай жатты. Әрине, қираған сүйегі бітіп, әбден жазылғанша дәрігерлер босатқан жоқ. Өзі де сұрана қоймады. Қашан құлан-таза сауыққанша әлсіздігіне құса болып, іштен тынып жата берген.

Содан қосқа ол қар бірер жауған соң ғана оралып еді. Келе-ақ, құла атты сұраған. Бұған Әрекең де, басқа жылқышылар да таң қалып, жымия күліп:

— Жамандатқырды қимағанмен үйрете алмадық, қашанғы алысайық, бұ жолы тіпті маңайлатар болмады. Сонсон етке бөлінген бойдақ жылқыға қосып жібердік, — деген.

Амангелді жұлып алғандай:

— Қашан кетті? Қай күні бөлдіңіздер? — деді.

Сірә, мән бермесе керек, Әрібай өзі атөтті ғана:

— Орталықтан кеше айдады деген. Бүгіндер Байсынға құлаған шығар, — деген.

Амангелді одан әрі қазбалап ештеңе сұраған жоқ. Аяғым ауырып отыр деп, күпіге оранып, жатып қалған. Содан қостағы жылқышылар түнгі күзетке кеткенше қозғалмаған, тамаққа да тұрмаған.

Кеш батты. Жұлдыз жамырап, ай туды. Қос төбесіндегі болмашы саңылаудан соның бәрін бақылап, іштен тынып, үнсіз жатқан ол дөнбекшіп, өз-өзінен тыпыршып қозғала берген-ді. Ақыры, шыдамады. Жылы киініп, бір аяқ күрт езілген сорпаны дем алмастан тастап алды да, сыртқа шықты.

Таған астында екі ат байлаулы тұр екен. Бірі ерттеулі, бірі бос. Ежелгі қос дәстүрі осы. Күзет атынсыз қос болмайды. Далада тұрлау жоқ. Дала желіне сенім жоқ. Күзет атын байлап-матап және біреу емес қостап ұстамасаң — қысылтаян сәт туғанда қапы қалғаның. Жаяу қалған жылқышыдан сорлы жан жоқ онда. Сонсоң да қос басы осындай күзет аттары тұрады. Және солар анау-мынау мініскер емес, жүріске мықты, шабандоз аттардан сайланады.

Амангелді тандаған жоқ, ерттеулі тұрған боз аттың тізгінін шешіп, үстіне қарғып мінді. Беті — Байсын жоталары. Желе жортып кете барды.

...Сол сапардан ол үш күннен соң оралды. Қандай қарекет қылғанын, қалай ұстап, қалай үйреткенін әңгімелеген жоқ, қосқа құла бестіні мініп келгені анық. Болған жайды жылқышылар сұрамай-ақ білді. Боз атты айырбастап келген. Телқұла енді жылқыға қосылады, жуас боз болса етке кетті... Болған іске не десін, Әрекең де үндеген жоқ. Тек бала бақташының қыңыр ісіне иә риза болғанын, иә ашуланғанын байқатпай, басын шайқап:

— Иә бағыңа, иә сорыңа мінерсің, — деген.

Боранды түні Амангелді құрық салған Телқұла ат табындағы жылқыға осылай қосылып еді.

* * *

Табын төзе алмады. Таң ата кезікті ме, әлде, тал түсте ұшырады ма? Әйтеуір боранның жер-көктен үдемелеп түтеп, көз аштырмай дамылсыз соғып, жеңгені анық.

Жылқышы табынның алдын тосып, шашау шыққанын кейін қайырып жүрген-ді. Мың тұяқтың дүрсілін, мың қараның жөңкілін бұрын сезді ме, астындағы құла кенет бір бүйірге жалт берді. Аққан сенше жөңкілген жылқы нөпірі зу-зу етіп, қасынан өте шықты. Әлденеден үріккендей, сірә.

Әлдебір жойқын күш алдына салып айдап келе жатқан сияқты. Зәре-құты қалмай ағып барады, бірін-бірі баса, алдыңғы лекті өкшелей жөңкілген нөпір. Тізгінді қос қолдап шірене тартса да, Телқұла бой бермеді, бей-берекет жосыған толқын жолынан едәуір жыраққа бұрып әкетті.

Сонда ғана Амангелді бір қауіптен аман қалғанын сезген: қалың жылқының таптап кетуінен есті жануардың сақтап қалғанын білсе де, атын жонға аяусыз осып, ақыры әрең дегенде ыққан жылқының алдына шықты. Со бетінде аруақтана дауыстап: «Қайт, кейін қайт, қайт!» деп айғайлап, қиқу сала табынға шүйілікті. Айқасқан сәтте-ақ алдыңғы шоғырдың тоз-тозын шығарды, тіпті жөңкілген екпінін тежеп, желге қарсы қақпайлап біршама иліктіргендей болды. Анығында, бұл – жылқышы үшін де, астындағы атына да үлкен сын болған қатерлі кезең еді.

Омырауын қар көміп, тұла бойын көбік жауып, тебінгі астынан көтерілген тер құшак-құшак бу атып қыстығып жүрсе де, Телқұла сыр берген жоқ. Әлгіден соң камшы салдырмай ағудан жаңылмады. Жылқының алдын сан қайтара орай шауып, сан қайтара аққан селді күшпен тоқтатып, аянбай арпалысты. Ғажапты қараңыз: ақ айран түтек ішінен күндізгідей көретін сияқты, жырақ кеткенді тез тауып, ұзатпай қайырып алады; мына қалпы бірде-бір тұяқты шашау шығарар емес.

Нақ осы қаракетті айғырлар да жасап жүр. Әсіресе жанталаса қимылдаған құтпан айғырлардың қайраты ерен. Кәнігі тарландар қатерлі сәтті шын-ақ сезгендей: тым сергек, тым адуын; мезгіл-мезгіл шұрқырай кісінеп, дыбыс қатып, айнала шауып, үйірін тастүйін жиып алады да, желге маңдайын тіреп тұра қалады; сонсоң аяқ астын тарпып-тарпып жіберіп, мойнын ішіне ала, тағы да ығып бара жатқан тай-құнанға ауыз сала ұмтылады.

Жан ұшырған айқас созыла берді. Бейне бір ежелден аңдысқан екі жау бетпе-бет келіп, жағадан алып тұрғандай. Әзірше тек жеңгені жоқ. Екі жағы да орасан зор қажыр-қайрат көрсетіп, өзара тайталасып жатқандай. Боран «алам, қайтсем де астыма салам» деп долданса, сауы-

рына мұз қатқан, өне бойын қырау шалған қалың жылқы «ала алмайсың, беріспеймін» дескендей, табиғаттың долы күшіне маңдайын тірей қарсы шауып келеді.

Тілсіз дүлей бұл жолы бірақ күштірек еді. Әредік еңсеріп кетеді. Айғырлар сәл ғана босаңсыды-ақ, Телқұла үстіндегі жылқышы үні сәл-пәл тыншыды-ақ, тентек боран бел алып, бей-берекет ұйлыққан табынды алдына салып қуа жөнеледі. Атын борбайлап Амангелді тағы да алға түседі...

Уақыт мөлшерін ол білген жоқ. Ал білгісі келін төс қалтасына қол салғанда, қалта сағатының қос тілінің төртке ілігіп тоқтап тұрғанын аңғарған. Сірә, кешеден бергі арпалыста бұрауды ұмытып кеткен.

Уақытты мөлшерлеудің соңғы мүмкіндігінен ол осылай айырылған еді.

Матай бұйратына, сірә, жете алмады. Долы боран бұрып әкетті. Ал қазір қай манатта? Қалай қарай ығып барады? Оның жөнін білмейді. Ен жазықтың түпсіз тұңғиығына түсіп кеткені анық. Шегіне соның қашан жетеді? Бүгін түнде, әлде ертең? Оны да білмейді. Қостың шеткері қалғанын іші сезеді. Ондағы үлкендер, әрине, қарап отырған жоқ. Күзет аттарын жетекке алып, жылқы тоқтар-ау деген ықтасын пананы сыпыра сүзіп, сабыла іздеп жүргені сөзсіз. Бірақ, мына аласапыранда із кесе ме, жылқы тезегіне қарап, бағыт бағдарлар ма? Жоқ, кездейсоқ кездесу болмаса?..

Амангелді өзін іздеушілермен кезігуге сенген жоқ.

Басқа ат ұстап мінді. Сенімді атын тың ұстағысы келді ме, қысталаң сәт туарға дейін ер салмауға бекінді ме, кім білсін?..

Әлден уақытта төңірегі тұнжырап, қараңғылық қоюлана бастады. Сірә, келесі түннің кезегі жеткен. Соған да күдіктеніп, әлде үміт оты мазалап, төбесіне телміре қараған. Жоқ, әншейінде есепсіз жамырап, ұйқы бермей жымындап, жанын қытықтап тұратын аспан шырақтарын таба алмады? Бірде-бірі көрінбеді. Бір ғана сәтке жалт етсейші бірі. Көрінсейші, ең әлсіз, сәулесі бұлдыр бір жұлдыз! Табар еді ыққа бастар бағытты. Жетер еді пана болар бір қойнауға. Амал қанша, түн сақшылары да көз көрмес қиянға қашып кеткен сияқты-ау.

Өзегі талды. Одан гөрі ұйқының азабы өтіп барады. Манағы бір сәтте аз-маз мызғып алғысы келіп, көзін жұмған. Ер қасына етпеттей жатқан. Ұйықтай алмады бірақ. Бір жасырын күш, жөн-жосығы белгісіз тылсым дүние, әлде үрей, әлде сақтық уысынан босатпай қойды, сергітіп те жібермеді. Мас қылғандай бей-жай күйден шығармай мазалай берді. Кей сәт кірпігі жұмылып қалғып кетсе де, әлдекім иығынан түрткендей селк ете түседі. Сонсоң қайта қалғиды. Тағы оятады әлгі күш. Әйтеуір ширек сағат дамылдап ұйықтай алмады. Түкірігі таусылған ба, таңдайы тобарсып, жұтына бергені де содан. Екі-үш рет тамағын кенеп, әріден түкірік тартқан еді, таңдайы құрғап қалған ба, ештеңе келмеді.

Сонда ғана оның есіне қос туралы ескі жыр түсті. Жаугершілік заманның машық азығы құрт хақында айтылатын сөздері құлағына еміс-еміс шалынғандай болды. Әрібай ағасы да айтар еді:

— Пай-пай, ашықсаң — аш өзегінді жалғар, шөлдесең — мейірінді қандырар, қасиетті асымыз қой құртына не жетер! Бес сықпаның ауырлығы жоқ, қашан болмасан қалтанды содан бос қойма! Баршана айтар өсиетімнің бірі осы, ұмытпаңдар соны. Ұмытпа бақыршы балақан...

Үміт жетелеп жалма-жан қойнына қол салды. Тері кәзекейдің сырт қалтасын ақтарып, быртиған саусақтары тінте іздеп ішкіге қыдырды. Иә, сәт, жолы болғай! Қайтарма меселін!.. Ілікті-ау бір сәтте. Біреу емес, бірнешеу. Мұндай қуанбас! Уысына қатты қысып, біреуін суырып алды қойнынан. Құрт емес, алақанына алтын салып тұрғандай-ақ, аса бір сақтықпен таңдайына басты.

Бұрын жегенде тамақ қыратын ащы дәмін сезетін. Қой сүтінен қорытылған майлы құрттың тіл үйіргендей тәтті екенін осы жолы аңғарды. Таңдайына ұзақ ұстап құшырлана сорды. Кәдімгідей тояттап қалды. Сорған сайын қышқылтым дәмі аш өзектен әрі өткен сайын, бойы жылынып, әлденіп те қалды. Тіпті аяқ-қолы жылып сергігендей болды.

«Білген-ақ екенсің, қайран баба, қандай асты құрмет тұтып, жырға қосуды! — деп мейірлене ойлады кенет. —

«Жарты малта ас болмай, Темір қазық жастанбай... Ерлердің ісі бітер ме», — деуші ме еді, сірә, бұдан да ұзағырақ, мәні де ауқымдырақ сияқты еді...». Қапелімде есіне түссейші.

Иә... иә, бір қатесі жоқ. Нақ солай деп, құрт қасиетін де бабаларымыз жыр еткен. Нелер қиян алысқа шеру тартқан сапарда, ауыр айқас жорықта қоржын түбіне түсер ас — сықпа құрт болған. Тіпті аяқтап айран жиып, содан нәрлі құрт қайната білген өнерің үшін, мал сүгінің нәр-шырынын, әл-қуат құяр асыл қасиетін күндер мен түндерге, айлар мен жылдарға сақтап, қаз қалпында жеткізе білген ғажап шеберлігің үшін айналдым сенен асыл аналар! Осы құртты неше сағат қайнатып, суын әбден сығып, қоймалжың қалдығын жұп-жұмсақ алақанына салып, баладай әлпештеп отырып, өреге пізген әйел саусақтарын бетіме басып тұрып, мейірлене сүйсемші шіркін! «Бір сықпа — бір аяқ сүтпен тең. Қадірлей біл, балам, халқыңның жорық асын» — деуші еді-ау марқұм анасы. Рас айтыпсың, ғазиз анам. Асықтай сықпа өзегім астан талған шақта, бір аяқ айран ішкендей-ақ, мейірімді қандырып, шөлімді басты. Шын-ақ тояттап қалдым.

Көз аштырмаған түтекке өшіге қараған Амангелді ернін жымқыра тістеп алған. Өзін қоршаған қараңғылық шымылдығын дал-дал ғып айырып тастардай мына түрі, астындағы атын аямай қамшылап, түнек ішіне сүңгіп-сүңгіп кетеді. Қиқулаған дауысы бір семген жоқ. Үні біресе жылқының алдынан, біресе артынан естіледі.

Кеш түскеннен бері мініс атын екі мәрте ауыстырды. Әлі де талай саяққа ер салатын түрі бар. Көзін әлі ілген жоқ, дамылсыз жортуда.

Әйтсе де әлсіреген екен. Боранның аз-маз саябырлап, үдемелі жел сәл бәсеңдеген сәт еді, жылқы ішіне бойлай кіріп тұра қалды. Құрысқан аяқ-қолын жазғысы келіп, атынан түсіп қорбаң-қорбаң жүгіре бастады. Әредік жерге еңкейіп уыстап қар алады да, алақанына салып, қолы-басын ысқылайды. Аздап деміккендей ме? Әлде өзегі талғанның әсері? Әлде қалың киіммен жаяу жүрген соң сөйтті? Тағы да шөл қыса бастады. Қап, болмас. Шыдағысы келіп еді, таң атқанша төзбекке бекінген-ді. Қоймады шөл?!

Қойнына тағы да қол салды. Бұл жолы саусағына құрттың кішірегі ілінді. Алғашқы сорғаны құлжа асығындай зор еді, мынау соның кентайы сияқты. Амангелді қолын әрірек сүнгіте түсіп, сықпаны уысына алды. Алақанында тіс батпас қатты сықпа емес, шок жатқандай жылу сезілді. Қаттырақ қысып біраз ұстады, әлі ұстап тұр. Бір ойық, екі ойық.... үш...

— Менің саусақтарым кіп-кішкентай? Міне, қарашы өзің. Нанбасаң мына қолымнан шыққан сықпаны көр!

Әлдекім сыңғырлай күлді. Апыр-ау, мынау таныс күлкі ғой. Тіпті сыңғырлай естілетін ашық үні де. Рымгүлдің үні. Амангелді оны ап-анық естіді. «Апыр-ай, қай-қайдағы еске түседі екен-ау?..»

* * *

...Жадыраған жаз еді о кез. Жылқының дені жайлауда қалған. Үлкен қостан іріктеліп бөлінген мама биелер мен мініс аттар ғана осы арада. Келдібай қорығындағы ескі қыстауды қоныстайтын жылқышылардың үй-іші жаз шыға Қарауылтас сыртындағы кішкене өзеннің бойына көшіп конған. Амангелді де бірге келген. Күндіз бие сауғызады, түнде жылқыға шығады. Әредік құрық тимеген тай-құнанды үйретеді. Шаршадым деп бір айтқан емес. Айтпайтын да сияқты. Әсіресе түнгі күзетке қуана аттанады.

Ал күзеттің бәрі жаздағыдай болсайшы!.. Қайда барсаң кок шалғын, аяғыңа оралып жүргізбейді. Малға жұғымдылығы қандай! Мұрныңды жарған көк иісі адамды тура ішпей-жемей мас қылғандай. Көрінген сай — бір бұлақ, көрінген жыра — бір өзен. Қайсысынан суарғың келеді? Жылысын іздесең — өзекке құлат, суығы керек пе — бұлаққа айда. Мұздай ызғары тас төбеннен бір-ақ шықсын. Жата қалып, қолынды сәл ұсташы — тісің тісіңе тимей сақылдасын-ай кеп. Қыстағыдай бөрі-қары жоқ. Олар қазір аяқ жетпес қиянда, елсіз алысқа күшіктерін өргізуде. Әбден аяқтандырмай қайтпайды. Сонсоң да кәперіне ештеңе алмай, еркін жүресің...

Амангелдінің түнгі күзетке қуана шығатын себебінің бірі — осы, жыл мезгілінің бірінде болмайтын жаз қызығы. Жылқы-

ны ауылдан ұзатыңқырап, оты мол жайылымға айдап салады да, бір мәрте айналып шығады. Сонсоң мініс атын әлдебір тобылғы, иә қарағанға арқандай салып, бұйырған жерге қисаяды. Рас, жазғы түн тым қысқа. Көп ұйықтай алмайсың. Бірақ, ет асым мезгіл мызғып алуыңа болады. О да аз ұйқы емес.

Таза ауа. Түн самалы. Дала түгінің танауынды қытықтаған шөп иісі... Түн жәндіктерінің әр алуан дауысты әсем хоры, әлдеқалай шырылдаған құстар үні. Сол әуенге үн қосқан өзен сыңқылы, бұлақ суының жайдары сылдыры. Бұған енді кеңсірік жарған қымыздың қышқылтым дәмін қосыңыз. Күзетке аттанарда тоя ішкен уыз қымыздың таңдайыннан кекірте қайтқан ашқылтым иісі ше... Тұла бойың ракат күйге бөленіп еріксіз шалқиды. Қисайған бетте қор етпеске шараң жоқ. Төсегің — көк шалғын, көрпең — көк аспан. Қалың шөпті жапыра жатасың шалқаңнан...

Алайда сол жазда Амангелді бұрынғыдай емін-еркін ұйықтаған жоқ. Күзетке шықты-ақ, жылқыны тықсыра айдап, Ақтас жаққа құлата бастайды. Ақтас — кеңшар орталығына сұғына еніп тұрған жатаған бұйрат. Шаруашылық аты да содан алынған. Бұйраттың ең шеткі, қыл мойын жотасына іліне жылқыны токтатады да, құлақшынын қолына алып құлағын түреді.

Сол жазда ол пысқырған жылқы атаулымен өш боп алды. Әсіресе жас құлындардың асыр салып, айнала шапқылаған ойынына өш. Күні бойы желіде байлаулы тұрып зеріккен құлындар қайтсін оны. Бірін-бірі қуалап, құйрықтарын көтеріп алып, әрлі-берлі шапқылағанда жота үстін ауыл көшкендей қылады. Оскирынған, тебіскен тай-жабағылар қандай! Олар да тасырлап жөңкілуден кенде болмайды. Ал, жас жылқышыға тыныштық керек. Ол биыл құлаққа ұрған танадай жым-жырт мүлгіген тыныш түнді ғана ұнататын болған. Сонсоң да шұрқыраған даң-дұны көп табыннан ұзап, кеңшар орталығына ұрымтал жерге жетеді. Кейде жолы болып іздегеніне кездеседі. Өзін шақырғандай алыстан асқақтай шыққан ән сазын естіп, қыбыр етпей тұра қалады. Кейде шыдай алмай, сірә, қуанғаны шығар, атына қамшы басып, даланы тасырлата Ақтасқа қарай құйғыта шабады.

Актас ауылы алтыбакан құруды ұмыта қоймаған. Кешке қарай ауыл жастары сар даланың ауылмен шектесетін шетіне жиналып, ойын-сауық ұйымдастырады: алтыбакан теуіп, ән шырқайды; ақ сүйек іздейді; ұры болып та ойнайды; әйтеуір таң атқанша ермек етер ойындар аз емес...

Амангелдінің де тынышы кете аңсап, орталық жаққа жауаңдай қарап, тың тыңдайтын себебі де осы. Алтыбақанға жиналған жастардың дауысын құлағы шалды-ақ, келмей қалған емес.

Өткен қыста ол Рымгүлмен жақынырақ танысқан. Етжақын ағасы үшінші фермада қой бағады. Рымгүл де өзіндей әке-шешесін ерте берген, жеңге тәрбиесінде. Сол бір кіріптарлық жәйт өзара жақындасуға дәнекер болды ма, әйтеуір алғаш тілдескен күннен-ақ екеуі бірін-бірі үнсіз ұғысып қалған. Қантар туа жылқышылар қосы Егінжай қыстағына жақын қонды. Көршілік хақысын арқаланды ма, кім білсін, қолы босаса-ақ Амангелді құлаға ер салып, қыстаққа жетіп келетін. Алғашқыда сыйлы қонақ болып, үй иелерінен жылы шырай көріп аттанып жүрді. Бірақ амал не, келе-келе шопан үйінің ашық қолы жұмылып, жылы көзқарас суық шырайға ауысты. Қыздың ағасы өзіне алакөздеп қарайтын болды. Тіпті басқан ізін пысықай әйеліне аңдытып қоятынды шығарды. Нендей егер сөздің араға жүргенін Амангелді білген жоқ. Ұнатпайды-ақ. Қолын кессін бе, бармағын шайнап, өкініп-ақ жүр. Тура сұрауға жолы жіңішке, әлі батылы жетпейді. Ал соның бәрін елең қылмай, қолын сілтеп жүре берер еді (шынында да ескі ғұрыпта шаруасы қанша?). Қызы бар болғырдың өзі де бұл жайында ләм-мим деп үндемей, мысын құртты: біржола келме демеді; қуып та жібермеді; ағасының тиымына да ара тұрмады. Әлде ұяң, әлде сүймейсің?.. Өзі де оны сүйе ме, осы әуресі жастық желең жетелеген әншейін бір жауып өтер нәсердей өткінші сезім желігі ме?.. Соның анық-қанығын Амангелді білген емес. Әйтеуір сол бір қарақат көз, қараторы, талдырманш қызды жиі-жиі көруге ансары ауып, құмартқаны анық.

Дауысы да оның келісігі еді. Неше түрлі әнді шырқата жөнелгенде демінді жұтып, тына қал. Ал қоңыраулы үн

күмбір-күмбір дыбыспен төгіле береді. Тазалығын кәусар бұлақ дерсің. Сыңғыр-сыңғыр үнмен құйылып жатады, енді үзіледі-ау, бітті-ау деп қыпылдап тұрғанында, тағы бір, бұрынғыдан да әсем де әуезді дыбыс күмбірлеп шыға келеді. Құдды бір таусылмас мол қайнар көзден шығып жатқандай.

Рымгүлдің әуезді дауысын Амангелді қандай көп ішінде айтпасын, сол жазда жаңылмай айыратын болды.

Жаз шыға Рымгүл тігіншілер шеберханасына жұмысқа түсті де, орталықта тұратын немере ағасы Кенештің қолына келді. Амангелді оны Қарауылтас сыртына қонған кезде естіген. Содан бері жас жігіттен тыныштық кетті. Жастар дуын естіді-ақ жылқыны жайылымға тастап, алтыбақан басына асыға жететін-ді. Әрине, атын алысқа тұсап тастап, ылғи жаяу келетін. Кейде жолы болып, Рымгүлге кезітетін. Кейде ұнжырғасы салбырап, тілдесе алмай, көңілісіз қайтатын.

Алтыбақанға шыққандар түн ортасы ауа ақсүйек ойнауға кіріседі. Қаранғы түкпірге лақтырылған ақ сүйекті іздеу жап-жақсы ермек. Бірақ соның жастарға ерекше ұнайтын тағы бір себебі: ойын үстінде қыздарға «қасқыр» шүйлігеді; көңілің қалаған жанмен оңаша кездесуге бұдан артық сылтау бола ма?.. Ынтыққан жүректер оңаша тілдесер сәтте те осы. Сонсоң да «қасқыр» болатын жігіттерге тапсырма көп. Түнгі серуеннің еркесі де, серкесі де – солар. «Қасқырмен» дос болсаң – қалаған қызыңды шығартып аласың. Қыз қаласын-қаламасын, қолын бұрап жетектеп алады, кейде қойша өңгеріп, өзін күткен таса жерге әкеп береді. Ойын шарты солай.

Нартай деген оспадарлау жігітпен Амангелді сол жазда дос болып алған. Нартайдың аздаған серілігі бар, әрі атқұмар. Жылқышылар ауылына ол жиі келеді. Шаруасы әрдайым біреу-ақ: Телқұла атты тақымына басу. Қашан бәйге құла тақымына тигенше кетпейді, бие сауғызып, көбіне әңгіме кітаптарды жылқышыларға дауыстап оқып беріп, неше күн жатады. Әсілі, мұндай қыдырмашыларды Амангелді ұнатпайтын. Бірақ, Нартайдың жөні басқа. Алтыбақан ұйымдастыратын да, ақсүйек ойнауға жастарды еліктіріп, үнемі «қасқыр» болатын да сол.

...Нартай уәдесінде тұрды. Бір жолы тасада жатқан Амангелдіге Рымгүлді «ұрлап» әкелді. Шу дегенде жылқышы жігіт абыржып қалды. Шылбырын ұзарта ұстап, атын жетектеген ол алтыбақан басынан қашығыраққа ұзай берді. Шылбырдан бос бір қолын қоярға жер таппай, біресе қалтасына тығады, біресе артына ұстайды. Жүрегі лүп-лүп соғып келеді. Бірер рет сүрініп кетті. Сірә, көделі сайға түссе керек.

Қызы бар болғыр да сынағысы келгендей ләм-мим демеді. Қалып та қоймады, Амангелдімен қатарласып жай-барақат ілесіп келеді. Қайда барамыз деп те сұрамады. Көделі сай таусылып, қара жолдың табанына түскенде құла аттың кекілін сипап тұрып:

— Мені жетім қозы көремісің... Неге ұрлатасың? — деді.

— Сонда... қозыны талап жейтін қасқыр мен бе? Қорықпа, тиіспеймін...

Екеуі де қабаттаса күлді. Қыстағы жолығысудан кейінгі оңаша тілдесу еді. Арадағы болмашы салқындық осы күлкімен ұмыт болды. Кикілжің тарқады. Көңіл қайта жарасты. Жүректер қайта лүпілдеді. Иен далада екеуі ғана. Сыбыр қағып селеу тұр. Көде біткен бастарын желпіп: «соларың дұрыс, сөйткенің жөн» деп сыбырлап тұрғандай, екеуінің табаны үстінен жапыра басқанда сондай ызынмен саудыр-саудыр етеді. Салқын самал да мандай алдынан желпіді. Жанға жайлы таң самалы. Жүректерін қытықтап, бетін сипай желпінтіп келеді. Жүріп келеді, таусылар ма сірәда «құлпырған жасыл жер жүзі...». Жүре берсең құмарың қана ма, тоярмысың осынау самалы жұпар жайлы түннің ләззатына. Төбеде жымындап шытыра жұлдыздар тұр. Санап та көрді. Жаңылып қалып, қайта санады. Тағы да жаңылды. Содан соң тоқтап, көп шырақтың ішінен өз жұлдыздарын іздей бастады. Бәрекелді, оңынан туған екен. Оңай тапты. Жаңылған жоқ. Және екеуінің де тапқаны — бір жұлдыз. Таң шолпаны. Мандайда жымындап тұрған қалпында тапты. Басқалардан жырақ тұр. Жарығы да өзгеше сықылды. Әлде сәулесі күшті, әлде көңілге жақын? Қараған сайын ынтық етіп, жарығы да күшейе түскендей. Ал анау, асты-үстіндегі басқа жұлдыздар сөніп бара жатқандай.

Амангелді жылқыға кеш оралды. Таң атқанын сезбеген. Өріске шауып келсе, жылқы бытырап кеткен. Алдыартын жинағанша, одан үдіре айдап, ауылға жеткенше түс болды. Ол күні бие байланған жоқ. Шөпшілер де, орталықтағылар да ертенінде сусынсыз қалды.

Неге сөйткенін кім білсін, Әрібай ағасы сол жолы үндеген жоқ. Қайда болдын деп те сұрамады.

Алайда Амангелді екінші мәрте кешігіп, тағы да түс ауа келгенде, жас жылқышыға козінің астымен қарап, сылқ-сылқ күліп:

— Біз де ғашық болғанбыз, бала. Бірақ шаруамызды ұмытқан жоқ едік, — деп басын шайқаған.

Ренжіп айтты ма, әзілдеп айтты ма, аңғартқан жоқ. Сөз арасында жай ғана атөтті ескертті. Амангелді бояқтай болып қызарандады. Ұялғаны шығар, жылқыға қарай тасы-тұсыр шаба жөнелген-ді.

Үшінші жолы ол ойламаған оқиғаға тап болды.

Рымгүлмен уәделі жерле жолығып, көңілі тасып, атын қалдырған тасаға еңтіге жүгіріп келген. Байлаған жерде оттап тұратын Телқұла бұл жолы таптырмады. Мықты-ак байлаған сияқты еді. Шылбырды ораған қарағаны да ошақтай үлкен болатын, бір талы жұлынбапты, мұрты сынбаған қалпында тұр. Ал байлауының беріктігі өзіне аян. Қаншама танданып, таңдай қақсаң да шара қайсы? Ат босанып кеткен. Тек ұзамасын!

Амангелді зыр жүгіріп, төбе басына шықты. Сай-сайды қуалап, карамаған қуысы жоқ. Таптырмады құла ат. Ең құрығанда, із шалдырмады. Жер жұтқандай зым-зия жоқ. Әлде жылқыға тартып кетті? Қырсыққанда бүгін жылқыны қашыққа тастаған еді, жүйрік құланың ұшқыр тұяғына сенген-ді. Енді соған жаяу кету керек. Түске дейін жете алса тек?.. Жә, сонда ер-тоқым, жүгенсіз, әрі атынан айырылып қалай барады? Не айтады ауылдағыларға? Масқара емес пе? Жо-жок. Ер жігітке, сірә, бұдан асқан жаза болмас!..

Күн шықты. Амангелді әлі де жападан-жалғыз сенделіп тау бөктерінде жүр. Әбден шаршады.

Түс әлетінде кезіккен біреу жон сілтемесе әлі де іздегендей еді. Сонда ғана ол өзі душар болған сәтсіздікті біліп,

сылқ отыра кетті. Манадан бергі шаршап-шалдыққаны, мынамен салыстырғанда, әншейін нәрсе...

«Апыр-ай, мұндай да тағьлық болады екен?.. Жолын әдейі тосқан. Андып жүріп, ізін басқан. О, кер заманның Қарабайы, әлі де тірі ме едің? Жетілдім деп жүрсем, көзім ашылды, көсегем көгерді деп жүрсем, сендей мерездер әлі де жолымда кескестеп тұр ма едің? Пай-пай, біздің даланың кендігі-ай! Бір пұшпағында игі істі қуаныштап той-тойлап жатсаң, бір пұшпағында айтып болмас қырсықтар қозыша өріп жататыны несі осы?.. Амал жоқ, Кенешке бармай болмайды. Тақымыма жазған құла атымды тастап қалай қайтамын?..»

Кенеш тосып отыр екен. Телқұланы есік алдына байлап қойыпты. Жұрт көрсін деп әдейі істеген сияқты. Онысын Амангелді бірден түсінді. Атын көрген сәтте-ақ түсінді де көзін жұма қойды...

Көз алдындағы одағай көріністі көргісі келмегені анық. Өңі түгіл түсінде ойламаған, көптен бері бұл ел көрмеген, естімеген сұмдық! Біржола ұмытыла бастаған, көне көз қарттар есінде ғана сақталған жат көрініс, жайсыз ғұрып!

Құла ат төгілген құйрығынан ада болған. Күдірейген жалын қоса беріпті. Кекілі де шүнтийп шорт кесілген. Не жал жоқ, не құйрық жоқ, не кекіл жоқ, қауқиған сом дене ғана қалған. Бәрі-бәрі соның тып-типыл күзелген. Бәйге құланың көздің жауын алар сымбат-мүсіні жұрдай болған, енді арда емген құнанша құнтийп тұр. Жонына қонған шыбынды бұрынғыдай жасқай алмай, құдайына жазып қапты. Бейшаралық та бес тұтам қылшыққа байланысты деп кім ойлаған? Үстіндегі ер де теріс ерттеліпті. Биік қасы артына қарап, ебедейсіз состиып тұр. Теріс ерттелгенде, көз үйренбеген соң ба, тіпті сөлекет көрінеді екен.

Осының бәрі Кенештің өзіне кескен жазасы. Кеше ғана жайлау төсінде қозы-лақ қуып жүріп бірге өскен, бір аяқтан айран ішкен замандас жігіттің өзіне білдірген наразылық жазасы. Күйеуді менсінбегенде, сүйек болғысы келмегенде ғана қолданатын ескі ғұрып. Күйеу жақты кеміткісі келгенде әдейі жасайтын, иә құданың, иә күйеудің астындағы атты шүнтита күзеп тастап масқаралау шарты

осы. Өзімен жақын-жуық жүргеніне ағаларының разы емесін Рымгүл ана жолы ескерткен. Кенештің ара ағайын арқылы жеткізген сәлемін де естіген-ді. Бірақ, елемеген еді. Рымгүлдің ақжарқын жаратылысына құлай беріліп, өзге дүниені тәрк етуінің нәтижесі... Дәп қазір Ақтастағы үлкен-кішінің өзі туралы неше алуан сөз қоздырып, бірден-бірге жеткізіп жатқаны сөзсіз. Кенештің тілегені де сол. Әйтпесе күзелген атты есік алдына, көрнекті жерге байлар ма еді? Соны да ол есеппен істеген.

Аманкелді айқай көтерген жоқ. Ернін жымқыра тістеніп алды да, үнсіз жүріп, ерін қайта ерттеді. Сонсоң атына қарғып мінді.

— Қуарған жетімек! Қара мұның меселін, аспандағы аққуды ілмек. Ілесің, ілдіремін саған! Оқу тауысқан қаратаяқтар тұрғанда қара мұның дәмесін?! Күйеу болмақ маған! Ха... ха!.. Күйеу аты құл астында. Тағы келгейсің, сүмелек бақташы.

Соңынан қарқылдай күліп, көпіре күжілдеген Кенештің сөзіне де ләм-мим деген жоқ, желе жортып кете барды. Ернін қатты тістеген екен, былай шыға жылымшы қан дәмі тіліне үйірілгенде ғана білді, қанталап кетіпті. Құланы сауырға аямай осып, тартып келеді. Беті — ауыл емес, өрістегі саяқ жылқы. Жылқыға келген соң да атын ауыстырмады. Со бетінде жүре берді. Әдейі сөйтті ме, жоқ, ұмытып кетті ме, кім білсін?.. Құлағынан бағанағы ызың кетпей қойды. Тау-тас, айналасындағы мүлгіген сары жон дала: «Ей, сорлы жетімек, көрешегің қашанда осы», — деп күніреніп тұрғандай. Жел ызыңы да: «Әкең тірі болса, сөйтер ме еді? Ең құрығанда ет бауыр туман жоқ, қу жалғыз», — деп құлағына күмбір-күмбір сыбырлайтын сияқты. Көрінген бұта аяғынан қағып, «Енді қайт дейсің, оқуды ілгерілеп оқып, қандайда бір дипломың болса, сені бүйтіп Кенеш замандасың кемітер ме еді?» деп бетіне түрткендей. Кей сәт соның бәрі күлегеш Кенеш болып, көз алдына кес-кестеп тұра қалады. Құрығын оңтайлап, талмауыр бүйірден ұрып жіберуге ыңғайланып, атын тебіне түседі, бірақ одан әріге батылы жетпей, кенет қолы сылқ түсіп, құланың шұңтқан жалын құшып жата кетеді. Сірә, Кенешпен мана

аяусыз төбелес бастап, шаңырағын ортасына түсіргенше жанжал жасап, айқай-шу көтермегеніне өкінеді, қазір де соны жасай алмайтын жігерсіздігіне ренжи ме?.. Әйтеуір өмірі ұмытылмас өксікке тап болғаны анық. Жыламады бірақ. Тілін тістеп, іштен тынып жүре берді. Бір ашы запыран тамағына келіп қинап жүр тек. Әлде ыза, әлде шер?

Әрібай ағасы кешке таман іздеп келді. Зерделі карт жанын жаралап ештеңе сұрамады. Үйге қайт деп те қинамады. Іле ауылға қайтып кетті де ас-су алып келді.

Түнгі күзетте бірге болды.

Жеті қараңғы түнде не десін, көп уақыт үнсіз жүрді. Тек жылқыны қосарлана жүріп айналған бір сәтте Әрекен:

– Қызы бар болғыр өзі... ұната ма сені? – деген-ді.

– Әрине, – деді Амангелді үні шықпай, соның өзін әрең айтты. Сірә, сөйлеуге де зауқы болмаған сияқты. Қарт та одан әрі қинаған жоқ. Жылқы ішіне кіріп, аттарын тұсап отқа жіберді де дамылдауға жатты.

Әрекеннің ұзақ сонар әңгімесі келесі күні басталды. Ауылға келген соң-ақ құлын байлап жүріп, шай үстінде де қайдағы-жайдағыдан сөз қозғап, болмысында жоқ тиышсыздық аңғартсын. Ұмыт бола бастаған қайдағы-жайдағы есіне түсіріп, сөзді тіпті әріден суырды: кабіріне шөп шығып, сүйегі баяғыда қураған қайын атасын да есіне түсіріп, өзі басынан кешкен бір жәйтті тәптіштей баяндаған; әлде өтірік, әлде шын, айтуынша, қайын жұрты көп мал сұрап, бәйбішесі Айжекенді бере қоймапты. Өзі тақыр кедей, қыруар малды қайдан тапсын? Атын сайлап барып, алып қашса керек...

Амангелді бас жылқышының әңгімесін үнсіз тыңдады. Әредік көзінің астымен Әрекеңе қарап қояды. Сірә, сенер-сенбесін білмеген тәрізді. Сөйтсе де кешеден бергі бұйығы қалпынан айыға алмады.

Келесі күндері де ол аса серги қоймады. Тұнжыраған қалпында асқа отырып, үн-түнсіз тамағын ішіп, со күйінде жылқыға аттанып жүрді. Ал түн болды-ақ жылқыны өзен бойына айдап тастап, қыратқа шығады да, атынан түсіп, көде үстіне жайғасады. Жай отырмайды, құлағын Ақтас жаққа тігіп, «әу» деген дыбыс шықса-ақ, қалт жібермеуге тырыскандай, құлақ-

шынын қолына алып, зейін сала құлақ түреді. Ұзақ тындайды. Содан тіпті сағаттар бойы жалығар емес.

Ақыры бір түні іздегеніне жолықты. Жұлдыз жамыраған, айлы тымық кеште, Рымгүлдің алыстан талықси шыққан әсем үнін құлағы шалғаны анық.

Богелген жоқ. Жылқыға шауып келіп, құла атты ұстап алып, жалма-жан ер салды. Астындағы күренді жетегіне және алды. Со бетінде суыт жүріп отырып, ойын болып жатқан жерге жетіп келді де:

— Рымгүл! — деді алтыбақан басындағыларға естірте қатты дауыстап. Жүрегі алқынып, жөпішенде сөйлей алмай, тұтыға, үні дірілдей шықты, — С...с... сенің ағаң... мені қорлап, ел естімеген маскараға душар етті. Ғұрпыма тартсам, қазақ жолын ұстасам, менің қайта оралуым жөнсіз әрекет... Бірақ, міне, көріп тұрсың, мен... мен қайтып келдім! Саған келдім. Рымгүл, естимісің, тағы келдім... және немере ағаң құйрық-жалын күзеген Телқұламен келіп тұрмын... Мендік болсаң — міне, төл атым! Ендігі өмірді бірге өткіземіз!..

Амангелдіні қоршаған жастар тұс-тұстан жамырай гулеп, біреулері жөн деп, екіншілері құптамай, ізінше кері қайт... десті. Рымгүл болса, бақанға сүйеніп, үнсіз тұр. Сірә, күтпеген сәтте атой салып шыға келген жылқышы жігітке не айтарын білмей, дағдарып тұрған сияқты. Анадағы кездесуден соң көргені осы. Содан бері Амангелді көп нәрсеге ойланған тәрізді. Тіпті есейіп кеткендей. Дауысы қатқыл, сөзі өктем бе қалай? «Апыр-ай, әлгі жұлдызың жанатын, иә сөнетін айшықты сәт дейтін осы ма? Осылай шұғылдан, ескертусіз келуші ме еді? Не істеймін? Құдай-ау, не істеймін? Ағаларыма не айтам?!»

Ақыры шыдамады. Аяғын нық басып, Амангелдіге қарсы жүріп, қолын созды.

Сәлден соң екеуі түн қаранғылығына еніп көрінбей кетті. Алтыбақан басындағылар іле-шала қос сәйгүліктің даланы дүрілдете шапқан дүрсілін ғана естіді. Аздан соң ол да зымзия жоқ болды. Түн астында шырқалған ән ғана қалды...

Ақтас жастары олардың үйлену салтанатын «Комсомол тойы» деп жариялады. Несін айтасыз, ұлан-асыр, есте

қаларлықтай той болды деседі. Дастарханның төрінде окіл әке боп Әрібай Доғалов отырыпты.

* * *

...Асықтай сықпаны Амангелді уысында ұзақ ұстады. Ойығын санап, алақанына басып және тұрды. Көз алдына көлбеңдеп келе қалған әр алуан суретке құмарта қарап, есіне оралған әлгі оқиғаларды құмарта ойлап, кәпер елегінен өткізді. Құлағында — Рымгүл үні, сыңғырлаған ашық күлкісіне дейін ап-анық естігендей. Көңілі соған елітіп, шартарапқа құйқылжып, шат-шадыман бір күйге ауысты. Бойы едәуір жылынып, сергіп те қалды. Күндіз жүрегі кобалжып, әр түрлі күдік ойлап, әлденеден сескенген, үрейге бой алдырған сияқты еді. Енді солар бір жаққа ығысып кеткендей. Мына түтектен ықгасынға жеткізер саңылау тапқандай. Ештеңе көрмесе де, ештеңе білмесе де жақсылық нышаны жақын деп сенген-ді.

Уысындағы құртты жеген жоқ. Қалтасына қайта сүңгітті. Сірә, қысылтаяң сәтке сақтағысы келді. Қолғабын киіп, тізгінді қолына жиып алды да, атына қамшы басты.

Сол түн ол үш мәрте ат ауыстырды. Нендей бір құр атты тандап ұтаса да шыдатпайды. Жүрісі қатты. Сөйтпеске амалы да жоқ. Қолынан келер ендігі қарекет — осы, жылқы соңынан қалмай ере беру, шашау жібермей, жиып ұстау, қатерлі сәтте өзінің дауысын естіртіп, ортасында жүргендігін... сездіру екенін ол жете аңғарған. Сонсоң да ат аямап еді. Бірақ, өзі де діңкеледі.

Мана бір әзірде ат үстінде отырып біраз мызғып алған. Сол да әжептеуір демеу болып, ат үстінен құлатпай келеді. Әйтпесе хәлі мүшкіл-ді.

Ауа райы баяғы қалпы, алды-артын байқатпаған ақ айран әлі де айыққан жоқ. Айықпайтын да сияқты. Он қадам жердегіні анық аңғартпайды, жер-көк аппақ, кебегі мол ақ ұн жауып тұрғандай, астан-кестен сапырлысқан дүние. Ұйтқып соққан жел басылар емес, аз-маз саябырлап, тыныстап алады да, қайтадан күшейіп, уілдей жөнеледі.

Екінші түнді де жылқышы дамылсыз арпалыспен, табынды бей-берекет жібермеуге әрекеттенген жанталаспен өткізді.

Күткені — Дегелен тауы еді. Кешегі үздіксіз жүріс, жел бағыты, ыққан табын беті — солай көрінген, таң ата тау алқымына іліндірер деп үміттенген. Таң атқалы қашан! Көргені — әзірше, бұлдырсыз жазық. Әншейінде жақсы атпен жарым күн жүретін жерге үдіре ыққан жылқының екі тәулікте жетпеуі мүмкін емес. Сірә, бір орнында шыр көбелек айналып жүр ме? Қисынсыз гәп. Ендеше Дегелен алда. Әлде бір бүйірде қалды?..

Жан-жағына елегізе қарады. Белгіге алар жалғыз тал көрмеді бірақ. Қарауыл етер жалғыз төбе көрсейші тым болмаса? Екі күннен бері көргені шексіз дала, таусылмаған ен жазық, жел қыдырған қу медиен, иен сахара. Шынтауайтын айтқанда, өзін туған ата-баба мекені де — осы. Бар қазақтың кең үйі. Қан төгіп жаудан қорғаған, қапылыста айырылып қалса, аттандап шауып, қайыра алған. Қуса да кетпеген. Сулы өлкеге, не бір нулы өлкеге бермеген. Ен тоғай, шалқар көлдерге кимаған. Сондағы нәрі — ақ бетеге, бетке ұстар қалқаны — майқараған, тікенекті бұта. Осы даланың несіне қызықты екен бабалар? Бет қарыған аязына ма, мынадай ақ түтек боранына ма? Жаздағы қуаң шөліне ме? Кім білсін?.. Баба дейді, өзі неге қызықты? Қалаға кетсе — дені сау, мына әлуетті, темір үзгендей екі қолына жұмыс табылмас па еді? Неге табылмасын! Әлде жұрт құсап, кеңседе шот қағып, қағаз жазып отыруға жарамас па еді? Неге жарамасын! Кім сені осы далаға байлап қойған? Кім сені қысы-жазы жылқы соңына салып, жас жарыңнан жырақта, суық қосқа түнетіп жүрген? Кім?..

Кім білген соны? Соны ойлауға, мұным қалай деп саралауға уақыты болды ма?

Орта мектепті бітірген жылы осы бейнетке өз еркімен тап болды. Содан бері ат үстінен түскен жоқ. Бала күнінде арман еткені бұл емес-ті. Бұдан гөрі биігірек те ауқымдылау сияқты еді. Қай күні содан адасып қалды, өмір жолының қай кезеңінде қадамын шалыс басты? Білмейді. Әлде тағдыр жазуы осы шығар? Атақонысы даладан безіп, бабалар кәсібі мал бағудан жеріп қайда барады?

Келесі тәулік те оған мейірім жасамады. Танергең аз-маз саябыр тапқан жел түс ауа қайта күшейді, сол-ақ скен, боран алғашқы қайратына қайта мінді. Құдды көк күмбезінің бір жері сөгіліп кеткен сияқты. Жер де боран, көк те боран. Қар сапырған шым-шытырық дүние, ұлыған, неше түрлі дауыспен ызындап, гу-гулеп ән салған толассыз көшкін. Ән болғанда, қу жанынды ұңғитын зарлы сарын, тұла бойыңды түршіктірген қара саздың өзі. Кей сәт зырылдауықша гүілдеп кетеді, сонсоң зар қағып жылай ма, сарнай ма... адам ұқпас зарлы күйді ұзақ тартады. Кей сәт долданып ышқына соғады. Ат үстінен аударып алғысы келгендей бет қаратпай борады, асты-үстінен қар төпейді.

Бұл күні ол екі күрт жеді. Жұлдызды түні туса керек. Түпсіз түтекке кездесерін білгендей-ақ, жас қосағы қалтасын бос қоймаған. Пайдасы тиді. Жүрек жалғар қуат көзін содан тауып, тілқажар жасап, сора берген. Тісіне тигізбей, таңдайында ұстап ұзақ сорған. Қиын-қыстау сәтке сақтаған екі сықпа түкпіргі қалтада жатыр. Оған әзір тиіспек емес. Қашан өзегі талып, аттан құлағанша аузына алмауға бекінген.

Неге сөйтті? Өзін ат сабылтып іздеушілермен кездесуге сенімін біржола жоғалтты ма? Кім білсін? Мана таң алдында сол жағынан айғайлаған кісі даусын естігендей болып, атының басын тежеп, қалт тұра қалған. Тіпті жылқыдан жырағырақ шығып, өзі де айғайлап үн қатқан. Көзіне алыстан, ақ түнек арасынан бұлдырап, екі-үш қара көрінген. Әмбе солар өзіне қарай дүрсілдете шауып, жақындап келе жатқан сияктанған-ды. Бірақ, күткені болмады. Алыстан андыздағандар біраз уақыт қоз көрімде бұлдырап, жым-жылас жоғалып кетті. Әлде шын, әлде елес скенін айыра алмай, өкініш жұтып қапыда қалды, амал қанша?..

Екінші тәулікте ол кешегідей жылқы бетін бұрам деп әуреленбеді. Алды-артын нақты аңғара алмаған соң қалай бұрсын? Табынның да, өзінің де күш-қайратын сарықпай, қолынан келгенше сақтау қажеттігін ұққан-ды. Сонсоң да жылқының алдын орап бос жөңкілуден тиып, жөнсіз шабыстан тежеп баққан. Мініс атын да қос-қостан ұстады, бірін ерттесе, бірін жетегіне алып, алдағы қатерге қам жасаған.

Ол бір-ақ қауіптен қатты сескенген. Амангелді соны алғашқы түннен бері ойынан шығармай, жылқы үріккен сайын, дүр көтеріліп жөңкілген сайын ойлап, тұла бойы тітіркене сақтанып жүрген-ді.

— Жеткізбе бұған табынды. Жеткіздің-ақ — иіруден айырыласың. Айғайына ол тоқтамайды, сойылынды шыбық құрлы көрмейді, есі шығып, алдында жар тұрмақ, тау тұрса да, омырауымен соғып, құлап тынады, — деуші Әрібай ағасы.

Сол сәт жылқышыға дамылсыз арпалыстың үшінші түнінде жақындай түсіп, желкесінен төніп тұрған сияқтанды. Табын шашырай бастады. Жиі тоқтайды. Жайылудан кеше қалған. Көбінің құйрық-жалына қар қатып, сауырын мұз шалыпты. Жазда мінілген арық аттар, әсіресе жас жылқылар мәңгіп қалғандай, аяқтарын шалыс алып сенделе бастаған. Кейбірі жонына құрық тигенше селт етпей, мелшиіп тұра береді. Сөйтіп жүріп табыннан жырылып, қақаста қалып қоюы да ғажап емес. Өйтсе қар астында біржола қалады. Қыста оны таппайсың, жаз шыға сүйегі ағарғанда бір-ақ көресің. Жо-жоқ! Бұл емес жылқышыға тапсырылған аманат. Оны Амангелді түсінбейді емес, жақсы біледі. Білгені емес пе, бел жазбай, ат үстінде жүргені. Дауысы қарлығып, шөл қысқан соң кесектей асаған қар да соған «септігін» тигізсе керек, тақымы талса да шыдап бақты. Шашау қалған бірлі-жарым тұяқты ішке қуып, айнала шауып, әлі жеткенше айқасып баққан-ды.

Өйтсе де бұл қиын хал еді. Ұстазы сақтандырған қатерлі шек барған сайын жақындап келе жатқан-ды. Табын болдырудың аз-ақ алдында. Бұдан әрі арпалысқа өзінің де төзер-төзбесі беймәлім. Енді ол жылқыға да, өзіне де сенбей, алдағы тағдырын үрейлі күдікпен ойлаған-ды.

Әлде таң алды, әлде түн ортасы ма, айналасы алагеуім тартқан аласапыран сәтте ол бәйге құлаға тағы да құрық салды.

Атым-ақ қой, шіркін құла! Өзге жылқы дірдек қағып, басы ауған жаққа аяғы кетіп, сүлдерін әрең сүйреп келе жатқанда, құла ат түк көрмегендей қунап тұр. Қайта, осы үш тәулікте ішін тартып, жарау күйге еніпті. Шу десен ата жөнелгендей. Ер салсаң ақ қамшы сілтетпей жосыла жүйткігендей.

Жаксы аттың дүлділі Телқұладай-ақ болар. Шапқан сайын қыза түсетін, ауыздықпен алысып, жер танабын қуыра жортатын тұлнарлар тегінен ол...

Амангелді ұстаса да, Телқұлаға ер салмады.

Жылқы иірімде тұр еді. Әбден сілесі қатып, тұяқ серпуге әлі қалмай тоқтаған шағы. Амангелді де қатты қажып, тұла бойы тыным тілеп, көзіне ұйқы тығылып, аяқ-қолы жазуға келмей, ағаштай сірескен жансыз қалыпқа түсіп аса мәңгірген сәт-ті. Әлдекім құлағына «жерге түс, қар астына кір де жат» деп сыбырлап кеткендей, еңсесі соған ауып, тоқтаған сайын ер қасынан қапсыра ұстап, енді-енді жерге домалай түсуге шақ-шақ қалып әрең жүрген.

Кенет ол алыстан талықси шыққан оқыс үнді шалды. Атының басын солай бұрып, зейін сала тындап еді, тағы естіді. Анық сол... Сол-ақ екен, денесіне біреу ине шаншып алғандай дір етіп, тұла бойы мұздап сала берді. Анық солар. Естуден қорыққан, есіне түссе-ақ тітіркене ойлаған кикүлы үн. Біреу емес, бірнешеу. Әлде бір, әлде екі ұя. Әлей боранды бетке ұстап, қанды жорыққа аттанған жырындылардың тап өзі. Бірін-бірі шақырып, талмай ұлып, ұласа шулап, топтаса жортып келе жатқан аш бөрілер... Жақындап келеді. Жақындаған сайын дауыстары күшейіп барады. Астындағы карагер ат құлағын қайшылап тұрды да кенет қалшылдап қоя берді. Бір ол емес, бар жылқының үрейлі күйге бойсұнып, дір-дір қағып, құлағын жымқырып елендеп тұрғаны хақ. Шешуші сәт таяп келеді. Болдырған жылқы айқастан таймай қарсы тұра ала ма? Үйірі десе үстіне түсе жаздап, от пен судан да тайынбай, тұяқтыға шалдырмайтын қызғаншақ ата айғырлар мына үш тәулік арпалыстан соң кездескен жаңа сынға, қауіпті айқасқа шыдар ма, қарсы тұра ала ма? Әлде үріккен жылқыға ілесе бас сауғалап, дүр сілкініп жөңкіле жөнеле ме? Өйтсе — мерт болғаны табынның. Бастығырылып бірі қалса, қылтасынан қиылып екіншісі жатар. Бірлеп емес, топтап жатар. Жок, апаттың алдын алмаса болмайды!..

Жылқышы тез сергіді. Қаншама қалжырап құлауға шақ тұрса да, бәлкім, жастығы болар, қатерлі сәтке қарсы тұрар қайрат бойында қалған екен әлі. Жалма-жан атынан қар-

ғып түсіп, жетегіндегі құлаға ер салды. Іле айылын тартып, қайта мінгені сол еді... сәл кешігіпті. Үріккен жылқы таптап кете жаздады. Күткеніндей-ақ, ес-тұсынан айырылған қалың нөпір алды-артынан зу-зу өтіп жатыр, өтіп жатыр. Оскырынып, қар бората, жер тарпып кетіп барады.

Амангелді бүйірлей шауып, жылқы үріккен тұсқа ұмтылды. Қасқырлар үні де сол жақтан естілген. Жылқы соңында болып жатқан бір айқасты жүрегі сезген еді, алданбапты, тура қан майдан үстіне келді.

Бес пе, алты ма?.. Тайыншадай бір топ бөрі Асауторыны ортаға алған. Қандай үрейлі, қандай жан сүйсіндірер айқас! Қайда қауіп болса, сол жерден табылатын торы айғыр бұл жолы да ежелгі қалыбынан жаңылмаған, қас қағым уақыт кешікпеген. Үйірі үркіп дүр сілкінгенде тырп етпей қарсы шапқан. Жалғыз өзі ұрыс салып жүр. Бір өзі қалың қолға төтеп бергендей, нағыз қан майдан ашқан. Неткен жүректілік! Бірде аузын салады, бірде тұяғын сермейді. Алдына келсе — тарпып, артына келсе — қос аяқтап теуіп, жырыла шыққанын және қуып, аузы тиген жерінен шайнап, жойқын арпалыс жасап жүр. Қимылында таң қалғандай есеп бар, құжынаған күш жатыр. Болдырып құламаса, төрт аяғы түгел тұрғанда ұялас бөріге алдырар емес, жалғыз тал түгін қанышер ауызға шалдырар емес. Неткен жүрек, неткен ерлік!

Көз алдында өтіп жатқан жойқын шайқас жылқышыға да ес болды. Құтпан айғырдың жан түршігерлік арпалысы қайратын жанып, күшіне күш қосқандай өзгертті. Көзі канталап, сірескен қол-аяғына жан бітіп, денесі де қыз-қыз қайнап, ілезде ширады. Қалжырағанын ұмытып кетті. Бар қайраты жиылып қолына түсіп, уысына құйылғандай. Тізгінді жалма-жан ер қасына іле салып, құрығын оңтайына ала қос қолдай ұстап, сәл еңкейе түсіп, Амангелді тақымын екі-үш мәрте қағып қалды.

Қайран құла иесінің ниетін тақым қағысынан-ақ танып, алға қарай оқша атылды. Сескенсейші бір. Тайсалып қырын кетсейші! Жоқ. Туралай тартты. Айғырдың артын торыған екеудің бірімен қатарласа беріп, сілтеп қалды жылқышы. Бар ашуын, бар қайратын құрық басына бергендей-ақ

ұрған-ды. Үш тәуліктен бергі бар өксігі сол сілтеуге кеткен сияқты еді... Алданбағанын, маңдайдан сылқита ұрғанын құланың арынын тежеп, қайта оралғанда көрді. Өшіккен жауы қар үстінде тыпырлап жатыр. Орнынан тұра алмай, басын жерге соғып, қыңсылап, құдайына жазып қапты...

Құрығын тағы да оңтайлап ыңғайына алды. Тағы да тақымын қақты. Телқұла ат оқша зулап, тағы да алға ұмтылды. Бір рет, екі рет өтіп еді солай. Тегі, күштің дені алғашқы сілтеуге кеткен болар. Бірінде дәлдеп тигізе алмады, екіншіде кемірек соқты. Іле қайыра шүйлікті. Аянбай-ақ ұрған. Ерсілі-қарсылы ағып, кей сәт Асауторымен қатарласа ұмтылып, енді бірде айғырдың артын ала құрық сілтеп, екеуі де тізе қоса жойқын соғыс салған-ды. Беті қайтқан бөрілер бас сауғалауды жон корді. Әлде жылқышының демеуінен соң ашу-ызасы мүлдем қозған айғыр бұрынғыдан да өршелене тиісті? Әйтеуір дала тағыларының улап-шулап, өлігін баса, құйрығымен қар сабап, өз жөніне кеткені анық.

Әбден қызынса керек, Асауторы бөрілерді өкшелей қуа жөнелді.

Аманелді атының басын жылқыға бұрды.

Айғыр ұзамайды. Қорқаулар ұясын қозы көш жерге ұзатып салып, үйіріне оралады. Бұ да жануардың — ежелгі әдеті. Жылқы, әрине, ұзап кетті. Демек тезірек жету шарт. Тоқтатпаса болмайды. Манағы жөңкілу тегін емес. Телқұланың қайраты енді керек. Жануар соны сезгендей, камшы салдырмады. Былтырғы, Қазан тойындағы әлей жарыстағыдай, көп аттың ішінен суырыла шығып, жарым шеңбер алда келген жойқын шабысындай-ақ жосыла, күпсек қарды аямай тілгілеп, ағып берді. Шіркіннің аяқ тастасы-ай! Шауып емес, қар бетін сыза ағып келе жатқандай. Жер танабын қуыра, көзден жас парлатып ағызып келеді. Ат біткен сендей-ақ болсын да! Көз аштырмас мына түтекте, жон-арқаны сірестірген аязды түнде сенімен жігіттің жігіті-ақ жортсын да!..

Алайда тізгін тежеуіне көнбей, Телқұла ат бүйірге бұра шапқаны несі? Түтін иісін сезді ме әлде? Пана болар мекен жай іздеп келе ме?

Амангелді де оған көнген жоқ. Жылқы кеткен жаққа езуін жырта бұрып бақты. Осылайша ол көп жүрді. Табынға кезіге алмады бірақ. Сонда ғана жылқышы адасқанын біліп, тізгінді босатып, құланың еркіне жіберді.

Жарықтық жосылтып отырып жылқыға әкелді.

Табын өзі тоқтапты. Қораға қамалғандай-ақ, бір-біріне тығылып иіріле қалған.

Жылқышы ортаны қақ жара алға өтті. Сонда ғана ол табынның терең бір шатқалға кіріп тоқтағанын аңғарды. Әмбе бұл арада боран жоғын білді. Қуанғаны шығар, тымағын шешіп, бетін желге тосты. Рас сияқты. Жел басылыпты. Әлде шатқалды қоршаған биік жартастың ығы ма?.. Тек қар ұшқындап тұр. Сірә, таң жақын. Жұлдыз көрінбесе де, мұны ол анық сезді. Айналасы бозғыл тартып, теңкиген тас порымдары әр тұстан айқын көріне бастады. Іштері омсырайған биелер айдасаң да қозғалар емес. Әншейінде басы бірікпес үйірлер, бөтен үйірдің бір тайы кіріп кетсе тепкілеп, тістелеп айнала қуатын асаулар жуасып қалғандай мимырт араласып кетіпті. Қысылтаяң сәтте «араздықтарын» ұмытып, жараса қалыпты. Бұ да, сірә, жаратылыстың тылсым сыры...

Амангелді Телқұланы жетегіне алып, жуастау ат ұстап мінді де, жылқыны жарып, ортаға кірді.

* * *

...Оны оскырынған жылқы үні де, тасқа шақ-шақ тиген тұяқ дүрсілі де оятқан жоқ. Рақат ұйқы құшағына енген шағы еді. Ат жалын құша, ер қасына етпеттей жатқан. Соның өзін құс төсекте жатқандай көріп, қаннен қаперсіз мол ұйқыға бас қойған-ды.

Бір мезетте әлдене бүйірінен түртті. Не екенін ә дегенде аңғара алмай, селк етіп, жалма-жан құрығына шап берді. Нақ сол сәтте ол желке тұсынан самбырлай сөйлеген адам үнін естіді.

— Уай, батырекесі-ау, мынауың қай ұйқы? Қойымды өргізе келсем, желден пана шатқалымды алып қойыпсың. Сен өзі аспаннан түстің бе?..

Орта бойлы жас жігіт екен. Басындағы түлкі тымағының қос құлағын тарта байлап алыпты, екі көзі ғана сығырайып әрең көрінеді. Өзі жаяу, атын жетектеп алған. Қолында қайың құрықша.

Амангелді үзенгіге аяғын тірей көтеріле түсіп, жан-жағына қарады. Күн шайдай ашылған. Желкесінде биік жартаc, түү төбеден шаншыла төніп тұр. Шатқалдың екі жағы да қолдан қалағандай сыпыра заңғар тас. Ал, ауыз жақ — жатаған бұйрат. Жылқы солай қарай ойысып кетіпті. Қоймен мимырт араласып, қар теуіп жатыр.

— Бұл қай жер, жігітім?

Жігіт жауап берерден бұрын рақаттана күлді. Сонсоң ірі тістерін ақсита ыржиып тұрып, қыстауын айтты. Амангелді жалт қарады қойшыға. Сенбеген сияқты. Бұйрат пен желкесіндегі құзар шыңға алма-кезек қарап, таңдана басын шайқады.

— Мыржық?.. Ғажап, атақты Мыржық тауы осы ма?

Бұл костан да, Дегелеңнен де жырақ жатқан, мойны қашық алыс мекен еді. Көршілес облыстың иелігіндегі ығы-жығы үлкен тау болатын.

III

Сол күні Амангелді екеуміз емін-еркін сұхбат құрып қанша отырдық? Кім санапты соны. Сірә, уақыт межесін ескергіміз келмесе керек...

Қар суымен ас іштік. Қар суымен қол жудық. Қара шөңке жерге түсті. Қара шәугім соның орнына барды. Жас бақташы Адам сыртқа үш шығып, етегін қарға толтыра үш кіріп, шәугімді толтырды. Темір пеш дағдылы «әніне» басты. Әндететін жөні бар. Мұржасы сырықтай ұзын, сорайған бойы шаңырақтан қамшы сабы әрі шыққан. Плитасы да үлкен-ақ. Көрген жан ұмытпа дегендей, өзін дүниеге келтірген ғасыр атағына сай арбиып, ту ортада гуілдеп тұр.

Бұдан өзге де жылқышылар тұрағында болғамын. Көрген сайын таңдай қағып, таң қалғам. Жапан дүзде, ел жұртында жайлауға көше алмай қалған жалғыз үйдей жетімсіреп тұрады. Кіре қалсаң жылыруды ойға алып: даладағыдан

бетер тоңасың; от тұтатып, жан шақырғанша, қолыңды ұқалап, тон үстіне тон жамылып отырғаның бүрісіп...

Мына қос та солардан айнымапты. Нақ солардай құрым киізден жамылғы киген. Іргесінен шаңыраққа дейін қалың қармен бекітілген. Қайта-қайта тапталып, үсті-үстіне үйіле берген. Есігі сырма киіз, етегі жерге тиіп, сүйретіліп жатыр. Мол-ақ пішілген. Сонда да қытымыр аяз саңылау тапқанға ұқсайды. Біз келгелі пештен от кетпей, алдымызда ас тұрса да, сырт киімін шешкен бір жан жоқ.

Шынтақтай жатып есікке үміттене қараймын. Құрым есік баяу түріледі де, кеңшар директоры: «Жылқышы жарандар, сендерге су жаңа баспана — вагон-үй әкелдім» деп жайраңдай күліп кіріп келе жатады.

Бекерге қуанбаңыз, оқушы. Менің ұшқыр қиялым өрген көрініс бұл. Жылқышы достарым мұң ғып шерткен жәйтке ойша, өзімше қайтарған жұбаныш жауабым. Шындығында есік жабық қалпында қала берген-ді. Сірә, оны түбегейлі өзгерту қолымнан келмейді. Жылқышы атаулының пешенесіне жазылған ауыр бейнетті түзету де. Сонсоң да әңгіме сүренін аға бақташының ғұмыр хикаятына бұрамын...

Жүргізуші серігім турасын айтыпты: Амангелдіні сөзшең деу — шындықтан алшақ жатқан мадақ болмақ; әсілі, ол әрнені түртпектеп сұрасаң ғана — тіл қатар бұйығының бірі; сұрау салып жетелеп отырмасаң — мелшиіп отыра беруден жалықпайтын үндеместің өзі... Жаратылыс оған жылдар бойы жусанға бөгіп, өлең-көдесін бұрқыратып тыныш жатар сардаланың бейғам қалыбын дарытқан. Жүріс-тұрысының бәрі бап. Көріп те, сезіп те отырмын. Ендеше жолшыбай Кеңес айтқан, өзге жұрт та келеке қылған оғаш қылығына жол болсын? Жүген-құрық көрмеген асау атануы не себептен?..

Жылқышының монтиған жүзіне қараймын, қос іші ала-көлеңке, оның өзі Адам күзеткен пеш аузынан тарап тұр. Беті томпақ, әсіресе, құлақтан төменгі тұсы жұмырланып дөңес біткен. Маңдайы шығыңқы. Көзі де маңдайымен ағайындас пішінде, томпақ беттен көп орын алмай, қысықтау жаралған. Қалың қабағы ғана адамға түксие

қарайды, морт мінезін танытқандай. Бойы ұзын да иықты екенін, мана қосқа кіргенде байқағам. Есіктен еңкейіп кіріп, содан төрге жеткенше белін жазбап еді. Соның өзінде тымағының төбесі шаңыраққа тиюге аз-ақ қалған. Әрі ойлап, бері ойлап шешіндім, ақыры. Ыңғайсыздау болса да өзім сұрауды құп көрдім.

— Көңіліңе ауыр алма, інім. Бір жолы сен қосқа келген тілемсектерді қолыңа сойыл алып, тым-тырақай қуғансың ба? Өсекшіл жұрт солай дейді... Сол оқиғаның мән-жайын өз аузыңнан естісем деп едім.

Жылқышы бетіме ожырая қарады да, төрде қисайып жатқан жүргізушімді түртіп:

— Сен де тыңдайсың ба? Әлде жылқы жаққа қыдырып келесің бе? — деді.

Оң тіземді ала шынтақтай жатқан Кенеш тырп еткен жоқ. Жылқышының түйіле сөйлегенін шыбын шаққан құрлы көрмеді. Сол қалпында қос иесіне басын бұрып:

— Мына сақылдаған сары аязда далаға қыдыр дейсің, ә? Тілеп тұрсаң, өзің қыдыр. Мына кісіні де қалдырма, сенің қыр-сырына құштар боп отырғанын көрмеймісің, құдай олла, ала кет, тарихта қалуыңа мен кепіл. Таза ауа, ашық аспан, ха...ха... сөздеріңе бөгет болар бір жан жоқ. Ха...ха! — деп, өз-өзінен кеңкілдеп күлсін...

Ашуланар, дүрсе қоя беріп, зеку сөз айтар, бәлкім қостан қуып шығар деп күткем-ді. Бірақ, жылқышы селт етпеді. Мырс етіп басын шайқады да теріс қарап кетті.

Қымсынған мен ғана. Егер сөзге әдейі шақырғандай, екеуіне де аса қолайсыз оқиғаны естеріне салғаным шүбәсіз. Бірі айтқысы келмесе, екіншісі тыңдауға құлықсыз. Бәлкім, сұрамағаным жөн еді? Әрқайсымыздың өзіннен өзгеге естірткің келмейтін, қанша жыл өтпесін өмір бойы ішінде сақтайтын сырың болады. Олай болса, мен сұрамайын, сендер айтпаңдар. Маған бола дұрдараз болмаңдар, ағайын!..

Алайда естелікке де тосқауыл жүрмейтін сәті болады білем. Менің түртпегім жауапсыз қалмады. Іште жатқан бүкпе сырдың тұсауы алынды...

Келесі жылы Әрібай Доғалов зейнетке шықты. Кеңшар дирекциясы Амангелдіні аға жылқышы етіп тағайындады.

Қос қарамы едәуір өскен. Жаңа үйірлер қосылған. Қостанай жылқы зауытынан әкелінген жас айғырлар тыннан үйір салған. Сөйтіп «Ақтас» кеңшарының жылқы қарамы екі мыңнан асқан-ды. Жылқышылар да көбейді. Бесеу болды.

Ал, уақыт болса ауыл шаруашылығының түбірлі өзгерістерге ұшырап жатқан адуын шағы еді. Газеттер күн сайын тын жаңалықты, соны өзгерісті түбегейлей жазып, жариялап тұрған мезет. Өндіріс басқармасы атанған мекеменің құқығы күшейіп, аудан тізгінін қолына алған. Соған орай, әр кеңшарда мал тұқымын асылдандырып, тауар өндіретін фермалар атанған жаңа құрылым дүниеге келген-ді.

«Ақтас» шаруашылығының жылқы фермасына меңгеруші ауданнан жіберілді. Бұған дейін де әр алуан жауапты қызметтер атқарған кісі екен. Келе-ақ Мырзағали Айдаболов жылқышылардың шағын шаруасын дөңгелентіп әкетті. Әуелі орталықтан кеңсе ашты. Кеңсеге ескілеу бір бөлме тиген-ді. Екі-үш күнде сол бөлме көрген кісі таң қалғандай құлпырып, іші-сырты жұнттай боп шыға келді: етегі еденге дейін сүйретілген, қан қызыл түсті плюш жабылған үлкен үстел ортаға қойылды; есік жақ бұғышқа есепшінің үстелі мен шкабы орналасты; көмекшісіне екінші бұрыш тиген еді, бірақ қара дермантинмен тысталған жалпақ диван енгізілген соң, бөлме іші оған тарлық етті. Оқта-текте келген кісі босағада тұрып сөйлететін болды. Бұл жәйт келуші түгілі меңгерушіге де ұнаған жоқ. Сонсоң ол есепші жігітке: «Сенің орның — ат үсті. Саған кеңседе отыруға болмайды» — деп турасын айтты. Шынында да, оның барлық қағазы мойнынан түспейтін қайыс баулы көнетоз қара боқшадан аспайтын: есік қос жылқы, өзге ферманың малшыларының мініс аттарының есебі соның ішінде хаттаулы болатын. Ай бойы яеше қайтара санаса да бұған оның алып-қосары жоқ, әйтеуір күн ұзын ауыл аралап, ат үстінде жүруіне жетерлік ермек...

Кеңшар орталығында енді Мырзакең аялдайтын шаруа жоқ-ты. Соны өзі де сезген болар, бір күні қасына қос есепшіні ертіп, жылқыға аттанды.

— Жағдайларың қиын екен — деген-ді менгеруші алғашқы сапарда-ақ Амангелді қосындағы жылқышыларға, — мынау өмір емес... пойтыкі шорту. Жай-күйлеріңмен ешкім санаспаған екен. Жанашыр басшыларың болмаған соң ешкім елемеген, сірә? Жо-жоқ, бұған енді... незачто төзуге болмайды. Мен де енді тыныш отыра алмаймын. Тек жаз шықсын дендер. Тура бар ғой, шорту, дирекцияның алдына мәселені бүйірінен қоямын. Қойғаның не, орындатпай тынбаймын. Қазір заман, знаете, өзгерді, жеке бастың үстемдігі жүрген дәуір емес, ол келмеске кетті. Бар жағдай қазір, бақташы қауым, сендер үшін, білдіңдер ме, шорту, сендердей бұқара халық — мал соңындағы еңбек иелеріне жасалмақ...

Менгеруші желпіне түсіп, әредік іргеге шырт-шырт түкіріп қойып, көл-көсір сөйлеп берген. Сол жақ бетіндегі тыртығына дейін жыбырлап, қызына сөйлегенде бет-аузы бырысып, кушық жағы ет толғап отырғандай сылп-сылп етіп қозғалып тұрады екен. Қызыл көзі жан-жағына барлай қарайды. Бірдене іздеп отырғандай.

— Үлкен адамның сөзін естідіңдер ме? Космосқа шыққан заманда қос деген сөзді де түбірімен жоямыз, шорту... Сонау аты өшкір феодализмнен қалған сілімтік итарқаны үй деп, баспана етіп жүрген сендер де қызықсындар! — деп бір сәт жылқышылардың өзін біраз сілікпелеп, әлгі ойын одан әрі үдетті. — Ойбай-ау, мұны қашанғы жүк ғып көшке артып жүрмекпіз! Жо-жоқ, қосты біржолата құртатын мезгіл жетті. Алса - мұны Семейдегі музейге береміз, алмаса — үстіне кәресің құямыз да, тура бар ғой, осы тұрған жерінде өртейміз. Ал сендерге арнап, келесі жылы бес-алты жерден жеруі салғызамыз. Так и знайте, өріс ауыстырдың екен — жылдағыдай қосты жығып, қайта тігіп, әуре болмайсың. Жайылымның иен ортасында тұрған жаңа үйдің есігін аш та төріне шық. Отыңы ауызда қалаулы тұрады. Пеш те дайын. Тек жағабіл. Жеруі болса -- әрі кең, әрі жылы. Қандай рақат, ә! Сол рақатты білмеген сорлы бабамыз көрсе ішінен

шықпай қояр еді, ә? Солай жігіттер, мұны жасауымыз хақ! Жалғыз бұл емес, ерте құлындайтын биелерге арнап шөп те шабамыз. Арық-тұрық күтімде тұратын қора да саламыз. Сендердің жағдайларың мықтап өзгереді, знайте, мүлдем өзгереді. Газеттер жазып жатқан мәселені білесіндер ме?.. Оқу керек! Оқымай болмайды, жігіттер!..

Жаңа ферманың, әсіресе ауданнан келген жаңа меңгерушінің міндет-қадірін жылқышылар шу дегенде жете ұқпай дағдарып жүр еді. Мырзакеннің әлгі сөзі сол жұмбақтың бет пердесін біраз ашқандай болды.

Бірақ, неге өйткенін кім білсін, бірде-бірі бастықты құптап, иә жақтырмай дау айтып, ләм-мим деген жоқ. Үнсіз тыңдады. Амангелді де тіл қатпады. Іштей тек қуанатын сияқты. Жүгі жеңілдеп, өз қосы үшін ғана жауапты болып қалғанына, есеп-қисаптан құтылғанына риза еді ол.

Меңгеруші жылқыны иіртіп алып, бір-бірлеп санап шықты. Сонсоң құжат жасап, өзі бас болып, жылқышыларды және қосып, қол қойды. Жайылым жайын, көшіқон туралы Амангелді айтты. «Аралап көріңіз, екі-үш күнде көріп шығасыз» деп еді, асығыс екен, бас тартты.

Асығыс екені рас-ты: мезгіл айдың аяғы; дирекцияға есеп беру керек; ал дирекцияны өндіріс басқармасы күтіп отыр... Сонсоң да ол қостағылармен асығыс қоштасып, дәм-тұздарына рақмет айтып, жедел аттанып кетті.

Көп ұзамай жүргіншілердің бірі қосқа қоржын толы газет жеткізді. Мойны қашық қиянда жатқаны, алде қысы қатал Арқаның аязы тұсау ма, пошташы бұларға ат басын сирек бұратын. Хат-хабарды көбіне өткен-кеткеннен беріп жіберетін. Эрдайым осылайша топтана келетін бума-бума газетті жылқышылар да жата-жастана оқитын. Бұл жолы өйткен жоқ. Алматыдан шыққан үлкен газетті ашқанда-ақ, ішкі екі бетті түгел ала кеңірек көсіген, Мәскеудің төрінде отырған Үлкен кісінің етектей баяндамасына қостағылардың көңілі бірден ауды. Көрнекті әрптермен бадырайта терілген тақырыбының өзі-ақ назағ аударғандай екен. Тура көздің жауын алып, еріксіз оқықандай.

Өздері күні-түні бел шешпей жүріп күзеткен жылқы түлігінің қадір-қасиетіне баяндамашы бірталай жылы лебіз арнапты. Шынын айту керек жылқы жарықтыққа бұрын-соңды айтылмаған, көптен бері естілмеген тамаша сөздер! Өсіресе етінің дәмдік қасиетін, шипалық қадірін асыра мақтапты. Тіпті бір тұсында: «Елімізде ет молшылығын жасаудың сарқылмас бір қоры — осы түлік, жылқы малы. Оның еті арзан, әрі адамға жұғымды. Оны дайындаудың өзіндік құны да төмен. Себебі, жылқы басқа түліктей күтім тілемейді, оны ашық далада үйірлеп бағуға болады, басқа түліктей оған жем-шөп әзірлемейсің, күрделі қаржы жұмсап, жылы қора салып, тағы әуре болмайсың... Жылқы еті таптырмайтын дәмді ас! Мен өзім оны сүйсіне жедім...» — деген.

Сол ойды бір емес, бірнеше мәрте қайталапты. Сірә, айтушы көсемнің өзі жылқы етін араны ашыла тоя жеп, ерекше ұнатып қалса керек.

Газет әкелген игі жаңалықты қостағылар сағат жарымдай уақыт тырп етпей тыңдап, қатты әсерленді. Амангелді де баяндаманы бітіргенше, бас алмай оқыған. Аяғына жеткенде тек уһ деп кеудесін кере дем алды...

Жылқышы қауымның көкейінде жүрген түйткілді жәйттерді дөп басып, барынша дәл айтқан. Өмір шындығы осы. Аяқ артар көлік көбейіп және соның жүрдек те күштілері шыққан сайын қадірі құлдилап, бағы тая бастаған жылқы жарықтыққа көзқарас түбірімен өзгертін болды. Тек соған көз тимесін деңіз!.. Қуан, жылқышы қауымы, мейлінше масаттан! Бұрын сен көп бақташының бірі едің, қайдағы бір, ең соңғысы, санатта жүрген сорлысы едің. Енді теңгерілді еңбегің, қадірің де басқаша болмақ...

Жылқышылар гүлдесіп бір-біріне есе бермей, жарыса сөйлеп, қуаның білдірісті. Ақ түйенің қарны жарылды. Меңгеруші байғұс бірдеме сезіп жүр екен ғой, бәсе... десті.

Бұрынғы газетті оқылған соң көбіне қол сұртуге кететін, пешке тұтатқы орнына жүретін. Мынаған ешкім тиіскен жоқ. Қайта қастерлеп сақтауды жөн көріп, төрт бүктеп, қостың уығы астына, қоғары жерге қыстырып қойды.

Көп ұзамай жылқышылар қосына «Дайындау кеңсесінің» агенті келді. Жалғыз емес, бірнеше мал айдаушы жігіттерін сайлап келіпті. Жылқыны иіртіп, небір шу асауларды шыңғырта ұстап, көгендеген қойдай байлап-маттап алды да, үрдіс аттанып кетті.

Бұл қостан сол жолы жүзге тарта жылқы етке айдалды.

Араға ай салып, олар тағы келді. Тағы да бір жүзді, бұл жолы айғыр үйірімен даралап алып, ет комбинатына әкетті. Жылқышылар мекеніне ат басын бұрушылар бұрын да аз емес-ті. Әсіресе қар бекіп, қыс қаһары қатая бастаған желтоқсанның ортасында қосты төңіректеушілер молая түсетін. Әрине, ерігіп емес, бәрі де шаруамен келетін. Келушілер әдетте қолына тілдей қағаз ұстай кіретін. «Мына пәленшекең жолдасқа дирекцияның ұлықсаты бойынша, шығысқа бөлінген бойдақ жылқыдан бір бас босатыңыз», – делінген жарлыққа шараң қанша?! Менгерушінің тасқа басқандай ірі жазуы көздің жауын алып, мен мұндалап бадырайып тұратын. Әсіресе, ирегін озінен өзге адам сала алмас қолы қандай! Бұған қоса жарлықтың сол жақ бұрышына ферманың үш бұрышты штампы басылатын.

Соңғы кезде бұлар да Амангелдінің иелігіндегі қосты өз үйіндегі билеп-төстеп алды. Қос босағасында бұрын болмаған, жаңа ғұрыпты етене еткен де солар... Сараны бір жартылықпен, мырзасы екі жартылықпен келеді; бірі әңгіме бастауға мұрындық болса, екіншісі атқа мінгізуге тиіс. Көңілденген жылқышы қонақтың нұсқаған тұяғын ұстайды. Қонақ, әрине, көзге қарамды, ірілеу жылқыны таңдайды. Ал, жылқышы үшін бәрібір, жалпы есебі дұрыс болса – шаруасы түгел, тайы не, биесі не...

Амангелді әуелгі кезде осының бәріне түсінбей, таң қалып, тосырқай қарап жүрді. Көз алдындағы талапай өңінде емес, түсінде болып жатқандай. Бірақ, көзіне түртіп тұрған ақиқаттан қайда қашсын? Алдындағы табынның жыл санап күрт кеми бастағаны анық. Бүйте берсе, енді бірер жылдан соң біржола жұтап қалары сөзсіз. Сонда мұны тоқтатар шара не? Жаппай талапай құба дүзден емес,

өзіңнен шықты. Сырттан емес, ішіңнен келді. Индет емес, индеттен кем де емес. Апаттан бетер қауіпті...

Жылқышы жүрегіне мысқалдап кірсе де, жуық маңда ошпейтін қара дақ түскені шүбәсіз. Көңілінде күресуге дайын. Белін бекем буып, кіммен болса да тайталасқа тайсалмай түсуге құштар, іштей соған әзір-ақ. Бірақ, кіммен? Қалай күреседі? Жылқы ұрлаған бір жан жоқ. Бәрі де «лимит» бойынша деген желеумен келеді. Қол қойылған, мор басылған жарлық — соның кепілі. Ақшасы төленгендігі туралы түбіртегі қолдарында және жүреді. Оларды қалай ұры дерсің? Немесе жүз-жүздеп қосақтап, мал әкетіп жатқан ет дайындаушылардың кінәсі не?..

Осы сауал келе-келе Амангелдіні ғана емес, барлық жылқышыны қамықтырады. Аға жылқышыдай іштен тынып қамықпайды, кейбірі қосқа келгенде пысық меңгерушіден осының жай-жапсарын талай мәрте қадала сұраған. Кеңшар коммунистері бас қосқан партия жиналысында да сөз еткен-ді... Алайда билеуші партияның шаруашылық саясаты жайлы саяси сабақ тыңдап, бір емес, бірнеше рет қағажу естіп, өздерінің ет қорын шұғыл молайту жолындағы белсенді күрескерлер екенін ұғынып қосқа қайтқан-ды.

Бірақ, солар бір жәйтке түсінбей-ақ қойған: жылқы етінің, неліктен күрт арзандап кеткенін ұғына алмай делсал болған-ды... Әрине, қоста зерігіп отырып, басы жұмыр пенде болған соң әр алуан сөз қозғар еді. Қысыр сөзден өзге қоста ермек те жоқ. Күн ұзақ, таң қысқа. Қыстауға катынағанда қойынға тыға келетін газет-журналды екі-үш күннен асырмайды, бір жолын қалдырмай сыпыра оқып шығып, зерігіп отырады. «Батырлар жырын» баяғыда тауысқан. Қайта-қайта оқып, жатқа айтатындай болған. Өздеріне берілген радиоқабылдағышты үнсіз тұрған соң меңгеруші бір келгенде жондетуге әкетіп еді, кері қайтпады. Кеңсенің терезе жақ бұрышында тұрып қалған-ды. Жылқышылар соны да сөз қылады. Екі-үш жыл бойы бастықтың «ауызша» салып келе жатқан жеруіі мен ат қорасы да ауызға ілінетін. Көбіне келекелеген сайқымазақпен...

Затында сөзге сараң, әзілге мүлдем шорқақ, мінезі томырық Амангелді қостағы әңгімеге араласпайды, көбіне

үнсiз тындайды. Жылқышылар өзара кеу-кеулесiп дауласып жатқанда, ол өзiмен-өзi болып, тым-тырыс отыра беретiн. Бiрақ, бертiнде ол да өзгердi. Сөзi емес, мiнезi.

Қисықтық демеске шараң қанша, соғым айы туды-ақ, қосқа тыныштық бермейдi. Үдiре көшiрiп, бiр жерге анық бес күн отырғызбайды. Әмбе тебiнгiнi ел ортасынан мойны қашық қиянға салады. Үй-iншi отырған қыстауға да жiбермейдi, алыс түкпiрге шығып кетiп, iздеушiлердi сенделтiп қояды. Сонда, алысқа кеттi екен деп, ат сабылтпайтын келiмсектер ме? Жоқ. Олар да қыңыр. Ат арытып, машина жалдап, қоймай iздеп, қосқа бәрiбiр жетедi. Кейбiрi сөйтiп шаршап-шалдығып келгенде, аға жылқышыны таппай жер қауып қалады. Амангелдi бұл кезде не жылқыда жүредi, не жер шолам деп, тағы бiр алыс қиянға шығып кетедi. Шақырусыз «қонақ» дiңкесi құрып ерiксiз тосады, тоспасқа амалы жоқ. Соғымды аға жылқышы ғана босатады. Аға жылқышының өзi енгiзген, өзге жылқышылар түгел қостап, құп дескен келiсiм осы. «Келiмсек» күтiп жатқанын сезсе, Амангелдi жуық маңда қосқа қайтпай, зарыға тостырады. Қияпас қылығы үшiн талай рет сөз де естiген, сөгiс те алған, илмес қисық та атанған. Бiрақ сол қадетiнен жаңылмаған. Оның келушiге жасайтын қырсығы бұл ғана емес-тi: қайта-қайта келiп, ақыры оны қоста кезiктiрген келушi сұрағанын оп-оңай ала да қоймайды; қолына тиген жарлықты Амангелдi ұзақ оқыр едi; бiр оқып шығып, жарыққа ұстап, тағы да сығалай қарайды. Ақыры, адам ойына келмейтiн себептер айта бастайды: меңгерушiнiң қолы дұрыс емес; штампы жөндi көрiнбейдi; күнi неге қойылмаған, түбiртектi көрсет... Әйтеуiр қадалмайтын әрпi жоқ. Және соның бiрiнен iлгешек тапса болды, соғым бермейдi, құр қол қайтарады. Жазған құлда шаршау жоқ. Бейнетқор байғұс қағазын түзетiп қайта келедi. Қос ағасын орнынан таба алмай, тағы да сарыла iздейдi...

Олар да қайтпайды. Амангелдi де құдай деген жан емес, қайсарлықты ешкiмнен қарызға алмайтын қияпаты бiр басына жетiп артылады. Осылайша өрбiген текетiрес жылдан-жылға өрши түскен. Қосқа келушiлер Амангелдiге өп. Хош келдiң дейтiн кiсi – қос иесi емес... Аға жылқышы қаншама

қуланып, қаншама қыңырланып еңкеймедім десе де соғым алушыларды тыя алмады. Жылқы саны құлдырап кетті. Ет комбинатына жөнелту титтей де кеміген жоқ, келе-келе мама биелерге де құрық түсс бастаған-ды. Жасы жетпесе де жарамсызға шығарылып, жүз-жүзден жөнелтіліп жатыр.

Бікқан жылқыны терең жарға айдағанмен бірдей қатерлі кезең де таяу. Сірә, құзар биікке айдап келіп топырлата құлатқан да осындай-ақ болар. Құлатқаның не, төбеден мұз боратып, төменнен тас жаудырып, ақ қар үстіне қатар-қатар тізіп қойып, ақ сүйек жасаған артық болар еді, әлдеқайда оңай тиер еді... жылқыға да, оны баққан жылқышыға да. Өйткені бұл қырғынды табиғи опатқа жатқызар едің...

Қоста түнейтін бар жылқышы өзара әңгімеде осындай жан ауыртар шерлі әңгімені жиі-жиі айтатын болды. Амангелдіге де тіл біте бастады. Бір нәрсе кеудесіне түйіліп, шемен боп байланып жатқандай. Әмбе сол бітпес жарадай үлкейіп, күн сайын аузы күлтеленіп келе жатқан сықылды...

V

Жылқышылардың үй-іші қыстайтын Келдібай мекені үлкен жолдан жырақта. Ертеректе онда колхоз орталығы болған. Әуелден-ақ шағын шаруашылық болса керек, жұртында қалған бес-алты үйдің қазіргі сиқы соны анық аңғартқандай: төбелері тоқал, бұрыш-бұрышының кетеуі кеткен, өзге де ашық-тесігі көп... ескі үйлер, қатты бір дауылдан қалмайтындай мүшкіл халде. Соны бүтіндеп, иә жаңартып қайта салатын мезгіл баяғыда болған-ды. Мырзакең менгеруші болып келген жылы Келдібайды қайтадан сал іргесіндегі дөң етегінен жер тандап, жоба жасатқан. Ал, жылқышылар жаңа қыстаудың тың жерден бой көтеруін тіпті де ұнатқан жоқ-ты. Олар кеңшар орталығынан үй сұраған. Өйткені көбінің бала-шағасы есейген, дені мектепке барады. Орта мектеп жанындағы интернатта тұрып оқиды. Бұл болса ақыл-есі жетілмеген ұрпағынды өз шаңырағына жат қылып, жас күнінен тасбауыр ететін амалсыздың шарасы. Сонсоң да шамасы келгендері орталықтан меншік үй салып алған-ды.

Амангелдінің басына бала-шағаның мұндай тауқыметі түсе қойған жоқ. Баласының үлкені — үште, кішісі емшектен енді-енді шыққалы жүр. Сонсоң да өзге жылқышылар Ақтастан үй іздеп сабылып жүргенде қыбыр етпеген. Қазақтың бұйырғанын көрермізіне салып, үй-жай сұрамаған. Сонау айлы түнде, алтыбақан басынан аттанып кеткен сәттен-ақ Рымгүл екеуінің арасында жалғасқан татулық жібі үзілген емес-ті. Қайта балалы боп, беті ашылып үйреніскен сайын бір-біріне ынтазарлығы арта түскен қалыпта еді. Өзара мейірім, ықыласын да ләззат айы кезіндегі ынтық күйінде сақтап, есейіп келе жатқан-ды. Бәлкім, соған Амангелдінің үйден гөрі түзде көбірек болатыны, кейде ай бойы қоста жатып, өз ошағына сирек соғатыны себеп? Бәлкім, Рымгүлдің қарсылығы жоқ ұяң мінезі де жарастықтың дәнекері бола білді? Қалайда, екеуі қосылғанына бес-алты жыл өтсе де, әлі күнге дейін бір-біріне «әй-шай» дескен емес.

Амангелді далада ат үстінде жүріп, өзімен-өзі қалған шағында, Рымгүлдің осынау жалғызілікті жағдайын, жас өмірінің ескі қыстаудың жаман тамын күзетумен өтіп жатқанын күйзеле ойлайтын. Іштей күйінетін. Өзін соған кінәлі санайтын. Көп құрбыларының аудан орталығында, елді мекендерде жүргенін, ойын-тойдан қалмай, қызыққа батып, уақытын көңілді өткізетінін қызғана ойлайтын.

Рымгүл өзі соны бетіне басып бірде-бір рет айтқан жоқты. Күзеттен кешігіп келсе де, «зарықтым, көп тосқыздың» деген емес. Сонысы үшін де Амангелді оны жанындай жақсы көретін. Нендей тілек білдірсе екі айтқызбай орындауға әзір тұратын.

Он күндей қоста болып, үйіне оралған сәт еді. Шайын ішіп жайланған кезде, келіншегі:

— Кенеш аға келіп кетті. Қалаға барған екен. Маған жемпір, Торыбекке көйлек әкепті, — деген-ді сөз арасында.

Амангелді ұйқы қысып отырып естігеніне мән берген жоқ. Алайда сол сөз келесі күні, ертеңгілікте тағы да алдынан шықты.

Жаңа көйлегін әкесіне көрсетуге асыққан Торыбек ұйқыдан тұра сала-ақ, сандықтағы базарлықты алғызған. Шынында да көйлек әдемі екен. Тор көзді, шұбар ала, алды ашық, төсі мен жанына әдемілеп қалта салған. Еті тығыз, томпиған

бала шұбар ала көйлекті киген соң оқудан келген шәкірттей тымпиып, кәдімгідей есейіп шыға келді, адам көркі шүберек... дегеннің растығына Амангелді тағы да тәнті болған.

Сол сәтте Рымгүл де ағасы сыйлаған ақ жемпірді сандықтан шығарған-ды. Амангелді келіншегін танымай қалды: ақ жемпір қараторы өңіне керемет жарасады екен; аш беліне жабыса қалған, тұрқы ұзын да емес, қысқа да емес, бойына өлшеп тоқылғандай тура; жеңі сәл қысқалау, шын-тағынан аз-ақ түсіп тұр. «Әй, шіркін біздің ауыл-ай! Кең етек пен ұзын жеңге үйреніп кеткен соң, бас-аяғы тылтиған киімге мұрын шүйіре қараудан арылған жоқпыз. Өнегесі озық қаладан үйренеріміз әлі көп-ау...» деп ойлаған еді ол, су жаңа жемпірмен алдында шыр көбелек айналған келіншегіне сүйсіне қарап. Немере ағасының сыйлығына Рымгүл разы сияқты. Көзі күлімдеп, жүзі жайнаң қағып тұр.

— Құтты болсын, әдемі екен, — деді күйеуі жымыиып.

— Бағасы да аз болмау керек.

Бағасы туралы Амангелді ойлаған жоқ еді. Сонда ғана келіншегінің түннен бері осы жайында екі-үш мәрте ежік-тегеніне таңданып:

— Қанша екен? Ақысын беріп жібермедің бе? Тіпті артығымен берсең етті, — деген-ді.

Рымгүл күйеуіне еркелеп, ернін бұлтита қарады. Сон-соң назданған қалпы:

— Сұрадым, бірақ Кенеш аға айтпады. Саған айтам дейді. Онысы несі?..

Неге сөйткенін күйеуі де түсінген жоқ. Үйде түнеген екі-үш тәулікте соның кілтипанын қанша ойланса да таба алмай қойды.

Жас шамасы бірдей дерлік замандасын ол көбіне түсінбейтін. Ана жылғы одағай оқиғадан соң іш тартып, қайнаға деп құрмет тұтып қараған да емес-ті. Кенеш те алғашқы жылдары қарындасына өкпелеп, қатынаспай қойған. Тек бертінде Торыбек туған соң, Амангелді оны үй-ішімен қонаққа шақырған. Қазақ жолы деп астына ат мінгізіп, иығына жағалы киім жапқан.

Балалы-шағалы болған соң біржола безіп кете алмаған шығар, содан бері Кенешпен қарым-қатынас көңгөрімді жағдайға ауған. Екі үйдің арасына сәлем-сауқат жүре бастаған-ды...

Сол күні қос Қызылсор қолатында еді, бұйратты жердің орта тұсына қонғанына біраз күн болған.

Амангелдінің үйінен оралғанын күткендей-ақ, әлдеқайдан сап ете қалған Кенеш пен Малдан қосқа онымен ілесе кірді. Жылы кабинадан шықса да мұздап қалыпты. Малдан тіпті дір-дір етеді. Ерні сойлеуге келмей, қалшылдап отыр. Сірә, қос ішіндегі темір пештің бойын жылытпасын сезді ме, қойнынан бір шөлмек спирт суырып алды.

Бір-бір тұлыпқа оранып, кескен томардай боп теңкиіп жатқан жылқышы жігіттер үндеген жоқ. Амангелді де ләм-мим демеді. Жүзін сырт бере етпетінен жатыр. Көзі — қос іргесінде, екі киіздің түйіскен жабығынан сыналай кірген қар кесегін жаңа көргендей, тесіле қарап қалған.

Кенеш қойнынан жуандығы білектей шұжық суырды. Сонсоң пышак іздеп, айналасына тіміски қарады. Ешкім лып етіп қозғалмады, бірде-бірі беліндегі қынына қол салмады. Қос иелерінің тымырайған әлпетін, өзіне одырая қарауын қолайсыз басталған қыстамаға жорыған, әлде қасақана еле-меуді жөн көрді ме, кім білсін, Кенеш тонының бауын ағытып, ішкі қалтасынан төрт бүктеулі газет пен қылдырықтай кішкене бәкісін шығарды. Газеттің бүктеуін жазып ортаға қойды да шұжықты жапырақтап турай бастады.

— Шөлмекті де, колбасанды да жиып қойып, шаруаларынды айт, ағайын, — деді Амангелді басын көтеріп.

Малдан қос ағасының ескертуін әншейінгі сыпайлыққа жорыды ма, алақанын бір-біріне ысқылап сәл көтеріле түсіп, шөлмекті қолына алды. Кенеш те сол сәтте:

— Жакындандар, жігіттер, — деді, — мынау «Дружба» деген колбаса. Қаладан әкелдім. Құдай олла, тамаша ас! Ағына қарамандар, Никита* ағайдың жерік асы... қызылы өзіміздің жылқы еті. Бәлкім, өздерің етке тапсырған ақ адал малдың... Спирттің бір жүз грамын тартып жіберіп, мынаның жылы-жұмсағын асадың бар ғой, оллаһи түк етпейді, әрі қарай өзі қық ете түседі. Құдай біледі, сірәда тоқтамайды!

* Никита Сергеевич Хрущевті әжуалап отыр.

– Шаруанды айтсаң кайтеді, Кенеш?

– Асықпайсың. Жылынып алмасақ, ауыз сөйлеуге келетін емес.

– Шаруанды айт деймін!

– Өй, сөзді қойыңдар. Астан үлкенбісіңдер... Ыдыстарың қайда өзі? – деп Малдан, қойнынан тілдей қағаз шығарды. Дәл бір қымбат сыйлық тартқандай-ақ, қолындағы қағазды төрге қарай сырғытты. Қос ағасы оны оқыған жоқ, арбиған әріптеріне бір қарады да қайтарып тастады.

– Мөрі жоқ. Есепші де қол қоймапты.

– Сөзіңнен танба... Ұсталдың. Шарттарың түгел! – деп сұқ қолын шошайта дүрсе қоя берді Малдан, іле екінші қалтасынан тағы бір тілдей қағазды суырып, масаттана ұсынды. – Кімге, не үшін келе жатқанымды білем ғой мен пақыр...

Малдан Есенов Аманкелдіге бұрын да ұнамайтын. Жас жігіттердің ең бір тасы өрге домалап жүргені болса да кейбір қылығын жаратқан емес. Әуелде бригадир еді, былтырдан бері кеңшар құрылысына жауапкер прораб болып тағайындалды. Содан бері жас маманға бірталай жаңа мінез қосылды... Соның бірі – өз тірлігін көбірек ойлайтындығы. Былтыр ол қосқа екі мәрте келіп, олжалы қайтқан. Әсіресе соңғы сапарында қоста қалған жылқышыны араққа жығып тастап, тай орнына бесті ат әкетіп, жер соқтырып кеткен. Бұл жолы алды-артын қамдап келіпті. Сірә, қайнағасы Кенешті де есеппен ерткен.

Сөйтсе де бас жылқышы оның еркіне көңісі келмеді. Құр қол қайтаруға бекінді. Тек нендей сылтау айтады?

Малдан прораб іш қалтасынан тағы бір қағаз алып шықты. Меңгерушінің хаты екен: «Құрметті Амангелді інім! Қадірлі азаматымыз Мәкеңе ықыласыңды салғайсың. Бізге ол өте-мөте керек адам. Қосты ауыстырар жеруілердің жабдығын жаз шыға қамдап, күзге дейін салып берем деп уәде етіп отыр. Бұйымтайы – құла ат... Ел үстіндегі азамат қой, бір тілегі шығар, меселін қайтарма!...».

Кенеш кішкене шынаяқтарды алдына тізіп қойып, тосып отырған-ды. Газет үстінде тау боп туралған шұжық жатыр. Малдан кесенің бірін қолына алды.

— Есенов, сізге құла атты сірә да бермеймін! Сіз түгілі, ол — өзіме де қимасым. Бекер үміттенгенсіз, — деді Амангелді меңгерушінің хатын оқыған соң.

— Қой, шырақ, жарлықтан күштімісің. Аяқ артар бір тұяққа бола бет жыртысып қайтеміз. Әкеңнен қалған мал жоқ. Бәрі де қазынаның малы. Бір тайлық еңбегім бар осы кеңшарға. Күні-түні сабылып жүргенде, соғымға бір ат соймайтын не бопты маған... Құланы сұрағаным — қоңы тәуір дейді. Еңбегінді жемеймін. Құдай біледі, риза боласың...

Амангелді міз бақпады. Теріс қарап, бүк түскен қалпында үнсіз жатыр. Прораб та айылын жиған жоқ. Сөйлеп отыр, таусылып та сөйледі, жалынып та сөйледі.

Оның қиыла сұрағаны — баяғы бәйге құла. Мінуге емес, пышакқа жығуға. Иә, иә... Телқұланың тағдыры бұл күнде осыған іліккен-ді. Бір қос жылқының бетке ұстары болған әлей қайраты, кезінде жарқырап шыққан бақыты қазір қайтқан. Қартайып емес... қапылыста айырылған.

Жылқышы көзін тарс жұмды. Ана екеуін көргісі келмеді ме? Әлде түү алыста қалған шерлі елестер көз алдына кес-кестеп, көңілі құлазыды ма?.. Соны өзі де білмейді, түрік ерні жыбырлап: «Шіркін құла... топтан озған жүйрігім... Сорлы болған Телқұла!..» деп жан-жүйесі сөгіліп, өксігені анық...

* * *

...Бұдан екі жыл бұрын Телқұланы қайта-қайта қоймай сұрап, меңгеруші табыннан алдырған. Обалы не, бабында ұстады. Құла да шіркін, атым-ақ қой, бапкер бастығының көңілінен дөп шығып, бір қыста үш қасқыр соққызды. Дәніккен меңгеруші содан бері далаға шықса, құланы ғана ерттейтін болды.

Бірақ, нендей сор түртіп үріккенін кім білсін, бір жолы оқыста жалт берген құла ат үстіндегі масаң Мырзакенді айдалаға жалғыз тастап, ауылға келіпті. Шылбырын сүйретіп жүрген Телқұланы көре сала орталықтағылар атқа мініді.

Меңгерушіні іздеушілер иен далада, қолы-басы домбығып, әрі мертігіп жатқан жерінен табады.

Оңалған соң құлаға қатаң жаза кесілген: діңгекке байлап қойып, бас-көзге сабаған; қан сорпа ғып, ауылды айнала шауып, қайыра байлап, тағы да сабаған...

Келесі күні тізгінін сүйретіп, сормандай құла ат жылқыға келген. Қостағы жылқышылар жабыла қуып, ұстай алмапты. Телқұла айдалаға қашып, маңайлатпай қойған. Жақын келтірмей, адам көрсе аңша шоршып, айдалаға безген деседі.

Амангелді о күндері қыстауда болатын. Қайта оралғанда, құла аттың жүдеу сықпытын көріп жағасын ұстаған: денесінде сау жер жоқ; әлде ісік, әлде жара; айыл қажаған, ер сынығы тиген бауыры түгел аппақ боп, бір қабат терісі түсіп қалған; аяғына қан ұйыған сияқты, сылти басады...

Жануар да адам талғайды білем, танымал жылқышының дауысын естіген сәтте-ақ қашпайды, қайта көлденеңдеп, басын төмен салып қалт тұра қалады. Амангелді құрқұрлап келіп, жалынан құша шап береді...

Құла ат басын қайта-қайта шұлғып, шелектей кең танауын жылқышының қолтығына үйкелеп, әлде еркелегендей, әлде мұнын шакқандай болып адамша еміренеді. Жылқышы да сүйікті сәйгүлігінің құлақ түбін қасып, кекілін тарап, жалынан сипап, көпке дейін жүгендемей бос ұстап, сүлесок бір күйде тұрып қалады.

Жылқышы құланың жалынан қолын алмай ұзақ таряды. Әлдекімді іздеп, алды-артына көз тоқтата қараған. Әлсін-әлсін әлдекімді жоқтап, жұдырығын түйіп кіжінгені анық... Далада болған оқиғаны естісе де құла ұшыраған жазаны нақты білген жоқ-ты. Білмегені, көп күн өткізіп естігені — ақырында оны абыройын төгетін төтенше оқиғадан құтқарды. Ал сол сәтте білсе?..

Құланы жетектеп, Келдібайдағы ауылға қайтты. Мал дәрігерін шақыртып, әр түрлі ем-дом жасап, әуреге түсіп, ақыры Телқұланы санатқа қайта қосқан. Иә, санатқа ғана... Құла ат содан бері бұрынғы қайратынан жаңылып, жабы жылқыға айналды. Ұзаққа шабудан біржола қалды. Бес-он шақырым шапты-ақ, алдыңғы екі аяғын баса алмай, ақсап қалады. Оған енді жылқышылар ер салмайтын болған, бұрынғыдай боранды түні ұзақ жортуға жарар ат деп сенбейтін-ді. Әрине, бұрынғыдай міншімеген соң, жоны жұмыр-

ланып ерекше семірген. Дәл қазір жықса, үш-төрт елі қазы түсері хақ. Сонсоң да оған қызығушы көп. Малданға дейін де талай кісі қолқалаған. Мырзақең өзі де соғымға алмаққа бір жолы ниет білдіргенде, қос ағасынан қату сөз естіп, нәумез қайтқан-ды. Енді міне, құланы қолқалап, Малдан келіпті. Жалғыз емес, қасына Кеңесті ерте келген. Бет көрсе, жүз ұялады дейтін қыр қазағының ежелгі есебі. Қайнағасының үй-ішіне әкелген базарлығын Амангелді енді түсінді...

Амангелді теріс қараған қалпынан ауған жоқ. Көз алдынан қаздай тізіліп, әп-сәтте өте шыққан оқиғалар керуені көңілін бұрынғыдан да ортайтып, ішін жым-жылас жалап кеткендей. Суықтан бозарған ерні болар-болмас жыбырлап: «Есіл құлам, демек, саған да кезек келді десеңші. Кәрі-кұртаң, тіске жұмсақ тай-құнан таусылып, саған да бұғалақ түскені ме?.. Жо-жоқ, болмайды ол! Бермеймін сені...» — деп күбірлеп қояды.

Қос ішін жайлаған үнсіздік, одан да гөрі бас жылқышының тым-тырыс сазарған түрі жалықтырды білем, бір сәтте Кеңеш шыдамсызданып:

— Келдібайға барып қайтқамын. Рымгүл ештеңе айтты ма? — деді ақырын ғана.

Амангелді үндеген жоқ.

Қолындағы спирт толы кесені алақанына қондырып алып, Кеңеш бір тізерлей жылжып, күйеу жігітке жақындай түсті де, сыбырға көшті:

— Келесі жылы үй жаңартайын деп жүрмін. Жана қыстауға қосарың болсын, қазанатыңды мен үшін қи! — деді.

Амангелді тұлыптың үстінгі өңірін өзіне қарай қаусырына тартып, басын тұмшалап жауып алды. Онысы — «Қоямысың, сені тіпті де естігім келмейді» дегеннің сынайы.

Келімсек екеу де бас жылқышының пиғылын ұққан сияқты. Қайыра қолқалаған жоқ. Пеш алдына жақындап отырды. Малдан кесені қолына алып:

— Өй, аты құрсын, мынаны ішелікші. Тоңып қалдық қой, мына жаппаларың — үй емес, мола болар, сірә. Келіңдер! — деп жұртты тоспай, өзі ішіп салды.

Кеңеш те ішті. Екеуіне сәлден соң төрде жатқан басқа жылқышылар да қосылды.

...Малдан ағыл-тегіл сөйлеп отыр. Құла атты ұмытып кеткен сияқты. Басқа әңгіме, келесі жылдың құрылыс жайы, қаладағы жаңалықтар... Содан бір кезде шолмекті тауысып, шұжықты тақырлап жеп болған соң, қолын сүртіп, кейін шегінді. Сірә, бұйырғанын алып, аттануға ойысқандай. Кенеш тісін шұқып, әрлі-берлі қозғалақтап отырды да, кенет Амангелдіні иығынан түртіп:

— Әй, күйеу, ұйықтап жатырмысың, қарындасымды қайта алып кеткелі келгем жоқ, қорықпа. Баяғыда қойша өңгеріп алып қашқаныңда да шыдағам. Тұр, басыңды көтер. Қазақта болмаған, дәмнен қашу ғұрпында жоқ кәпірлік мынауың... — деп түйіле сөйлеп, кенет даусын сәл бәсеңдетіп, — ұстап бермесең де ұлықсат ет! Өзіміз ұстайық... — десін.

Амангелді басын көтеріп, мысқылдай қарады. Манадан бері үнсіз отырған екі жылқышы да елең етіп, қозғалақтап қалды. Кенештің өктем сөзіне таңданған тәрізді.

— Рас па?

— Рас болмағанда, сенімен құдалық ойнағалы келгем жоқ.

— Рас, өзін ұстап аласың ғой?

— Ұстаймын.

— Бірде-бір жылқышы көмектеспейді.

— Керегі жоқ көмектің, сендерсіз-ақ ұстаймыз, — деп қарқылдай күлді Кенеш, екі беті алаулап, қызына сөйлесін.

— Тіпті біреуің де жылқыға бармандар...

— Уәде осы ғой?

— Уәде.

Малдан сөзге араласпай, төмен қарап, жер шұқылап жай отырған. Кенеш «уәде» деп алақанын сарт еткізгенде, шыдамады, басын көтеріп:

— Қойсаңшы, Кенеш, бұйырғанын алайық та кетелік, — деп сөз қосты.

— Жок, Малдаеке құланы алмай кетпейміз — деп Кенеш ерегесе түсті.

— Соңғы рет ескертем, — деді Амангелді от басына жақындай беріп, манағыдай емес, оның да тілі шыға бастапты, даусын көтере сөйледі, — ұстай алмасаң, бірде-бір жылқының түгін тартқызбаймын. Құр қол қайтасың.

— Келістім.

Амангелді қалтасынан сия қарындаштың кішкене тұқылын шығарып:

— Қане, қағазын. Алдым деп қол қойындар, бітті шаруа! — деді, — таңдаған атыңды мін, құрықтың да ең ұзынын беремін. Қаласаң бұғалық салар арқан да ал. Бірде-бір жылқышы бірақ атқа мінбейді...

Келіссөз осымен бітіп келімсектер аттанып кетті.

Олар кеткен соң-ақ жылқышылар жамырай күлді. Даурыға сөйлеп, келекелеп жатқандар да бар. Кейбірі жылқыға барып, екеуінің құланы қуғанын қызықталық десіп еді, Амангелді көнген жоқ. Ол да көңілді. Беймаза қонақтан оп-оңай құтылғанына дән риза сияқты. Өзінен басқа жанға құла ұстата қоймайтын. Ұстату қайда! Көш жерден құлағын қайшылап, құлан дүзге тарта жөнелетін машыққа ауысқан. Әлі де ерен шабады, рас, бәйгеге түсер бұрынғы қауқары қалған, бірақ біразға дейін алдына ат салмайтын қызбалығы жоқ емес. Жылқышылар күлкісінің де түп себебі осы еді.

* * *

Әлден уақытта сырттан ат дүбірі естілді. Әлдекім жеркөкті дүңкілдетіп шауып келеді. Бар даусымен аттан сап айқайлап та қояды. Жан ұшырған ащы үні жер жарғандай, тым үрейлі.

— Шығындаршы далаға! — деп қалды бас жылқышы.

Әлденеге жүрегі дір етіп, тұла бойы шымырлап кетті. Дауыс жақындаған сайын жүрегі өрекіп аузына тығылғандай қобалжыды. Желбегей отырған. Бешпетін киіп, белін буа бастады. Осы кезде шапқыншы да қосқа жетті.

— Е... ей, қоста омалып неғып отырсындар?! Бар ма тірі жан? Уай, бармысындар? Кім еді анау машинамен келген? Кім болса да адам емес... айуан! — деген ащы үні де естілді.

Амангелді қостың құрым есігін жұлқи серпіп, сыртқа жүгіре шықты. Бұрынырақ ұмтылған жігіттер Басарды қоршап апты. Егде жылқышы екі иінінен дем алып, сөйлей алмай аптығып тұр.

— Айуан деймін... айуан! Есіл құла мерт болды... Ойбай-ау, Телқұла атты аналар жалғыз-ақ оқпен бір-ақ сұлатты. Ойпырым-ай, мұндайды кім көрген?! Құдай-ай, неткен доңыз десендерші!..

— Өй, не дейсің?

— Денің сау ма өзіңнің?

— Ойбай-ай, мылтықпен атып жықты! Қуған да жоқ... оқпен сұлатты, сірә, басынан атты-ау деймін...

— Апыр-ай, мұндай сұмдықты да көрдік-ау! Енді қайттік?

Амангелді алғашқыда не істерін білмей, анырып тұрып қалған. Басар болған оқиғаны қайталап айта бастағанда ғана, жылқышы серігі шошына әңгімелеген жаманат хабар көперіне жаңа жеткендей, кенет жұлқынып алға ұмтылды. Со бетінде жалғыз-ақ аттап, ат үстіндегі егде жылқышының қасына жетіп барды. Түс деп сұраған да жоқ, бірден тізгінге жармасты. Басардың өзі түсті ме, әлде жұлқып түсірді ме, білген жоқ. Әйтеуір қамшысын қолынан тартып алғаны анық. Тебініп қалды шабдарды. Бұрыла беріп, қарға шаншылған құрықтардың бірін қарына іле кетті.

— Өй, тымағыңды ки!

— Уа, неге тұрсыңдар, біреуін жазым етеді анау!

— Жіберме жалғыз!

Амангелдінің есіл-дерті жылқыға жету. жосылтып келеді. Қамшыны да аяусыз сілтеп келеді. Екі аяғына да дамыл жоқ, қайшы құлақ шабдарды қос өкпеге тепкілеп келеді.

Со бетінде ол атойлап, қарауыл төбенің басына шауып шықты. Төбе асты мидай жазық-ты. Бергі алды — Ащысу өзені. Жылқы өзен бойына шашырап кетіпті. Қарлы өзекте таудай болып қарайған машинаны ол жылқының арғы шетінен көрді. Тоқтап тұр. Сірә, оппаға түскен. Жанында екі жаяу жүр. Қорбаң-қорбаң етеді, қауырт жанталаста екені әрлі-берлі жүгірісінен көрініп тұр. «Бөгеле тұр азырақ. Мен жеткенше қозғалма орныңнан!..» — дегенді ішінен айтып, шабдарға тағы да қамшы сілтеді.

Жылқышы тотелей тартты. Еті қызды ма, жоқ, ылдиды сеп көрді ме, шабдар ат та аяғын дестелей тастап, зулап берді. Аманкелді де аянған жоқ. Өзін де, атты да қысып бақты. Ердің алдыңғы қасына етпеттей жатып алған. Тақымын шабдар-

дың тақыр қолтығына қысып алып, ана жылы бөрілер тобына өшіге ұмтылғандай тастүйін ызамен жүйткіп келеді..

Біраздан соң шилеуітті ойпаңға тап болды. Қары қалың екен. Шабдар жаңағы шабысынан жаңылып қалды. Әуелі қоян бұлкек шоқыраққа түсті, одан соң қалың оппадан аяғын суыра алмай, жиі-жиі сүріне бастады.

Жылқышы бәрібір қайтқан жоқ. Екі ара жақындай түсті. Енді бір ұмтылса жетіп баратын жер. Оп-оңай өтіп кетем деп ойлады. Асылында, соны ойлауға мұршасы болған жоқ. Көз алды бұлдырап, қол созым жерде ербең-сербең жүгірген екі дүлейден өзгені мүлдем көрер емес. Соған ғана есі ауған, тезірек жетуді ғана білген-ді. Атын сауырға сабап, үсті-үстіне тебінді. Қайтсін жануар! Ышқына ұмтылды... Бірақ, амал не, оппа қарға кеудесінен кептелген шабдар ат кенет қыбыр ете алмай, біржола тұрып қалды.

Сонда ғана Амангелді есін жиды. Бойын ашуға алдырып, тақымындағы атына да келеңсіз қысас жасағанын білді. Жалма-жан жерге қарғып түсіп, омбы қарға малтыға жүріп, тізгінінен әрлі-берлі тартып, шығарды-ау бір сәтте. Шығарғаны құрысын, өзі де діңкелеп, моншаға түскендей болды. Күртеше жеңімен мандайын сүйкей тамшылаған терін сыпырып тастап атына қайта мінді.

Енді ол кейін қарай, шилеуітті орай шапты.

Ол болса едәуір айналыс жер. Уақыттан ұтылар, аяғына өзі салған тұсамыс болып шықты. Әрі әлгі жерде едәуір бөгеліп қалды. Әйтсе де үлгеретін сияқты. Машина әлі қозғалған жоқ, манағы орнында тапжылмай тұр.

Көз көрімде көлбеңдеген екеуге өшіге қараған Амангелді ернін жымқыра тістеп алған. Көзінен жас парлата, табан астынан қар үйіре ағызып келеді. Ағызып емес-ау, бір өзі алдыартынан қар боратып, дауылдатып келеді. Тұяққа оралған қар кенет жұқара бастады. Омбы таусылды, әлде айналып өтті? Жұқалтаң қырбық. Тіпті аттың шашасынан келер емес. Амангелді шабдарға тағы да қамшы сілтеді. Сол сәтте машина ізіне кезікті. Қаз-қатар жарысқан қос сүрлеу. Бұдан артық жоралғы болмас! Енді сүрінсе, енді кешіксе — өкініші кетпес! Жок, сүріне қоймас. Бұған да тәубә!..

Жылқышы атын машина ізіне салды.

Шабдардың күлтеленген жұмсақ жалына еңкейе түсіп, қарындағы құрықты оңтайлады. Екі көзі ат тұяғымен жарысқан қос сүрлеуде. Зулата ағып келеді. Машина әрлі-берлі айналыс жасап, қары жұқа жерді таңдай жүріпті. Су жана доңғалақтардың бүрі қағазға басқан таңбадай қар үстінде сайрап жатыр. Бірін-бірі дөп басқан екі із домбыра шегіндей қазқатар тартылған. Апыр-ау, мынау не? Доңғалақ ізінің арасындағы көбік қардың дода-додасы шыққан. Сүйреткімен қар бұзғандай шат-шәлекей айғыздалған. Қомақты бір нәрсенің жалпақ ізі. Тұяқ ізіне ұқсамайды. Тым жалпақ, тым үлкен. Апыр-ай?.. Жылқышы жігіт бұлдыраған көзін уқалап, төменге қадала қарады. Сонда ғана мән-жайға түсінді.

Додаланған жалпақ іздің нақ ортасында тағы бір күрөң жолақ қарауытады. Із емес. Түсі де бөлек. Ақ қардың үстіне жайылған қызыл матадай алаулаған ашық қанық түс. Қараған көзді қарып түскендей қан қызыл...

Қан еді бұл!

Сірә, қызылшыл екеуі құланы атып жығып, бауыздай сала сүйрей жөнелген. Өзен жарына дейін сүйретіп, сол жерде кузовқа салуды құп көрген. Бәрін ойластырып, бәрін де алдын-ала есептеген. Тіпті мойнына құрық тигізбей, жануарды жалғыз оқпен құлатуға дейін. Неткен аярлық! Әлде айуандық?

Амангелді көзін сүртті. Жылап келе ме, жоқ, қатты шабыстан туындаған қарсы желге шыдамай, көзі суланып келе ме?.. Әйтеуір, көз алды бұлдырап жөнді кормей, қарауыта бергені анық. Табан астындағы жер қар емес, қан жамылып жатқандай құлды. Өзі қан теңізін кешіп келеді. Қолында ескегі де жоқ, жыртық қайыққа мініп, екі қолымен қан сапырып, ербең-ербең есіп келе ме, әлде өзін дауыл қуып, жан сауғалап келе ме?.. Әйтеуір зәре-құты қалмай, қашып келе жатқаны рас. Қашса да жан алғыш апаттан құтыла алмай, қоймалжын қою қанды кірш-кірш басып, тітіркене жаншып та келеді. Алды-арты — шұрқыраған жылқы даусы. Кісінеген айғыр үні. Шыңғырған құлын зары. Тебіскен көп жылқы, сендей соғылысып, бірінің үстіне бірі шығып, жаппай бастығырылған тобыр. Айналасы түгел мөңкіген ту асаулар. Бәрі-бәрі тым-тырақай қашып жүр. Соларды торыған адам

жылқыдан да көп. Бәрінің қолында бір-бір арқан. Сірә, бұғалақ тастамақ. Жағалай байлап-матап алып, алдына сап, қан теңізіне қарай жөнкілте айдамақ. Топтап айдағаны бір бөлек, қос-қостап жетектегені бір бөлек. Қуғындалған жылқы нөпірі өзіне қарай жырыла шығып, шат-шәлекей тулағандай, сірә. Пана іздей ме, өзін қорған көре ме? Ал өзі? Соңында жылқышы серіктерін ертіп, қашып келеді, көз көрмеске безгідей...

Шабдардың сауырына алты өрім таспа тағы тиді. Мейлі, зорықсын аты? Мейлі, омақаса құлап, жұлыны үзілсін! Амангелді енді аянбайды. Аяна-аяна болған. Құрығын сүйретіп күні ертең жаяу қалғанда есіз даланы күзетпек пе? Жок, тағы да жок! Үлгерсе екен. Қолы іліксе тек!.. Құрықтың да қысқасы тиіпті қолына. Тиіпті жақсы. Қысқа құрық — сойылмен бірдей. Қысқа сойыл ұруға оңтайлы. Қайың құрықты сол жақ қырына оңтайлап алды. Бірер рет салмақтап та қойды.

Екі ара қысқара түсті. Екі жүз қадам... жиырма... он... құрық сілтер жерге тақады.

Жылқышы кенет көзін тарт жұмды.

Оның көргені — бәйге құланың кесулі басы еді. Қыл өңештен, жүген ілінер желкеден шорт кесілген бас, керексіз болған ба, қар үстінде теңкиіп жатыр. Шарадай көзі мөлдіреп ашық қалған, үстіңгі ерні түріліп, тістері ырсыып, көкпеңбек аспанға мөлие қарап: «Менің жазығым не, айтсаңшы ей, адам, желмен жарысқан жүйріктігім бе?..» деп жалбарына сұрап жатқандай құлды.

«Нән семіздігің!» дей алмады жылқышы. Дәті жетпеді. Езілген еңсесін жыя алмай есеңгіреген қалпы, құлап қалмауды ойлап, ер қасына еңкейе берді тек. Әлденеден қатты лықып қалғанда ғана көзін ашты. Еңкейіп отырғаны сеп болған. Әйтпесе, жерге ұшып түсуі қак екен. Ерге түзеліп отыра беріп, артына қарады. Сонда ғана лықсыған себебін білді. Ат биік жардан секіріпті. Өзен жары. Машина тұрған жар. Айнала қып-қызыл қан, шашылған жын. Апыр-ау, аналарға жете алмай қойғаны несі? Неге жақындамайды екі ара? Жаңа ғана құрық тастам жер қалған еді ғой... Сөйтсе зытып беріпті. Кузовы ашық. Көтеруге де соны мұршасы келмеген. Өзі жете бергенде жүріп кеткен....

«Жок, бәрібір жібермеймін. Бәрібір қуа беремін! Үйлеріне дейін қуамын!..»

Екі ара енді қашықтай берді. Он кадам... Жиырма... елу кадам. Тіпті одан да ұзады. Бірақ, соны елеген Амангелді жоқ. Сезсе де тоқтар емес. Тежемеді тізгінін. Қайта шабдарды бұрынғыдан да борбайлап, одан сайын қыстай түсті.

Бір мезетте аты кілт тоқтады. Ат жалына етпеттей жатқан жылқышы сонда ғана басын көтерген. Көлденең кескестеп жылқышы серігі тұр. Шабдардың шылбырын қолына шаужайлай ұстаған. Бір қолында қара барқытпен тысталған сеңсең тымақ. Өз тымағы. Қостан жалаңбас кеткенін сонда ғана білді. Құлағы қалай тоңбаған?..

— Қой енді, қосқа қайталық. Телқұладан айырылдық.

